

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**ОҚЫТУ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖҮРГІЗІЛМЕЙТІН МЕКТЕПТЕРДЕ  
ҚАЗАҚ ТІЛІН АУДАРМАСЫЗ ОҚЫТУДЫҢ  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАРЫ**

Нұр-Сұлтан  
2019

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2019 жылғы 28 мамырдағы № 4 хаттамасы)

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін аудармасыз оқытудың әдістемелік ұсынымдары.** Әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 160 б.

Ұсынылып отырған әдістемелік ұсынымдарда оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін аудармасыз оқыту мәселелері қарастырылады.

Әдістемелік ұсынымдар оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептердің қазақ тілі пәні мұғалімдеріне және аталған мәселеге қызығушылық танытатын мамандарға әдістемелік көмек ретінде ұсынылады.

## Кіріспе

Көп ұлтты мемлекеттердің ұлттық саясатының діндегі, тәуелсіздігінің тірегі, барлық ұлтты біріктіруші басты факторы – мемлекеттік тілі болып табылатындығы белгілі. Сондықтан елімізде үнемі қазақ тілін дамытуға, желтілдіруге, тілімізді өзге ұлт өкілдеріне меңгертуге көп көңіл бөлінеді.

Тәуелсіз Қазақстанның Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауында қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, дамыту және жетілдіру мәселелері туралы сөз қозғай отырып: «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толығы түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет» [1], – деп тапсырған еді.

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі түбегейлі өзгерістерге байланысты қазақ тілін оқыту сапасын арттыру – жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, олардың біртұтас дүниетанымын қалыптастыруға, әлемдік сапа деңгейін, білім негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұны бойынша белгілі бір жүйеге құрылған, нәтижеге бағытталған, мақсатты жұмыстар атқару үшін жол ашты.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін жалпы білім беретін мектептердегі білім алушыларға қазақ тілін оқытудағы мақсат – мектеп бітірушілерді, ең алдымен, мемлекеттік тілді меңгерте отырып, қазақ тілінде өз ойын ауызша және жазбаша сауатты жеткізе алуға үйрету. Ол үшін білім алушыларға күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын сөздерді игеруге, қазақ тіліне тән дыбыстардың емлесін толық меңгеруге, дыбыстарды дұрыс айтып, қазақ тілінде ауызекі сөйлесетіндей дәрежеге жеткізу қажет. Ал мұндай істі жүзеге асыру мақсатында, яғни білім алушыларды қазақша сөйлеуге дағдыландыруда қазақ тілін аудармасыз оқыту әдістемесін қарастырған жөн.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ұсынып отырған «Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін аудармасыз оқытудың әдістемелік ұсынымдары» еңбегінің мақсаты – қазақ тілінде жүргізілмейтін жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілін аудармасыз оқыту мәселесі бойынша ұсыныстар беру арқылы қазақ тілі пәні мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегі міндеттерді жүзеге асыру қажет:

1. Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілін оқытудың ерекшеліктерін қарастыру;

2. Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін аудармасыз оқытудың әдістемелік жолдарын топтастырып, зерделеу;

3. Қазақ тілі пәні мұғалімдеріне қазақ тілін аудармасыз оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.

Ұсынылып отырған әдістемелік ұсынымдарда өзге ұлт білім алушыларына

қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгерту жолдары, оның ерекшеліктері, яғни оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін үйретуге байланысты мәселелер қарастырылған. Кез келген екінші тілді оқытудың ең тиімді жолдарының бірі болып саналатын – аудармасыз оқыту бойынша беріліп отырған әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес қазақ тілін оқыту сапасын арттыруға, білім алушылардың қазақ тіліне құрметпен қарауына, тілді білу деңгейін жақсартуға, яғни мектеп бітірушілердің 100 пайызы мемлекеттік тілді біліп шығуына мүмкіндік береді деп күтіледі.

# 1 ОҚЫТУ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖҮРГІЗІЛМЕЙТІН ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ халқының тарихында балаға тіл үйрету әдісіне көңіл бөлу ұлы ағартушы Ы. Алтынсариннен басталғаны белгілі. Сол заманнан бүгінге дейін қазақ тілін меңгерудің қазіргі деңгейіне жету жолында бірқатар ғалымдар әртүрлі мәселелерді қарастырып, «Қазақ тілі» оқыту саласының дамып, жетілуіне елеулі үлес қосқаны анық.

Әрине, қазақ тілін оқытудың жаңа жолдарын іздеу қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге байланысты әр кезеңде өз дәрежесіне сай сұраныста болғандықтан, қазақ тілін меңгертуде қолданылатын әдіс-тәсілдер жүйесі де уақыт талабына сай өзгертіліп, қарқынды дамытылып отырған.

Қазақ тілді емес жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілін аудармасыз оқыту мәселесін қарастырмас бұрын, қазақ тілін оқытудың ерекшеліктеріне тоқталсақ. Ол үшін өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытудың зерттелу тарихына шолу жасаған орынды.

Қазақ тілін оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде оқыту, басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету мәселесі ХХ ғасырдың 30 жылдарында қолға алынып, түрлі оқулықтар, оқу құралдары, бағдарламалар шығарыла бастады.

Қазақ тілді емес аудиторияға мемлекеттік тілді үйрету мәселесімен айналысқан және айналысып жүрген ұстаздар, тілшілер, ғалымдар көптеп саналады. Кеңес заманында қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың әдістемелік аспектілері ғалымдар Ш.Х.Сарыбаев [2], Т.Шонанов [3], С.Жиенбаев [4], И.В.Маманов [5], Ғ.Бегалиев [4], Р.Әміров [6], Н.Оралбаева [7], Р.Сыздық [8], Қ.Қадашева [9], Т.Аяпова [10], Ж.Адамбаева [11], Ш.Бектуров [12], К.Сариева [13], Ф.Ахметжанова [14], М.Жанпейісова [15], Ф.Оразбаева [16], Қ.Бітібаева [17], Б.Катембаеваның [18], т.б. еңбектерінде және Ж.Н.Сүлейменова [19] т.б. диссертациялық зерттеулерінде көрініс тапқан.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі саласына айрықша көп еңбек сіңірген көрнекті ғалым, өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту жолдарын зерттеген – Шамғали Харесұлы Сарыбаев еді. Ол 1933 жылдан бастап қазақ тілін орыс мектептерінде оқыту мәселесін арнайы қарастыра бастады. Ш.Сарыбаев өзінің бірнеше жылдық зерттеу жұмысының нәтижесінде 1941 жылы жарық көрген «Орыс мектебінде қазақ тілін оқыту тәжірибесінен» атты еңбегінде сұрақ-жауап, сан әдіс, аударма, сұрақ-жауап, анализ-синтез, көрнекілік т.б. әдістерін ұсына отырып, тіл үйретудің тиімділігін тәжірибе жүзінде дәлелдейді. Артынша 1943 жылы «Методика преподавания казахского языка в русской школе» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Аталған диссертация қазақ тілін оқыту әдістемесінен арнайы қорғалған тұңғыш ғылыми жұмыс болды. Ғалым орыс мектебінде қазақ тілін оқытудың ғылыми негізін салумен қатар, осы еңбегі арқылы оқытудың тәжірибесіне де көңіл бөледі. Өз еңбегінде ғалым сан әдісті қолданып, оқу материалдарын білім алушының сапалы, жүйелі, тиянақты түрде меңгеруіне жол ашты [20].

Сонымен қатар, оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін үйрету жолдарын қарастырған ғалым, оқу-ағарту, тіл мен әдебиет, білім салаларына елеулі үлес қосқан талантты әдіскерлердің бірі – Телжан Шонанов болды. Т.Шонановтың еңбектерінде мектептегі білім беру жүйесі, әдістеме, тіл мәселелері қаралады. 1933 жылы ғалымның қазақ тілін орыс мектептерінде оқытуға байланысты «Учебник казахского языка для русской школы» деп аталатын еңбегі жарық көрді [21].

Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін оқыту мәселелеріне, әсіресе тіл дамыту, арнайы тақырыппен жұмыс жүргізу, сабақ өткізу әдісі, сөйлеуге үйрету, кітап оқу, жазу жұмыстары туралы мағлұматтар бере отырып, қазақ әдістемесі мәселелерін зерттеп, ғылыми еңбек жазған тілші-ғалым – Сейіл Жиенбаев. Ол – бірнеше оқулықтар мен әдістемелік кітаптардың авторы.

1930 жылдары оқулықтармен қатар қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне меңгертуге арналған бағдарламалар да шығарыла бастады. Ол жөнінде әдіскер-ғалым К.Жақсылықова нақтылы дерек береді: «Выявлено, что первые программы и разработки уроков по казахскому языку были составлены в 1930 годы видными учеными-языковедами С.Аманжоловым, Ш.Сарыбаевым, Т.Шонановым, и многими другими». Сол кезеңнен бастап қазақ тілін оқыту әдістемесінің мәселелеріне қатысты ғылыми мақалалар да жазыла бастаған.

Сондай-ақ, қазақ тілін қазақ тілді мектептерде оқыту әдістемесінің қалыптасуына әсерін тигізген алғашқы тілші-ғалымдардың бірі – М.С.Лапатухин. Ғалымның көптеген жылдардағы жүргізген зерттеу еңбегінің нәтижесі 1940 жылы шыққан «Очерки по методике казахского языка в русской школе» деген еңбегінде жарық көрді [22]. Аталған еңбек орыс мектептеріндегі қазақ тілінің рөлі, қазақ тілі сабағына қойылатын талаптар, сабақтың құрылымы, орфоэпияға, ауызша сөйлеуге, жазуға үйрету, лексика және грамматика, қазақ тілінен сыныптан тыс жұмыстар т.с.с. бөлімдерді қамтиды. М.С.Лапатухинның еңбегі орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту әдістемесінің тұңғыш үлгісі болды.

1958 – 1960 жылдары Ы.Маманов пен С.Жиенбаев, Г.Бегалиев, И.Ұйықбаевтың дәстүрлі әдістемені ұсынған ғылыми еңбектері жарық көреді. Осы еңбектердің жалғасы ретінде профессор Ә.Жүнісбектің балабақша балалары мен бастауыш сынып білім алушыларына арналып жазылған еңбегін айтуға болады. Бұл – мектеп жасына дейінгі балалардың тіл үйренуге қызығушылығын, танымын, қабілетін арттыруға көмектесетін, ересектер дәрісханасында пайдалануға өте тиімді ойын құралы.

1987 жылы Республикамызда қазақ тілін оқытуды жақсарту туралы үкімет қаулысы қабылданып, қазақ тілін оқытуға арналған оқулықтар мен оқу құралдарын, тілашарлар мен сөздіктерді, бағдарламалар шығару мәселесіне көп көңіл бөліне бастады. Қазақ тілін дамытуға үлкен бағыт-бағдар жасалып, жұмыстар жүргізілді.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін оқытудың зерттелу тарихы 30-жылдардан басталып, ғалымдар сан жылдар бойы өз үлесін

қосты. Алайда, әр уақыттың өз талабы болғандықтан, қазақ тілін меңгерту ісі қашан да өзекті мәселелердің бірі болып қала берді.

1990 жылы қазақ тілі мемлекеттік тіл дәрежесін алғаннан кейін қазақ тілін оқытуға көзқарас өзгерді. Қазақ тілін үйренуге көңіл бөлініп, бағдарламалар, оқулықтар, оқу құралдарын жазу, оқу орындарының барлығында қазақ тілін оқыту мәселесі қолға алынды.

1996 жылы «Ана тілі» баспасынан Н.Оралбаева және К.Жақсылықованың авторлығымен қазақ тілін оқытудың жаңа жолдары қарастырылған. «Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты еңбегі басылып шықты. Бұл еңбекте тілдік материалды ғылыми принцип негізінде таңдау және сұрыптауда: 1) сөздердің қолдану жиілігі; 2) сөздердің жеңіл-қиындығы; 3) сөздердің синонимдік қасиеті; 4) сөздердің тақырып қажеттігіне сәйкестігі; 5) екі тілге ортақ сөздерді санатқа кіргізбеу; 6) сөздердің сөзжасамдық қабілеті; 7) сөздің тілдің дыбыстық ерекшелігін қамтуы; 8) сөздің білім алушының психологиялық ерекшелігіне сәйкестігі; 9) сөздің оқулықта қайталану жиілігі қасиеттеріне ерекше көңіл бөлінген [7]. Сонымен қатар аталған еңбекте қазақ тілін орыс мектептерінде оқытудың лингвистикалық, психологиялық, дидактикалық негіздері, тарихи дамуы қарастырылған. Қазақ тілі әдістемесі пәні, оның міндеттері, мақсаттары, қазақ тілін басқа ұлттарға оқыту әдістері, сабақтың құрылысы мен түрлері жүйелі, анық, нақты түрде берілген.

1998 жылы басылып шыққан Т.Аяпованың «Қазақ тілі» атты үш кітаптан тұратын еңбегінде: 1) мақсаттары (не үшін оқыту керек?); 2) мазмұны (нені оқыту керек?); 3) ұйымдастырылуы (қалай оқыту керек?); 4) құралдары (ненің көмегімен оқыту керек?); 5) оқыту кезінде білім алушылардың білімді меңгеру деңгейі, ақыл-ойының дамуы мен тәрбиеленуі арасындағы ұштастық мәселелері қарастырылған. Сондай-ақ, автордың пікірі бойынша, оқу құралы АҚШ-та басылған «70 қадам арқылы қазақ тілін үйреніңіз» атты оқу құралының жалғасы болып саналады және бұл кешенді оқулықтың мақсаты – «бүкіләлемдік ең өзекті және ұтымды оқыту әдістерін қолдана отырып, білім алушы білімін тереңдетуге көмектесу және сөйлеуге үйрету» [10] болып табылады.

Әрине, әрбір тіл үйренуші өзінің тілді үйренуге деген сұранысын қанағаттандыру үшін тілдік білімінің жиынтығы негізінде тілдік құралдарды дұрыс және адекватты пайдалана білуі керек. Осы орайда А.Алдаштың «Қазақ тілі» атты еңбегінде әртүрлі сөйлеу жағдаяттарында қолданылатын тілдік білім етістік формалары арқылы жинақталып берілген. Аталған оқу құралын тілді үйретудің барлық деңгейлерінде пайдалануға болады [21].

Қазақ тілді емес аудиториясында қазақ тілін үйретудің әдістемесі туралы айтатын болсақ, ең алдымен, тілдерді оқыту жүйесінің құрылымына тоқтала кетейік (1-кесте).

1-кесте. Тілдерді оқыту жүйесі



Жоғарыда аталғандар тіл үйрету әдістемесінің ең негізгі категориясына жатады, өйткені оны жүзеге асыру оқу үдерісінің ұтымдылығын арттырады. Мұндағы оқытудың ұстанымдары туралы түсінік бере кетейік. Оқытудың ұстанымдары дегеніміз – оқу үдерісіне қойылатын талаптарды және оқыту жүйесін (мақсатын, міндетін, әдісін, құралын, ұйымдастыру тәсілдерін, оқу үдерісін) анықтайтын қалыпты жағдай. Қазіргі әдістемеде әдіскер-ғалымдар тілді неғұрлым белсенді үйретуге қажетті түрлі ұстанымдарды ұсынады. Бүгінгі таңда қандай тіл үйрету ұстанымдары бар? Зерттеуші-ғалымдар тарапынан 40-қа жуық түрі бар деген де пікірлер айтылып жүр.

Шетел тілдерін үйретудің әдістемесін зерттеуші ғалым А.Н.Щукин оқытудың ұстанымдарын төмендегіше үлкен төрт топқа бөліп жіктеуді ұсынады және осылардың әрқайсын одан әрі ішінара жіктейді (2-кесте).

2-кесте. Ғалым А.Н.Щукиннің оқытудың ұстанымдарын төрт топқа бөліп жіктеуі



Тіл үйрету барысында *дидактикалық ұстанымдардың* ішінде *саналылық ұстанымының* алатын орны зор. Тіл үйренуші, алдымен, тілдік бірліктер мен олардың қолданылуы туралы ережелерді үйренеді. Артынан жаттыға келе оларды автоматты түрде жүйелі қолдануға ұласады. *Белсенділік ұстанымы* бойынша оқытушының аз, тіл үйренушінің көбірек сөйлегені басты назарда болады. Тыңдаушы белсенділігін жетілдіру үшін үйретудің ойын, жарыс, көрнекілік түрлері қолданылады. *Көрнекілік ұстанымы* – кең тараған ұстанымдардың бірі. Сезім мүшелері арқылы нені қабылдауға болады – соның бәрі көрнекілік қызметіне жұмсалады. Аталған ұстанымның тілдік және тілдік емес деп аталатын екі түрі бар. Тіл үйрету сабақтарында көрнекілік ұстанымының төмендегі қызметі анықталады: 1) Үйретушілік; 2) Бақылаушылық; 3) Ұйымдастырушылық. *Беріктік (тұрақтылық) ұстанымы*



тіл үйренушілердің оқу материалын қаншалықты түсініп, түрлі жағдаяттарда қолдануынан көрінеді. *Түсініктілік ұстанымы* материалдардың қаншалықты деңгейде игерілгенінен көрінеді әрі бұл ұстаным берілетін материалды нақтылы жоспарлап, әркез толықтырып, өңдеп отыруды қажет етеді. Оқытушының кәсіби құзыреттілігі оқытушы бойында төрт түрлі қабілеттіліктің болуын көздейді. Олар: қатысымдық, ұйымдастырушылық, бағалаушылық, гностикалық (тіл үйренушінің үйрену қабілетіне талдау жасап, жұмыс істеуге қолайлы ахуал туғыза білуі).

*Лингвистикалық ұстанымдардың* ішінен тіл үйретудің *жүйелілік және функционалдық* ұстанымдарының маңызы зор.

*Психологиялық ұстанымдарда ынталандыруға* көбірек назар аударылады. Бұл ұстанымдарды қоғамдық қажеттілік тудырып отыр.

*Жеке әдістемелік ұстаным бойынша* қатысымдық, тіл үйренушінің ана тілін ескеру, оқытудың кәсіби бағытталуы, оқытудың жағдаяттық-тақырыптық тұрғыдан ұйымдастырылуына баса мән беріледі. Соңғысында шетел тілінің бай тәжірибесінде тілді қарапайым деңгейде үйрену үшін тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени деңгейде білу үшін негізгі бес тақырып: өзі туралы, достары мен таныстары туралы, отбасы туралы, өз жұмысы туралы және бос уақытта немен айналысатыны туралы айта білу ескеріледі.

Әдіскер-ғалым Рая Әбдісүлейменова «Қазақ тілін техникалық жоғары оқу орындарында оқыту әдістемесі» еңбегінде тіл үйретуде мақсатқа жеткізетін бірден-бір ұстанымдар ретінде төмендегі түрлерін атап өтеді:

1. *Мақсаттылық ұстанымы. Оның негізі сабақтың, үйрететін сөздердің, тапсырмалардың нақты мақсатқа негізделуінен туындайды.*

2. *Жүйелілік ұстанымы бойынша тіл үйрену үшін сөздерді жаттаудың маңыздылығын ескертеді.*

3. *Белсенділік ұстанымында тілдесім әрекетінің маңызы зор болады.*

4. *Түсініктілік ұстанымында материалдың сандық та, сапалық жағы да қадағаланады.*

5. *Саналылық ұстанымы бойынша тіл үйренуші сөз мәнін сезім арқылы түйсінеді.*

6. *Теорияның практикамен байланысы ұстанымы.*

7. *Көрнекілік ұстанымы.*

8. *Ғылымилық ұстанымы.*

9. *Қатысымдық ұстанымы бойынша сөйлеу әрекетінің барлық түрі: тыңдалым, жазылым, оқылым, айтылым, сөйленім жүзеге асады.*

Әдіскер педагогикалық принциптерге баса ден қояды. Оның өзін былайша саралайды:

1) Оқытушының білімі жоғары болуы;

2) Оның дайындығының жоғары болуы;


3) Қажет құралдардың жеткілікті болуы;

4) Оқытушы-тыңдаушы арасындағы түсінушіліктің болуы;

5) Оқытушының кәсіби жетілген, әдістемені жетік меңгерген маман болуы.


Педагогикалық ұстанымдарға қоса өзге тілді аудиторияда аталған әдістерді қолдану арқылы нәтижеге жету жолының жақындай түсетінін ескертеді (3-кесте):

3-кесте. Педагогикалық ұстанымдарға қоса өзге тілді аудиторияда қазақ тілін меңгертуде нәтижеге жету жолы



Белгілі ғалым Қарлығаш Қадашева «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты еңбегінде жаңаша жаңғыртып оқытудың тәсілдерін өзгертіп, әдістемелік түрлері мен ұстанымдарын жетілдіру қажеттігін алға тартады. Ғалым ұстанымның негізгі үш түрін ұсынады (4-кесте):

4-кесте. Қ.Қадашева ұсынған ұстанымның негізгі үш түрі:



*Когнитивті ұстаным* – танымдық оқыту теориясы, жеке адамның интеллектуалдық қызметін дамытады. Ең көңілге қонымдысы: автор тіл үйретуде ережелер мен грамматикалық тұлғаларды тереңдете үйрету маңызды емес екеніне тоқталады. Жалпы, әдіскер-ғалым әр ұстанымды бөлшектеп көрсетеді.

*Когнитивті ұстанымдар*: 1) өзінен-өзі пайда болатын әсер; 2) контекске үйрету; 3) қошаметтеу; 4) стратегиялық қуаттылық.

*Аффективті ұстанымдар* (автор эмоция, ішкі және сыртқы сезім әсерінен есіне сақтау деп түсіндіреді): 1) тілдік «Мен»; 2) өзіне-өзі сену және тәуекел жасау.

*Лингвистикалық ұстанымдар*: 1) мәдениет пен тілді байланыстырып оқыту; 2) тіл аралығы; 3) коммуникативтік құзырет [23].

Жоғарыда саралап кеткеніміздей, қазіргі уақытта қазақ тілін екінші тіл ретінде үйрету әдістемесінде тіл үйрету ұстанымдарының нақты мақсатқа жетуге бағытталған амал-әрекеттің жиынтығы екені аңғарылады.

Жоспар:

1. Қазақ тілін оқытудың принциптері
2. Қазақ тілін оқытудың ғылымилық принципі
3. Жүйелілік принципі
4. Көрнекілік принципі
5. Саналылық пен белсенділік принципі
6. Тереяны практикамен байланыстыру принципі
7. Түсінуге жеңіл қолайлылық принципі
8. Оқытудың психологиялық ерекшелігін ескеру принципі

*1. Қазақ тілін оқытудың принциптері.* Қазақ тілін оқытудың барысында мұғалім оқытудың формалары мазмұнын, міндеттерін шешуде, әдістемені анықтауда дидактикалық принципті басшылыққа алады. Принцип – латын сөзі, «основа, первоначально-руководящая идея», қазақшасы – оқытуда басшылыққа алатын идея, қағида. Қазақ тілін оқытудың барлық сатысында бағыт беретін негізгі жұмыс бағыты осы.

*2. Қазақ тілін оқытудың ғылымилық принципі.* Қазақ тілінің негізгі салаларын оқыту да ғылыми фактілерге, дәлелдеулерге, ұғымдарға, басқа сөзбен айтқанда, ғылыми принципке негізделеді. Профессор Ә.Исабаев: «Білім алушыларға берілетін тілдік мәліметтер төмендегі өлшемге сәйкес болуы; меңгерілетін объектінің термині анық болуы қажет. Мәселен, төртінші және бесінші сынып білім алушыларына берілетін және онымен таныстырылатын терминнің аясын аса ғылыми дәрежеде кеңейтіп беруге болмайды: айталық дауысты дыбыстарды – вокализм деп, дауыссыз дыбыстарды – консонантизм деп түсіндіруге келмейді. Сондай-ақ қосынды дауыстыларды – дифтонгит деп түсіндіруге болмайды. Сондықтан да қазақ тілінен нақтылы білім беруде, сол сынып деңгейіне ғана сиятын терминдерді ғана пайдалануға болады», - дейді. Сонымен қатар меңгерілетін тақырыптарды өзіндік белгілерінің, анықтамалар мен ережелерінің, берілетін практикалық дағдылардың дәл, анық болуы мектеп білім алушыларының тілдік материалды жан-жақты түсінуіне септігін тигізеді. Сөйтіп, қазақ тілін оқыту барысында оқытушы берілетін білімнің (тақырыптың) ғылыми жағына, оның зерттелуі, тарихи даму ерекшелігі, ғылыми фактілер, анықтамалар, терминдерді білім алушылардың жас ерекшелігіне қарай түсінікті айту арқылы жүргізеді.

*3. Жүйелілік принципі.* Қазақ тілін оқытуда оқытушының бірінші басшылыққа алатыны – әр сыныптың жас ерекшелігіне байланысты білім көлемінің бір жүйеде берілуі. Бағдарламада берілген материалдың орналасу жүйесі бастауыш сыныпта, орта және жоғарғы сыныпта көрсетілген. Берілген материалдар сабақтаса отырып, толықтырылып, кеңейтіліп, сатыдан сатыға өткен сайын тереңдеп ғылыми жағынан байып отырады. Мысалы: 6-сыныпта «Зат есім» тақырыбы бойынша алдымен анықтамасы, сұрақтары, мағыналары, түрлері оқытылса, 7-сыныпта «Зат есімнің түрленуі» тақырыбымен

толықтырылады. Яғни, зат есімнің көптелуі, тәуелденуі, септелуі, жіктелуімен сабақтастырылады. Бағдарламада көрсетілген тәртіптелген өзара байланысты білім жүйесі ғана жас ұрпаққа іс жүзінде пайда келтіріп, әрі қарай білімді терең игеру жүйесіне түседі. К.Д.Ушинский: «Тек жүйе ғана бізге өзіміздің білімімізді бақылауымызға толық билік береді. Үздік-үздік өзара байланыссыз білімге толық бас, ішінде барлық заттары шашылып жатқан, онан қожасының өзі де ештеңе таба алмайтын қоймаға ұқсайды, ішінде білімсіз жүйесі ғана бар бас, барлық жәшіктерінде жазуы бар, ал жәшіктері қаңырап бос жатқан дүниеге ұқсас» [24]. К.Д.Ушинский жүйелілік қана өз білімімізді толық меңгеруімізге мүмкіндік береді деп санаған. Бірімен-бірі байланыспаған әртүрлі мәліметтердің үзінділері түріндегі білімнен адам өзіне керегін тез таба да, пайдалана алмайды деген болатын. Сондықтан білім алушыға оқытылуға тиісті тілдік мәліметтер әбден ойластырылған, тілдің табиғатына сай, олардың бір-бірімен байланыстылығының негізінде берілуі керек. Жүйелілік принципі жаңа материалды түсіндіруде, білім мен дағдыларды бекітуде, біріккен сабақ құрылымында, білім мен дағдыларды тексеруде, пысықтау мен қайталауда, үй тапсырмасын беруде және оны тексеріп, еске түсіруде іске асырылады.

4. *Көрнекілік принципі.* Көрнекілік принципі пәнді оқыту ісінде өте маңызды орын алады, тілді оқытуда ерекше қызмет атқарады. К.Д.Ушинский таныс емес бес сөзді қаншама қайталап қиналатын білім алушы сурет арқылы көрсетілген жиырма сөзді лезде үйреніп алады деп бекер айтпаған. Он рет айтқаннан бір рет нақтылы көрсеткеннің пайдалы екеніне ешкім де таласпайды. Сондықтан мұғалім қазақ тілі сабағында көрнекілікті өте ұтымды қолдануы қажет.

Көрнекілік принципі білім алушылардың қазақ тілінен берілген білімді көрнекілік арқылы оқытуға бағыт береді. Ең алғаш оқытудағы көрнекілік туралы айтып, құнды пікір қалдырған Я.А.Коменский болатын. Оның көрнекілік туралы айтқан «Алтын ережесінде»: «...бала сезімі қабылдай алатын нәрселердің барлығын сезім әсерлерін туғыза білдірген жөн: көруге болатынды көзге көрсет, естуге болатын нәрсені құлақ қойып тыңдасын, иісін иіскеп білсін, дәмін татып көрсін, қолына ұстап нәрсенің қатты, жұмсақтығын, т.б. байқасын...» – деген болатын [25]. Білім алушы қазақ тілінен берілген білімді /схема, таблица, плакат, сурет т.б./ көріп қана қоймайды, арнаулы сұрақтарға жауап іздеп, ең маңызды қасиеттерін білуге ұмтылады. Көрнекіліктің түрлері көп. Әр тақырыптың ыңғайына қарай көрнекілікті таңдауға болады. Көрнекіліктің түрлерін педагогиканың дидактика тарауында көрсеткен:

1. *Жаратылыс көрнекілігі.* Білім алушыларды табиғатқа экскурсияға апару арқылы шағын әңгіме, мазмұндама, шығарма жаздыру;

2. *Көлемдік көрнекілік:* фото, суреттер, картиналар, диафильм, диапозитив, кинодан фрагмент, т.б. көрсету арқылы тақырыпқа байланысты әңгіме құрастыру.

3. *Дыбыстық көрнекілік:* күйтабақ, грампластинка, магнитофон, үзінді оқып, талдату.

4. *Графикалық символдық көрнекілік:* картина, схема, таблица, диаграммалар.

Қазақ тілі сабағына тақырыптың ыңғайына қарай, жоғарыда айтылған қажетті көрнекілік таңдалады.

Көрнекі құралдар білім алушыны қызықтыру қызметін де атқарады. Ол білім алушы зейінін ұйымдастыруда да маңызды. Сонымен бірге әрі көру, әрі есту, әрі ойлау сияқты бірнеше сезіну түрлерінің қатысы тілдік мәліметтің ұзақ сақталуына әсер етеді.

5. *Саналылық пен белсенділік принципі.* Мектеп білім алушыларына қазақ тілінен білім беру барысында олардың саналы түсіну қабілеті дамытылып отырылады. Тілдік фактілерге байланысты мәліметтерді білім алушылар жаттанды түрде емес, саналы түрде меңгеруі керек. Саналы түрде меңгеру үшін мынадай жұмыс түрлері іске асырылады:

1) Тілде берілетін мәліметтерді жеке түсіндіріп, ол мәліметтерді өз түсінігі бойынша айтқызып отыру. Түсіндіру кезінде объектілердің өзіндік белгілері толық қамтылуы қажет;

2) Түрлі жаттығу жұмыстарын жүргізу арқылы білім алушылар тапсырманы еркін орындауы керек;

3) Күнделікті, тоқсандық және жылдық қайталаулар кезінде өткен материалдарға байланысты сұрақтарға толық жауап болуы тиіс;

4) Орфография мен орфоэпияға байланысты дағдыларды шартына қарай орындай білуі керек;

5) Күнделікті өмір қажетіне қарай практикалық дағдыларды саналы түрде меңгеруі керек.

Білімді саналы меңгерту – мұғалімнің білімдарлығы, түсінігінің айқын дәлдігі, жеткілікті түсіндіруінен көрінеді. Білімді саналы меңгерген білім алушы өз белсенділігін оқудың бүкіл барысында көрсете алады. Саналы көзқарас білімді саналы меңгерумен бірге, білім алушының іскерлік пен дағдыны саналы меңгеруге қалыптастырады. Бұл принцип – қағида, қазақ тілінен беріліп отырған білімді шеберлікпен айқын да, анық түсіндіргенде, таным процесінің аяқталу барысында /жаңа білімді түсіндіргеннен кейін/ белсенділік танытады.

Белсенді білім алушы алған білімін жаттығу кезінде де көрсете алады. Белсенділіктің көрінбеуі жайында академик Ю.К.Бабанский: «Сабақ үстінде белсенділіктің көрінбеуі – оқытушы білімді саналы игермегенін, «формализм» ең алдымен, айқын ситуацияға сәйкес методикалық әдіс-тәсілді таңдай білмеуінен көрінеді», – дей келіп, екіншіден, мұғалімнің білім алушылармен қарым-қатынасының нашарлығынан – деп, олардың сабаққа деген ықыласын, ынта-жігерін жоятынын айтады [26]. Қазақ тілі сабағында білімнің төмен берілуі, білім алушының психологиясымен санаса алмаған, педагогикадан да хабары шамалы, методиканы жете білмеуден болады. Ғалымдардың пікірінде, мұндайды – «оқытудағы формализм» дейді. Білімді саналы да, сапалы игерген білім алушылар – сабақта үнемі белсенділік көрсетіп отырады.

6. *Теорияны практикамен байланыстыру принципі.* Мектепте қазақ тілінен алынған теориялық білімді күнделікті өмір қажетіне қолдана білу теорияны практикамен байланыстыру принципі болып табылады. Білім алушыларға қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағдылар беріледі.

Осы алған білімдерін кеңейте отырып, оны күнделікті өмірде қажетіне жаратады. Білім алушыларға диалогтік сөйлемді меңгертумен бірге монологтік сөйлеу де үйретіледі. Білім алушылар ауызша мазмұндаудың бірнеше түрлерін де меңгереді. Сонымен бірге ауызша және жазбаша тілін дамытуға, жылдам әрі саналы мәнерлеп оқуға, әртүрлі баяндамалар жасауға және іс қағаздарының алуан түрлерін жазуға дағдыландырылады. Қазақ тілінен берілетін теориялық білім мына сияқты практикалық мақсаттарды жүзеге асырады:

1) тілден алған теориялық білімін ауызша және жазбаша мақсатта қолдана білу;

2) түрлі талдаулар жасай білу;

3) орфография мен орфоэпиядан алған білімді ауызша және жазбаша түрде сауатты іске асыру.

7. *Түсінуге жеңіл қолайлылық принципі.* Дидактиканың түсінуге жеңіл қолайлылық принципінің де маңызы зор. Бұл сабақтың алғашқы күнінен бастап үнемі сақталуға тиісті. Мысалы, алғашқы үйретілетін сөзді таңдауда бір буынды сөзді үйрету мен көп буынды сөзді үйретуді салыстырып, білім алушы оның қайсысын тез үйренеді деген сұраққа тәжірибелі мұғалімдер бір буынды сөзді білім алушы тез үйренеді деп жауап береді. Бұл алғашқы сабақтарда қолданылса, сол қалыпта қалуы мүмкін емес. Себебі барған сайын оны күрделендіру принципін ұстану керек. Бұл – бір сыныптағы әр сабақта, әр сыныпқа көшкен сайын тілдік материалды оқыту процесінде қолданылатын принцип. Бұл принцип білім алушылардың жас ерекшеліктерін, білім дәрежесі мен сынып түрлерін ескере отырып, мұғалімнің түсіндіруі, оқулық тілі және оның баяндау желісі сияқты үш түрлі ерекшеліктерді басшылыққа алады. Қазақ тілінен берілетін теориялық білімнің анықтамалары мен ережелері, терминдері мен өзіндік белгілері, жасалу жолдары мектеп білім алушыларының қабылдау, ойлау сияқты психикалық қасиеттеріне лайықты түсіндіріледі. Түсінуге жеңіл қолайлылық принципін іске асыруда мұғалім мынадай әдістемелік жүйені пайдаланады: Алдымен қазақ тілінен тақырыптарды дәл таңдап алып, оны жеңіл мысалдармен түсіндіреді; тілдік тақырыптардың өзіндік белгілерін анықтайтын мысалдар көрсетіп, оларды талдайды; тақырыптың өзіндік ерекшеліктерін білім алушыларға айтқызып, ауызша мысалдар келтіртеді; бұл мысалдарына талдау жасатады; талдау үстінде тақырыптың өзіндік белгілерін саралап айтқызып, қорытынды пікір шығаруға төселдіреді.

8. *Оқытудың психологиялық ерекшелігін ескеру принципі.* Әр сыныптың өз білім деңгейі болатыны белгілі. Сонымен қатар білім алушының өзіндік жас ерекшелігі мен психикалық ерекшелігі бар. Сондықтан да қазақ тілін оқытуда осы ерекшеліктер ескеріліп, тілдік материал соған лайықталып беріледі. Білім алушының психикалық ерекшелігі мен білім деңгейінен оның білімді қабылдау мүмкіндігі туады. Ал ол оқу материалының білім алушының қабылдау мүмкіндігіне сәйкес болуын талап етеді. Қазақ тілін оқытуда осы принцип сақталса, ол білім алушының тақырыпты меңгеруіне қолайлы жағдай болып табылады. Тілді оқытуда бұл қағида сақталмағанда, түрлі қолайсыз жағдайлар болуы мүмкін. Мысалы, білім алушының әлі келетін немесе әлі келмейтінін есепке алмай, бірден қиын материалды көп етіп беру арқылы білім алушыда

тақырыпты меңгеру қолымнан келмейді деген пікір туғызуға да болады. Ол оқыту ісінің нәтижесіздігін туғызады. Сондықтан білім алушының психикалық ерекшеліктерімен санасып отыру мұғалімге ерекше міндет жүктейді. Сонымен білім алушыларға қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағдылар беруде олардың психикалық қасиеттері, оқуға бейімділігі, икемділігі мен дайындық дәрежесі ескеріледі. Күнделікті сабақ үстінде білім алушылардың осындай ерекшеліктеріне орай жұмыс істеу тәртібі белгіленеді. Білім алушыларға өткен материал мен жаңа материалдың байланысын таптырып, тақырыптың өзіндік белгілерін қаншалықты меңгергендіктерін мұғалім бақылап отырады. Нашар және орта меңгерген білім алушылармен сабақ үстінде түрлі жұмыстар жүргізіледі. Алдымен үйге берілген тапсырмаларды бақылап, тексереді. Содан кейін жаттығудың шартын дұрыс және бұрыс орындағандарына назар аударады. Өткенді еске түсіру мақсатында талдау жұмыстарын жүргізеді. Өтілген тақырып әбден меңгеріліп болған соң, жаңа материал түсіндіру, көрсету арқылы әңгімеленеді. Білім алушылардың өздеріне материалдар оқытылады. Бұдан кейін өтіліп отырған материал жеке-жеке сұрақтар бойынша еске түсіріледі. Тақырыпты білім алушылардың өздері айтып, қорытындылайды. Материалға лайықты жаттығу жұмыстары жүргізіледі. Осы сияқты жұмыстар жүйесі негізінде әрбір білім алушының оқуға деген бейімділігі мен икемділігі арта түседі [27].

Қазақ тілін жан-жақты меңгеруде ақпараттық технологиялардың мүмкіндігін тиімді қолдана білу, сабақ жүргізудің жаңа оқыту әдістерін әзірлеуге көп көңіл бөлінуде. Үйретілетін тілдік материалдарға, жалпы оқу бағдарламасына өзгерістер еніп, бұрынғыға қарағанда күрделеніп, тілді үйретудің әдіс-тәсілдері де жетілдірілуде. Яғни, тіл үйретуге жаңа талаптар қойылып отыр. Ол – инновациялық білім берудің қажеттілігі, түрлі оқыту технологияларының оқу үдерісіне енгізілуі.

Сондай-ақ, инновация – дегеніміздің өзі жаңа әдістемелік, амал-тәсілдерді, құрал-жабдықтарды, жаңа концепцияларды жасап, оларды дұрыс қолдана білу. Ал, инновациялық технологиялар деген сөзге түсінік беретін болсақ, «инновация» – жаңа, жаңалық енгізу, өзгеріс деген мағынаны білдіреді екен. Ағылшын ғалымы Роджерс «инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея», – дейді, олай болса, әр жаңалықтан біз жүйелі міндетіміздің жүзеге асуын күтеміз. Бұл ұғым туралы Қазақстандық ғалым Н.Нұранбетов «инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау мен меңгеру, таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деп жазады, ендеше инновация дегеніміз білім, тәрбиелеу жұмысына жаңалықты енгізу, яғни, жаңа әдістемелік-тәсілдерді, амалдарды, құралдарды, жаңа концепцияларды жасап, оларды қолдану деп анықталған. Ал технология деген сөзді педагог ғалым Беспальков өзінің «Слагаемое педагогическое технология» деген еңбегінде былай деп түсіндіреді: «Оқу тәрбие процесінің алдын ала жүйелі түрде жоспарлануы және оның тәжірибеде жүзеге асуы – белгілі бір педагогикалық жүйенің тәжірибеде жүзеге асу жобасы». Технология қарапайым тілмен айтқанда, жүзеге асатын ғана, нақты мақсаттардың алдын-ала ойластырылған нақты жобасы, яғни, белгілі педагогикалық жүйенің тәжірибеде

жүзеге асатын жобасы. «Технология» техника терминінен шыққан, екі мағынасы бар:

1. өндіріс құралдарының жиынтығы.

2. бір істі орындағанда қолданылтын тәсілдер жиынтығы.

Бүгінгі таңдағы біздің міндетіміз білім алушыны жеке тұлға ретінде дамыту, оқу үдерісіне жаңа технологияны енгізу. Бұл ұғым біздің өмірімізге берік еніп келеді, дегенмен оның мән-мағынасы туралы пікірлер сан алуан. Түсіндірмелі сөздікте бұл қандай да болсын істегі шеберлік, өнердегі амалдардың жиынтығы деген.

Келесі кезекте қазақ тілін оқытуда пайдаланылатын жаңа тиімді технологиялар туралы да айтып өтейік.

Заман талабына сәйкес, қазақ тілін қазақ тілді емес мектептерге меңгерту мақсатында көптеген жаңа технологиялар енгізіліп, нәтижесінде ғылыми еңбектер мен жаңа оқулықтар жарық көрді. Монографиялар мен оқу кешендері де жеткілікті басылып шықты. Бұған ғалымдардың жинақтаған мол тәжірибесі, іздену жұмыстары айқын дәлел.

Тілді жан-жақты, жете үйрету үшін белгілі бір әдісті ғылыми тұрғыдан жете меңгермей, табысқа жете қою қиын екенін бұл саламен айналасатын мамандардың көпшілігі айтуда.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін тиімді оқыту үшін технологияны тандап алуға, оны қолдануға міндетті түрде басты назар аудару қажет. Себебі дұрыс тандалған және оны жете түсіне отырып дұрыс қолданылған технологиялар арқылы әр мұғалім тілді үйрету барысында алдына қойған мақсатына жете алады.

Технологиялар заман ағымына сай пайда болып, өзгертіліп отырғанымен, оның тиімді әдіс-тәсілдері көп жылдар бойы қолданыста жүреді.

Қазіргі кезде жаңа оқыту технологиялары көп таралуда.

Білім беру саласында отандық әдіскер ғалымдардың қазақ тілін оқытуға арналған технологиялардың ішінен кеңінен таралғандары: М.М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы», Ф.Оразбаеваның «Қатысымдық технологиясы», Н.Ж.Құрманның «Дамыта оқыту технологиясы», Ж.Сүлейменова мен Ә.Әлметованың «Сұхбаттық технологиясы», «Ж.Қараевтың «Деңгейлеп оқыту технологиясы», Г.М.Кусаиновтың «Новая педагогическая технология: методология, теория и практика» және т.б.

Технологияның тиімділігі, оның болашағы, маманның психологиялық ерекшелігіне, іскерлігіне байланысты. Бұдан шығатын басты талап субъектінің мән бере оқуы, жеке бастың даму диагностикасы, жағдайларды жобалау, ойлы ізденістер диалогі, оқулықтағы тапсырмаларды өмірмен байланыстырып беруі.

Оқу процесіндегі негізгі инновациялық технологиялар:

1. Кейс –технология;
2. WEBтехнология;
3. Компьютерлік технология;
4. Коммуникациялық технология;
5. Ақпараттық технология;
6. Интерактивтік әдіс технологиясы;



7. Мультимедия технологиясы;

8. Телекоммуникация немесе электронды оқыту технологиясы және т.б.

Қазіргі кезде қала мұғалімдері өз іс-тәжірибесіне блоктік-модульдік, коммуникативті технологиялар, оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлау арқылы дамыту, қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне еуростандарт негізінде оқыту сияқты жаңа технологияларды енгізуде.

Олардың ішінде кейінгі жылдары сабақтарда қолданып жүрген И.Кубаеваның «Қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне еуростандарт негізінде оқыту» технологиясын атап өтуге болады. Педагогика ғылымдарының докторы И.Кубаева аталған технологиясының өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді үйретуде нақты нәтижеге жетуге болатынын атап көрсеткен.

Қазіргі уақытта И.Кубаеваның екінші тілді оқытудағы Ван Ек, Джим Тримнің халықаралық әдістемелері және ұлы педагог Ы.Алтынсариннің тәжірибесін пайдаланған. Аталған әдістеменің ерекшелігі – еуростандарт негізінде жасалуында. Тілдерді оқытудың бұл стандарты әлемге жарты ғасыр бұрын, ал Қазақстанда бірнеше жылдар бұрын әйгілі болған. Стандарттың негізгі принципі – тілді үйретуде лексикалық құрам мен грамматикалық категориялардың санын азайту, мысалы, бастауыш сатыда білім алушының 1500-1600 сөз білгені жеткілікті. Автор барлық қазақ тілі грамматикасын түсінікті, қысқа түрде 35 ережеге (кілттерге) біріктірген. Білім алушы қолындағы 35 грамматикалық кілтпен білімге жол табады. Бұл технология бойынша терминдер, грамматикалық ұғымдар түсіндірілмейді, тек білім алушылар тілдің сол моделін (формасын) есте сақтау үшін тілдік бірліктер кестелер мен модельдер арқылы беріліп отырады. Мысалы: «Ударения всех слов казахского языка падают на последний слог» немесе «если к казахскому слову прибавить окончание *«лар»*, то получишь множественное число. Слово+ -лар= мн. ч.: балалар, аналар, апалар», «Прибавив к нему же- ға, вы получите только направление, и ни при каких условиях ничего другого: балаға, апаға, анаға». Осы тәрізді *–да/-де,та/- те* жалғауларының қай кезде жалғанатыны туралы қысқа ереже беріледі. Мысалы, 5 сынып білім алушыларына суретпен жұмыс жасау кезінде мынадай тапсырма берілді: 1. Жалғауларды дұрыс жалғау арқылы сөйлемдер құра немесе әңгіме жаз (*Балалар стадионға бара жатыр. Стадионда жарыс болады...*), 2. Көпше түр формасын есте сақтағаннан кейін «Хайуанаттар бағында» атты диалог құрастырды (- Мынау аңдардың аты қалай? – Бұл – тауешкілер, ал анау жерде қояндар жүр... ) Тапсырманы орындау барысында білім алушылардың ережелерді түсініп, практикада дұрыс қолдана алғандарын байқауға болады. Әр сабақта өткен ережелерді мысал арқылы қайталап, бекітіп отыру дағдыға айналады.

Сондай-ақ тәжірибеге сүйеніп, сөздерді мағынасын ажырату арқылы жаттаудың тиімділігін айта кетуге болады. Мысалы, «желтоқсан – декабрь. Жел – ветер, тоқсан – девяносто. Значит, впереди нас ожидает девяносто холодных дней». «Қазақ» сөзінің мағынасын: 1) «Қазақ»- «ақ қаз»- белый гусь. Неге ақ қаз? – Баяғыда тыныш отырған елге жау шапты. Сонда қазақ ерлері «ақ қаздарға» ұқсап, ақ киім киіп алып, елін қорғауға шықты. Қазақтар «ақ қазды»

және аққуды киелі деп санайды; 2) «Қазақ»- «қас сак». Неге «қас», «сак»? Қас-реальный, действительный – деп түсіндіреді.

Ең алғашқы сабақтардың бірінде, И.Кубаева көрсеткендей, қазақ тілін үйренудің кейбір жеңіл де ұтымды сәттерін тандап алған жөн. Олар:

I. Грамматикалық заңдылықтарға тоқталу:

1. Қазақ тілінде *род* категориясының болмауы;

2. Екпіннің тек сөздің соңғы (99,9 %) буынына түсуі;

3. Баяндауыштың сөйлемнің аяғында тұратындығы және негізгі мағынаны беретіндігі;

4. *Приставкалардың* болмауы, олардың ерекше тәсілмен берілетіндігі;

5. *Предлогтердің* мүлдем болмауы, олардың да өзгеше тәсілмен көрсетілетіндігі;

6. «*Кім?*» сұрағының қазақ тілінде тек адам атаулыға ғана қойылатындығы, өзгелердің барлығына «*Не?*» сұрағының қойылатындығы; білім алушыларға «түркі тілін зерттеуші ғалымдар ең жоғарғы тіршілік иесі – адам, оның санасына (разум) байланысты «кім?» деген сұрақ қойылады» деген пікірлерін де қоса айтқан жөн.

7. Қазақ тілінің үндестік заңына бағынатындығы.

II. Орыс тілінде оқытатын мектеп білім алушылары үшін сауатты жазу өте күрделі мәселе. Білім алушылардың диктантта жіберетін қателері қазақ тіліне тән «ұ», «ү», «қ», «ң», «ө», «і» әріптеріне байланысты болып келеді. Осы орайда, И.Кубаеваның келтірген төмендегі кестесі білім алушыларға үндестік заңын оңай түсіндіруге көмектеседі.

Жуан:            о ұ а ы    қ ғ Һ  
-----            ң

Жіңішке:        ө ү ә і е к г

Яғни бірінші қатардағы дыбыстардың екінші қатардағы дыбыстармен араласып кетпейтіндігі айтылады. Қатемен жұмыс сабақтарының бірінде жоғарыдағы кестені пайдаланып, білім алушы өз қатесін былай деп түсіндірді: «Шәкірт – жіңішке сөз, себебі *ә, і* дыбыстары жіңішке дауысты дыбыстар. Олар екінші (жіңішке) қатардың дыбыстары, сондықтан бұл сөзде «к» емес, «к» әрпі жазылады, ал «білім алушы» сөзі – жуан о, ы, у дыбыстарынан тұрғандықтан, қ әрпі жазылады». 5 сынып білім алушылары жоғарыдағы әріптердің жазылуында да гармония барын аңғарып, көптеген мысалдар келтірді.

III. Өзге ұлт өкілдерінің балаларына қазақ тіліндегі шақ категориясын түсіндіріп, оны практикада дұрыс пайдалана білуді үйретуді аталған автордың технологиясы бойынша оңай жүзеге асыруға болады.

Өткен шақ : основа глагола + -ды/-ді, -ты/- ті

Келер шақ: основа глагола + -а, -е, -й+ -ды/- ді, -ты/-ті

Осы шақ: основа глагола + -ып/-іп или- п + или жатыр, или отыр, или тұр, жүр[28].

Жоғарыдағы формула тәріздес кестені түсініп алған білім алушылар етістіктерді әр шақта дұрыс қойып, сауатты сөйлеуге талпынады.

Бүгінгі күні Қазақстандағы «Сорос – Қазақстан» жәрдемімен жүзеге асырылып отырған оқытудың американдық үлгірінің бірі – «Оқу мен жазу

арқылы сыни тұрғыдан ойлау» технологиясы. Жеке тұлғаның өздігінен жетілуі,білім алушылардың білім стандартын меңгеруі,есте сақтау дағдыларын қалыптастыруы, сөйтіп, жеке іскерлігін дамыту үшін «Оқу және жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау» технологиясын пайдаланған жөн. «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау» бағдарламасының білгенін өмірде пайдалана алатын шәкірт тәрбиелеуде алатын орны ерекше.

Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не?

Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау стратегиялары бойынша жүргізілетін жұмыста:білім алушылардың өз бетінше тұжырым жасау;ойын шыңдау, кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сыни көзбен қарау; ұқсас құбылыстар арасынан тиімдісін таңдай білу; күрделі мәселелерді шеше білу; пікірталасты жүргізе білу қабілеті қалыптасады.

Осының бәрі өздігінен білім ала білуін, сын тұрғысынан ойлау іскерлігін, кейбірәдістемелік тәсілдерді дағдыға айналдыруын қалыптастырады. Сабақ барысында тақырыпты толық меңгерту үшін сын тұрғысынан ойлау стратегияларының әдіс-тәсілдерін пайдалану. Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы үш кезең бойынша жүзеге асады:

1. Қызығушылықты ояту.

Үй. Ассоциациялық қатар жазу. Әрбір топ өз ассоциацияларын атап шығады.Оқытушы ассоциацияларды ақ қағазға түсіріп отырады.

2. Мағынаны ажырату. Мәтінмен жұмыс. Қолданатын стратегия – Инсерт. Кестені толтыру (5-кесте).

5-кесте. Мәтінмен жұмыс

Білемін	Жаңа сөздер	Қарама-қайшылық	Сұрақтар
---------	-------------	-----------------	----------

Кесте бойынша жұмыс жеке-жұпта-топта орындалғаннан кейін әр топтан спикер кестені оқиды.

3.Ой-толғаныс. Ассоциациялық қатарды толықтыру.

Синквейн әдісі (бес жолды өлең құрастыру) «Үй».

Бес жолды өлеңді қорғау. Барлық топ бес жолды өлеңдерін тақтаға іледі. Әр топтан спикер шығып, жұмыстарын қорғайды.

Сын тұрғысынан ойлаудың нәтижелері:

- әдіс түрлері; белсенді практикалық іс-әрекетте болу; басқалармен қарым-қатынас жасай білу; басқаларды тыңдай білу; қажет болса өз көзқарасын өзгерту; топтық тұжырымға келе білу; топ алдына шығып, өз тұжырымын айта білу; қисынды ойлау қабілеттері; қорғай білу дағдылары қалыптасады.

Мұндай стратегияларды сабақта қолдану жеке тұлғаның дамуына жағдай туғызады.

Сондай-ақ қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы сөз болғанда, бұл проблеманың ішінен басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мәселесін жеке бөліп қарастырмаса болмайды. Өйткені, қазіргі таңдағы көп жұмыс істеліп, жан жақты қарастырылып отырған проблема – орыс аудиториясында қазақ тілін

оқыту проблемасы. Сонымен қатар, бұл мәселе тілдік коммуникацияның тікелей зерттеу объектісі бола келіп, қазіргі кезеңде өзекті мәселе болып отырған қазақша сөйлеуге үйретудің тиімді жолдарын табуға көмектеседі [29].

Оқыту әдістері – тарихи категория, олар білім беру мазмұны мен мақсатының ауысуына байланысты өзгереді.

Д.Әлімжанов, Ы.Маманов та өз еңбектерінде: «...Қазақ тілін оқыту әдістемесі – қазақ тілін оқытудағы мұғалімдердің озық тәжірибелерінің қорытындыларына негізделген оқыту әдістерінің жиынтығы туралы ғылыми пән», – дей отырып, тілді оқыту әдістемесін жан-жақты қарастырады.

Профессор Н.Құрман: «Қазақ тілін оқытудың қалыптасқан дәстүрінен басқа, ішкі әр саласына байланысты өзіндік ерекшеліктері, өз бедері, өз әдіс-тәсілдері бар. Қазақ тілін оқыту әдістемесі пәні – жалпы түрде қазақ тілін оқыту десек те, іштей оның әрбір саласы өзінің нақты нысанасын бөліп алады. Сондықтан да қазақ тілін оқыту үдерісі өзінің даму жолын, даму бағытын, ішкі және сыртқы даму мүмкіншіліктерін арнайы зерттеу барысында анықтап алуға ұмтылады. Осы айтылғандар әдіснамалық негіздердің болуы қажет екенін дәлелдей алады», – дейді [30].

Қазақ тілін оқыту әдістемесіне жаңа үрдіс алып келген ғалым Ф.Ш.Оразбаеваның 2005 жылы жарық көрген «Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі» атты еңбегінде қатысым әдісін теориялық тұрғыдан одан әрі дамытылып, қазақ тілін үйретудің қағидалары белгіленген.

Бұл жердегі қатысымдық деген сөз коммуникативтік дегенді білдіреді. Ғалым: «Қатысымдық әдіс дегеніміз – білім алушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын; белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларына тән басты белгілер мен қағидалардың жүйесінен тұратын; тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі», – деген анықтама береді. Демек, мұндағы алға қойған озық әдістеріміздің бірі – қатысымдық оқыту болмақ. Қазақ тілін өзге ұлт аудиториясында оқытудағы қатысымдық әдістің алғаш ғылыми негіздемесін жасаған профессор Ф.Ш.Оразбаева оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым, тілдесім процестерінің сөйлеу және ойлау механизмдеріне байланысты аспектілерінің әдістемелік жүйесін қалады.

Қатысымдық әдістің басты белгісінің бірі – тілді үйретуді күнделікті өмірде жүзеге асыру, сабақты практикалық жағынан жан-жақты қамтамасыз ету. Мұнда оқу сырттай немесе жеке ара күйде іске аспайды, адамдардың іс жүзіндегі өзара іс-әрекеті үстінде, ауызба-ауыз сөйлесуі, тілдесуі арқылы болады.

Ф.Оразбаева еңбегінде: «Тілдік қатынас жүзеге асу үшін, айтылған не жазылған хабардың қабылданып, оған жауап қайтарылуы, яғни істің ортақ атқарылуы басты шарт. «Сөйлесім» осы шартты және ортақ тілдік әрекетті аңғаратын сөз» дей келіп, «Адам не туралы сөйлейтінін, тіл арқылы нені жеткізетіндігін білгенмен, тілді, сол сияқты сөйлеуді өзіне бағындыра алмайды, яғни сөйлесім әрекеті, адамның сөйлеу тілі өзіне тәуелді емес, ол – табиғат берген, жаратылыстан туған күрделі процесс. Адам сөйлеуді жетілдіреді,

дамытады, соның заңдылықтарын қарастырады, бірақ сөйлеу тілін өзі жасай алмайды. Осыдан сөйлеудің, тілдің қоғамдық-әлеуметтік сипаты аңғарылады. Хабардың қай түрі болса да шындыққа құралу керек, сонда ғана тілдік қатысым өз бетінше дамиды және сөйлеу «информацияны қабылдау, оған жауап қайтару, қайта жауап алу) қатысымдық құбылыстың мәнін ашады, адамдар арасындағы байланыс бола алады», деп ой қорытады да, сөйлесім әрекетінің бес түрін «оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім) көрсетеді [31].

Ф.Оразбаева басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту барысында қолданылатын қатысымдық әдісті өзіндік принциптер арқылы ажыратады. Олар:

1. Тіке байланыс
2. Адамның жеке қабілетін ескеру
3. Сөйлесуге үйретуде жүргізілетін жұмыстардың түрлерін айқындау
4. Сатылап даму
5. Динамикалық өзгеру
6. Өзектілік

Қатысымдық әдістің пайдаланудың тиімді жолы – оның тіке байланысқа негізделіп, адаммен – адамның тікелей қарым-қатынасы арқылы тілді үйретуді жүзеге асыруында. Тілді оқытуда үйренуші мен үйретушінің арасында бір-бірімен көзбе-көз кездесу, ауызба-ауыз тілдесу, яғни, тікелей қатынас болмаса, сөйлесім әрекеті де іске аспайды. Тілді үйретуге байланысты қандай бағыт-бағдарды тандап алу керек, оған қатысты орындалатын жұмыстармен тапсырмалар қандай, оны іске асыруда бұл жұмыс түрлерінің алатын орны мен қызметі қандай дегенді анықтап белгілемей, алға қойған мақсатқа жету мүмкін емес.

Ғалым Қ.Қадашева: «Жаңаша жаңғыртып оқыту, жоғары белсенділікті дамыту және деңгейлік оқыту әдістемелерін жоғары дәрежеде дамыту оқытудың техникалық және электронды құралдарын жан-жақты пайдаланғанда ғана толық орындалады», – дейді [23]. Яғни, оқытудың жаңа техникалық және электронды құралдарын тиімді пайдалану оқытушының шеберлігіне байланысты.

Профессор Ә.Исабаев: «Қазақ тілінен білім беру әдістері сан алуан. Осы әдістерді әдістемелеу жиктеп көрсетудің мәні зор. Жиктеп көрсетуде, біріншіден, білім алушыға берілетін білімнің сапасы артады, екіншіден, білім алушымен жүргізілетін жұмыстың дәлдігі нығаяды, үшіншіден, мұғалімнің атқаратын жұмысы жеңілдейді.

Бүгінгі күні мультимедиаға ұсынылған жаңа аудиовизуалдық техникалық құралдар әдістемесі қазақ тілі мұғалімдерінің тілді оқытуға жаңаша қарауын және өз әдістерінің жетілдірілуін талап етеді. Бұдан бірнеше жыл бұрын «оқытудың техникалық құралдары», «лаборатория» ұғымы – үнтаспа, оқу теледидарын пайдаланумен, лингафон кабинетіндегі сабақтармен немесе техникалық және нақты ғылымдар саласындағы зерттеулермен ғана байланысты болып келді, бірақ тілді оқытуда компьютерді, сондай-ақ интернет желісі ресурстарын пайдалануға ешқандай мүмкіндік болмады. Қазір қазақ тілін оқытушылардың қарамағында компьютерлік техниканы қолдануға

негізделген ОТҚ-ның(оқытудың техникалық құралдары) бірнеше түрі бар. Ал мұндай күрделі техникалық жүйені меңгеру арнайы дайындықты қажет етеді.

Қазақ тілінен білім беру әдістерін топтастыру әдістемесінің соңғы жетістіктері негізінде төмендегі әдістерге назар аударған жөн:

1. Мұғалімнің түсіндіргенін кітаптан қарау – анықтама, түсініктер, жоспар, конспект, тезис, газет, журнал, сөздікпен, т.б. жұмыстар;

2. Көрнекілік әдіс, экскурсия, таблица, сурет, схема, карточка пайдалану т.б.;

3. Техникалық құралмен жұмыс жүргізу әдісінің бірі – демонстрациялық әдіс: экран бейнесі арқылы диафильм, кино, фрагмент, т.б. Техникалық құралмен жұмыс жүргізу әдісінің тағы бір түрі: кодоскоп, эпидоскоп, компьютермен жұмыс, т.б.;

4. Жаттығу әдісі, ауызша, жазбаша және суретпен жұмыс, тақтамен жұмыс, өз бетінше жұмыс, қайталау, пысықтау кезінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану жұмысы;

5. Проблемалық оқыту әдісі. Проблемалық оқыту әдісі білім алушылардың өз бетімен еңбек етуіне, алған білімін жаңа тілдік материалдармен ұштастыра білуге үйретіп сол пәнге қызығушылығын арттырады.

Жалпы тілді үйренудің ғалымдар үш жүйесі бар екенін атап өткен.

Олар:

1. *Тілді тікелей үйрету әдісі.* Білім алушылардың өз ана тілінің фактілеріне сүйенбей, басқа тілді тікелей үйрену деген сөз, яғни түрлі көрнекіліктер, экскурсиялардың көмегімен сөйлеу тілін үйретеді. Аталған әдістің пайдалы жағы осы, ал кемшілігі – білім алушыны ана тіліне сүйенбей оқытады. Тіл үйренуде мұндай әдіс қиындық келтіреді, өйткені білім алушы басқа тілді ең алдымен өз тіліне аудару (ойша болса да) жолымен үйренеді.

2. *Аударма әдісі.* Білім алушының ана тілі арқылы іске асады. Білім алушы екі тілдің фактілерін салыстырады, бір тілден екінші тілге аударады.

3. *Аралас әдіс.* Тілді тікелей үйрену әдісінде ауызша жаттығу жұмысы бірінші орында болып, ал кітаппен жұмыс ең соңында болса, салыстырмалы әдісте жазбаша жаттығу жұмысы (мәтінмен, кітаппен жұмыс) қатар жүріп отырады, грамматикалық ерекшеліктерге де көңіл аударылады. Демек, кітаптан оқып үйренген және оның мағынасына түсінетін білім алушыға сол тілдің сөйлеу тілін (ауызекі) үйрену қиынға түспейді. Дегенмен, тілді тікелей үйрену мен сөйлеу тілін де қатар үйренген әлдеқайда тиімді екенін өмір өзі көрсетіп отыр. Сондықтан көптеген мамандар қай тілді болмасын аралас әдіс арқылы үйренген тиімді деп есептейтін.

Алайда қазіргі таңда өзекті болып отырған «тілді аудармасыз» оқыту немесе «тікелей әдіс» мәселесі талай оқытушы-ғалымдарды ойландырып жүргені сөзсіз. Әрине, бұл орынды да. Себебі, Қазақстанда тұрып, қазақ тілін үйренем деушілер саны жылдан-жылға көбейіп бара жатқандығы да жалған факті емес. Осындай үдерісте елімізде өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілінде білім беруге машықтанған мамандар қаншалықты деген ой мазалайды? Қазақ тілді мамандардың әлемдік тілдерді оқыту әдістемесін меңгеру деңгейі қандай? Тілді

үйретуде қаншалықты бәсекеге қабілетті мамандарға үміт арта аламыз? Осы ретте мазалаған осы сұрақтың жауабын іздестіріп көрсек. Әрине, тілді меңгертуде түрлі әдіс-тәсілдерді пайланатындығымды білеміз. Оқыту әдісінің мәні, әдіс және тәсілдерінің арақатынасында. Сондықтан, «Қалай оқыту керек?» дейтін дәстүрлі дидактикалық сұрақ заңды түрде оқыту әдісінің категориясын шығарады. Жалпы әдіс – жоспарланған мақсат пен соңғы нәтиженің арасын байланыстыратын оқу процесінің өзегі болып табылады. Оның жүйедегі айқындаушы рөлін «мақсат – мазмұн – форма – оқыту әдісінің құралдары» көрсететіндігі белгілі.

Сонымен, қазақ тілін аудармасыз оқыту мәселесіне тоқталу үшін оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін оқыту ерекшеліктерін қарастырып өтейік.

Тіл адамдардың ойын білдіретін, пікір алысатын, бірін-бірі түсінуге қажетті, бір-бірімен қатынасты жүзеге асыратын тілдесу құралы болғандықтан, тілді оқытудың өзіндік ерекшеліктері болатындығы белгілі. Тіл тек тілдесу құралы ғана емес, ол – тіл иесі халықтың мәдениетін, ұлттық ерекшелігін білдіретін құрал. Сондықтан кез келген тілді өзге ұлт өкіліне меңгерту белгілі бір нақты мақсатты көздеп; соған байланысты туындайтын міндеттерді шешуге бағытталады.

Әлемдік әдістеме ілімінде тілді өзге ұлтқа үйрету үшін қалыптасқан «деңгейлік оқыту» ұғымыпайда болған. «Деңгей» сөзі термин ретінде алғаш кезде тек математика ғылымында аталып жүрген. Математикада бұл термин «өлшеу құралын», «шаманы» белгілейді. Деңгейлік идеясы шет елдерде педагогика ғылымына 1920 жылдың басында енген екен. Кейіннен бұл терминге Еуропалық елдері ерекше көңіл бөле отырып, деңгейді тілді екінші тіл ретінде оқытуға қолдану жолдарын қарастыра бастады.

1991 жылы Швейцарияның Рюшликон қаласында өткізілген тілді меңгерудің жалпыевропалық компетенцияларын жасау мәселелері қарастырылған Үкімет аралық симпозиумда бастау алып, Еуропаның барлық елдері мен Ресейде тестіден өткізілген «Жалпыевропалық тілдік қоржын» (European Language Portfolio) бағдарламасына назар аударылды. «Жалпыевропалық тілдік қоржын» – тілдік дамудың деңгейін бағалауға қойылатын келісілген ортақ талаптарды сипаттайды», – деп көрсетеді [32].

Қазіргі кезде тілді оқытудың білім мен коммуникативтік біліктілік деңгейін анықтайтын өлшемдер әлемдік әдістемеде ұсынылып, деңгейлер өлшемі талданды. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Яғни, Еуропалық деңгей жүйесін дайындау барысында көптеген мемлекеттерде түрлі зерттеулер жүргізіліп, әдістемесі іс жүзінде байқаудан өткізілді де, нәтижесінде тілді үйренгені және меңгерілгендігі туралы деңгейлер белгіленді. Бұл жүйе үш ірі – А, В, С деңгейінен тұрады және әрбір ірі деңгейі кіші деңгейге бөлінеді. Деңгейлердің осылай бөлінуі әрбір адамның тілді қандай деңгейде үйренгенін көрсетеді.

Жоғарыда айтылып отырған Еуропалық деңгейлер жүйесіне сәйкес қазақстандық әдістемеші-ғалымдар да өзге ұлттарға қазақ тілін үйрету үшін алты деңгейді ұстанады. Ол деңгейлер жүйесі А1, А2, В1, В2, С1, С2 деп

аталатын үш ірі деңгейден тұрады. Деңгейлердің жіктелуін 6 – кестеден көруге болады.

**6-кесте- Тілді білу деңгейлерінің жіктелуі**

Қарапайым деңгей	A1 Бастапқы игерім
Негізгі деңгей	A2 Қалыптасу қарсаңындағы игерім
Орта деңгей	B1 Қалыптасқан игерім
Ортадан жоғары деңгей	B1+ тереңдетіле қалыптасқан игерім
Жоғары деңгей	B2 Ілгерілей қалыптасқан игерім
Жетік деңгей	B2+ Тереңдетіле, ілгерілей қалыптасқан игерім, C1 Кәсіби игерім

Деңгейлердің жіктелуі мемлекеттік тілді бастауыш сыныптарындағы білім алушылардың A1 деңгейінде, орта буындағы білім алушылардың A2 деңгейінде, мектептің жоғары сынып, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері білім алушыларының B1 деңгейінде, жоғары оқу орны студенттерінің B2 деңгейінде, жоғары оқу орнынан кейін білім алатындардың C1 деңгейінде игеруін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл деңгейлердің сипаттамасы 7-кестеде көрсетілген [32].

**7-кесте- Еуростандарт деңгейлерінің қысқаша сипаттамасы**

Тәжірибелі қолданушы	<b>C2</b>	Оқығанын, не естігенін ешбір қиындықсыз бәрін түсіне алады. Түрлі жазба және ауызша мәліметтерден нақты деректерді іріктеп алып, тыңдаушыға түсінікті етіп жеткізе алады. Кез келген тақырып бойынша дайындықсыз және жылдам күрделі тұрақты сөз тіркестері арқылы өз ойын жүйелі жеткізіп береді.
	<b>C1</b>	Күрделі және көлемді мәтіндерді түсінеді. Ойлана отырып жылдам сөз тауып, ешбір дайындықсыз өз ойын жеткізе алады. Әлеуметтік, кәсіби және білімдік қызметінің шеңберінде тілді тиімді қолдана алады. Күрделі тақырыптар бойынша да өз ойын жүйелі жеткізе алады.
Дербес қолданушы	<b>B2</b>	Нақты немесе абстрактілі тақырыптар бойынша, сондай-ақ кәсіби қызығушылығына байланысты берілген көлемді, күрделі мәтіндердің негізгі мазмұнын түсіне алады. Тілді жақсы білетін адамдармен еркін сөйлесе алады. Түрлі тақырыптар бойынша өз ойын нақты жеткізе алады. Мамандығы бойынша пікірталасқа қатыса алады. Мемлекеттік тілдегі газеттердегі ақпараттар жөнінде қысқаша түсінік бере алады.
	<b>B1</b>	Нақты, әдеби тілінде және рет- ретімен, сонымен қатар жұмысы немесе оқуына, т.б. сондай таныс тақырыптарға байланысты жазылған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуі мүмкін. Өзіне қызықты таныс тақырыптар бойынша немесе арманы, тәжірибесі және де болған оқиғалар туралы күнделікті қолданылатын сөздер арқылы айтып бере алады. Мемлекеттік тілде жазылған іс-қағаздарды толтыра алады.
Тіл үйренуді жаңа	<b>A2</b>	Жеке тіркестер мен күнделікті жиі қолданылатын (өзі немесе отбасына, жұмысына байланысты қарапайым ақпарат) сөздерді түсінеді. Күнделікті кездесетін тақырыптарға байланысты жай



бастап келе жатқан қолданушы		сөйлемдер арқылы қиын емес мәселелерді шеше алады. Өз ойын қысқа сөйлемдер арқылы жеткізеді. Жай сөйлем түрінде қысқаша айтылған сөйлемдерді, хабарландыруларды түсінеді.
	<b>А1</b>	Қысқа, таныс сөздер мен жай сөйлемдерді түсініп, күнделікті тұрмыста қолдана алады. Өзін немесе өзгені таныстыра алады және адамның жеке өзіне байланысты (мекен-жайы, отбасы туралы т.б.) сұрақтар қоя алады, дәл сондай сұрақтар арқылы өзіне қатысты мәліметтерді бере алады. Егер сөйлеушісі асықпай және анық сөйлеп, қиындық туған жағдайда көмектесе алатын болса, бұл деңгейде сөйлейтін адам жай сөйлемдер арқылы диалогке түсе алады.

Бүгінгі таңда барлық білім беру ұйымдарының «Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Ағылшын тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламалары мен оқулықтары мен ӘОК аталған деңгейлерді ескере отырып құрастырылады. Яғни, оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін оқытудың *басты ерекшеліктерінің бірі – тілді білу деңгейлерін ескеру.*

Деңгейлік оқытудың алғашқы тәжірибесі негізінде жазылған «Қазақ тілі» кешенді оқулығы Э.Сүлейменова, Қ.Қадашева және Д.Ахановалардың авторлығымен жарияланды. Кешенді оқулыққа екі сатылы оқыту жүйесі енгізілген. Кешенді оқулықта сөйлеу іс-әрекетінің барлық түрі – сөйлеу, тындау, оқу және жазу толық қамтылған. Кешеннің әрбір оқулығы әртүрлі типтегі қазақша-орысша сөздіктерден тұрады: сабақтар сөздігі, мақалалар сөздігі, қоғамдық- саяси лексика сөздігі, пікірлесім мен фильм үзінділеріне қатысты сөздіктер, лингвистикалық терминдердің екі тілді көрсеткіші.

Л.Екшембеева, Ә.Ағманова, Г.Мұсаева, А.Бұлдыбаев, Ә.Құрышжанова және т.б. авторлар ұжымы «Қазақша сөйлегіңіз келе ме?» атты жасап шығарған оқу-әдістемелік кешенінде мынадай міндеттер алға қойылған:

- коммуникативтік мақсатта сөйлеу іс-әрекетінің мүмкіндігін пайдалана білу;
- дұрыс, сауатты, мәдениетті сөйлесе білу мүмкіндігін қалыптастыру және оны іске асыра білу;
- жай және құрмалас сөйлемдерді оқыту.

Оқулықтың материалдары 700 сағатқа лайықталған және ол шетел азаматтарына қазақ тілін үйрету тәжірибесінен жинақталған.

Отандық әдіскер ғалымдар қазақ тілін екінші және шет тілі ретінде оқытудың әдістемесін де ұсынған болатын.

Әдіскер-ғалым Қ.Қадашева қазақ тілін деңгейлік жүйемен оқыту әдістемесінде «ана тілі», «екінші тіл», «шет тілі» және оларды оқыту мәселелері жөнінде педагогикалық және әлеуметтік үлкен мәселелерді анықтайды [21].

Соңғы жылдары тілді екінші тіл ретінде оқытуда деңгейлермен қатар сөйлеудің төрт дағдысы да қарастырылып жүр. Көптеген ғалымдар екінші тілді сөйлеу әрекетінің төрт дағдысы арқылы меңгерту, өте дұрыс шешім екендігін дәлелдеп келеді. Себебі оқылым, тындалым, жазылым және айтылым дағдылары коммуникативтік дағдылар болып табылады. Ал бұл– оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін оқытудың келесі ерекшелігі,

яғни *тілді төрт дағды (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) арқылы меңгерту* – кез келген тілді үйретудің тиімді жолдары.

Аталған дағдылардың әрқайсысының өзіне тән ішкі дағдылары мен оны үйрету жолдары, яғни ерекшеліктері бар. Кез келген сабақты аталған дағдылар ерекшелігін ескеріп құру, тілді тиімді меңгеруге мүмкіндік береді.

Әрбір деңгейде тіл үйренуші: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым сияқты сөйлеу әрекетінен өтеді. Бұл сөйлеу әрекеттеріне төмендегідей анықтама беруге болады:

*Тыңдалым* – дыбысталып жатқан сөйлеуді бір сәтте қабылдау қызметі. Тыңдалым білім алушының сөйлеу әрекетінің дамуына стимул бере отырып, оқыту үдеріс дұрыс басқаруды қамтамасыз етеді. Білім алушы тыңдалым арқылы жаңа тілдік, сөйлеу және елтанымдық материалдармен танысып, сөйлеу әрекетінің барлық түрлеріне қатысты дағдысы мен шеберлігін дамытады.

Тыңдалым – басқалардың айтқанын ажырату және түсіну қабілеті, ал қазақ тілі сабақтарының оқу жұмысына қатысты айтатын болсақ, бұл – сөйлеу тілін есту арқылы түсіну.

Тыңдалыммен сөйлеу қызметінің өзіндік түрі ретінде нақты қарым-қатынастың әртүрлі жағдаяттарында кездесеміз. Тыңдалым процесі көбінесе:

- хабарландыруларды;
- радио және теледидар жаңалықтарын;
- түрлі нұсқаулар мен тапсырмаларды;
- өзгелердің әңгімелерін;
- актерлердің сөздерін;
- телефон арқылы сөйлесу және т. б. тыңдаған кезде жүргізіледі.

Тыңдалым оқыту мақсаттарын төмендегідей жіктеуге болады:

- белгілі бір дағдыларды қалыптастыру;
- белгілі бір сөйлеу біліктерін дамыту;
- қарым-қатынас жасауға үйрету;
- қажетті қабілеттер мен психикалық функцияларды дамыту;
- сөйлеу материалын есте сақтауға;
- бір рет айтылған сөйлемді түсінуге;
- берілген ақпарат ішінен ең бастысын анықтауға үйрету;
- есту қабілетін дамыту;
- есту реакциясын дамыту.

Сондай-ақ тыңдалым қазақ тілін оқытудың маңызды құралы болып табылады. Себебі ол оқытылатын тілдің дыбыстық жағын, оның фонемдік құрамын және интонациясын, ырғағын, екпін, әуенді меңгеруге мүмкіндік береді. Тыңдалым арқылы тілдің лексикалық құрамы және оның грамматикалық құрылымы меңгеріледі. Сонымен қатар тыңдалым айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын қалыптастыруды жеңілдетеді. Егер білім алушы дыбысты түсінсе, ол графикалық тілді де түсінеді, яғни көріп тұрғанын, дыбысталуына қарай өзгерте алады.

Тыңдалым тапсырмаларын орындау барысында сөйлеуші келесі қабілеттерін көрсетуі тиіс:

1. адамдардың не айтатынын болжау;

2. таныс емес сөздер мен фразаларды болжау;
3. түсіну үшін өзінің алған білімін пайдалану;
4. сөйлеушінің не туралы айтып отырғанын түсіну;
5. тыңдалым барысында естігенін жазып ала білу.
6. интонация мен екпіндерін түсіну;
7. айтылымның этникалық жағын, пікірталас және басқа да дауларды жүргізу ережелерін білу.

Тыңдалым жады қызметімен байланысты. Жад ұғымын келесі компоненттерге бөлуге болады: қысқа мерзімді – ақпаратты қысқа уақыт ішінде сақтау; жедел – белгілі, алдын ала белгіленген мерзім ішінде ақпаратты сақтау; ұзақ мерзімді – ақпаратты ұзақ уақыт сақтау қабілеті. Оны еске түсіру үшін көп жағдайда ойлау мен ерік-жігер қажет болады (сондықтан оның жұмыс істеуі шектелмейді); сонымен қатар көрген бейнелерін есте сақтауға байланысты көру жады; әртүрлі дыбыстарды, музыкалық және тілдік дыбыстарды жақсы есте сақтау және дәл қайталау үшін есту жадылары да қажет. Мұның барлығы тыңдалым үшін өте маңызды, өйткені алғашқы кезде балалар дыбыстар мен сөздердің дыбысталуын есте сақтауға тиіс.

Тыңдалымды меңгеру тәрбиелік, ой-өрісін дамыту мақсаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сөйлеу тілін есту арқылы түсінудің тәрбиелік маңызы баланың жадының дамуына, ең алдымен, есту жадының қазақ тілін үйрену үшін ғана емес, сонымен қатар басқа да кез келген пәнге де оң әсерін тигізеді.

Тыңдалымды өткізу барысында қандай қиындықтар туындайды?

1. *Фонетикалық.* Бұл ретте сөздегі дыбыстар арасындағы және сөйлемдегі сөздер арасындағы айырмашылық байқалмайды. Естудің екі аспектісі бар: фонематикалық (сөздер мен құрылымдар деңгейінде жекелеген тілдік құбылыстарды қабылдау) және контексте тұтастай түсіну процесін қамтитын тілдік аспект. Тыңдауды оқыту кезінде сөйлеу тілін дамыту қажет екенін атап өту қажет. Жеке сөйлеу мәнері әртүрлі болады, сондықтан қабылдау мен түсіну қиындықтар туғызуы мүмкін. Ана тілінде мұндай қиындықтар үлкен тәжірибе болуына байланысты білінбей өтеді, алайда білім алушылардың қазақ тілінде тыңдау тәжірибесі болмағандықтан, тыңдалым процесі қиындық туғызады.

2. *Грамматикалық.* Орыс тілінде жоқ грамматикалық формалардың болуына байланысты туындайтын қиындықтар. Сөйлемді қабылдай отырып, білім алушы оны жеке элементтерге бөле отырып, оның ақпараттық белгілерін ажыратуы тиіс.

3. *Лексикалық.* Көптеген таныс емес сөздердің болуына байланысты - білім алушылар мәтінді түсінбейді.

Қазақ тілін үйреніп жүрген білім алушылар тілді жақсы білетіндермен көп сөйлесе қоймайды, сондықтан олар тілдік ортадан алшақтап кетеді, тілді қабылдау қиын болады [33].

*Оқылым* – мәтіндегі жазылған ақпаратты алуға бағытталады, яғни жаттығуды оқи отырып, тапсырманы түсіну үшін қажет. Сондай-ақ мәтіннің мазмұнын айту үшін, ең алдымен, оны оқу керектігі белгілі. Жалпы алғанда,

оқылым – тілді меңгерудің бір тәсілі, сөздік қорды көбейтудің құралы; оқылым – грамматикалық құрылымдарды есте сақтауға мүмкіндік береді; сол тілде сөйлеуге, айтылымды жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Пәнге деген қызығушылықты ояту үшін мұғалім сабақта білім алушының ойлау белсенділігін оятатын әдіс-тәсілдерді үнемі қолданып отыруы керек. Сондықтан сабақта қолданылатын әдістерді тандағанда, сабақты жоспарлағанда, мұғалім оны білім алушының қажеттілігі мен қызығушылығын дамытатындай етіп тандап, іріктеп отырғаны жөн. Сондай-ақ сабақ үстінде мұғалім тек бақылаушы және бағыттаушы қызметті атқару тиіс.

Оқылым дағдыларын қалыптастыру үшін төмендегідей жұмыс түрлерін өткізіледі:

- шығарма мазмұнын қысқартып айту;
- шығармадан автордың көзқарасын жеткізетін тірек сөйлемдерді табу;
- шығармадан талқылауға қажетті сөздер мен сөз тіркестерін теріп жазу;
- етістіктің шақ түрлерінің қолданысына көңіл аудару, т.б.

Шығарманы оқуда білім алушыда уәждеме туғызатын тапсырма түрлерінің берілуіне көңіл бөлген дұрыс. Мысалы:

Мәтіндердің тақырыбын оқыңдар. Мәтіннің не туралы болуы мүмкін деген сұраққа божам айтыңдар.

Оқиғаның басталуы бойынша, оның немен аяқталуы мүмкін екенін болжаңдар;

Мәтінді оқу, түсіну, білім алушының жеке оқырмандық тәжірибесіне де байланысты. Мысалы, білім алушы оқып отырған шығарма жазылған дәуірі туралы тарихи оқиғаларды, жағдайды білмесе, ол шығарманы түсіне алмауы мүмкін. Сондықтан кейбір тапсырмалар бойынша қосымша ақпарат беру қажет.

Оқылған материалдарымен жүргізілетін жұмыс түрлері де тіл үйренушілердің шығармашылықпен еңбек ететіндей деңгейде ұйымдастырылуы шарт. Кейде оқытушылар мәтін бойынша жұмыстарды оқу, аудару, сұрақтарға жауап беру, мазмұнын әңгімелету сияқты шағын түрлерімен өткізеді. Мәтінмен жұмыстың осындай бір сарынды болып келуі тіл үйренушілерді жалықтырады және қазақ тіліне деген қызығушылығын төмендетеді.

Шығарма тек оқылып, талданып қоймайды. Ол білім алушылар арасында талқыланады. Шығарманы талқылау – әдебиетті оқытуда маңызды бөлік болып табылады. Ол белгілі бір дайындықты керек етеді. Дайындықсыз оның сәтті өтуі мүмкін емес. Тапсырма түрлері:

Өзіңізді кейіпкер орнына қойыңыз. Сіз оның орнында болсаңыз, мына жағдайда не істер едіңіз?

Сіз осы оқиғаны көрсеңіз, оны ата-анаңызға, досыңызға қалай айтып берер едіңіз?

Шығарманың қай бөлігі, оқиғасы ұнады? Неге ұнады?

Шығарманың жалпы мазмұнында, оқиғаның дамуында алатын орны қандай?

Сіздің досыңыз осындай жағдайға тап болса, одан ең бірінші не туралы сұрар едіңіз? Оған қандай кеңес берер едіңіз?

Сондай-ақ, оқылым дағдыларын қалыптастыру үшін түрлі ойындар өткізуге болады:

1. «Кім көп оқыды?». Кәртiшкелерге шығарманың аттары, ал екiншi кәртiшкеге жазушы, ақындардың есiмдерi жазылады. Топ шығарма мен авторларды сәйкестендiредi.

Бұл ойынды басқаша ұйымдастыруға да болады.

2. «Ойлан, тап». Мұғалiм шығармадан бiрнеше үзiндiлердi жазады. Бiлiм алушы оның қай шығармадан екенiн табуы керек.

3. «Тiзбек». Екi командаға шығарманың мазмұнын тiзбектi түрде айтып шығу тапсырылады. Шығарма мазмұнын сақтай отырып, тез айтып шыққан команда жеңiске жетедi.

4. «Анықтама бюросы». Қатысушылар мәтiндердi қарап шығып, туристерге керек ақпаратты айтып бередi. Ақпарат әртүрлi болуы мүмкiн. Қала, дәрiхана, мұражайлар туралы. Ол тақырыпқа, сабақ мақсатына қарап өзгерiп отырады.

Оқылым бойынша оқырман байқауын өткiзуге де болады. Оқылған шығарма бойынша байқаулар өткiзу түрлерi:

1. Шығарманың жоспарын құрыңыз;

2. Есте қалған бiр кейiпкердi суреттеңiз;

3. Шығарма бойынша «нелiктен?» сұрағымен басталатын 5 сұрақ құрастырыңыз;

4. Кейiпкерлердi тыңдаңыз. Бұны кiм айтты? Қашан айтты? Кiмге айтты?

5. Шығармадан үзiндi тыңдаңыз. Оны әрi қарай жалғастырыңыз.

6. Шатасқан сөйлемдердi табыңыз;

7. Кейiпкерлер арасындағы қарым-қатынасты сатылы түрде көрсетiңiз.

Олар төмендей ме, жоғарылай ма?

8. Суреттер бойынша шығарманы қалпына келтiрiңiз; Шығарма бойынша коллаж жасаңыз. Шығармадан үзiндiнi оқыңыз;

9. Шығармада берiлген ең басты қауiптi, ең маңызды детальдi атаңыз;

10. Шығармадағы оқиғаны дамытқан басты қайшылықты атаңыз;

11. Шығарманы өзiң қалай аяқтар едiңiз?

12. Бұндай оқиға қазiргi уақытта орын алса, ол қалай аяқталар едi?

13. Бұндай оқиғаның қазiргi уақытта болуы мүмкiн бе?

14. Оқиғадағы жазушы көңiл бөлген сюжеттi табыңыз.

15. Мына суреттi, оқиғаны көрсе, ақын, жазушы қандай сөз айтар едi деп ойлайсыз? [34]

Сабақ барысында мәтiндi оқытудың төмендегiдей түрлерiн қолдануға болады:

1. *Дауыстап оқыту арқылы* – тiл үйренушiнiң сөйлеу элементерiн меңгергендiгi байқалады және тiл үйренушiлер бiрiнiң қатесiн бiрi естiп, түзетiп отырады.

2. *Иштей оқу* – тiл үйренушiлердiң шапшаң оқу дәрежесiн анықтау. Мысалы: тiл үйренушiлерге iштей шапшаң оқу үшiн бiр мәтiн берiлiп, қай жерге дейiн оқу керектiгi белгiленедi. Әр бiлiм алушы белгiлеген сөзге дейiн

жеткенде, кітаптарын жауып, оқып болғанын байқатады. Осылайша оқытушы тіл үйренушілердің оқу жылдамдығының мөлшерін өзі белгілеп отырады.

Өзге тілді аудиторияға оқылымға берілетін мәтін аудиториядағы тіл үйренушілерге арнайы дайындалуы қажет. Тіл үйренушілерге берілетін мәтін тіл үйренушіге қызығушылық туғызатын, мағыналы мәліметтері мол болуы тиіс [35].

*Айтылым* – қабылдау және сөйлеудің туу үдерісімен байланысты. Барлық адамның сөйлеу ағзалары бірдей болғанымен, артикуляциялық базасы түрліше. Мұнда орфоэпияға көп көңіл бөлген жөн, өйткені қазақ тіліндегі сөздердің барлығы жазылуына қарай айтыла бермейді.

Тілдік дағдылардың ішінде айтылымның алар орны ерекше. Әртүрлі зерттеулерде айтылымға түрлі анықтамалар берілген. Бір мәліметтерде айтылымды екі немесе одан да көп адамның адамзатқа немесе қоршаған әлемде болып жатқан жағдайларға қатысты идея алмасып, өзара талқылауы десе, енді басқа мәліметтер бойынша – ақпаратты жасау, қабылдау және өңдеуді қамтитын интербелсенді процесс ретінде қарастырады.

Айтылымның пішіні мен мағынасы оның қатысушылары, олардың ұжымдық тәрбиелері, физикалық ортасы және сөйлеу мақсаттары сияқты мәнмәтінге тәуелді болады.

Айтылым жазылым сияқты продуктивті дағдылар қатарына жатады. Яғни тілді қабылдап үйренуден гөрі оны қолдану, сөйлеу көрініс тауып отырады. Қарапайым тілмен айтқанда, айтылым дегеніміз – өзге адамдармен қарым-қатынасқа түсу барысында ойымызды жеткізу үшін тілдік бірліктерді қолдану.

Сөйлесу барысында біз кейбір әрекеттерді жиі қолданамыз, олардың тізімі төмендегідей:

1. Сөздерді дыбыстау;
2. Сұрақтарға жауап беру;
3. Интонацияны қолдану;
4. Бір нәрсені түсінбеген жағдайда түсіндіріп беруді өтіну;
5. Сөйлеген сөзін бақылау және өзін-өзі түзетіп отыру;
6. Пікірталасқа қатысу;
7. Сөйлеу барысында қажетті стильді қолдану;
8. Диалогке қатысу;
9. Адамдармен сәлемдесу;
10. Сөйлеу сөзін жоспарлау;
11. Жест мимиканы қолдану;
12. Ақпаратты сұрау немесе айту;
13. Грамматикалық тұлғаларды қолдану;
14. Сөз және сөйлем екпінін қолдану;
15. Сөйлеуші сөзін аяқтаған кезде, кезек алып сөз бастау;
16. Оқиғаларды баяндап беру;
17. Тілді сауатты қолдану;
18. Сөйлемді қайта құрастыру (перифраза), яғни бір нәрсені айтып берудің басқа жолын қарастыру;
19. Сөйлеушінің сөзін бөлу;

## 20. Сөйлеу барысында кідіріс жасап отыру[36].

*Жазылым* – айтылған мәтіндегі сөздер мен сөйлемдерді сауатты жазуға бағытталады. Жазылым арқылы білім алушылардың сөздік қорын көбейтуге болады. Сондай-ақ, білім алушылар өзінің жеке басына қатысты хат жаза білуге; құжаттарды толтыруға үйренеді; ұсынылған тақырып көлеміндегі мәселелер бойынша өз ойын қысқаша жазбаша білдіре алады.

Жазылым продуктивті дағдылар қатарына жатады. Яғни продуктивті дағды дегеніміз тілді қолданып сөйлеу немес жазу. Қарапайым тілмен айтқанда, жазылым хабарды қағаз бетіне түсіруді қамтамасыз етеді. Жазу арқылы коммуникацияға түсу үшін біз әріптер мен сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құрай алуымыз керек, ал сөйлемдерді топтастыру арқылы біз ойымызды жеткізе аламыз.

Жазылым түрлеріне мыналарды жатқызуға болады: тізім жасау, құттықтау қағазы, электрондық хат, күнделік, хабарлама, әңгімелер, эссе және т.б.

Әр жазылымның өзіне сай ерекшелігі болады: жазу стилінің деңгейлері: ресми (ғылыми, іс қағаздар стилі) және бейресми (ауызекі сөйлеу сөздері, хабарламалар); қағаз бетінде орналасу тәртібі; ақпараттарды орналастыру реті; мәтіннің ұйымдастырылуы.

Жазылымның ішкі дағдыларын екі топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – сауаттылық, ал екінші тобы – идеяны (ойды) жеткізе білуі.

Сауаттылыққа қатысты дағдылар:

1. Орфографиялық қатесіз жазу;
2. Әріптерді дұрыс және қосып жаза білу;
3. Сөздерді дұрыс таңдай білу;
4. Грамматиканы дұрыс қолдану;
5. Сөйлемдерді дұрыс байланыстыра білу;
6. Абзацты (жаңа азат жолдан басталған, бір идеяға ғана негізделген көлемділеу жазылым бөлігі) дұрыс ұйымдастыра білу.

Идеяны жеткізе білуге қатысты дағдылар:

1. Сильді дұрыс таңдай білу;
2. Идеяларды жүйелі ұйымдастыра білу;
3. Мәтін түрлерінің ерекшеліктерін қолдана білу және мағынасын жеткізе білуде қажетті функцияларды пайдалана білу. Функцияларға баяндау, шағымдану, өтініш білдіру, алғыс айту, қысқарту (бірнеше сөздермен негізгі идеяларға тоқталу), қорытындылау жатады [36].

*Келесі ерекшелігі* – қазақ тілін оқытуда халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған ұлттық мұрасы мен озық мәдениетін, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпын, тарихы мен дүниетанымын, өнері мен әдебиетін меңгерту арқылы білім алушылардың бойында отансүйгіштік пен ұлттық сананың қалыптасуына ықпал ету. Көздеген нысанаға жетуде негізгі басымдық тіл үйрету ұстанымдарын ғылыми тұрғыдан дұрыс негіздеп алуда жатыр.

9-сыныптарда «Ұлттық тұрмыстық бұйымдар, ұлттық сырт киімдер,

ұлттық ойындар» деген елтанымдық тақырыптар кездеседі. Мысалы, Ұлттық тұрмыстық бұйымдарды өткенде торсықпен таныстырамыз. Бұған ұлттық мәдениетіміздің бір бөлігі деп қарап, басқа ұлт өкілдерінің біздің тілімізді саналы түрде үйренуге деген қызығушылығын оятатындай жағдаяттар туғызуымыз керек. Әрине бұл жерде ақпараттық технологияның да рөлі зор. Бірінші экраннан торсықтың суретімен қоса, ой шақыру сұрақтары беріледі.

- Торсық дегеніміз не?

- Ол неден, қалай жасалады?

- Басқа халықтардың мәдениетінде біздің торсығымыз сияқты затты кездестіргендеріңіз бар ма? (Мысалы: бұрындары түрік халқында құмнан жасалған «Desti» деген ыдыс қолданған, ағылшындарда мұндай ыдыстар алюминнен құйылған, түркі тектес халықтарда теріден жасалған ыдыс түлері кездеседі).

Осыдан кейін мәтінмен жұмыс жүргізіледі.

Қазақ халқы ыдыстарды: ағаштан жасалатын ыдыстар; металдан жасалатын ыдыстар; кәрленнен (фарфордан) жасалатын ыдыстар; жүннен жасалатын ыдыстар; теріден жасалатын ыдыстар деп бөледі.

Торсық – сусын құю үшін ысталған теріден жасалған, екі бүйірі оюланып келетін шағын ыдыс. Түйе терісінен жасалған шөлмек, ағаш тығыны болады, оны ер-тоқымға байлап жүреді.

Жанторсық – жолға шыққанда сусын құйып, жанға байлап жүретін торсық.

Жазда алыс жолға қазақтар су құйылған торсыққа бірнеше құрт салып шығады, бұл салқын, ащы, нәрлі, сусын болады, іш ауруына қарсы емдік қасиеті де бар.

Мәтіннің мазмұнын проблемалық сұрақтар қою арқылы, ұлттық мәдениетіміздің тамыры тереңде жатқанын дәлелдеп, көз жеткізу ұтымды болады.

- Торсықтың екі бүйірі неге оюланып келеді деп ойлайсыз?

(Торсықтың екі бүйіріндегі оюында сусынның ашытқысы қалып қояды. Жаугершілік кезінде қазақ әйелдері үстіне сүтті құйғанда, жол бойы сусын өзі ашып, ұйып дайын тұратын болған.)

- «Екі беті торсықтай» деп айтуында қандай астар жатыр?

*Торсықтай /толық/ Торсықтай шекесін белбеумен таңып алыпты* (М.О.Әуезов).

*Торсықтай томпию.* Бұрын торсықтай томпиып, үндемей салбырап, үһлеп қоятын қонағы күндегісінен гөрі салқындау отыр. ( Ғ.Мүсірепов).

*Торсықтай шайқау.* Біресе қара бұлтты ат қамшымен айдаған, қара орманды қалтыратып, теңізді торсықтай шайқаған дауыл болып ызғырады. (Ғ.Мұстафин).

- Ыдыстарға қатысты қандай ырымдар мен тыйымдарды білесіз?

*Ыдыста ашық қалған тағамды жеуге болмайды.*

*Қазанды ашық қалдыруға болмайды.*

*Көршінің ыдысын бос қайтаруға болмайды және т.б.*

Қазақ халқының ұлттық мәдениетін басқа елдердің мәдениетімен



байланыстыра, шығармашылықпен қолдану жүйесін қалыптастыру арқылы, ұлттық санасы биік, үлкен өркениеттің көшіне ілесер жан-жақты жетілген, заман талабына сай тұлға тәрбиеленері сөзсіз.

Келесі ерекшелігі – коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру арқылы алған білімдерін өмірде қолдана білу. Ол үшін:

- 1) Сөздік қорының жеткілікті болуын қадағалау;
- 2) Коммуникативтік қатынасқа түсу жолдарын үйрету
- 3) Грамматиканы дұрыс қолдана білу.

Әдіскер-ғалым Қ.Қадашеваның жоғарыда аталған еңбегінде *когнитивті* ұстанымның мәнін аша келіп, соның ішінде үйретуде жіберуге болмайтын қателер ретінде мыналарды атайды:

*а) жаттауды (автоматты түрде);*

*ә) грамматиканы түбегейлі түсіндіруден қашық болу;*

*б) теория мен ережені көп түсіндірмеу;*

*в) түсініксіз, белгісіз, қажетсіз жаттығу-тапсырмаларды орындатпау.*

Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілін оқытуда нәтижеге бағытталған оқыту үдерісін жолға қоюдың бірден бір жолы – бұрынғы таптаурын тәсілмен грамматиканы алға қою емес, сөз арқылы грамматикаға баруды және тілді басқа бір жанама тілдің көмегінсіз оқытуды басшылыққа алу қажеттігі ескерілген [30].

Қай уақытта болмасын кез келген елдің, жердің ілгері қадам басуы сол елдің білім саласына байланысты болатыны бәріне белгілі. Яғни, болашақта өркениетті, дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Сондықтан еліміздегі білім беру жүйесін әлемдік деңгейге көтеру мақсатында білім мазмұны жаңартылып, қазақ тілін оқытуда көптеген маңызды істер атқарылу үстінде.

Бүгінгі таңда оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілі пәні жаңартылған білім мазмұны бойынша мүлде басқаша жүргізілуде.

Білім беру мазмұнын жаңарту – сапалы білім, жарқын болашаққа негіздеп, бірқатар жетістіктер формуласын ұсынған үлгі және оқу-тәрбиелік үрдісті жан-жақты жаңа әдіс-тәсілдермен ұштастыру болып табылады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – білім алушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, АКТ–ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану болып табылады.

«Жаңартылған білім мазмұны бұл – мүлде жана бағдарлама, оқулықтар, стандарттар және кадрлар» (Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті

Н.Ә.Назарбаевтың Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндігі атты Қазақстан халқына жолдауынан). Елімізде көп жылдар бойы баланың білім алуына мұғалім маңызды роль атқарып келді. Дегенмен де білім беруде балаға не білу керектігін түсінсек те оны қолдана алуды қалай үйрету керектігін білмей қиналып жүрген шақтар да болды. Енді, жаңартылған білім мазмұны бойынша заман ағымына ілесе алатын, мол ақпаратты меңгерте білетін әлеуметтік қарым қатынасқа түсе алатын білім алушыларды даярлау үшін мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін дамыту қажет. Яғни, ұстаз «үйретуші мен білім көзі» емес, «үйрену процесін ұйымдастырушы», «менеджер», «үйренуге жағдай жасаушы» болуға тиіс. Бұл ұстанымнан «шәкірт өздігімен үйрену керек», – деген түсінік қалыптасады. Бұл дегеніміз ұстаз еңбегінің маңызын төмендетпейді. Мұнда мәселе – ұстаз міндеттерінің түбегейлі өзгеруінде.

Педагог білім берушіден – Білім әлеміне жол көрсетушіге айналуы тиіс. Себебі, жаһандану заманында жас ұрпақтың жаңаша ойлау қабілетін, белсенділігін арттыру, білімге деген құштарлығын ояту, өмірінде оны қолдана білу, отансүйгіштік қасиетін одан әрі дамытуға бағыттау – ұстаздың басты міндеті.

«Жаңартылған білім беру мазмұныны» бойынша қазақ тілін оқыту ерекшелігі қандай?

Жаңартылған білім бағдарламасы бойынша қазақ тілін оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде оқытудың ең бірінші ерекшелігі - пән мазмұнының спиральды берілуі десек, оқыту қазақ тілінде емес бастауыш білім беру деңгейінің «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы, негізгі орта және жалпы білім беру деңгейлеріне арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұны да спиральділік қағидаты бойынша құрылған.

Мұндай бағдарламаның алғашқы үлгісі Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Брунердің жұмысына негізделген спиральді білім беру бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

- білім алушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды, мұнда тақырыптар әртүрлі деңгейде қайталанатын, кейде бір тоқсан аясында, кейде әр тоқсан сайын;
- әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі, мұнда тақырыптар әрбір келесі деңгейде алдыңғыға қарағанда анағұрлым күрделі әрі тереңдетіліп оқылуы тиіс;
- жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады, мұнда деңгей жоғарылаған сайын, тақырыптың күрделілігі артып отыруы керек.
- Екінші ерекшелігі - Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы. Яғни, әр мұғалім сабағын жоспарлау барысында білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау сатыларын ескеру арқылы білім алушылар іс-әрекет етеді.

Блум таксономиясы туралы қысқаша түсінік беретін болсақ, оның авторы – Пенсильванияда Ленсфорд қаласында туылған америкалық оқыту

әдістемесінің психологі Бенджамин Блум. Ол 1935 жылы Пенсильван университетін бакалавр және магистр деңгейлерімен бітіріп, 1942 жылы Чикаго университетінде докторлық деңгейін қорғады. «Блум таксономиясы» атты кітабында өз теориясын дамытқан.

1956 жылы Бенджамин Блумның төрағалық етуімен білім беру комитеті әзірлеген Блум таксономиясы сын тұрғысынан ойлауды қарастыруға болатын ойлау дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық моделі болып табылады. Блум таксономиясының мақсаты – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру (8-кесте).

8-кесте. Блум таксономиясы

Білу	Нақты іс-әрекетті іске асыру
Түсіну	Іс-әрекеттің мазмұнын сипаттау
Қолдану	Алған білімін күнделікті өмірде қолдана, іске асыра білу
Анализ	Әрекетті екінші әрекетпен салыстыру
Синтез	Салыстырған әрекеттің жақсы-жаман жақтарын салыстыру.
Бағалау	Сарапталған бүтін дүниеге баға беру. Өз көзқарасын, пікірін айта білу

Блум таксономиясы бойынша қазақ тілінен сабақ жоспары төмендегідей үлгіде құрастырылады (9-кесте).

9-кесте. Блум таксономиясы бойынша қазақ тілінен сабақ жоспары

Дағдылар	Мазмұны	Білім алушы нені білу керек?	Тапсырмалардың түрі	Мысалдар
Білу	Таным мен ойлаудың төмен деңгейі Бұл категория мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді.	Қолданылған терминдерді біледі (есте сақтайды және қайталайды); Нақты фактілерді біледі; Жұмыстың орындалу ретін біледі, Негізгі ұғымдарды біледі; Ережелерді, қағидаларды біледі.	Кім? Не? Қашан? Қайда? Қандай? Ережелерді, теорияларды, формулаларды еске түсіру, жазу, атап көрсету, жатқа айту, анықтамалар мен атауларды қайталау, оларды қолдану тәртібін айту.	-Зат есім деген не? - етістік деген не? - Ірі қандай кітапханаларды білесіңдер ?
Түсіну	Таным мен ойлаудың орта деңгейі. Негізгі идеяларды ұйымдастыру,	Фактілерді, ережелерді, қағидаларды түсінеді; Сөзбен келтірілген	Қалай? Неліктен? Сөйлемді аяқта; өзгерт; өзара байланысын	-Зат есім мен етістікті салыстыр; -Түсінгеніңді өз сөзіңмен

	салыстыру, түсіндіру, сипаттау және бекіту жолымен фактілер мен идеяларды түсінетіндігін көрсету: Оқу материалын түсінген ретінде келесідей әрекеттерді атауға болады: Интерпритация – «өз сөзімен» түсіндіру, қысқаша баяндау; Экстраполяция – /Жорамалдау/ Құбылыстың бір бөлігіне қатысты түйіндерді оның екінші бөлігіне тарқату; -оқу материалдары бойынша әңгіменің әрі қарай не туралы болатындығын, оның салдары мен нәтижелерін болжау.	материалды, схемалар, графиктер, диаграммаларды түрлендіреді; Берілген ақпарат бойынша болашақта туындалуы мүмкін салдарын сипаттайды.	түсіндір; айырмашылығын көрсет; өз сөзіңменайт; графикті, суретті түсіндіріп бер.	айтып бер; - Зерттеуінді таблица жүзінде көрсетіп, қысқаша мазмұндап бер; - Шығарманың сюжетін өз сөзіңізбен әңгімеле.
Қолдану	Таным мен ойлаудың орта деңгейі. Жаңа білімдерді, әдістерді және ережелерді түрлі нұсқада пайдалану. Бұл категория оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа	-Ұғымдар мен қағидаларды жаңа жағдайларда қолданады; -Зандар мен теорияларды практикалық тұрғыдан нақты ситуацияларда қолданады; - Әдіс немесе жұмыс ретін дұрыс қолданатындығын	Жасап көр; таблица, график жаса; қолдану мақсатын түсіндір.	Білім алушыларда метафора мен теңеу туралы түсінік бар (Білім), олардың айырмашылығы да белгілі (Түсіну),енді олар Абайдың «Қыс» өлеңінде метафора мен

	<p>ситуацияда қолдануды меңзейді. Мұнда ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды, практикалық тұрғыдан қолдану кіреді. Оқу нәтижелері түсіну деңгейіне қарағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді.</p>	көрсетеді.		<p>теңеу қандай бейнелерді құрастыратындығын айтып беруі керек. Бәліш пісіру үшін алманың қандай түрі жарамды, неге?</p>
Талдау	<p>Таным мен ойлаудың жоғары деңгейі. Дәйектер мен себептерге сәйкес ақпаратты тексеру және жіктеу. Қорытынды жасау және жалпылаудың болғанын растайтын дәлелдерді анықтау. Оқу материалының ұрылымы анық көрінуі үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу: бүтіннің бөліктерін ажырату; бүтіннің бөліктерінің арасындағы өзара байланыстарды анықтау. Бұл</p>	<p>- Элементтерді талдау, - Қарым қатынасты талдау, Ұйымдастыру қағидаттарын талдау; – Жасырын (көзге көрінбейтін) жәйттерді ашады; – Ойдың өрбуінен қателер мен олқылықтарды айқындайды, – Фактілер мен олардың салдарының арасын ажыратады; – Ұсынылған фактілердің маңыздылығын айқындайды.</p>	<p>Құрылымы қандай? Салдары неде? Топтастырыңыз; салыстырыңыз; себебін талдаңыз.</p>	<p>– Теореманың екі бөлігін салыстырыңыз. 3. – «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне» деген мақалды қалай түсінесіз? – Алма қосып дайындайтын 4 түрлі тағам түрін айтыңыз. Оның ішінде ең денсаулыққа пайдалысын дәлелдеп беріңіз.</p>

	категория оқу материалының мазмұнын сезінумен қатар оның ішкі құрылысын қалайша құралатындығын меңзейді.			
Жинақтау	Таным мен ойлаудың жоғары деңгейі. Жаңа үлгідегі әртүрлі тәсілдермен элементтерді қиыстыру арқылы ақпараттарды жүйелеу немесе балама шешім ұсыну; Оқу материалының элементтерінен жаңашыл сипаттан бүтінді (нәтижені) құрастыру. Жаңа нәтиже ретінде оқу материалдарын мүлдем өзгеше реттейтін хабарлама (баяндама, сөз), жұмыс жоспары, схемаларды атауға болады. Мұндай оқу нәтижелері жаңа мазмұн мен жаңа құрылымдарды жасап шығаратын шығармашылық әрекеттерді қолдануды	Шығармашылық тұрғыдан кішігірім шығарма (эссе) жазады; - Тәжірибе жасаудың өзіндік жоспарын ұсынады; - Қандай да болмасын проблеманы шешу үшін өз білімдерін шығармашылықпен қолданады.	Өз шешіміңізді табыңыз, алгоритм құрастырыңыз, баламасын табыңыз, бөліктерден құраңыз, жүйелестіріңіз, зерттеңіз.	1. Эссе, шығарма, өлең, шешендік (ораторлық) сөз, сценарий, компьютерлік бағдарлама жазу. 2. Мәлімет бойынша барлық білімді тиянақтап, оны бір жүйеге келтіріп, жоспар немесе кесте құру (Тәжірибені жоспарлап, нәтижесін бақылау). 3. Ғылыми гипотеза (болжау) құрастырып, ұсыну 4. Алма бөлішінің жаңа түрін ойлап табыңыз.

	талап етеді.			
Бағалау	Таным мен ойлаудың жоғарғы деңгейі. Пікірмен таныстыру және оны дәлелдеу, ақпарат бойынша қорытынды жасау және жұмыс сапасын бағалау. Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру. Бұл деңгей алдыңғы категориялардың оқу нәтижелелеріне қол жеткізуді меңзейді.	- Оқу материалы құрылымының логикасын жазбаша түрде бағалайды; - Ішкі немесе сыртқы критерийлерге сүйеніп, оқу материалының маңыздылығын айқындатады; – Жасалған шешімдер мен қорытындылардың берілген фактілерге сәйкестігін анықтайды.	«Сіздің ойыңызша бұл дұрыс/бұрыс, маңызды ма/емес пе, жақтайсыз ба/қарсысыз ба?» деген пікірталас, полемика мен дау-дамай туғызатын сұрақтар арқылы жүзеге асырылады.	Мектептен кейін балаларға алма бәлішін берген пайдалы деп санайсыз ба? Неге – иә, немесе неге – жоқ?

- Білім алушыларға Блум таксономиясы арқылы сұрақ қоя білуге үйрету қажет (10-кесте).

#### 10-кесте. Блум таксономиясы арқылы сұрақ қоя білу шарттары

Мақсаттар	Сұрақ үлгілері	Пайдаланатын егістіктер
Білу	Не? Кім? Қашан? Не ... үлгісі болып табылады? ... не тұспалданады?	Еске түсіру, анықтау, мақұлдау, қайталау, атау, әңгімелесу, табу, ұсыну
Түсіну	... басқаша қалай түсінуге болады? ... бұл үлгі болып табыла ма? Мен мұны өз сөзіммен сипаттай алам ба?	Қайта қарастыру, сәйкестендіру, талқылау, тарату, мойындау, түсіндіру, айқындау, әңгімелеу
Қолдану	Бұл қалай пайдаланылады? Бұл немен байланысты? ... қандай жағдайларда?	Көрсету, тағайындау, орындау, суреттеу, қолдану, пайдалану, айналысу
Анализ	Неге? Қалай? ... себебі ең болып табылады? Қорытынды үшін не нәрсе дәлел? ... себебі қандай? ... бір-бірімен қалай үйлеседі?	Ажырату, саралау, жатқызу, салыстыру, тәжірибеден өткізу, қарама-қарсы қою, зерделеу

Синтез	Егер бұл іске асатын болса, осыдан кейін не болады? Теорияның болжамы іске аса ма? Алынған ақпарат негізінде қандай қорытынды жасадым? Бұл онымен қалай байланысты?	Тұжырымдау, оқыту, әзірлеу, дамыту, қайта анықтау, ұсыну, жасау
Бағалау	Бұл жақсы ма және неліктен? Бұл қисынды ма және неліктен?	Жорамалдау, бағалау, таңдау, анықтау, санау, өлшеу, айыптау

Үшінші ерекшелігі - ортақ тақырыптардың меңгерілуі. Мысалы, бастауыш сыныптарда сегіз ортақ тақырып бар (11-кесте). Олар барлық пәндерде де беріліп отырады. Тақырыптар бір-бірімен тығыз байланыста, сабақтастықта өтеді. Тақырыптардың барлық пәндерге ортақ болуы берілген тақырып бойынша көбірек ақпарат алуға мүмкіндік береді.

11-кесте. Ортақ тақырыптар.1-4-сыныптар.

1- сынып	2 – сынып	3 – сынып	4 – сынып
Өзім туралы	Өзім туралы	Тірі табиғат	Менің Отаным-Қазақстан
Менің мектебім	Менің отбасым және достарым	Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен	Адами құндылықтар
Менің отбасым және достарым	Менің мектебім	Уақыт	Мәдени мұра
Бізді қоршаған әлем	Менің туған өлкем	Сәулет	Мамандықтар әлемі
Саяхат	Дені саудың-жаны сау	Өнер	Табиғи құбылыстар
Салт-дәтүр және ауыз әдебиеті	Салт-дәтүр және ауыз әдебиеті	Атақты тұлғалар	Қоршаған ортаны қорғау
Тағам және сусын	Қоршаған орта	Су-тіршілік көзі	Ғарышқа саяхат
Дені саудың-жаны сау	Саяхат	Демалыс мәдениеті. Мерекелер	Болашаққа саяхат

Негізгі орта буындарда 13-15 ортақ тақырыптар бар (12-кесте). Тақырыптар басқа да тілдік пәндерге ортақ болуы берілген тақырып бойынша көбірек ақпарат алуға мүмкіндік береді.

12-кесте. Ортақ тақырыптар.5-8-сыныптар.

5- сынып	6 – сынып	7 – сынып	8 – сынып
Отбасындағы дәстүр мен мерекелер	Отан отбасынан басталады	Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілін оқып-үйренеміз.	Білім. Ғылым. Инновация Білім. Ғылым. Инновация



		Үштілді білу – үлкен өнер	
Мектеп өмірі. Әдепті бала - арлы бала	Қазіргі қазақ ауылы мен қаланың тыныс-тіршілігі	Уақыт – ұлы күш	Сауда жасай білесің бе?
Қазақстандағы жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемі	Таулар сыры	Жердегі климаттық өзгерістер	Жаһандық энергетикалық дағдарыс
Ежелгі көшпелілер мәдениеті	Қуат көзін үнемдей білеміз бе?	Қазақстанның ежелгі қалалары және Ұлы Жібек жолы	Достық пен татулық - таптырмас бақыт Кәсіп – бақыттың шырағы, Еңбек – ырыстың бұлағы
Су – тіршілік көзі	Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада	Туған өлке публицистика беттерінде	Қазақстанның су ресурстары
Әлемдегі ірі кітапханалар	Астана – мәдениет пен өнер ордасы	Спорт және денсаулық күтімі	Тарихи тұлғалар тағылымы
Денсаулық – зор байлық	Қазақстан қорықтары	Ұқсатым. Сән. Талғам	Қызым – жағадағы құндызым, Ұлым – аспандағы жұлдызым
Менің Тәуелсіз Қазақстаным	Болашақ мамандықтары	Ғаламтормен дұрыс жұмыс жасау – мәдениет	Биоалуан түрлілік. Жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер
Аспан әлемінің құпиялары	Қазақстан және Ұлы Жібек жолы	Музыка. Қазақтың киелі домбырасы	Наурыз және әлем халықтарының оны қарсы алу ерекшеліктері
Компьютердің тілін табу – өнер	Жер байлығына аяулы көзқарас	Төрт түлік мал мен егіншілік – ел берекесі	«Мәңгілік елдің нұрлы жолы!»
Қазақстандағы ұлттар достастығы	Олимпиада жеңімпаздары – Қазақстан мақтанышы	Наурыз мейрамы. Ақ мол болсын! Ұлыс оң болсын!	Қазақтың айтыс өнері мен сөз мәдениеті
Ұлы Дала табиғаты	Абайды оқы, таңырқа!	Жастықтың оты қайдасың?	Қазақстан - Байқоңыр-Ғарыш
Ер есімі – ел есінде!	Қазақ ұлттық колөнері	«Менің туған өлкем» электрондық энциклопедиясы	

	Өлкені сипаттау өнері	Ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтары	
	Саяхат және туризм	Батыр туса – ел ырысы	

Кез келген пән бойынша сабақ беру үшін, ең алдымен, мұғалімнің алдында оқыту кезеңдерін, мерзімін, сабақты жүйелеп көрсететін негізгі құжаттары болуы тиіс. Бүгінгі таңда мұғалімнің бұл құжаттары да өзгеше. Бұл - жаңартылған білім мазмұны бойынша сабақ берудің төртінші ерекшелігі, яғни оқу мазмұнының ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарларының құрылып, құрылған жоспарлардың жүйелі іске асуы (13-кесте).

### 13-кесте. Құжаттар

Ұзақ мерзімді жоспарлау	Оқу бағдарламасы Пәннің мазмұны
Орта мерзімді жоспарлау	Жұмыс сызбасы Тізбектелген сабақтар
Қысқа мерзімді жоспарлау	Жеке, дербес сабақ

Кестеде көрсетілгендей, қазақ тілінен сабақ беру үшін мұғалім негізгі үш құжатқа сүйенеді. Олар: бағдарламаның өзі, ұзақ мерзімді жоспар, орта және қысқа мерзімді жоспар. Ұзақ мерзімді жоспар негізгі оқу мазмұнын қамтиды. Ол бағдарламаның жалғасы болып табылады. Ал осы оқу бағдарламасын сыныпқа тән жеті модульді ықпалдастыра тізбектелген сабақтар топтамасын «орта мерзімді жоспар» деп аталады. Орта мерзімді жоспар – белгілі тақырыпқа сай тізбектелген сабақтар жоспары, яғни, сол тақырыпқа тән бөлінген сағаттардың жұмыс сызбасы. Бұл жоспарды мұғалім жеке сынып үшін пайдаланады.

Оқудың әрбір кезеңінің басынан бастап соңына дейін алға ілгерілеуді қамтамасыз ету – қысқа мерзімді жоспарда жоспарланады. Қысқа мерзімді жоспар орта мерзімді жоспардың құрамындағы бір тақырыпқа байланысты, сабақ жоспарының үлгісі.

Келесі бесінші ерекшелігі туралы айтатын болсақ, бүгінгі таңда қазақ тілін оқытуда көздейтініміз тек тілді меңгерту ғана емес, сонымен қатар оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, білім алушы бойында адамгершілік-рухани қасиеттерді қалыптастыру керек. Мұндаға рухани қасиеттері немесе құндылықтар дегенімізге шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау; қарым-қатынас жасау қабілеті, өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау; жауапкершілік; денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету; өмір бойы оқуға дайын болуы жатады. Ал бұл құндылықтар: сын тұрғысынан ойлау; білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті; проблемаларды шешу қабілеті; ғылыми-зерттеу дағдылары;

қарым-қатынас дағдылары (тілдік дағдыларды қоса алғанда); жеке және топпен жұмыс істеу дағдылары арқылы қалыптасады.

Сонымен қатар алтыншы ерекшелігі бойынша бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сай келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударуы – жан-жақты дамуына септігін тигізіп, күнделікті өмірлерінде қажетті болады. Яғни, жаңартылған білім мазмұның ерекшеліктерінің бірі – қарастырылатын тақырыптар өмірге байланысты алынған, әрбір оқытылатын тақырып білім алушыға практика ретінде күнделікті өмірде қолдана алуына мүмкіндік береді.

Жетінші ерекшелігіне – оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұсынымы (білім алушының білім алу үдерісіне белсенді қатысуы) жатады. Белсенді оқу – тілді оқытудың негізгі элементтерінің бірі, мұндай жолдармен оқыту арқылы білім алушының мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Осыған орай, төменде тілді белсенді оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер ұсынылады [37].

*Тілді белсенді оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер*

Тілді белсенді оқытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану білім алушылардың қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Мысалы, «Мақал-мәтел» тақырыбын алсақ, мақал-мәтелді тек оқып, жаттатып қана қоймай, осы мақалды оқығанда не түйдің, бұл мақал арқылы халық нені айтқысы келеді деген сұрақтар қоя отырып, мақалдың мағынасын ашып, өзі қорытынды шығаруға үйрету арқылы білім алушыны белсенді жұмысқа тартуға болады. Білім алушы бір-бірінің түйген ойын тыңдай отырып, өзі жаңа бір ой түйеді. Яғни, Жүсіпбек Аймауытовтың: «Баланың өзін еңбектендіріп, бірлестіріп, өз бетімен білім тапқандай қылса, жұмыс істейтін материалдар даяр түрінде емес, балалар тәжірибе қылып, зерттеп, өз бетімен шешкендей, тұрмыс жұмбақ түрінде берілсе, оқу тиімді болмақ» деген сөздері де осыған дәлел.

Сонымен қатар белсенді оқыту тапсырмаларын әр тақырып бойынша жүйелеп те өткізу тиімді. Мысалы «Жануарлар» тақырыбын өту барысында мына жұмыс түрлерін жүргізуге болады (14-кесте):

### 1. **Жануарлар. Сен қандай жануарларды білесің?**

14-кесте. Тапсырма үлгісі

<b>Тілдік деңгейі</b>	*
<b>Тілдік мақсат</b>	Сөздік қор: жануарлардың аттарын үйрету
<b>Дағды</b>	Жазылым
<b>Ойлау әрекеті</b>	Жіктеу
<b>Оқыту әдісі</b>	Шығармашылыққа баулу, қателіктерді қабылдауды үйрету
<b>Қарым-қатынас түрі</b>	Білім алушылар санына қарай топтық немесе жұптық жұмыс жүргізу



### **Жүргізілу барысы:**

1. Сынып бірнешетопқа бөлінеді. Әр топқа үлкен парақ беріледі. Сынып білім алушылары көп болған жағдайда, олар жұпқа бөлінеді және әр жұпқа бөлек парақтан беріледі.
2. Әр топтың не жұптың білім алушылары бір минут ішінде өздері білетін жануарлардың аттарын ұсынылған параққа жазады.
3. Топ мүшелері өздері жазған парақты оң жақтағы топқа не жұпқа береді.
4. Келесі топ мүшелері парақтағы сөздерді оқиды да, тізімге тағы да жануарлардың аттарын қосады.
5. Осылайша әр топ не жұп парақтарды оқып, өз ұсыныстарын қосып отырады. Парақтар өз иелеріне қайта келгенде білім алушылар жазуды тоқтатады. Өзге топтардың қосқандарымен танысады.
6. 1-кестедегі атауларды пайдаланып, тақтаға қорытынды кесте сызылады.
7. Кестедегі атауларды оқыған кезде, білім алушылар әр бөлімге сай келетін жануарларды ауызша айтады: ферма жануарлары, үй жануарлары, жабайы жануарлар(15-кесте).

### **15-кесте. Жануарлардың аттары**

<b>Ферма жануарлары</b>	<b>Үй жануарлары</b>	<b>Жабайы жануарлар</b>
Тауық, сиыр, жылқы, қой, түйе.	Қаз, мысық, ит, сиыр, қой, жылқы.	Қоян, қасқыр, үйрек, піл, бақа, түлкі, қабан, кесіртке, маймыл, тышқан, арыстан, барыс.

#### **Қосымша**

• Берілген тапсырмаға қосымша жануарлар туралы зерттеу жұмысын жүргізуге болады. Яғни, әр топқа белгілі бір жануар ұсынылады. Ал топ білім алушылары ол туралы мәлімет іздестіре отырып, өз сөздерімен ақпараттық мәтін құрастырады [36].

Қазақ тілін оқыту ерекшеліктері туралы сөз қозғағанда, сабақты қызықты өткізуге мүмкіндік беретін интерактивтік тақтаны пайдалану туралы да айтып өткен жөн. Білім берудегі интерактивті тақтаны қолданудың үш кілттік бағытының артықшылығы бар. Олар:

#### *1. Презентация, демонстрация, модельдеуді сабақтарда қолдану;*

Білім алушылардың көпшілігі естігенінің 5% және көргенін 20 % есте сақтайтыны белгілі. Аудио және видеоақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50 %-ға дейін арттыратыны белгілі.

Интерактивті тақта – визуалды ресурс болғандықтан, білім алушылар көрген ақпаратты естерінде жақсы сақтайды. Сондай-ақ сабаққа қажетті кез келген суреттер, сызбалар, кесте, диаграммаларды қолдануға мүмкіндік береді. Интернет желісіне қосылып ақпарат алуға, оқу материалын қозғалмалы күйге келтіру, абстрактілі ойлау мен түсінуді моделдеуге, объектілерді ойлау мен түсінуді моделдеуге, объектілер арасындағы байланыс орнатуға болады.

## *2. Сабақ барысында білім алушылардың белсенділігінің артуы;*

Интерактивті тақта арқылы жаңа сабақты тиімді өткізуге болады. Әр пәннің өз ерекшелігімен қатар, өзіндік күрделілігі де болады. Сондықтан ұстаздың міндеті осы күрделілікті дұрыс құрастырып, сабақтың әр сағатын тиімді өткізу. Жалпы интерактивті тақтаны пайдалана отырып білімін жетілдіру барысында іскерлігін дамыту, тапсырмаларды орындау барысында теориялық білімдерін тиімді пайдалана білу, белсенділік танытып тапсырмаларды ұқыпты орындаған білім алушылардың ой-өрісін жан-жақты жетілдіруіне, шығармашылық қабілетін арттыруына, белсенділігін дамытуына ықпалы зор.

## *3. Уақыт ұтымдығы;*

Интерактивті тақта уақытты өте жақсы үнемдейді. Мысалы, алдын ала дайындалған материалдарды қолдану арқылы қиын тақырыпты білім алушыларға меңгертуге оңай болады. Қолданылған материалдарды сақтап қоюға болады. Тіпті, шетелдік оқыту әдісінде сабаққа келмей қалған білім алушыға дайын материалды беріп жіберіп, меңгеріп алуын қамтамасыз етеді екен.

Білім берудің кез келген саласында электрондық оқулықтарды пайдалану білім алушылардың өз бетінше жұмысын және олардың жоғары танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Сапалы электронды оқулық қашықтықтан оқытуға, тіл үйренушінің өздігінен оқып үйренуіне мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, интерактивті тақта қазақ тілін аудармасыз оқыту үшін де өте тиімді.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілі және әдебиеті пәндерінің мұғалімдеріне ескеретіні – 1-4-сыныптарда қазақ тілін оқытатын пән «Қазақ тілі» деп аталса, 5-11-сыныптарда «Қазақ тілі мен әдебиеті» деп екі пән кіріктіріліп оқытылады. Қазақ тілін жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша қазақ тілі мен әдебиетін кіріктіріп оқыту арқылы білім алушылар тілдік дағдыларын жетілдіреді, тіл нормаларын сақтап, еркін сөйлеуге және сауатты жазу дағдыларын дамытады, мемлекеттік тілге құрметпен қарайды. Сондықтан мұғалімдер 4-сыныпқа дейін білім алушылардың сөздік қорын байытып отырса, 5-сыныпқа келгенде білім алушыларға қазақ әдебиетін меңгеру қиындық туғызбайды.

Сонымен қатар, қазақ тілін дағдылар арқылы оқыту – білім мазмұны жаңартылған бағдарламаның басты бағыттарының бірі екенін атап өткен болатынбыз.

Жаңартылған оқу бағдарламасы білім алушының іс-әрекетіне, күнделікті өмірде қажетіне жарата білуіне қарай бағытталғандықтан, білім алушы тек тілді меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар жан-жақты дамуына жол ашып, күнделікті өмірімен сабақтасуы қажет. Осыған орай, кез келген тілді екінші тіл ретінде сөйлеу әрекетінің төрт дағды арқылы аудармасыз оқыту нәтижелі болады.

Бүгінгі таңда өз Отанын сүйетін, өзі тұратын елдің тілін жақсы білетін саналы азаматты жетілдіруде мұғалімге жауапты міндет жүктеледі. Ол үшін

мұғалім, ең бастысы, оқу процесін жаңаша ұйымдастыратын ұйымдастырушы, бағыт беруші болуы қажет.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде көптеген мұғалімдер қазақ тілін оқыту барысында уақытты үнемдеу үшін білім алушыларға алдын ала әр сабаққа (білім алушылардың тілді білу деңгейлеріне қарай) 10-20 сөзді топтастырып береді, ал білім алушылар сабақ барысында берілген жаңа сөздердің орыс тіліндегі аудармасын жазады, кейін сол сөздерді үйде жаттап келеді. Әрине, сөздің аудармасын беру сөздің мағынасын ашудың ең қарапайым және оңай жолы, бірақ екінші тілде сөйлеп үйренуге кедергі жасайды. Білім алушылар, әдетте, баға алу үшін сөздерді жаттап алуға тырысады. Алайда білім алушылар осыншама сөзді не үшін жаттап жүргендерін, ол сөздерді, тіпті сөз тіркестерін қалай қолдану қажет екенін түсінбейді. Бастапқы кезде олар дыбыстық жағы мен жазылуын біле отырып, сөздік диктанттарын жақсы жазғанымен, оқулықтың біренеше тарауын өтіп кеткен соң, сол тарауымен бірге сөздерді де ұмытып қалады. Жаңа сөйлемдер немесе сөз тіркестерінде кездесетін жағдайда, аудармасын да естеріне түсіре алмауы мүмкін.

Ата-аналар балаларымен бірге бір кездері аударма жасап, грамматикалық ережелерді дәптерге жазып, меңгеретін тілде сөйлеспеді.

Сондықтан аударма арқылы тілді үйретудің қаншама әдіс-тәсілдері болғанымен, аударма арқылы тілді үйрету қиындық туғызады.

Сонымен қатар тіл үйрену қабілетері әртүрлі балаларға, қажетті материалдық базасыз қалай тіл үйретуге болады?

Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін оқыту мәселесі бойынша үнемі жаңа идеялар, жаңаша оқытудың жолдары және оны жүйелі түрде қолдану жолдарына көп көңіл бөлініп келеді. Заман талабына сай білім беруді ақпараттандыру, оқу үрдісіне мультимедиялық технологиялар, интербелсенді тақталарды пайдалану және оның шексіз мүмкіндіктері арқылы нәтижеге жету көзделіп отыр.

Қазіргі кезде қазақ тілін екінші тіл ретінде жүргізу мәселесіне көп көңіл аударылып келеді. Қазақ тілін екінші тіл ретінде жүргізудің өзіндік ерекшеліктері болғандықтан, қазақ тілін оқытудың жаңа жолдарын іздеу қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге байланысты әр кезеңде өз дәрежесіне сай сұраныста бола отырып, мұғалімдерден көп дайындықты талап етеді. Себебі мұғалім еңбегінің табысты болуының қайнар көзі білім алушының ана тілі мен қазақ тілінің арасындағы әрқилы ұқсастықтарын, айырмашылықтарын есепке ала отырып, соларға негіздей аудармасыз оқытқанда ғана сабақ табысты да тиімді болады. Сонымен қатар, қазақ тілі оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде екінші тіл есебінде жүргізілетіндіктен, оның жүйесі де өзгертіліп, дамытылып, тереңдетіліп отырады.

Сондай-ақ кез келген тілді «екінші тіл» ретінде оқытумен қатар «аудармасыз оқыту» тіркесі де жиі қолданып жүргені белгілі.

*Тілді аудармасыз оқыту туралы түсінік.*

XIX ғасырдың 70-ші жылдарында Батыс Еуропа елдерінде елеулі экономикалық өзгерістер болып жатты. Капиталистік қарым-қатынастарды

дамыту үшін шет тілдерін меңгеру қажеттілігі туындады. Осыған байланысты қоғам мектепке шет тілдерін оқытуға қатысты әлеуметтік жаңа тапсырысты жүктейді. Себебі сол кездегі әдістер осы талаптарға жауап бермеді.

Ендігі кезекте тәжірибелі мамандар мен кейбір әдіскерлер ғылыми негіздемесіз шетел тілдерін оқыту әдістемесінің жаңа бағытын әзірлей бастады. Бұл жаңа әдіс «табиғи» деп аталды.

Осы бағытты қолдаған М.Берлиц, М.Вальтер, Ф.Гуэннің сияқты ғалымдардың пікірінше, ауызекі сөйлеуді үйрету – басты міндет болып табылады да, бала өмірде ана тілін қалай үйренсе, екінші тілді де дәл осылай табиғи түрде үйренуі тиіс.

Кейіннен осы бағытты ұстанған М. Берлицтің оқулықтары мен әдістемесі әлемге кеңінен таралады. Берлицтің әдісі бойынша оқыту негізіне қойылған негізгі принциптер келесідей:

1. Оқыту мақсаты – ауызекі сөйлеуді дамыту.

2. Тілдік материалды тікелей қабылданады. Шет тілінің сөздері затпен немесе әрекетпен байланыстырылып, ал грамматика интуитивті меңгерілуі тиіс, себебі мұндай процесс баланың ана тілімен қарым-қатынас жасауына тән.

3. Материалды меңгеру еліктеу мен ұқсастық негізінде жүргізіледі. Сондықтан ана тілімен салыстыру және ЕРЕЖЕ артық.

4. Сөздердің, грамматиканың мағынасын ашу көрнекілік (заттар, әрекеттер, суреттер) арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

5. Жұмыстың негізгі түрі – диалог.

6. Тілдің барлық материалы бастапқы кезде есту арқылы қабылданады, содан кейін ауызша меңгеріледі.

Сол кездегі бүкіл оқыту жүйесі аталған принциптерге негізделе отырып құрылған болатын. М.Берлиц оқулықтарының алғашқы беттерінде мектеп кабинеттерін бейнелейтін көптеген жеке заттардың суреттері мен жазулары беріледі.

Лексиканың семантизациясы көрнекілік көмегімен жүзеге асырылды, мимика үлкен рөл атқарды. Аталған құралдар көмек көрсете алмаған жағдайда оқытушы контекст арқылы семантизацияға жүгінген.

Берлицтің әдісі ұзақ жылдары қолданылды, себебі оның жұмысының негізгі түрі – диалог еді. Ал диалог, яғни ауызекі сөйлесу күнделікті өмірге қажет екені белгілі.

М.Берлицке қарағанда Ф.Гуэннің тәжірибесі көп болған, себебі ол оқытушы еді. Бастапқы кезде ол әртүрлі әдістерді қолданды. Бірақ кейіннен қолданылған әдістерінің тиімсіз екенін байқады.

Бір күні, Ф.Гуэн балалардың ойнап отырғанын бақылайды да, олардың тілді ойыншықтардың іс-әрекеттерін комментариялар арқылы хронологиялық ретпен: «Аю ұйықтайды. Аю ұйықтап жатыр» деп, үйреніп отырғанын аңғарады. Кейіннен ол өзінің әдістемесін жасайды. Ф. Гуэн жүйесікез келген тілді адамның іс-қимылдарын хронологиялық ретпен беру арқылы үйретуге бағытталған.

Гуэн келесідей жұмыс түрлерін ұсынды: алдымен мұғалім іс-қимылдарды орындайды және оларға бір мезгілде түсініктеме береді. Содан кейін білім

алушылар мұғалімнен кейін әр сөйлемді қайталайды. Келесі кезекте мұғалім жеке сөз тіркестерін айтады, ал білім алушылар іс-әрекеттерді орындайды. Кейін бір білім алушы ұсыныстар сөйлемдерді айтады, ал басқалары іс-қимылды орындайды. Соңында барлық білім алушылар іс-әрекетті бірігіп атайды да, оларды орындайды. Бекіту үшін сөйлемдерді дәптерлеріне жазады.

Ф.Гуэн де М.Берлиц сияқты әдістемелік қағидаларды ұстанады.

Табиғи әдістің ірі өкілі – М.Вальтер. Ол Гуэн сияқты, шет тілін оқытуды білім алушылардың белсенді қызметімен байланыстырды, балалардың қоршаған ортаны қабылдауына үлкен мән берді.

М.Вальтер білім алушыларды меңгерілетін тіл әлемімен таныстыруға тырысты. Мысалы, Шотландияда неміс тілін оқыту кезінде ол өз аудиториясын неміс сыраханасы түрінде жабдықтады. Егер бастапқы кезеңде тіл материалын меңгеру үшін олар іс-әрекеттер мен түсініктеріне тоқталса, кейін білім алушылар қойылымдар қойып, белгілі бір кейіпкерлерді бейнеледі.

Оның әдістемесінің ерекшелігі – суреттермен жұмыс. Мәселен, оның пікірінше, картинаны сипаттау кезінде заттың бөлігіне, олардың белгілеріне (өлшемі, пішіні, түсі және т.б.), осы затты қолдануға назар аудару қажет. М.Вальтер лексиканы есте сақтау құралы ретінде жаттығуларды топтарға алғаш жүйелеген. Осылайша, ол сөздерді синонимдер мен антонимдер принципі бойынша, тақырыптық принцип бойынша, түбірлік сөздерді топтастыруды ұсынды.

М. Вальтер де табиғи әдіс позициясын ұстанды. Бұл әртүрлі әдістер мен жаттығуларды қолдануға қарамастан оларды біріктіруге мүмкіндік береді.

М.Вальтердің жеткілікті ғылыми негіздемесі болмаса да, оның авторлары қарапайым оқытушылар болса да, оның қарастырған әдістемесі бүгінгі күнге дейін қолданылып келеді.

Табиғи әдіс өкілдері лексиканы аудармасыз семантизациялау жүйесін ұсынады:

- 1) затты көрсету, оны бейнелеу, мимика арқылы әрекет көрсету;
- 2) синонимдердің, антонимдердің немесе дефинициялардың көмегімен сөздердің мәнін ашу;
- 3) мәнмәтіннің көмегімен мәнін ашу [38].

Бүгінгі таңда осы табиғи әдіс дегенімізді біз тілді аудармасыз оқыту әдісі деп қолданып жүрміз.

Қазіргі таңда тіл мамандары тілдерді оқытудың классикалық әдісіне қарағанда, тілді білу қабілеті, материалдық базасына сүйенбей, тілді аудармасыз оқыту әдісінің тиімділігіне байланысты көптеген мысалдар келтіруде.

Аудармасыз оқытуды ғалымдар басқаша оқытудың тікелей әдісі деп те атап келеді. Бұл әдіс грамматикалық-аударма әдісіне қарама-қарсы жасалған. Оның өкілдері – М.Берлиц, Ф.Гуэн және О.Есперсен.

Аудармасыз әдіс негізінде екінші тілді табиғи түрде оқыту тиіс деген идея жатыр. Аудармасыз әдіс екінші тілдегі сөздің, сөз тіркесінің, сөйлемнің және тілдің басқа да бірліктерінің мағынасы мимика, қимыл, іс-әрекет, заттар,



қарым-қатынас жағдайлары және т.б. көмегімен көрсетіледі деген болжамнан туындайды.

Аудармасыз оқытудың негізгі ережелері:

1) оқыту тек қазақ тілінде жүргізіледі, мұғалім білім алушыларға орыс тілінде мүлдем сөйлемейді және сөздердің немесе сөйлемдердің аудармалары берілмейді;

2) оқытудың мақсаты ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Сөйлеу қызметінің барлық түрлерінен тыңдалым мен айтылымға көп көңіл аударылады, алайда жаңа материалды бекіту үшін оқылым мен жазылым да жиі пайдаланылады;

3) *лексика* ауызекі сөйлеуде қолданылатын принцип бойынша жүргізіледі. Оқыту бірлігі – сөйлем. Лексикалық бірліктерді енгізу және жаттықтыру перифраза, көрнекілік, әрекеттер мен заттарды көрсету арқылы ауызша өткізіледі. Абстрактілі ұғымдарды білдіретін сөздерді енгізгенде түсіндіру, синонимдер жұптары, оппозициялар және т.б. тәсілдер қолданылады.;

4) грамматика индуктивті түрде оқытылады: грамматикалық ережелерді қолдануға жол берілмейді. Сөздің дұрыс айтылуына назар аударылады, қателері түзетіледі;

5) *фонетикалық дағдыларды* қалыптастыру – оқыту міндеттерінің бірі болып табылады;

6) *тілдік материал* қиындық дәрежесіне қарай сараланады және ол бағдарламаға сәйкес меңгеріледі;

7) білім алушылардың фонетикалық және грамматикалық дұрыс сөйлеуіне қол жеткізу мақсатында мұғалім үшін фразалар мен ұсыныстарды қайталайтын оқытудың *имитативті тәсілдері* кеңінен қолданылады.

Аудармасыз оқыту дегенді қалай түсінуге болады? Аудармасыз оқыту дегенде, ең алдымен, аудармадан бас тартамыз. Өйткені аудармаға үйренген бала естіген, айтылған сөйлемнің мағынасын аударып қана түсінеді және аудармасы дұрыс болмаған жағдайда мүлдем басқа түсінік алуы мүмкін.

Негізі, кез келген тілді үйрету үшін, ең алдымен, сөздің семантизациясын ескеру қажет, яғни тіл бірлігі (единица) мағынасының айқындалуы, тіл бірлігінің мазмұны жайында қажетті мәліметтер беретін процесс пен нәтижені қарастыру.

Ал сөздің семантизациясы грамматикалық – аударма арқылы да, аудармасыз оқыту арқылы да жүргізіледі.

Егер грамматикалық – аударма әдісін алатын болсақ, бұл – ескі әдістердің бірі. Бұл әдістің мәні – алдымен ана тілінде ережені түсіндіреді, содан кейін аударма жаттығуларын орындайды. Яғни, грамматика оқытылатын тілде түсіндіріледі. Сөздер жеке тізіммен оқытылады. Мәтіндерді жиі сөздерді аудару арқылы тексереді, яғни үнемі аударма жұмысы жүргізіледі. Білім алушы мәтіннің бір бөлігін оқып шыққан соң, мұғалім аудармасын сұрайды. Әрине, мұндай жолмен тілді үйренуге болады.

Бірақ бұл тәсілмен оқыту өте ұзақ және қиындау болады. Аталған тәсілге қарама-қарсы – аудармасыз оқыту. Аудармасыз оқыту мен грамматикалық-аударма әдісінің айырмашылығы неде? Оны төменде берілген кестеден

грамматикалық аударма арқылы оқыту мен аудармасыз оқытуды салыстырып көрейік (16-кесте).

16-кесте. Аудармасыз оқыту мен грамматикалық аударма әдісінің айырмашылығы

Аудармасыз оқыту	Грамматикалық аударма әдісі
<ul style="list-style-type: none"> <li>• сабақ меңгерілетін тілде жүргізіледі;</li> <li>• грамматикалық құрылымдар сөздер мен сөйлемдер ішінде, ережені егжей-тегжейлі түсіндірусіз меңгеріледі, яғни грамматикаға аса назар аударылмайды;</li> <li>• заттарды, іс-қимылдарды, суреттерді көрсету және т.б.</li> <li>• меңгерілетін тілдегі сөздердің мәндерін дефинициялау (анықтау), атап беру, синонимдердің немесе антонимдердің көмегімен, контекстуалды болжам негізінде, оның ішкі формасы негізінде сөздің мәнін анықтау арқылы ашу.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• сабақ ана тілінде жүргізіледі;</li> <li>• ана тілінің тиісті баламасымен аударма жасалады;</li> <li>• түсіндіру аудармасы (аударма+ана тілінде мәнінің сәйкес келуі немесе сәйкессіздік туралы мәлімет беру);</li> <li>• оқытуда басты назар талдау мен грамматикалық ережелерді үйренуге бағытталған;</li> <li>• уақыттың көп бөлігі мәтіндерді аудару мен грамматикалық талдауға арналады;</li> </ul>

Аудармасыз оқытудың негізгі ерекшелігі – тіл үйретуші сөйлемдер мен ережелерді үйренуге мәжбүр етпейді, тілді табиғи тәсілмен үйренуге мүмкіндік береді [39].

Аудармасыз немесе тікелей әдіс әлі күнге дейін көптеген еуропалық елдерде, Берлица жүйесі бойынша жұмыс істейтін жекеменшік тілдік мектептерде қолданылады. Бұл әдістің оң жақтары – сөйлеудің фонетикалық жағына, сөздер мен сөйлемдерді дұрыс, қатесіз қолдануына мән беруі.

Аудармасыз оқытуда сабақ коммуникативті тәсілде құрылады.

Қарапайым тілмен айтқанда, білім алушылар сабақта қарым-қатынастың әртүрлі міндеттерін шешуге үйренеді. Мысалы: жол сұрау, дүкеннен бір затты сатып алу, өзі немесе басқа адамдар туралы қандай да бір ақпарат беружәне одан да күрделі: объектілерді салыстырмалы талдау, келіссөздер жүргізу, өз көзқарасын дәлелдеу және т.б. Ал мұның бәрін меңгерілетін тілде айту үшін бастапқы кезде қажетті сөздер, грамматикалық құрылымдар беріледі.

Бұл әдіс өте тиімді, бірақ әдеттен тыс. Аудармасыз оқытуда белгілі бір ережелерге сәйкес келтірудің, түсінуге тырысудың қажеті жоқ, тек бірнеше рет қайталаудың және әртүрлі материалды есте сақтау қажет. Балалар осылай сөйлеуге үйренеді. Біз балалардың қайталау арқылы сөйлеп үйренгені қарап, бұл әдіс тиімді емес деп айта аламыз ба? Оларға ережелерді ешкім де түсіндірген жоқ. Өкінішке орай, біз осы құбылыстарды байқағанымен, екінші тілді үйрету барысында грамматикаға көп көңіл бөлеміз де, мұның бәрін аударма арқылы түсіндіреміз. Тіл үйренушілер де осыған дағдыланып қалған. Тілді үйрену барысында: «Жоқ, маған орыс тілінде түсіндіріңізші» және «Маған аударып беріңізші», – деп, сөздің немесе сөйлемнің аудармасын күтеді. Сондықтан аудармасыз оқытуда грамматикаға жеке тоқталмай, ауызекі

сөйлеуге назар аударамыз. Аудармасыз оқытудың да мақсаты меңгеретін тілде сөйлей білуге, өз ойын сол тілде жеткізе білуге үйретуді көздейді.

Аудармасыз оқытудың тиімділігі көптеген факторларға байланысты: коммуникативтік ережелердің болуы, оқытушының біліктілігі, оқыту ортасы, аудиторияның этномәдени ерекшелігі (бір ұлттық немесе көп ұлтты топ үшін) және т. б.

Одан әрі осы бағыт бойынша жұмыс жүргізуде көрнекілікті (фотосуреттер, кестелер, суреттер, видеофрагменттер) пайдалану неғұрлым өнімді болып табылады, оның көмегімен табиғи сөйлеу жағдайлары жеңіл қалпына келтіріледі, бұл өз кезегінде білім алушылардың оқу-танымдық белсенділігін ынталандырады.

Көрнекілік білім алушының назарын пікірге бағыттап қана қоймай, оның шығармашылық қабілеттерін дамытады, сонымен қатар психологиялық шиеленісті жояды. Осы себепті көптеген оқу құралдары иллюстрациялық материалды қамтиды.

Әрине, әрбір әдістің артықшылықтары мен кемшіліктері де болары сөзсіз. Аудармасыз оқытудың жетістіктері мен кемшіліктерін қарастырып көрейік.

#### *Жетістіктері:*

- Сөйлеу дағдысы жақсарады, бұл кез келген тілді үйренудегі ең басты мақсат;
- Білім алушылардың сөздік қоры өте жылдам артады;
- Тіл үйреніп жүрген білім алушылар тілдік барьер туралы ұмытады;
- Аудармасыз оқыту арқылы білім алушыларбір сағат болса да, тілдік ортаға толығымен енеді де, өзі байқамай меңгерілетін тілде сөйлеп кетеді;
- Әңгімелесушіні тыңдау және түсіну қабілеті жақсарады. Тілдік ортаға кіре отырып, білім алушы дұрыс сөйлеуді үйреніп қана қоймай, сонымен қатар сөйлеу мәдениетін де үйренеді;
- Білім алушылардың есте сақтау қабілетін де жақсартады, себебі олардың миы күшейтілген режимде жұмыс істейді, жаңа нейрондық байланыс жасайды, ол тек тілді меңгеруге ғана емес, қартаюды да баяулатады.

#### *Кемшіліктері:*

- жаңадан бастағандарға және сөздік қоры аз білім алушылар үшін бастапқы кезде қиын болады;
- тілді тез үйренгісі келетіндерге қолайсыз. Себебі аудармасыз оқыту жүйелі түрде жүргізілуі тиіс;
- психологиялық қолайсыз жағдай туғызуы мүмкін, себебі білім алушылар орыс тілін пайдалана алмайды. Әрине, уақыт өте келе психологиялық қолайсыздықтың барлығы ақырындап жойылады, бірақ басында қиындау болады. Сондай-ақ, бастапқы кезде көп сөздерді білмегендіктен, мүлдем түсінбейді. Ал мұндай қиындықтардан шығудың амалдарын іздестіруге тура келеді;
- осы бағыт бойынша жұмыс істейтін мұғалімдер аз, сондықтан қосымша сабақ(онлайн және дәстүрлі) алу немесе өз бетінше дайындалу қиындық туғызады;

- мұғалім мен білім алушы бір-бірін түсінгенше көп уақыт кетеді;
- грамматиканы түсіндіру қиын.

Аудармасыз оқыту дегенде, сабақ барысында толық екінші тілде сөйлей отырып, білім алушыларға естіген, көрген ақпараттарды екінші тілде өз ана тілі ретінде қабылдай отырып, өз ойын меңгерілетін тілінде жеткізе білуі деп түсіну қажет. Мұндай оқытудың басқаша түрлері де бар. Мысалы, «тілдік ортаға енгізу немесе тілдік ортаға ішінара енгізу» деп аталатын түрі де толық меңгерілетін тілде сөйлеуді талап етеді. Тілдік ортаға енгізу әдісі де – екінші тілді оқыту әдісі, онда оқытудың өзі оқылатын тілде толық немесе ішінара жүргізіледі.

Тілдік ортаға толық енгізу әдістемесінің негізгі айырмашылығы – сөйлемдер мен ережелерді үйренуге мәжбүр етпейді, тілді табиғи тәсілмен үйренуге мүмкіндік береді. Сабақ коммуникативті тәсілде құрылады.

Бұл жерде айтып кететін маңызды мәселе – тілді аудармасыз оқытуды *тілдік ортаға толық* немесе *ішінара енгізу әдістемесімен* шатастырып алмау қажет. Бұлар бір-біріне өте ұқсас. Бұл әдістемелерді шатастырып алмау үшін, ерекшеліктерін қарастырып көрейік.

Тілдік ортаға толық немесе ішінара енгізу әдістемелік тәжірибесін шет елдерде, соның ішінде Финляндия, Жапония, Австралия, Испания, Эстония және АҚШта өз мемлекеттік тілдерін үйрету мақсатында пайдаланылады екен.

Бізге белгілі *«тілдік ортаға енгізу әдісі»* пайда болғанға дейін неміс оқытушысы Берлиц саналы түрде оқыту кезінде ана тілін қолданудан аулақ болды. Өз сабақтарында ол білім алушылардан оқылатын тілде көбірек сөйлесуін және осылайша лексика мен грамматиканы меңгеруін талап етті.

*«Тілдік ортаға енгізу»* термині (анг. immersion) Канадада өткен ғасырдың 60-шы жылдары пайда болды. Өйткені бұл елде екі ресми тіл – ағылшын және француз тілі болды.

Канаданың 67% тұрғындарының тек ағылшын тілінде сөйлеп, 21% канадалықтар (негізінен Квебек провинциясы) тек француз тілінде сөйлейді екен және тек 17,7 % екі тілде еркін сөйлей алады.

1960-шы жылдары Үкімет бұл проблеманы келесі әдіспен шешті: ағылшын тілінде сөйлейтін отбасылардың балаларын француз мектептеріне қабылдай бастады, онда ағылшын тілінде сөз айтылмайды, керісінше тек француз тілінде сөйлейді.

Сондай-ақ, барлық провинциялардағы ресми құжаттар мен мемлекеттік қағаздар екі тілде қайталануы тиіс еді. Көптеген канадалықтар тек бір тілді меңгере алады, олар үшін жұмысқа қабылдау немесе күнделікті қарым-қатынас кезінде қиыншылық туғызады. Сондықтан екінші шет тілін ана тілі ретінде үйрену проблемасы туындап, аудармасыз, бір тілде оқыту қажеттілігі пайда болды. Бұл екінші тілді ана тілі ретінде қабылдауға, жақсы түсінуге көмектеседі. Яғни, мұғалім сабақта тек бір тілде (сол үйрететін тілде) сөйлеп сабақ беретін болса, нәтижесінде, үйренетін тіл ана тілі ретінде қабылдана бастайды.

Канадалық эксперимент сәтті болды және басқа елдерге белсенді таратыла бастады.

Әрине, тілдік ортаға толық немесе ішінара енгізу өте тиімді болар еді, бірақ оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде мүмкіндіктер жоқ. Себебі ол үшін мектептегі барлық пәндер тек бір тілде оқытылуы тиіс. Тілдік ортаға толық немесе ішінара енгізу үшін, тіпті, егер білім алушы екінші тілді курста немесе скайп бойынша оқып жүрсе де, ана тілін мүлдем қолдануға болмайды.

Алайда, аталып отырған әдістемені бүгінгі мектептерде тек ағылшын тілі сабақтарында ғана белсенді қолданылады. Қазақ тіліді емес мектептерде бұл әдістеме әлі күнге дейін жүйеленген жоқ десек, қателеспейтін шығармыз. Сондықтан бұл тарауда аудармасыз оқытудың тиімді жолдарын көрсетуді жөн көрдік.

Сонымен, тілдік ортаға толық немесе ішінара енгізу мен аудармасыз оқытудың қандай айырмашылығы бар? Оны төменде берілген кестеден көрейік (17-кесте).

17-кесте. Тілдік ортаға енгізу

Тілдік ортаға толық енгізу	Тілдік ортаға ішінара енгізу	Аудармасыз оқыту
Сабақ тек меңгерілетін екінші тілде жүргізіледі	Сабақ тек меңгерілетін екінші тілде жүргізіледі	Сабақ тек меңгерілетін екінші тілде жүргізіледі
Нақты тілдік ортаға енгізу күні бойы, немесе күніне 6-8 сағаттан кем емес екінші тіл ортасында айналады білдіреді.	Нақты тілдік ортаға енгізу күніне 6-8 сағатқа дейін екінші тіл ортасында айналады білдіреді.	Нақты тілдік ортаға енгізу күніне 1-2 сағат екінші тіл ортасында айналады білдіреді.

Бірнеше күннен бір аптаға дейін созылуы мүмкін интенсивтер тілдік ортаға толық енгізу деп қарауға болмайды. Оларды коммуникативтік тренингке жатқызуға болады.

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында қазақ тілін аудармасыз оқытуда төмендегідей міндеттерді ескереміз:

- білім алушыларды мәжбүрлемей, қазақ тілді үйренуге психологиялық жағымды, қолайлы орта құру арқылы оқыту;
- білім алушылардың сөздік қорына қоршаған ортадағы қарапайым зат атауларын енгізе отырып, оларды күнделікті қолдануына жағдай жасау;
- білім алушыларға қолдау көрсету, табысқа жетуіне сенімділігін арттыру.

Қазақ тілін аудармасыз оқытуға байланысты орыстың лингвист-оқытушысы Дмитрий Петровтың 30-дан аса шетел тілін меңгеріп, оннан аса авторлық еңбегі бар екені белгілі. Полиглот «Sputnik Казахстан» арнасына берген сұхбатында ол кез келген тілді меңгеруде «йога» әдісін қолданған жөн деген пікір айтады. Кейбіреулер полиглотты «тірі гугл-аудармашы» деп те атайды. Дмитрий Петровтың есімін сонау тоқсаныншы жылдардағы лингвист, филолог, аудармашылар аузынан тастамайды. Атақты орыс аудармашы-синхронис, «Культура» каналының жүргізушісі Дмитрий Петровтың әлемнің отызға тарта тілде еркін сөйлеуі кімді болмасын қызықтырары анық. Оның озық әдістемесі негізінде кез келген тілді небәрі 16 сабақта меңгеруге

болатындығы Гиннестің рекордтар кітабына енгізілген. Осы ретте полиглот Дмитрий Петровтың қазақ тілін осы аралықта меңгеруге болады деген көзқарасы тілді үйренуге деген көпшіліктің қорқынышы мен күмәнін сейілтері анық.

Кез келген тілді меңгермес бұрын Дмитрий Петров нақтырақ айтқанда «Маған қаншалықты қажеті бар?» деген басты мәселе төңірегінде осы сұрақтың жауабын табу керек екендігі туралы нұсқау білдіріп, кеңес береді. Кез келген тілді өз сенімінен тыс күштеп үйрету әрекетінен нәтиже шығаруға болмайды. Лингвистің айтуынша, қазақ тілі өзінің септік категориясымен ерекше. Бұл деген тілдегі септік жалғауларының сан жағынан көптігі тілді меңгерем деушілердің үрейін туғызары хақ.

Дмитрий Петровтың: «Я изучал книги, по которым преподают казахский язык. Обычно книги пишут академики, ученые, филологи, лингвисты, которые привыкли общаться с себе подобными. Они не думают, что их читает простой человек, который по жизни занимается своим делом. Если первая фраза в учебнике казахского языка будет такая: «Особенности семантически-морфологической концепции», то естественно, будет одно желание – закрыть книгу», – дейді лингвист [40] (18-кесте).

18-кесте. Д.Петров әдістемесінің негізгі логикасының кестесі

### Д.ПЕТРОВ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ЛОГИКАСЫ

Сұрақ қою	Келісу	Келіспеу	Шақтар
? Сен <b>ертең</b> сабаққа барасың ба?	+ Иә. Мен <b>ертең</b> сабаққа барамын.	- Жоқ. Мен <b>ертең</b> сабаққа бармаймын.	Келер шақ
? Сен <b>бүгін</b> сабаққа барасың ба?	+ Иә. Мен <b>бүгін</b> сабаққа барамын.	- Жоқ. Мен <b>бүгін</b> сабаққа бармаймын.	Осы шақ
? Сен <b>кеше</b> сабаққа бардың ба?	+ Иә. Мен <b>кеше</b> сабаққа бардым.	- Жоқ. Мен <b>кеше</b> сабаққа бармадым.	Өткен шақ

Аудармасыз оқыту мәселесін өз кезінде Алаш қайраткері, тілші-ғалым, әдіскер Қошқе Кемеңгерұлы да көтерген болатын.

Ол «өзге аудитория, өзге тілді дәрісхана, шет тілі» деген сөздерді бір буынды сөзбен «жат тіл» деп атаған. Бұл термин қазір қолданылмайды. Шынымен, ана тілі емес, шет тілдердің бәрі адам үшін жат тіл. Қ.Кемеңгерұлы «Жат тілді оқыту әдісі» мақаласында үйлестіру (синтез), талдау (анализ),

аудару, көрнекілік, жаратылыс әдістерін түрлерін сөз етеді [41]. Сол кезде, XX ғасыр басында ең жақсы әдіс туралы мәселенің дұрыс шешілмегендігін айтады. Ғалым «Мектеп қай тілде болу керек?» деген мақаласында: «Қазақ мектебіндегі балалардың орыс тіліне шалағайлықтары, орыс тілінің қазақ балаларына орыстарға арналған әдіспен оқытылуынан», – [42] екенін айтады. Әдіскер өзі еуропалықтарға (орыстарға) қазақ тілін оқытуда тіл үйренушінің өзге ұлт өкілі екенін үнемі назарда ұстап отырған.

Қ.Кемеңгерұлы материалды ана тілінде, яғни аударма арқылы түсіндірмей, ол «дерексізді деректімен түсіндіру», мысалдар келтіру, «дауыс екпінімен», «ыммен», «бет-пішінді құбылту» әдістерімен түсіндірудің пайдасы бар екенін де айтады. Қазақ тілін оқытуда тіл үйренушінің ауызекі сөзге түсіне білуін, ең кемі жат тілдегі кітапты оқып жат тілден үйретілген сөздердің мәнісін түсінуін, тіл құрамының ережелерін ұғынуын, оқу, аудару, ана тілдің тіл құралындағы, сөйлем жүйесіндегі ережелермен жат тілдікін салыстыруын мақсат еткен.

Қ.Кемеңгерұлының «Жауропалықтарға оқу құралы» қазіргі кездегідей, кешенді оқулық түрінде шығарылған: оқулық, оның дидактикалық материалы, әдістемелік құралы, сөздігі бар. Ғалым-әдіскердің тілді оқытуға ұсынған жобалары қазір де өзінің өзектілігін жойған жоқ және оқыту әдістемесінде жиі көрініс табатыны байқалады. «Жауропалықтарға арналған оқу құралын» зерделей отырып, оның қазақ тілін үйретуде әртүрлі әдіс-тәсілдерді өз заманына лайықтап қолданғанын көруге болады. Ғалым-әдіскер жауропалықтарға (орыстарға) қазақ тілін оқытуда өтілетін сабақтың мазмұнына, мақсатына байланысты әңгіме әдісін, сұрақ-жауап әдісін, берілетін білім көзі деңгейіне сәйкес түсіндіру әдісін, салыстыру әдісін, жаттықтыру әдісін, көрнекілік әдістерін шебер пайдаланған. Қазіргі әдістемеде әңгімелесу әдісін кейде сұрақ-жауап әдісі деп те атайды. Бұл осы әдістің ішкі мазмұнына байланысты [7]. Алайда екеуінің (қазіргі оқыту мен Қ.Кемеңгерұлының оқытуы) арасында сәл формалық айырмашылық бар. Қазіргі оқытуда сұрақ қою сұхбат (диалог) негізінде жүзеге асса, Қ.Кемеңгерұлының оқытуында сұраулы сөйлемдері мәтіннен соң беріледі. Берілген сұрақтар күрделі, сөйлем ретімен берілмейді, сұраққа жауап беру үшін, тіл үйренушінің ойлануын талап етеді, логикалық ойлауға жетелеу үшін берілген. Мәселен, «Таң атты ма? Күн шықты ма?» сұрақтарына алғашқы сөйлемдер жауап бермейді. Ол сұрақтың жауабын табу үшін, тіл үйренуші барлық мәтінді оқып шығуы керек.

Қ.Кемеңгерұлы алдымен қатысым үшін қажетті материалды (табиғат құбылысына арналған мәтінді) беріп, кейін сол мәтінді пайдалана отырып, тіл үйренушінің өз бетінше сұрақтарға жауап беруіне, сөйлем құрауына мүмкіндік береді. Мәтінді негізге ала отырып, тіл үйренуші нақты жағдаятқа байланысты сөйлем құрайды, өз ойын жеткізеді. Бұл тіл дамыту үшін де өте маңызды болып табылады.

Қ.Кемеңгерұлы алдымен қатысым үшін қажетті материалды (табиғат құбылысына арналған мәтінді) беріп, кейін сол мәтінді пайдалана отырып, тіл үйренушінің өз бетінше сұрақтарға жауап беруіне, сөйлем құрауына мүмкіндік береді. Мәтінді негізге ала отырып, тіл үйренуші нақты жағдаятқа байланысты

сөйлем құрайды, өз ойын жеткізеді. Бұл тіл дамыту үшін де өте маңызды болып табылады.

Қ.Кемеңгерұлы: «Алғашқы жетілер сабақтың негізі сөйлесу болады. Алғашқы жетілер білім алушылардың тілін жаттықтыру мен құлағын үйретумен өткізіледі», – дейді [43]. Қ.Кемеңгерұлының тіл үйренушінің ойын сауатты және емін-еркін жеткізуге дағдыландырудың бірден-бір тиімді жолы әңгіме әдісі деп таниды. Әңгіме әдісі арқылы тіл үйренушінің сөйлеу үдерісінде қандай грамматикалық тұлғаларды пайдалана алмайтынын анықтауға болады, әрі оның сөздік қорын айқындауға болады. Қ.Кемеңгерұлы алғашқы сабақтарында әңгімелесу әдісін түрлі жолдар арқылы іске асырған: сұрақ қою, жауап ретінде баяндау, білім алушының назарын пәнге аудару т.б. Әңгіме әдісі оқытуда кең қолданылатын әдістер қатарына жатады. Әңгіме әдісі оқу материалының мазмұнының ашылуына, білім алушының түсіну дәрежесінің айқындалуына үлкен сеп. Бұған қоса тіл үйренушіні еркін сөйлеуге қатыстыру арқылы тіл байлығын жетілдіру мақсаты да жүзеге асырылады. Бұл ретте сұрақ қоя білу ерекше рөл атқарады. Қ.Кемеңгерұлы сауалдың қысқа да түсінікті, сөйлеу тіліне жақын болуына ерекше мән берген. Өйткені қазақ тілін енді меңгере бастаған шәкіртке қиындық келтірмеуді мақсат еткен. Сұрақ-жауап әдісі негізінде тіл үйренуші байланыстырып сөйлеуге дағдыланады.

Білімді саналы түрде меңгерудің қолайлысы көрнекілік деп түсінген Қ.Кемеңгерұлы оқу үрдісінде фонетиканы, грамматиканы оқыту үшін көрнекіліктің бір түрі – грамматикалық кестелерді мәселен, септік жалғауларының әрқайсысын, жай септеу мен тәуелді септеу үлгісін, есімдіктердің септелу үлгісін, етістіктің шақ, рай категориясын оқытуда қолданған. Жаңа сөз тудыру негіздерін түсіндіргенде оның ішінде сөздің морфологиялық белгілерін, сөз таптарын өтуде әрқайсысының жұрнақтарын, оның мағыналық қызметі мен айырмасын тіл үйренушілерге саналы меңгерту үшін көрнекілік әдісін көбірек пайдаланған. Оқулық басындағы дәйектемеде өзі айтқандай, нақты мысалдарды кестемен көрсетіп талдату арқылы білім алушының өзіне ереже шығартып, ережені мұғалім өзі қорытуы көзделген [43].

Қазіргі таңда әдістемеді кеңінен қолданылып жүрген қатысымдық әдіспен оқытуды Қ.Кемеңгерұлы да іске асырып отырған. Қ.Кемеңгерұлының ұстанымы бойынша, оқыту әрекеті мүлде басқаша құрылуы тиіс, яғни оқыту әрекетінде барлық білім алушы толық қатыса алатындай, оқи алатындай болып құрылуы керек. Оны әдіскер «сөйлеу жолы» деп атаған. Осындай әдіспен үйрету барысында әдіскер төмендегі жобаларды ұсынады:

- ✓ жат тілді оқытқанда, аса қиын жерлерді ғана ана тілімен түсіндіру керек;
- ✓ жат тілді оқыту әдісі ана тіліндегідей болмауы керек;
- ✓ сыртқы тұлғасы қиын орындарда жат тілден ғана тілге аудару керек;
- ✓ тіл құралының ережелерін сабақта түсіндіріп отыру керек;
- ✓ сыныпта кітап оқыту сабақтың негізі болу керек;
- ✓ жат тілдің әдебиет тарихын толық оқытудың керегі жоқ;
- ✓ жат тілде өлең-тақпақ айтуға үйрету керек;
- ✓ кейінгі жылдарда жазуға жаттықтыру керек.



Өзге тілді аудиторияға қазақ тілін оқытушы ұстаз өзге ұлт өкілдерінің сөйлеу тілдерін қазақшаға бейімдеу үшін, кітап оқыту және өлең-тақпақ жаттаттыру тәсілдерін жиі қолданады. Мұндай талаптарды орындатқызу қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтып үйренуге, білім алушылардың артикуляциялық базасының қазақ тіліне біршама тез бейімделуіне септігін тигізетіні анық. Өзге ұлт өкілдеріне тіл үйретуде жиі қолданылатын әдіс түрі – жаттықтыру әдісі. Қ.Кемеңгерұлының тілдің теориясын оқытқанда жаттықтыру әдісін жиі қолданғаны байқалады. Бұл әдісті ғалым жаттығуларды орындатқызу барысында жүзеге асырған.

Қ.Кемеңгерұлының жоғарыдағы ұстанған жобаларының ішіндегі аударма тілін сирек қолдану әдісі де бүгінгі оқытудың ең басты әдістерінің бірі болып табылады. «Жат тілді оқыту әдісі ана тіліндегідей болмау керек» деген жобасы да Қ.Кемеңгерұлының екі түрлі аудитория (қазақ тілін қазақ мектептерде оқыту және қазақ тілін орыс мектептерінде оқыту) әдістемесін жетік білетіндігінің айғағы.

Қ.Кемеңгерұлының «Жат тілді оқыту әдісі» мақаласында талдаған шетел әдіскерлері: Фриденберг, Ганчина, Кестернелердің тиімді әдістерін өзі де тіл оқытуда қолданып отырғандығы байқалады. Мәселен, Фриденберттің «Еңбек мектебіндегі әдісіндегі» жат тілді үйреткенде көз, құлақ, қозғалыс әдістерін қолдану керек деген пікірін қуаттаған. Сондай-ақ, Мамунаның «Алғашқы жылдарда оқыту әдісі және программ» еңбегіндегі: «Көз, құлақ сезімдерін, қозғалыс орындарын күшейту үшін әртүрлі нәрселер, суреттер, ойындар, өлеңдермен пайдалану керек. Әуелі класқа, одан кейін үйге, қораға, бақшаға, көшеге, қалаға, ауылға, мемлекетке, жер жүзіне тиісті нәрселер болуы керек. Суреттер сол жат елдің тұрмыстарын айқын көрсетерліктей болу керек. Өлеңдер ырғақты болғандықтан, әр сөзді дұрыс айтуға жаттықтырады. Өлеңнің арқасында білім алушының құлағы жат елдердің тіліне, дыбысына жаттығады. Әртүрлі ойынды ойнағанда, ойнаушылар жаңадан сөз қосады», – деген пікірлерін басшылыққа алып отырған [42]. Бұны психолінгвистикада «білім алушының сезім мүшелеріне әсер ете отырып оқыту әдісіне» жатқызады. Қазіргі оқытуда бұл әдіс біршама жақсы нәтижелер беретін әдістердің қатарына жатады. Әсіресе, тілді жедел түрде үйренгісі келетіндер үшін пайдалы. Бұл әдіс арқылы тілді үйрету барысында сөздерді, сөйлем үлгілерін, грамматикалық материалдарды білім алушылардың естеріне тез сақтатуға болады. Демек, Қ.Кемеңгерұлы тілді оқытуда шетел әдіскерлерінің көзқарастарына сүйеніп, дәстүрлі емес әдістерді де сабақ барысында қолданып отырған.

Қ.Кемеңгерұлы қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқыту әдістемесінде жоғарыда айтылған белсенді оқыту әдісін тура осылайша атамаса да, білім алушылардың өз бетінше жұмыс істеулеріне ерекше көңіл бөлген. Мысалы, ол білім алушыларға мақаланы (мәтін) үйлерінен дайындап әкелуге, тілмаштарға (сөздік) қарап өз беттерімен түсінуге мүмкіндік туғызатын тапсырмалар береді. Әрі қарай мақалалық тілмашта кездескен сөздерден әліппелі тілмаш жасатып отырады. Содан соң оқыған мақалаға желі жасату, меңзес (синонимдер) сөздерді, түрлі мағынада келетін сөздерді (омонимдер) жинатқызу, сөйлем құрастыру [43] сияқты білім алушылардың белсенділігін арттыратын, өз

беттерінше белгілі бір білім жүйесімен танысатын шығармашылық тапсырмаларды орындатқызып отырған.

Қ.Кемеңгерұлы оқыту әдісінің тиімділігі мынада:

✓ өзге ұлт өкілінің меңгерілетін материалға деген қызығушылығы артады;

✓ тіл үйренушінің материалды меңгеру деңгейі жоғарылайды;

✓ тіл үйренушінің ауызша сөйлеу қабілеті дами бастайды;

✓ тіл үйренушінің жұмыс жасау іскерлігі дамиды;

✓ тіл үйренушінің қатысымдық іскерлігі мен дағдысы шындала түседі;

✓ өз ойын еркін жеткізуге ұмтылады;

✓ өзіне-өзі бақылау жасайды.

Қ.Кемеңгерұлының өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мәселесі бойынша айтқан ой-тұжырымдары мен пікір-көзқарасы, оның оқыту әдістемесінде қолданған әдіс-тәсілдері өзінің маңыздылығын жойған жоқ, керісінше, әдіскердің өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуде қолданған әдіс-тәсілдері бүгінгі әдістеде жалғасымын тапты [44].

Қазіргі заман ағымына қарай білімнің күші бағаланып, оқу-ағартудың, оның ішінде білімді адамның беделі өсіп келеді. Жалпы қазақ тілі мұғалімінің, яғни, біздің міндетіміз – біліммен, шеберлікпен, іскерлікпен қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде мәртебесін көтеру, осы мақсатқа тез жететіндей тиімді жол іздеу.

Ел егемендігінің басты сипаттарының бірі – мемлекеттік тіл болғандықтан, орта мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытылу сапасы Қазақстан Республикасының болашағын айқындауға ықпал етеді.

Мектеп мұғалімінің әр сабақта қоятын мақсаты – егеменді ел болған Қазақстанның жас ұрпағын мемлекеттік тілді құрметтеуге баулу, оны оқып үйренуге деген қызығушылығын арттыру болмақ.

Білім беру ісіндегі басты тұлға мұғалімдердің біліктілігі мен біліміне, олардың ізденіс деңгейіне, сонымен қатар пәнді оқыту әдістемесінің тиімділігіне тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда мұғалімге білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу еркіндігі тиіп отыр. Педагогикалық технология оқыту мақсатына жетудің тиімді, нақты жолдарын көрсетеді. Кез келген оқыту технологиясы іс-әрекеттің қарқындылығы мен белсенділігін арттырады.

## **2 ОҚЫТУ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖҮРГІЗІЛМЕЙТІН МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН АУДАРМАСЫЗ ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Бірінші тарауда қазақ тілін жаңартылған білім мазмұны аясында оқытудың ерекшеліктері көрсетілген болатын. Қазақ тілін аудармасыз оқытуда біз сол ерекшеліктерге сүйене отырып, білім алушыны мәжбүрлемей, білім алу үрдісіне белсенді қатысуын қамтамасыз ете отырып, тілді күнделікті өмірде қолдануына мүмкіндік туғызуымыз қажет.

Сонымен, оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін аудармасыз оқыту үшін қандай іс-шаралар қолдану керек екенін қарастыра отырып, әдістемелік ұсынымдар берейік.

Бірінші тарауда жаңартылған білім мазмұны бойынша қазақ тілін оқытудың ерекшеліктері туралы айта отырып, 1-4-сыныптарда қазақ тілін оқытатын пән «Қазақ тілі» деп аталса, 5-11-сыныптарда «Қазақ тілі мен әдебиеті» деп екі пән кіріктіріліп оқытылатындығы айтылған болатын. Сондықтан қазақ тілі және әдебиеті пәндерінің мұғалімдері 1-4-сыныптарда білім алушылардың сөздік қорын барынша байытқаны дұрыс, себебі 5-сыныптан бастап, Қазақ әдебиеті пәні кіріктіріліп оқытылатындықтан, білім алушылар ұлттық мәдениет пен әдеби мұраларды түсінуге, қазіргі заманғы әдебиетті бағалай білу, әдеби-теориялық ұғымдар, талдауға, бағалау мен салыстыруға негізделген адамзаттың мәңгілік сұрақтарын түсіну үшін білім алушылардың сөздік қоры да А2 деңгейіне сай болуы тиіс.

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен білім мазмұны жаңартылған үлгілік оқу бағдарламасы, негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған және жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен білім мазмұны жаңартылған үлгілік оқу бағдарламаларында «Қазақстан Республикасындағы Тілдерді дамыту мен 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» нұсқалған қазақ тілін мен әдебиетін оқытудың әдіснамасы мен әдістемесін жетілдіру бойынша талаптардың жүзеге асырылуына үлес қосу мақсатында, «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі» бойынша, ҚР Білім және ғылым министрлігі (ары қарай – БҒМ) тарапынан бекітілген Лексикалық-грамматикалық минимум көрсетілген.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуға арналған лексикалық-грамматикалық минимум:

- бекітілген стандарттарға сәйкес қазіргі қазақ әдеби тілінің лексикалық тілдік бірліктерінің қолданылу жиілігі басшылыққа алына отырып, тілді оқытып-үйретудің деңгейлеріне (А1, А2, В1, В2, С1) қарай топтастырылған;

- тілдік бірліктерді іріктеуде олардың әртүрлі коммуникативтік жағдаятта актуалды болуы, лингвоелтанымдық, тілтанымдық білім жүйесін қамтуы ескерілетін;

- деңгейлерге сәйкес қарапайымнан күрделіге қарай ұстанымы бойынша түзілетін;

- орта білім беру жүйесінде білім алушының (мектеп білім

алушысының) қатысым түрлерін (айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым, сөйлесім) меңгеру деңгейіне ықпал ететін;

- бір оқу жылы бойында мектеп білім алушысының меңгеруі міндетті және олар арқылы логикалық ойды жеткізуге мүмкіндік беретін;

- мектеп білім алушысының лингвомәдени құзыреттілікке ие тілдік тұлға ретінде қалыптасуына үлес қосатын және ықпал ететін;

- қазақ тілді емес мектептерге арналған оқулықтар мен оқу құралдарының құрастырылуына негіз болатын лексикалық-грамматикалық құралдардың жүйелі жиынтығы.

Тілді оқытудың тиімділігін арттыру үшін ең алдымен, лексикалық минимум көлемі, шегарасы, саны нақтылануы қажет. Бұл тілде жиі қолданылатын актив сөздер қатарын анықтауға көмектеседі [45].

Сондықтан білім алушылардың сөздік қорын байыту үшін әрбір мұғалім осы лексикалық-грамматикалық минимумде берілген актив сөздерді үнемі басшылыққа алып отыруы тиіс.

Үлгі ретінде 1-сыныптарға арналған лексикалық-грамматикалық минимум кестесін көрсетіп, аудармасыз оқыту жолдарына тоқталайық.

1-сынып үлгілік оқу бағдарламасында [46] I тоқсанда, кесетеді көрсетілгендей, ортақ тақырыптардың біріншісінде, «Өзім туралы» тақырыбы бойынша 17 сөз берілсе, «Менің мектебім» – 17 сөз, «Менің отбасым және достарым» – 12 сөз, «Қоршаған әлем» – 14 сөз, «Саяхат» – 16 сөз, «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті» – 16 сөз, «Тағам мен сусын» – 14 сөз, «Тәні саудың – жаны сау» – 14 сөз қамтылады. Жалпы барлық тақырыптар бойынша – 120 актив сөз меңгерілуі тиіс (19-кесте).

19-кесте. Өздерді тілдесімде пайдалану жиілігі

Өзім туралы – 17 сөз					
№	№	Лексикалық минимум (актив)	СТ	Абсолютті жиілік	Грамматикалық минимум
1	1	жоқ	мд	16115	<p>Өрнек:  Бұл кім?  Бұл – білім алушы.  Бұл – Гүлім.  Бұл не?  Бұл – ойыншық.  ... – кім?  ... – білім алушы.  Кімнің аты?  Менің атым.  Сенің атың.  Сенің атың кім?  Менің атым – ... .  Менің жасым алтыда.  Менің кітабым бар.  Көптік мағына:  Кітаптар  Қаламдар  Кімдер?</p>
2	2	бар	мд	13032	
3	3	жас	зт	3142	
4	4	ат	зт	7955	
5	5	кім?	ес	6799	
6	6	ойыншық	зт	238	
7	7	бұл	ес	32850	
8	8	мен	ес	12260	
9	9	не?	ес	1482	
10	10	неше?	ес	1766	
11	11	жеті	ет	1832	
12	12	білім алушы	зт	7370	
13	13	отыр	ет	22038	
14	14	сен	ес	15345	
15	15	ол	ес	62796	
16	16	кітап	зт	4405	
17	17	қалам	зт	3586	

					Шақтық мағына (осы іс-әрекет): Мен отырмын. Сен отырсың.
Менің мектебім – 17 сөз					
18	1	қыркүйек	ет	468	<p>Өрнек: Бұл кітап па? Иә, бұл – кітап. Қандай? Қызыл қалам. Қара қарындаш. Ақ сөмке. Бұйыру мағынасы: Сен сал. Сен оқы. Сен жаз. Бүгін оқы. Бүгін жаз. Нешінші? Бірінші сынып Бірінші сабақ Бірінші қыркүйек Бірінші күн...</p>
19	2	жаз	ет	3676	
20	3	ақ	сн	1201	
21	4	қара	сн	4765	
22	5	қызыл	сн	2112	
23	6	мектеп	зт	7586	
24	7	оқы	ет	11511	
25	8	бүгін	үс	5350	
26	9	күн	зт	18245	
27	10	сал	ет	4983	
28	11	бірінші	са	7289	
29	12	сынып	зт	2380	
30	13	бер	ет	40295	
31	14	ал	ет	43359	
32	15	тақта	зт	653	
33	16	тыңда	ет	25	
34	17	сабақ	зт	5562	
Менің отбасым және достарым – 12 сөз					
35	1	аға	зт	3389	<p>Кімнің отбасы? Менің отбасым. Кімнің досы? Менің досым. Сенің досың. Кімнің ауласы? Менің аулам. Сенің аулаң. Сөйлем құрылымы: Ағамды жақсы көремін.</p>
36	2	ана	зт	4671	
37	3	дос	зт	3312	
38	4	әпке	зт	853	
39	5	әже	зт	3091	
40	6	іні	зт	800	
41	7	қарындас	зт	527	
42	8	әке	зт	5583	
43	9	отбасы	зт	8643	
44	10	ата	зт	2501	
45	11	сіңлі	зт	205	
46	12	жақсы/көр	ет	8118/13790	
Қоршаған әлем – 14 сөз					
47	1	ағаш	зт	2439	<p>Өрнек: Сөйлем құрылымы: Күн жылы. Бұл не? Бұл – қоян. Бұл – ағаш. (Шақтық мағына) нақ осы іс-әрекет: Мен жүрмін. Сен жүрсің. Сіз жүрсіз. Ол жүр. Шақтық мағына (күнделікті іс-әрекет): Мен ойнаймын. Мен аулада ойнаймын.</p>
48	2	аула	зт	281	
49	3	бар	ет	16156	
50	4	ойна	ет	2295	
51	5	жүр	ет	16849	
52	6	жылы	сн	5260	
53	7	қар	зт	1528	
54	8	қасқыр	зт	1065	
55	9	үй	зт	11948	
56	10	қоян	зт	923	
57	11	көр	ет	13790	
58	12	суық	сн	769	
59	13	тау	зт	4647	
60	14	көше	зт	3965	

					Мен көшеде ойнаймын. Шақтық мағына (өткен іс-әрекет): Мен көрдім. Мен қасқырды көрдім. Тауды көрдім.
Саяхат – 16 сөз					
61	1	әуежай	зт	213	Дыбыстарды үйренейік! Ә, І, Ө, Қ, Ғ көлік [көлүк] әуежай, іні, көлік, қала, аға. Шақтық мағына (өткен іс-әрекет): Мен демалдым. Сен демалдың. Сіз демалдыңыз. Ол демалды. Неге? Көлікке мінді. Ол ұшаққа отырды. Мәшинеге отырды. Немен? Көлікпен бардым. Ұшақпен бардым. Қайда? Әуежайға бардым. Саяхатқа шықтым.
62	2	ауыл	зт	6069	
63	3	ұна	ет	1935	
64	4	демал	ет	562	
65	5	демалыс	зт	1349	
66	6	ертең	үс	1228	
67	7	жиырма	са	1024	
68	8	жол	зт	11756	
69	9	кеше	үс	733	
70	10	көлік	зт	1415	
71	11	саяхат	зт	404	
72	12	қала	зт	10871	
73	13	мін	ет	1354	
74	14	шық	ет	12374	
75	15	теп	ет	699	
76	16	ұшақ	зт	450	
Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті – 16 сөз					
77	1	айт	ет	23421	Дыбыстарды үйренейік! Ұ, Ү, Ң, һ үйрен [үйрөн] үйрен, менің, Гауһар Қалай? Сен жылдам жүр. Бұйыру мағынасы: Дұрыс айт. Жылдам жүр. Домбыра тарт. Шақтық мағына (күнделікті іс-әрекет): Мен айтамын. Домбыра тартамын.
78	2	біл	ет	165	
79	3	домбыра	зт	810	
80	4	дұрыс	сн	4443	
81	5	ертегі	зт	1549	
82	6	жатта	ет	557	
83	7	жылдам	үс	654	
84	8	шашу	зт	99	
85	9	қызық	сн	379	
86	10	мереке	зт	1432	
87	11	жұмбақ	зт	1156	
88	12	сәлемдес	ет	164	
89	13	сіз	ес	6119	
90	14	сыйла	ет	1170	
91	15	тарт	ет	6839	
92	16	тұр	ет	28643	
Тағам мен сусын – 14 сөз					
93	1	сүт	зт	1218	Шақтық мағына (өткен іс-әрекет): Сіз сорпа іштіңіз. Ол алмұрт жеді. Шақтық мағына (күнделікті іс-әрекет):
94	2	алмұрт	зт	108	
95	3	нан	зт	697	
96	4	ботқа	зт	85	
97	5	же	ет	2063	
98	6	іш	ет	2242	

99	7	қасық	зт	165	Мен алмұрт жеймін. Сен ботқа жейсің. Немен? Қасықпен жеймін. Мен балмұздақты қасықпен жеймін. Сен сорпаны қасықпен іш. Бұйыру мағынасы: Сүт іш. Тамақ іш. Балмұздақ же. Нан же.
100	8	қияр	зт	94	
101	9	пісір	ет	576	
102	10	сорпа	зт	190	
103	11	тамақ	зт	2062	
104	12	тәтті	сн	369	
105	13	балмұздақ	зт	233	
106	14	шырын	зт	260	
Тәні саудың – жаны сау – 14 сөз					
7	1	мұрын	зт	528	Меншіктік мағына: Менің қолым. Менің оң қолым. Сенің қолың. Сенің сол қолың. Бұйыру мағынасы: Сен тазала. Сен жу. Нені? Үйді тазала. Қолыңды жу. Тісіңді жу. Мәлік қолын жуды. Мәлік қолын, аяғын жуды. Шақтық мағына (күнделікті іс-әрекет): Мен тазалаймын. Сен тазалайсың. Сіз жуасыз. Ол жуады.
108	2	аяқ	зт	3242	
109	3	бас	зт	10983	
110	4	көз	зт	12837	
111	5	тазала	ет	381	
112	6	ауыз	зт	3734	
113	7	жу	ет	676	
114	8	құлақ	зт	2432	
115	9	шаш	зт	825	
116	10	қол	зт	11526	
117	11	оң	сн	1240	
118	12	сол	сн	215	
119	13	су	зт	7800	
120	14	тіс	зт	790	

Лексикалық минимумды (әрі қарай – ЛМ) анықтауда актив сөздерді үш түрлі ұстанымы бойынша іріктелді: *статистикалық*, *лингвистикалық* және *әдістемелік*. Бұл ұстанымдар өзара тығыз байланыста қарастырылады:

**1. Статистикалық ұстаным** лексиканың сандық сипатын анықтауға, сөздердің қолданылу ерекшелігіне, жиілігіне және сөз санын айқындауға негізделеді.

**2. Лингвистикалық ұстаным** сөздердің семантикасын, құрылымдық ерекшелігін және басқа сөздермен тіркесу мүмкіндігін негізгеалады.

Мұнда төмендегі мәселелерге айрықша көңіл бөлінеді:

- *Сөздердің тіркесімділігі*: актив сөздердің басқа да көптеген бірліктермен кең шеңбердетіркесуі;

- *сөз тудырушы қабілеті*: туынды сөздерді жасаудағыәлеуеті;

- *сөз қатарын түзудегі мүмкіндігі мен рөлі*: ауызша және жазбаша ойын жеткізуге қолайлы сөздерреті.

**3. Әдістемелік ұстаным**: оқытудың мақсаты, тілді оқыту деңгейлері,

қарым-қатынасқа түсу салалары (әлеуметтік-тұрмыстық, отбасылық, ойын-еңбек, әлеуметтік-мәдени, іскери және қоғамдық-саяси) және оқу бағдарламасында көрсетілген жағдаяттық-тақырыптық бағытына қарай жинақталады. Осы ұстанымдардың негізінде қарапайым (A1), базалық (A2), ортадан жоғары (B1) және жоғары деңгейлерінің (C1) лексикалық минимумдары түзіледі. Құжатта қазақ тілі мен әдебиетін қазақтілді емес мектептердің 1-11 сыныптарында деңгейлік тұрғыдан меңгеру мақсатында оқу бағдарламасында көрсетілген тақырыптар бойынша лексикалық минимумдар саны іріктелді.

Қарапайым деңгейде бейтарап сөздер қатары буын саны мен қолданылу жиілігіне қарай іріктелді. Ал орта және жоғары деңгейлерде терминдер, архаизмдер, абстракт, күрделі, кірме сөздер қатары қамтылды. Сөздердің синонимдік, антонимдік, омонимдік қатары қарапайым деңгейде мейлінше шектеулі берілді.

Қазақ тілінің лексикалық және грамматикалық минимумдары өзара тығыз байланыста анықталды. Грамматикалық минимум коммуникативті-функционалдық қағиданың негізінде жүйеленді. Коммуникативті қағида тілдің сөйлеу әрекеттеріндегі қызметін ескерсе, функционалды-құрылымдық қағида белгілі бір сөйлеу мақсатын жеткізудегі тіл деңгейлері бірліктерінің өзара байланысты қызметін басшылыққа алды. Бұл қазақ тілінің грамматикалық құрылымы туралы іргелі тілдік білімді қалыптастыруға ықпал етеді [45].

Лексикалық-грамматикалық минимумды құрастырған авторлардың пікірінше, бастапқы кезде білім алушылар әр сабақта 2 сөзден, жылына 120 сөз меңгеруге тиіс. Қазақ тілді емес сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша 1-11-сынып білім алушыларына арналған лексикалық-грамматикалық минимум кестесінде көрсетілгендей, A2 деңгейі бойынша білім алушы кемінде 1076 сөз меңгерсе, 11-сыныпты бітіргенде C1 деңгейі бойынша 2884 сөз меңгеріп шығады (20-кесте).

20-кесте. Сыныптар аралығындағы лексикалық минимумдар саны

Меңгерілетін лексика	Сынып	Меңгерілген лексика	Деңгей	
Лексикалық минимумдар саны	256	11-сынып	2884	C1
	256	10-сынып		
	324	9-сынып	2372	B2
	324	8-сынып		
	324	7-сынып	1724	B1
	324	6-сынып		
	324	5-сынып	1076	A2
	256	4-сынып		
	188	3-сынып	496	A1
	188	2-сынып		
	120	1-сынып		



Сондықтан аудармасыз оқытуда, ең алдымен, осы лексика-грамматикалық минимумда көрсетілген жиі қолданылатын актив сөздерді меңгерту қажет [45].

Ендігі кезекте бұл сөздерді аудармасыз қалай, яғни қандай әдіс-тәсілдер арқылы меңгертеміз деген мәселені қарастырамыз.

Ол үшін төменде берілген сызбаға назар аударайық (21-кесте).

21-кесте. Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін аудармасыз оқытуға арналған әдістемелік ұсынымдар.

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін аудармасыз оқытуға арналған әдістемелік ұсынымдар**



Сызбаның сол жағында өзге тілді меңгерту үшін сол тілдің лексикасын түсіндірудің (семантизациялаудың) әртүрлі жолдары бар.

Лексиканы енгізу және түсіндіруде аудармасыз оқытуда түрлі әдіс-тәсілдерін қолдануға болады. Кестеде жиі қолданыста жүрген түрлері көрсетілген (22-кесте).

22-кесте. Лексиканы енгізу және түсіндіруде аудармасыз оқыту әдістері мен тәсілдері


### Лексиканы енгізу және түсіндіруде аудармасыз оқыту әдістері мен тәсілдері

- Флэш-карталар
- Пантомима және мимика
- Мәтінмен бойынша сөздердің мәнін болжау
- Жаңа сөздерден өтірік өлеңдер құру
- Ассоциация әдісі
- Жаңа сөздерге синонимдер/антонимдер табу
- Санамалау әдісі
- Пиктограмма
- Графикалық органайзер
- «Жұмбақ мәндер» ойыны
- Рифмовкалар, өлеңдер, әндер

Кестеде көрсетілген кейбір әдіс-тәсілдер туралы ақпарат бере кетейік.

**Флэш-кәртішкелер.** Мұндай кәртішкелер арқылы жаңа сөздерді меңгерту жаңа әдіс емес. Интернет қарқынды дамығанға дейін тіл мамандары үнемі осындай кәртішкелерді қолдана отырып, білім алушылардың сөздік қорын байытып отырған. Жаңа сөзді меңгерту үшін кәртішкелерді картон қағазынан жасап, бір жағына сөзді, екінші жағына сол сөздің суретін көрсетуге болады. Мұғалім алдымен білім алушыларға сөздерді көрсетеді де, келесі беттегі суреті арқылы нені білдіретінін анықтайды. Мұндай әдіс жаңа сөздерді меңгертуге де, қайталауға да өте тиімді. Қазіргі кезде осыған ұқсас электрондық флэш-кәртішкелер де қолданылып жүр (1-сурет).

1-сурет. Флэш-кәртішкелер



**Пантомима және мимика.** Пантомима деген сөз гректің *phantimos* – еліктеу арқылы немесе дене қимылдарымен гана өнер көрсететін актер [47] деген мағынаны білдірсе, мимика да гректің сөзінен шыққан, ол *μιμησις*, *mimikos* – еліктеушілік деп аударылып, бет әлпеттің қозғалысы, адам сезімін білдірудің

бір формасы, адамның ішкі сезімін, көңіл-күйінің әр алуан сәттерін (көңілдену, қайғыру, ашулану, т.б.) білдіретін бет – әлпеттің мәнерлі қимыл-өзгерісін [48] білдіреді.

Пантомима және мимика арқылы жаңа сөздерді де меңгертуге, сөйлемдер құрастырып, коммуникативтік дағдыларын ойын түрінде қалыптастыруға болады (2-сурет).

2-сурет. Пантомима



**Жаңа сөздерден өтірік өлеңдер құру.** Өтірік өлең – қазақ халық поэзиясындағы ерекше қызғылықты, балалар құмарта тыңдап, қызыға жаттап алатын фольклорлық жанр болғандықтан, өтірік өлеңді бүлдіршіндер ғана емес, үлкендер де сүйсіне тыңдайды [49]. Сондықтан кез келген білім алушы жаңа сөздерді меңгеру барысында өз бетінше сол сөздермен өтірік өлеңдерді үлгі бойынша құрастыруға тырысады. Мысалы: *қауырсын* деген сөзбен таныстыра отырып, төмендегідей өтірік өлең құрастыруға болады.

- Пойызға арттым жалғыз қауырсынды,
- Тарта алмай тепловоз ауырсынды.
- Тышқанға қоса тіркеп беріп едім
- Жүйткіді әлгі пойыз дауыл сынды немесе төмендегі сурет бойынша

*қоңызға отырдым, қоянды қудым* деген сөз тіркестерін қолдана отырып шағын көлемді өтірік өлең құрастыруға тапсырма беру арқылы білім алушылардың әрі сөздік қорын байытуға, әрі қызығушылығын арттыру мүмкіндігі бар (3-сурет).

3-сурет. Пиктограмма.




Пиктограммадеген сөзлатынның *pictus* – бейнеленген және *gramma* – жазба, жазу деген сөзінен шыққан, ол – белгілі бір мағлұматты қарапайым графикалық түрде бейнелейтін кескіндер [50] пиктограмма дегенді білдіреді.

Пиктограмма әдістемесінің талаптары бойынша білім алушылар сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтауға тиіс. Материалды жақсы есте сақтау үшін, ол қағазға ұсынылған сөздерді одан әрі жаңғыртуға көмектесетін нәрсе бейнелеуі керек. Білім алушыға суреттің сапасы мен тапсырманы орындау уақыты рөл атқармайтынын ескерту қажет. Бұл ретте білім алушыларға әріптер мен сандар түрінде жазба жасауға рұқсат етілмейді.

Мысалы, төменде берілген пиктограмма арқылы етістіктерді, сан есімдерді қайталап шығуға болады (4-сурет).

4-сурет. Пиктограмма



Қазіргі кезде оқыту үдерісін ақпараттандыру қажеттілігі туралы, педагогикалық инновациялық технологияларды енгізу артықшылықтары туралы көп өзекті мәселелер айтылады. Соның бірі – графикалық органиайзерлерді қолдану.

Графикалық органиайзер – білім, ұғым, ой, идея немесе көзқарасты білдіру үшін визуалды таңбаларды қолданатын құрал. Графикалық органиайзердің басты мақсаты оқу мен оқытуды жеңілдету мақсатында визуалды көмек [51].

Графикалық органиайзерді әр мұғалім өз бетінше жасай алады (23-кесте).

## 23-кесте. Хикая картасы.



Төменде лексиканы түсіндірудің жолдарын көрсетіп, ең тиімді 10 түрі ұсындық. Оларды топтарға бөле отырып, әрқайсысына жеке-дара тоқталып өтейік:

1) *жаңа сөздерді көрнекі құралдар пайдалану арқылы меңгерту*; бұл ретте көрнекілік арқылы, мысалы, зат, іс-әрекет суреттерін көрсете отырып, сөздердің мәнін ашу қажет.

«Қазақ тілі» сабақтарында қай сыныпта болса да, көрнекілікті қолдануға болады. Себебі көзбен көріп, қолмен ұстаған заттардың атауы білім алушылардың тез әрі ұзаққа есте сақталады.

Көрнекілік құралдары, әсіресе, нақты зат есімімен берілген қарапайым ұғымдарды енгізу кезінде көмектеседі. Алғашқы сабақтарда, мысалы, «Менің мектебім» ортақ тақырыбы бойынша меңгерілетін 17 сөзге қоса сыныптардағы заттарды көрсету арқылы тағы көптеген сөзді түсіндіруге болады. Мысалы, қазақ тілінде: *тақта, терезе, есік, орындық, кітап, қалам, сөздік, қағаз, т.б.* сөздерді меңгерте отырып, сол сөздер арқылы кейбір етістіктердің мағынасын да түсіндіруге болады. Мұны жоғарыда аталып өткен заттарды *ашып, жауып, тазалап, отырып, жазып, оқып көрсету арқылы* етістіктерді өткенде пайдалануға болады. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі үстеулерді де аталғана заттар арқылы, мысалы, үстелдің *алдында, шкафтың артында, тақтаның ортасында деп* заттың орналасқан орнын көрсету арқылы түсіндірсек, ал сын есімдерді заттың түр-түсін, пішінін, сапасын, көлемін *сызба, іс-қимыл, ым-шара* арқылы көрсетуге болады.

Бұл ретте айта кететін жайт: жаңа сөздерді көрнекі құралдар пайдалану арқылы меңгерту бастауыш сыныптарда тек суреттерді немесе заттарды көрсетіп қана қоймай, ойын түрінде өткізілгені жөн.

Алайда, жаңа сөздерді таныстыру үшін үнемі көрнекі құралдарды пайдалана алмаймыз. Мысалы абстракциялық ұғымдарды түсіндіру кезінде көрнекі құралдардың мүмкіндігі шектеулі болып қалады. Сол себепті, абстракциялық сөздерді түсіндіру үшін басқа амалдарды іздестіруге тура келеді. Ол амалдарды басқа топтардан қарастыруды ұсынамыз.

Бастауыш және жоғары сыныптарда жас ерекшелігін ескере отырып, комикстерді де пайдалану тиімді екені белгілі. Бірақ, комикстер туралы біз кейінірек, сөйлемдердің мағынасын түсіндіру барысында толығырақ айтып өтеміз, себебі білім алушының сөздік қоры төмен болса, жаңа сөздерді меңгерту қиындық туғызады.

Көрнекілік құралдары туралы сөз қозғағанда оның түрлерін де ескеру қажет. Көрнекілік құралдарды төмендегідей төрт топқа бөлуге болады (24-кесте).

#### 24-кесте. Көрнекілік құралдар

Жасанды	<ul style="list-style-type: none"><li>макеттер, суреттер, карталар, фотолар, плакаттар, муляждар, порттертер</li></ul>
Графикалық	<ul style="list-style-type: none"><li>нота сызықтары, геометриялық фигуралар</li></ul>
Дыбыстық	<ul style="list-style-type: none"><li>CD жазылған музыкалық шығармалар, әндер, минустар, мақал- мәтелдер, жұмбақтар, күй табақтар</li></ul>
Техникалық	<ul style="list-style-type: none"><li>телевизор, муз.орталық, DVD, интерактив тақтасы</li></ul>

Қазақ тілін аудармасыз оқытуда сөзді тұтас қабылдап оқыту әдісі ең тиімді әдістердің бірі. Себебі, бала суреттен көргенді көз қаперінде қабылдап, оны қайталау арқылы айтылуын есте сақтайды. Аталған әдіс тілді меңгертудің ұтымды әдісі болып табылады (5- сурет).

#### 5-сурет. Сөзді тұтас қабылдап оқыту әдісі

## СӨЗДІ ТҰТАС ҚАБЫЛДАП ОҚЫТУ ӘДІСІ



Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін меңгертудің әдістерінің енді біріне «Бейнетаспаны қолдану әдістерін» пайдаланған тиімді. Бейнетаспамен сабақ өткізуде: Мұғалім видеомагнитофон мен теледидарды қолдана білу керек; Бейнетаспа бұзылмаған болу керек және дауысы анық шығу керек; Сыныптағы білім алушыларды теледидарды жақсы көре алатындай етіп отырғызу керек;

Видеомен сабақ өткізудің 1-тәсіліне берілетін тапсырмада: **ҮЗІНДІНІ ҚАРАП ШЫҒЫП, МАЗМҰНЫН ЖАЗДЫРУ**. Яғни, білім алушылар видеодан 5-10 минут көрсеткен фильм, хабар, репортаж т.б. үзінділерінің мазмұнын сұрауға не жаздыруға болады (6-сурет).

6-сурет. «Алдар көсе» фильмінен үзінді.



Мәселен, «АЛДАР КӨСЕ» ФИЛЬМІНЕН №1 - ҮЗІНДІ

«АЛДАР КӨСЕ» ФИЛЬМІНЕН №1 – ҮЗІНДІ бойынша үлгі-сұрақтар: 1. Қарагөз бен оның әкесі қайда тұрады? Жаманбайдың ауылына тұрады. 2. Қараша тауды қар алғалы қанша жыл болды? Отыз жылдан асты. 3. Бұл таудың етегін қар шалғалы неше жыл болды? Оған да отыз жыл өтті. 4. Бұл таудың басынан бұлақ аққалы неше жыл болды? Оған 20 жыл болған шығар. 5. Қара орманыңыз бүлініп, алып еменіңіздің құлағаны да қиын болған екен. Бұл өлкенің бораны ұйытқып соққанда, ну бағыңды түп тамырымен қопарып кетеді. 6. Алдар көсе қалың малдың қанша болатынын қалай сұрады?

Видеомен сабақ өткізудің 2-тәсілінде: ВИДЕОНЫҢ ДАУЫСЫН ӨШРІП КӨРСЕТУ; Яғни, балаларға 5-10 минут үзінді көрсетіп, не туралы сөйлескендерін сұрап, сөйлеткізу жолымен пайдалана аламыз. Кейіннен дауысын шығарып, басынан бастап қайта көрсетіп, кімнің дұрыс айтқанын айтуға болады.

Видеомен сабақ өткізудің 3-тәсілі: ЭКРАНДЫ ЖАУЫП, ДАУЫСЫН ТЫҢДАТУ; Экранды көрсетпей, сөйлескен адамдардың не істеп жатқандарын, олардың кім екенін (қарт, жас, ер кісі, әйел) және оқиғаның қай жерде өтіп жатқанын балалардан сұрауға болады.

Видеомен сабақ өткізудің 4-тәсілі: МАЗМҰНЫН ЖАЗДЫРЫП, КИНО КӨРСЕТУ; Яғни, мұғалім алдын ала 5-10 минуттық үзіндінің мазмұнын шығарып, сыныпқа таратып береді. Балалар оқып болған соң, теледидарды қосып, оларға киноны көрсету керек. Бала болатын нәрселерді білгендігі үшін жорамал жасай алады (7-сурет).

7-сурет. «Алдар көсе» фильмінен үзінді.



«АЛДАР КӨСЕ» ФИЛЬМІНЕН №2 – ҮЗІНДІ.

«АЛДАР КӨСЕ» фильмінен №2 – үзінді бойынша бос орындарға керекті сөздерді қойыңыз.

Өткен заманда бір бақытсыз \_\_\_\_\_ өмір сүріпті. Сіздерге сол адамның тағдыры туралы сыр шертейін. Оның басында \_\_\_\_\_, жанында жарығы, бауырында \_\_\_\_\_, не мал-жаны болмапты. Ол өзінің \_\_\_\_\_ кезіп жүріп, адамдарға \_\_\_\_\_, шаттық пен күлкі сыйлапты. Аңқау байғұс елдің \_\_\_\_\_ - \_\_\_\_\_ көтереді екен. Ешкім оның \_\_\_\_\_ түбінде не жатқанын білмеді. \_\_\_\_\_ араша түсіп, бай біткенді алдап өмір сүріп жатты. Бірақ алдаумен \_\_\_\_\_ өзгертіп, \_\_\_\_\_ аш қарынды тойдыруға болмайтынын ол байғұс кеш түсініпті.

Қажетті сөздер: адам, адам, баспанасы, баласы, туған жерін, қуаныш, жүрегінің, көңіл-күйін, кедейлерге, дүниені, күлкімен.

Видеомен сабақ өткізудің 6-тәсілі: ДҰРЫС-БҰРЫСЫН ТАПТЫРУ;

Бұл тәсіл бойынша киноны көріп болған соң алдын ала дайындалған қағазды таратып береді. Мұнда кино туралы сөйлемдер (хабрлы не сұраулы) берілген. Сөйлемдер дұрыс немесе қате берілген. Дұрыс сөйлемнің соңына «Д» белгісін қойса, қате сөйлемнің соңына «Қ» белгісін қояды.

Видеомен сабақ өткізудің 7-тәсілі: КӨРГЕН ҮЗІНДІ БОЙЫНША СҰХБАТ ҚҰРАУ; Яғни, бұл тәсіл бойынша киноны көріп болған соң білім



алушыларға сұхбат құрау тапсырылады және сұхбатты рөлмен ойнатуға болады.

Видеомен сабақ өткізудің 8-тәсілі: ЕКІ БІЛІМ АЛУШЫ (НЕМЕСЕ ЕКІ ТОП) АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ; Яғни, біреуі құлағын естімейтіндей етіп теледидарға қарап отырады, ал екіншісі киноның дауысын еститіндей болып, теледидарға теріс қарап отырады. Кейін 5-10 минут өткен соң екеуі бірігіп киноны құрастырады. Біреуі естіген-дерін айтса, екіншісі көргендерін айтады.

Видеомен сабақ өткізудің 9-тәсілі: КИНОНЫҢ ЖАЛҒАСЫН ЖОРАМАЛДАЙ БІЛУ; Яғни, кассетаны қойған соң, 5-10 минуттан кейін тоқтатып, бұдан әрі не болатын сұрауға болады.

*2) жаңа сөздерді түпнұсқалық принципті сақтау арқылы меңгерту*

Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілін оқытудың ерекшеліктерінің бірі – «Түпнұсқалық принципті» сақтап оқыту. «Түпнұсқалық принципті» сақтағанда тарихи деректерге сүйенген жөн.

Қазақ графикасы – қоғамдағы түрлі тарихи-әлеуметтік өзгерістерге сәйкес бірнеше жазу нұсқаларына (араб, латын, кирил жазулары) бағындырылған, фонематикалық принципке сүйенетін қазақтың дыбыстық жазуы екеніне тоқтала кетіп, білім алушы қызығушылығын тарихқа бағыттасақ. Тарихқа сүйенсек, Қазақ жеріне Ислам 7-8 ғасырда ене бастады. Исламның түбегейлі орнығуы 751 жылы Тараз қалсының маңындағы Атлах шайқасында арабтардың жеңіске жетуіне айтарлықтай ықпалын тигізді. Х ғ.-дың аяғына қарай Ислам Жетісу мен Сырдариядағы отырықшы халықтың басты дініне айналды. 960 жылы Қарахан әулеті билеушісі Боғра-хан Мұса Исламды мемлекеттік дін деп жариялады. XIII ғасырда Қазақстан жеріне бағытталған моңғол шапқыншылықтары Исламның таралуына біраз уақытқа дейін кедергі келтірді. ХҮ ғасырда Жәнібек пен Керей негізін қалаған Қазақ хандығының мемлекеттік діні Ислам болып жарияланды. Осы дәуірден бастап тілімізде де көптеген өзгерістер пайда бола бастады. Діннің таралуын Түркі даласына келген қожалар орта ғасырларда түрлі сопылық ағымдарды ұстанды. Сондықтан, қазақ даласында араб тілінен енген кірме сөздер көптеп кездесе бастады (25-кесте).

25-кесте. «Түпнұсқалық принципті» сақтап араб тілінен енген кейбір кірме сөздерді игері

Арабша	Қазақша
халал (حلال)	адал
Ғазл (خازل)	әзіл
алам (الام)	әлем
даур (داور)	дәуір
зейин (زيخين)	зейін
китабун (كيتابون)	кітап
махкама (ماخكاما)	мекеме

мәмлакат (ماملاکات)	мемлекет
масжид (ماسجيد)	мешіт
муаллим (مواليم)	мұғалім
насиа (ناسيا)	несие
хукумат (خوكومات)	өкімет
ғұмр (غومر)	өмір
фил (فيل)	піл
сафар (سافار)	сапар
иқбал (ايکبال)	ықпал

Заман талабына сай қазақ тілі түрлі өзгерістерге ұшырып, тілімізге араб-парсы тілдерінен кірме сөздер көбейе бастады. Осы ретте Парсы тілінен енген кірме сөздерге тоқталсақ (26-кесте).

26-кесте. «Түпнұсқалық принципті» сақтап парсы тілінен енген кейбір кірме сөздерді игеру

Парсыша	Қазақша
абру (أبرأو)	абырой
азад (آزاد)	азат
афғар (أفغار)	әбігер
әгәр (آگر)	егер
байрам (بايرام)	мейрам
деһқан (ديخکان)	диқан
душманлық (دشمنلىق)	дұшпандық
зинжир (زنجير)	шынжыр
улка (اولكا)	өлке
инсаф (اينساف)	ынсап
йаран (يزن)	жаран
қарбус (قربص)	қарбыз
оруч (أرج)	ораза
Һәме (خامي)	әмбе
Һимрайй (خيمرايي)	ымыра
чиллехане (چيلخاني)	шілдеhana

Кірме сөздер – тіларалық қарым-қатынас (байланыс) нәтижесінде бір тілден – екінші тілге ауысқан бөгде тілдік элементтер (сөздер, [сөз тіркестері](#), [жұрнақтар](#) т. б.). Көбінесе белгілі бір жаңа ұғым-түсініктің атауы болып келетін кірме сөздер «шет тіл сөздері», «интернационал сөздер», [«варваризмдер»](#), [«калька»](#) сияқты түрлерге сараланып зерттеледі. Осы ретте орыс тілінен енген кірме сөздерге тоқталсақ (27-кесте).

27-кесте.«Түпнұсқалық принципті» сақтап орыс тілінен енген кейбір кірме сөздерді игеру

Орысша	Қазақша
кровать	кереует
кирпич	кірпіш
бутылка	бөтелке
ботинки	бәтеңке
завод	зауыт
сомоуар	самауырын
конфета	кәмпит
стол	үстел
сумка	сөмке
карандаш	қарындаш
резинка	резеңке
стакан	ыстақан
куртка	күрте
бревно	бөрене
счет	шот
ток	тоқ

Кірме сөздердің кейбірінің түр-тұлғасынан, дыбысталуынан қай тілдің еншісіне жататыны белгілі болып тұрса, ал ертеден қолданылып, тілге әбден сіңісіп кеткен кірме сөздің қайсы бірінің түп-төркінін айқындау үшін арнайы этимологиялық зерттеулерге жүгінуге тура келеді. Мысалы, тіліміздегі заң-закон қос сөзінің заңы – орыс сөзі екені баршамызға белгілі, ал төл сөзіміздей болып кеткен заң болса – ерте замандарда қытай тілінен ауысқан лексема.

Абай шығармалары тіліндегі кірме сөздер негізінен екі үлкен топқа бөлінеді: араб-парсы және орыс сөздері. Олардың әрқайсысын ақын өмір сүрген кезеңдегі қалың көпшілікке түсінікті-түсініксіздігіне, актив-пассивтігіне (қолданылуына) қарай іштей екі топқа жіктеуге болады:

1) Араб-парсы сөздері: а) ар, абырой, амал, адал, арам, әскер, әйел, дәулет, дәурен, зайып, зейін, күмән, қадыр, құрмет, қиял, құдай, Алла, молда, мешіт, шәкірт, хат т.с.с.; ә) аррахман, батил, жаһил, исбат, интинжа, мағмұр, мағрифат, мағишат, мәслих, латиф, ниһаят, салахият, тақриб, тахмин т.с.с.

2) Орыс сөздері: а) барқыт, бақалшік, бодан, болыс, закон, зауыт, кір, майыр, мәліш, ләпке, ояз, сияз, сот, старшын, самаурын, сома, партия т.с.с.; ә) виноват, визит, единица, занимайся, здравомыслящий, гуляйттау, миллион, картечь, номер, ноль, прошение, прямота, трагедия, такт, фабрик, электрт. с.с. Сондай-ақ Абай шығармаларындағы калька арқылы жасалған балама тіркестерді де (үміттің нұры – «светило надежды», суық ақыл - «рассудок холодный», қараңғы көңіл - «мрачная душа», жабыраңқы жазған сөз - «стих унылый») т.б. осы топқа жатқызуға болады.

Абай, Шәкәрім және алаш зиялыларының шығармаларындағы кірме (орыс) сөздер (28-39-кестелер)

28-кесте. «Түпнұсқалық принципті» сақтап Абай шығармаларындағы кірме (орыс) сөздерді меңгерту


Абай, Шәкәрім және алаш зиялыларының шығармаларындағы кірме (орыс) сөздер

Орысша	Қазақша
волостной	болыс
мелочь	меліш (сауда)
гулять	гөлайт (көгалды қуып гөлайттап)
штык	штік
картечь	кәртеч
каталажка	кәтелечке
пьяница	пияншік
лавка	лапке
съезд	сьез
уездной	ояз
старшина	старшын
бакалейщик	бақалшік




29-кесте. «Түпнұсқалық принципті» сақтап Шәкәрім шығармаларындағы кірме (орыс) сөздерді меңгерту

Орысша	Қазақша
акт	әкті
божы	вожжи
жалованье	жалуана
генерал	жандарал
ямшик	жемшік
книга	кнеге
кучер	көшір
кровать	кереует
Москва	Мәскеу
повозка	пауеске
приказчик	прказшік
судья	сот
исправник	спарвник
станция	станса
старшина	старшын
церковь	шеркеу
уездной суд	уезной сот




30-кесте. «Түпнұсқалық принципті» сақтап Алихан Бөкейханов шығармаларындағы кірме (орыс) сөздерді меңгерту

Орысша	Қазақша	Орысша	Қазақша
адвокат	адуакат	какос	қақос
автономия	аутономия	медаль	медәл
апрель	әпрел//әпірел	монастырь	монастыр
сентябрь	сентәбр//сентәбір	переводчик	перуәтшік
ноябрь	ноябір	телеграмма	телеграм
декабрь	декабр//декабір	телеграф	телеграп
отрядь	әтряд//әтрәд	уезд	үйез
большевик	бәлшебек	чиновник	шенеунек
высокосный год	бысокос жыл	стакан	ыстақан
география	жағрафия	статья	ыстатия
генерал	жандарал//жанарал	шкаф	ышкаф
журнал	жорнал	штаб	ыштаб
князь	кнәз//кінәз	список	іспісік//іспіскі// спіске//спісік// ыспіскі
метеор	метеуір	спектр	іспектір
электромагнит	електір-магынит	стипендия	істепендия
подрядчик	пәдіретшік		
протокол	протоқол		




31-кесте. «Түпнұсқалық принципті» сақтап Ахмет Байтұрсынов шығармаларындағы кірме (орыс) сөздерді меңгерту

Орысша	Қазақша
губерня	губерне
план	пылан
доклад	доқылад
чрезвычайный	шерезуытшайный
учитель	утшител
съезд	сиез
проект	прройект
сутки	сөтке




32-кесте. «Түпнұсқалық принципті» сақтап Халел Досмұхамбетов шығармаларындағы кірме (орыс) сөздерді меңгерту

Орысша	Қазақша
элемент	элемент
фосфор	поспор
доктор	доқтыр
микроскоп	мекірескөп
натрий	натыр
фибрин	пөбірин
гемоглобин	гемегілебен
лейкоцит	лейкесит
плевра	пілеуір
эритроцит	еритіресит
физиология	пизниелогіе
плазма	пылазма



33-кесте. «Түпнұсқалық принципті» сақтап Жүсіпбек Аймауытов шығармаларындағы кірме (орыс) сөздерді меңгерту

Орысша	Қазақша
телефон	тілфон
телеграмма	ділгірәм
офицер	әпесер
комиссар	кемесер
инженер	енженер
советник	сәбетші
цифра	сипр
бұхгалтер	бұрыққалтер
миллион	мәлнен/мүлнен
президент	пірезидент
минута	мүйнет
стакан	стакан
жеребий	зеребе
бұмажник	құмажнек



34-кесте. «Түпнұсқалық принципті» сақтап Бейімбет Майлин шығармаларындағы кірме (орыс) сөздерді меңгерту

Орысша	Қазақша
объездчик	әбиезшік
большевик	бәлшебек
землянка	земленке
школа	үшкел
протокол	пүртекел
коммунист	кәменес
повестка	пәбеске
аульный	ауылнай
губерния	гүбірне
список	спесік
уезд	уез
газета	кәзет
минута	мүйнет
инструктор	үстіріктер
налог	нәлөк
законник	зәкүншік
мелоч	меліш



35-кесте. «Түпнұсқалық принципті» сақтап 90-жылдардан кейін игерілген кейбір орыс сөздері меңгерту

90-жылдардан кейін игерілген кейбір орыс сөздері

Орысша	Қазақша
завод	зауыт
костюм	кәстөм
галoши	кәлөш
кастрюля	кәстрөл
машина	мәшине
майка	мәйкі
банка	бәнкі
пальто	пәлте
поезд	пойыз
станция	стансы
Пекин	Бейжің
Москва	Мәскеу
Европа	Еуропа
Россия	Ресей

36-кесте. «Түпнұсқалық принципті» сақтап Латын әліпбиіне өту аясында жаңа еміле ережесі бойынша кейбір сөздердің қазақ тіліне бейімделуі

Латын әліпбиіне өту аясында жаңа еміле ережесі бойынша кейбір сөздердің қазақ тіліне бейімделуі

Еміле ережесі	Кириллше	Латынша
ё әрпі ó (ө) әрпімен таңбаланады. Оларға қосымша соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады	манёвр, амёба, дирижёр, режиссёр	manóvr, amóba, dirijór, rejisósr
ц әрпі және сц әріп тіркесі с әрпі арқылы жазылады	цирк, цифр, циркул; медицина, абзац, цех; сценарий, абсцисса	sirk, sifr, sirkýl; medisina, abzas, seh; senari, absisa,
-тч дыбыстар тіркесімен аяқталатын сөздердегі т әрпі түсіріліп жазылады	скотч, скетч, матч	skoch, skech, mach
Жіңішкелік белгісі (ь) бар буынға жіңішке дауыстылардың әрпі жазылады, қосымшалар түбірдің соңғы буынына үндесіп жалғанады, жіңішкелік белгі (ь) ескерілмейді	Ансамбль, пароль, король, алкоголь, альманах, альпинист	ansámbl, paróI, koróI, alkogóI, almanah, álpinis
дж әріп тіркесі бар сөздерде ђ әрпі түсіріліп, қосымшалар үндестік заңы бойынша жазылады	менеджер, джинсы, джентльмен	menejer, jinsy, jentilmen
Сөз аяғындағы -ст, -сть, -зд әріп тіркесінің соңғыла 29 ры түсіріліп жазылады, қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады	журналист, энциклопедист, Еверест, съезд, ведомость, повесть	Jýrnalis, ensiklopedis, Everses, siez, vedomas, povses








37-кесте. «Түпнұсқалық принципті» сақтап Жаңа емле ережесі (жоба) бойынша кейбір шет тілі сөздердің латын әліпбиімен жазылуы

Жаңа емле ережесі (жоба) бойынша кейбір шет тілі сөздердің латын әліпбиімен жазылуы		
Емле ережесі	Кириллше	Латынша
Сөз ортасындағы қайталама <i>сс, мм, лл, тт, фф, нн, бб, рр, пп, гғ, дд, кк, уу</i> дыбыстарын білдіретін әріптердің бірі түсіріліп жазылады:	профессор, грамматика, колледж, аттестат, эффект, баннер, аббревиатура, корреспондент, оппонент, агглютинатив, аддитив, аккаунт, индивидуум	profesor, gramatika, kolej, atestat, efekt; baner, abreviatyra, korespondent, oponent, aglutinativ, aditiv, akaunt, individuum
Сөз соңындағы <i>-нғ</i> әріп тіркесі <i>і (ң)</i> әрпімен жазылады, қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады	паркинг, боулинг, бриффинг, рейтинг	parkin, boulin, briffin, reitin
Ағылшын тіліндегі түпнұсқасында <i>w</i> әрпімен басталатын кейбір сөздер <i>у</i> әрпімен жазылады	WhatsApp (Ватсап), Wiki (вики), Wikipedia (Википедиа), Website (веб-сайт)	yatsap, yiki, yikipedia, yeb-sait
<i>ю</i> әрпі төл сөздерде, сонымен бірге шеттілдік сөздерде сөз басында және дауысты дыбыстан кейін <i>у</i> әріп тіркесімен: <i>алу, олу; lupiter, lirmala; kaluta</i> , ал дауыссыз дыбыстан, айыру белгісі ( <i>ъ</i> ) мен жіңішкелік белгісінен ( <i>ь</i> ) кейін <i>у</i> ( <i>y</i> ) әрпімен таңбаланады:	парашют, глюкоза, дебют, продюсер, люкс, салют, валюта, бюджет, компьютер	parashut, gluksa, debut, produser, luks, salut, valuta, budzet, kompüter

38-кесте. «Түпнұсқалық принципті» сақтап интернационал терминдерді меңгерту

Ағылшынша 	Немісше 	Французша 	Орысша 	Қазақша 
printer	der drucker	imprimante	принтер	принтер
radio	der funk	la radio	радио	радио
computer	der Computer	ordinateur	компьютер	компьютер
interval	der Abstand	espacement	интервал	интервал
cartridge	die Tonerpatrone	cartouche	картридж	картридж
calculator	der Taschenrechner	calculatrice	калькулятор	калькулятор
screen	der Bildschirm	écran	экран	экран
bicycle	das Fahrrad	le vélo	велосипед	велосипед
railway station	der Bahnhof, Hauptbahnhof	station	вокзал	вокзал
train	der Zug	le train	поезд	пойыз
mobile phone	das Handy	téléphone portable	мобильный телефон	ұялы телефон
airport	der Flughafen	aéroport	аэропорт	әужай
keyboard	die Tastatur	clavier	клавиатура	пернетақта

39-кесте. «Түпнұсқалық принципті» сақтап интернационал терминдерді меңгерту [32]

Ағылшынша 	Немісше 	Французша 	Орысша 	Қазақша 
Barell	das Barell	Le baril	Барелль	Барелль
Budget	das Budget	Budget	Бюджет	Бюджет
Vacuum	das Vakuum	Vacuum	Вакуум	Вакуум
Gas	das Gas	Gaz	Газ	Газ
Voltmeter	der Voltmeter	Voltmètre	Вольтметр	Вольтметр
variant, option	die Variante	variante	Вариант	Вариант
glossary	das Glossar	glossaire	глоссарий	глоссарий
vector	der Vektor	vecteur	вектор	вектор
tourist	der Tourist	touriste	турист	турист
temperature	die Temperatur	la température	температура	температура
resource	der Ressource	ressource	ресурс	ресурс
reserve	der Reserve	réserve	резерв	резерв
locomotive	Die Lokomotive	locomotive	локомотив	локомотив
disk	der Disk	le disque	диск	диск
film	der Film	le film	фильм	фильм
platform	die Plattform	la plate-forme	платформа	платформа

3. Жаңа сөздерді синонимдер арқылы меңгерту; Аталған әдісті бастапқы кезеңде қазақ тіліндегі жаңа сөздерді түсіндіру барысында пайдаланудың қажеті жоқ, себебі білім алушылардың сөздік қоры төмен болғандықтан, олар сөздің синонимін таба алмайды. Бұл әдісті сөздік қорын байыту үшін, оқытуды жалғастыру кезеңі мен жоғары кезеңінде белсенді түрде қолданған жөн. Мысалы: мұғалім – ұстаз; білім алушы – шәкірт.

Бірақ, синонимдерді пайдалану кезінде олардың ұғымдары мен стилистикалық тұрғыда әртүрлі қолданылатындығы мен сөздермен таңдап тіркесетіндігін ұғындыру, түсіндіру қажет. Ондай жағдайда суреттерді қолдана аламыз. Мысалы, *ежелгі (көне) қала* – *ескі кітап* (киім, жиһаз) деп бұл сөздердің қай сөздермен тіркесе алатындығын айта отырып, бұл сөздердің барлық сөздермен тіркесе бермейтінін түсіндіреміз. Яғни, *ескі шал* немесе *ежелгі ата* деп айта алмаймыз (8-сурет).

## 8-сурет. Синонимдер

*Ежелгі (көне) қала    ескі орындық*



Сонымен қатар, оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде синонимдер мынадай жағдайларда қолданылатындығын түсіндіреміз:

1. мәтінде бір рет пайдаланылған сөзді қайталамау үшін;
2. бір ұғымды түрлі белгілермен жан-жақты сипаттау мақсатында;

Синонимдер арқылы жаңа сөздермен таныстыра отырып, төмендегідей жаттығулар беріп, меңгерілетін сөздерді бекітуге болады:

1-жаттығу. Мына сөздердің синонимдерін сөздіктен тауып жазыңдар. Синонимдерге сөзді де, тұрақты тіркесті де алуға болады.

Сұлу, қорқақ, үлкен.

4) *Жаңа сөздерді антонимдер арқылы меңгерту*; Аталған әдісті де синонимдер сияқты бастапқа кезеңде қазақ тіліндегі жаңа сөздерді түсіндіру барысында пайдаланудың қажеті жоқ. Тіл үйренушінің лексикалық қоры кеңейген сайын, соғұрлым, антоним сөздерді көбірек пайдалануға болады. Егер, жаңа сөздер құрамындақыс – жаз, ақ – қара, түн – күн, қымбат – арзан, оңай – қиын, келу – кету, т.с.с. сөздерді ойын түрінде өткізу арқылы білім алушылардың сөздік қорын кеңейтуге болады. Антонимдерді төмендегідей суреттер немесе заттарды көрсету арқылы меңгертуге де болады (9-сурет).

9-сурет. Антонимдер

*Қыс- жаз*



*толық*

*арық*



Антонимдер арқылы сөздермен таныстыра отырып олардың, әсіресе, мақал-мәтелдерде жиі қолданылатынын айту қажет. Мысалы, «Көз – қорқақ, қол – батыр». Сонымен қатар, жоғары сыныптарда антонимдер арқылы сөздік қорын байыту барысында қазақ тілінде фразеологиялық антонимдер де көптеп кездесетінін ескерту қажет, мысалы: аты шықты – аты өшті, жүрек жұтқан – су жүрек, соры қайнады – көзі ашылды.

5) *Жаңа сөздерді іс-әрекет немесе пантомима арқылы меңгерту*; іс-әрекет немесе пантомима арқылы көптеген етістіктерді меңгертуге болады. Бұл ретте жаңа сөздер іс-әрекет немесе пантомимада берілген етістіктерді тікелей көрсету арқылы енгізілуі мүмкін. Мысалы, *отыру, жүру, шайнауды* іс-әрекеттер арқылы көрсетсек, *қайнау* деген сөзді шайнектің қайнап жатқанын пантомима арқылы түсіндіруге болады. Адамның көңіл – күйін немесе эмоционалдық жағдайын білдіретін сын есімдердің мәнін ашу үшін мимика сияқты әдістерді қосымша ретінде қолдануға болады, мысалы: *ашулану* сөзін мимика арқылы түсіндірсе, *шаршау* деген сөздің мәнін түсіндіру үшін мұғалім ауыр сөмкелер, пакеттер және қолдарын шайқап, шаршаудан орындыққа ақырын ғана құлап көрсете алады. Білім алушылар мұғалімнің іс-әрекетіне қарап, берілген сөздің мағынасын түсінуге тиісті.

6) *Жаңа сөздерді туынды сөздердің жасалу жолдарын талдау негізінде түсіндіру*;

Жаңа сөздерді туынды сөздерді олардың жасалу жолдары арқылы және жасалуын талдау негізінде түсіндіруге болады. Бұл тәсіл тілді үйренудің барлық кезеңінде қолданылады. Оқыту кезеңіндегі лексикалық минимумдар қазақ тілінің сөздік қорының бір ғана бөлшегі болып табылады. Осыған орай, оқу материалы бойынша берілген лексикалық минимумдар жаңа сөздері көп мәтінді түсінуге мүмкіндік бермейді. Тілді үйренушілердің сөз мағынасын сөзжасам элементтері арқылы анықтай алу қабілетін тілді үйренудің алғашқы сатысынан бастау қажет. Мысалы (10-сурет):

10-сурет. Жұрнақ арқылы туынды сөздің жасалуы



Қазақ тіліндегі туынды зат есім, сын есім, етістіктерді білім алушыларға бастапқы кезеңнен бастап осылай аңғартып отырса, бұдан өзге де туынды сөздердің мағынасын олар түсініп отыратын болады.

7) *Жаңа сөзді санақ (перечисление) арқылы түсіндіру;*

Жаңа сөздерді санамалау арқылы түсіндіру. Бұл дегеніміз жалқыдан жалпыға көшу, бөлшектің бүтінге айналуы арқылы түсіндіріледі. Мысалы: *Жиһаздың қандай түрлері бар?* десеңіз,

11-сурет. Жиһаз



білім алушылар суретте көрсетілген жиһазды үстел, шкаф, диван деп санамалай жөнеледі (11-сурет). Сол сияқты *киімдермен таныстырғанда: пальто, шляпа, көйлек, шарф, костюм, шалбар, қолғап* деп бірінен соң бірін атай бастайды. Осылайша, тілді үйренушілерге апта күндері мен жыл мезгілдері, айлар деп жалпы атауларды берсеңіз, оған қатысты құбылыс пен заттың атауларын білім алушылар өздері сөздіктен тауып келетін болады.

8) *Жаңа сөзді мәнмәтін (контекст) арқылы түсіндіру;*

Қазақ тілінде кейбір сөздердің мағынасы сөйлем арқылы айқындалады. Бұл тұрғыда анық және түсінікті мәнмәтін қолданылуы қажет, демек, тілді үйренуші сөйлемнің білдіретін негізгі ойын, не туралы айтылғанын дұрыс түсіну үшін мәнмәтінді дұрыс түсінуі керек. Мысалы, *оқу* деген сөзді мәнмәтінге қарай әртүрлі түсіндіре аламыз: *кітапты жылдам оқу, жоғары оқу орны, т.б.*

9) *Сөздерді білдіретін мағынасына сипаттама беру арқылы түсіндіру;*

Бұл әдіс көбінесе тілді меңгеруді жалғастыру сатысындағы білім алушылар үшін қолданылады. Мысалы, *шаңырақ, кереге* деген сөздерді меңгерту үшін суреттермен шектелуге болмайды, білім алушыларға олардың мағынасын түсіндіру арқылы жеткізу қажет. Сол сияқты, салт-дәстүрге байланысты *жар-жар, беташар, сүндет той, тұсау кесу, сүйінші, тоқым қағар* деген сөздерге сипаттама беру арқылы түсіндіруге болады. Историзмдер мен

фразеологизмдерді, фольклорлық лексика мен өзге тілден енген сөздерді тек түсіндіру, суреттеу арқылы және басқа да жолдармен негізгі білдіретін мағынасын жеткізген жөн [52].

Білім алушылардың сөздік қорын аталып отырған жаңа сөздерді үйретудің 9 тобына сүйене отырып, үлгілік оқу бағдарламасындағы лексикалық-грамматикалық минимум кестесінде көрсетілген сөздерге қоса күнделікті қолданылатын лексикалық тақырыптар бойынша да толықтырып отыруға тиіспіз.

Осыған орай, кез келген тілді үйренетін білім алушы, ең алдымен, амандасуды білуге тиіс. Сондықтан қазақ тілінде амандасуды біз келесі жолдар арқылы үйретеміз:

1) Бірінші сабақта «Сәлемдесу» тақырыбы бойынша білім алушылар бес сөзбен танысады. Мақсатымыз: тек сөздерді үйрету емес, берілген сөздердің айырмашылығын да түсіндіру.

*Сәлем!*

*Сәлеметсің бе?*

*Сәлеметсіз бе?*

*Сәлеметсіңдер ме?*

*Сәлеметсіздер ме?*

Жаңартылған білім мазмұны бойынша мұғалім бұл айырмашылығын түсіндірмейді, бала ол сөздердің айырмашылығын өзі түсінетіндей дәрежеге жеткізу қажет.

*Ұсыныс:* бір мағынаны білдіретін бес сөздің айырмашылығын көрсету үшін білім алушылардың назарын өзіңізге аударып, осы бес сөздің айырмашылығын білім алушылармен, жеке білім алушымен, үлкен кісімен, екі-үш үлкен кісімен, құрбы әріптесіңізбен амандасу арқылы көрсете біліңіз. Мұғалімнің не себепті бір мағынадағы сөзді 5 түрлі формада қолданғанын түсіну үшін сұрақ

2) Келесі сабақта «Қоштасу» тақырыбы бойынша да дәл осылай 4-5 сөзді меңгертеміз.

*Сау бол!*

*Сау болыңыз?*

*Сау болыңдар?*

*Сау болыңыздар?*

Осылай күнделікті қолданылатын лексикалық тақырыптар арқылы сөздік қорын байыта отырып, рөлдік жағдаяттар арқылы білім алушыларды аудармасыз тек бір тілде сөйлеуге дағдыландырамыз. Берілген лексикалық тақырыптарды үлгілік оқу бағдарламасында көрсетілген ортақ тақырыптармен байланыстырып оқыту ұсынылады.

Жоғарыда көрсетілген 8 топтың барлығы да жаңа сөздерді ойын арқылы меңгерту барысында қолдану өте тиімді. Себебі сөздік қорын дамыту жұмысын ұйымдастыруда ойын ең негізгі орын алады. Мұғалім оқу қызметін ұйымдастыруда танымды және дамытушы ойындар мен тапсырмаларды

қолданғаны жөн. Ойын мен тапсырмаларды таңдауда және іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелігін ескерген жөн. Бастауыш сыныптарда ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын) үш түрлі етіп өткізуіне болады.

Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өткізіледі. Мысалы: «*Менің мектебім*» ортақ тақырыбы бойынша «Кім көп сөз біледі?» – деген ойынын өткізуге болады. Бұл ойында білім алушылар сыныптағы заттарды атап шығады. Кім көп затты көрсетіп, атап берсе, сол жеңімпаз атанады. Ал «Қоршаған әлем» ортақ тақырыбы бойынша «Қай ағаштың жапырағы» ойыны арқылы мұғалім алдын ала дайындалған жапырақтарды көрсете отырып, балалардың сөздік қорын байыта алады.

Үстел үсті ойынын ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданылады. Мысалы: «Кім байқағыш», «4-ші не артық?», «Есінде сақта», т.б. ойындар өткізуге болады. Мұндай ойын түрлерін кез келген тақырыпты бекіту, сөздік қорын байыту үшін қолдануға болады.

Ал сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. Мысалы: «Сөз ойла», «Сөз құра», «Жақсы-жаман», «Жалғастыр», «Үш сөз ата».

Лексикалық материалды бекіту үшін төмендегідей тапсырмаларды да қолданған тиімді (12-сурет).

## 12-сурет. Тапсырмалар




«*Карусель*» әдісі. Бұл әдіс көптеген интерактивті әдістер сияқты психологиялық тренингтерден алынған. Әдетте балаларға мұндай жұмыс түрлері өте ұнайды.

Білім алушылар екі шеңберге бөлініп тұрады: ішкі және сыртқы. Ішкі шеңбер – сыртқы шеңбердегі білім алушыларға қарап отырған қозғалмайтын білім алушылар, ал сыртқы жағында – әр 30 секунд сайын шеңбер бойымен қозғалатын білім алушылар. Олар ішкі шеңберде айнала жүріп, бірнеше минуттың ішінде сол шеңберде отырған білім алушыға бірнеше минуттың

ішінде тақырып бойынша сөздерді атап, сол сөздер бойынша ақпарат беруге тырысады (13-сурет).

13-сурет. Карусель



Мұндай әдіс арқылы «Танысу», «Ұлт», «Қоғамдық орында сөйлесу» және т. б. тақырыптар этикеттік сипаттағы диалогтермен жақсы бекітіледі. Балалар қызықты әңгімелеседі, сабақ қарқынды және нәтижелі өтеді.

Аталып отырған қозғалмалы ойынды етістіктерді, есептік, реттік сан есімдерді қайталау үшін де қолданылуы мүмкін.

*«Сөздегі сұхбат» ойыны.* Аудармасыз оқытуда сөздікпен жұмыс жүргізуді және қажетті лексиканы қызықты сабақта үйрету үшін «Сөздегі сұхбат» ойынын өткізсеңіз болады. Бұл – білім алушыларыңызға сөздікпен жұмыс істеуге және сөздердің мағынасын терең түсінуге көмектесетін ойын. «Сөздегі сұхбат» білім алушылардың сөздікпен жұмыс істеу, жаңа сөздердің мәндерін іздеу жалықтыратын және қызықсыз сабақ деген түсінігін өзгертеді.

*Сабаққа қажетті материалдар*

- \* Сұхбат алу үшін қажетті кілт сөздері жазылған кәртішкелер
- \* Сұрақтар тізімі
- \* Түсіндірмелі сөздік
- \* Қарындаштар

*Дайындық жұмыстары.* Мұғалім сұхбат үшін сөздердің тізімін дайындау қажет. Егер жаңа лексиканы үйрететін болсаңыз, онда келесі сабақта меңгерілетін сөздерді мәтіннен тандауға болады. Сөздің мағынасын түсінуге қиын сөздерді кілт сөздер ретінде аласыз. Оларды кәртішкелерге жазыңыз.

Білім алушылар үшін сөзге қойылатын сұрақтар тізімін басып шығарыңыз.

*Ойынды ұйымдастыру.* Сыныпта жұмыс жұппен жүргізіледі. Жұптың бір білім алушысы сөздің рөлін атқарады, ал екіншісі – журналист.

Мұғалім әр топқа жұмыс және сұрақтар үшін негізгі сөз береді. Жұпта білім алушылар сұрақтарға жауап жазу үшін сөздік қолдана отырып бірге жұмыс істеу керек.

Шамамен 10-15 минуттан кейін, дайындық дәрежесіне байланысты білім алушыларға сыныптастарынан сұхбат алу үшін тыныш және құпия уақыт беріңіз.



Топтар кезек бойынша сынып алдында сөз сөйлейді. Көрермендер әр сөзді ұғынуы керек. Және бұл ең қызықты! Сұрақтар екінші жауапта сөздің анықтамасы беріледі. Синонимдер сөздің нақты мәні болып табылады. Бірақ білім алушыларға барлық сұрақтар қою және барлық жауаптарды тыңдау қызықты.

Егер мұғалім бірінші рет сыныпта «сұхбат» өткізсе, онда ол білім алушыларға қалай жұмыс істеу керектігін көрсетуі тиіс.

Мұғалім сөз болады (мысалы, prose), ал білім алушы – журналист. Сұхбатты ойнаңыз, сіздің жауаптарыңызға театр және эмоционалдық бояуларды қосыңыз:

1. Сізде қай сөз табы бар? Зат есім.

2. Сіздің туыстарыңыз кімдер (синонимдер)? Әңгіме, хат, сөйлеу.

3. Сіз біреуге қастандық жасай аласыз ба? Кім? Неліктен? Ия, басқа адам туралы дәрекі сөздер айтуға немесе жазуға болады.

4. Сіз пайдалы ма? Сіздің мақсатыңыз қандай? Иә, мен оқиға айта отырып, дәстүрлерді сақтаймын.

5. Сізге не ұнамайды? Неліктен? Мен өзі қатыгез болу үшін мені пайдаланатын адамдарды жек көремін.

6. Сізге не ұнайды? Неліктен? Мен айтқанда немесе жазғанда грамматиканы дұрыс қолданғанды жақсы көремін.

7. Сен нені армандайсың? Мен адамдарды жақсы әңгімелер арқылы бақытты ету үшін мені пайдалануды армандаймын.

«Сөздегі сұхбат» ойыны – білім алушылардың сөздерінде жана лексиканы белсендірудің, сөздікті пайдалану дағдыларын бекітудің, сабақта жұмысты қызықты және тартымды етудің тамаша тәсілі.

«Мозаика». «Мозаиканың» ерекшелігі - оның топтық жұмыс істеу үшін құрылуы және ол сөйлеуге және тыңдауға мүмкіндік береді.

Мұғалім барлық сыныпты кішкентай топтарға бөледі (топта шамамен төрт білім алушыдан). Мұғалімнің мұндай бастамасы барлық топтарда гендерлік теңдік сақтап, барлық сыныптың мүмкіндіктері мен қарым-қатынасын көрсетуге арналған.

Барлық бастапқы топқа жалпы тапсырма беріледі. Үлестірме материал ұсынылады. Оқуға арналған материал күрделі емес, әрі көлемі шағын. Егер топта төрт білім алушы болса, онда топқа арналған негізгі тапсырманың ішінде төрт сұрақ немесе тапсырма беріледі. Әр топта сұрақтар мен тапсырмаларды білім алушылар өздері бөледі [53].

Жалпы ойынды ұйымдастыру ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге әзірлік болып табылады. Балаларды ойынның мазмұнымен таныстыру ойынды өткізу болып табылады. Ойынды талдау, бұл ойынның өз мақсатына жетуі, балалардың белсенділігі және олардың іс-әрекеті болып табылады.

Сонымен, балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері

қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

Сонымен қатар, тілді меңгеруде және үйренуде сөздің аудармасыз семантизациясы жоғары деңгейге мүмкіндік береді. Жаңа сөздерді түсіндіруде бір әдіс негізгі болады да, басқа әдістер қосымша болуы мүмкін.

Осылайша, мұғалімнің іс-әрекетін бақылай отырып, білім алушылар жаңа сөздердің мәнін оңай болжайды, ал көрген бейнелер білім алушылардың ұзақ мерзімді жадында қалдырылады.

Білім алушыларға сөздерді беру барысында оларды төмендегі белгілер бойынша іріктеп отыру қажет:

- 1) Тілде жиі қолданылатын сөздер;
- 2) Оңай құралытн сөз тіркестері
- 3) Тақырып, мәтінде кездесетін сөздер;
- 4) Сөз жасау жолдарын түсіндіру үшін қолданылатын сөздер.

Сонымен қатар, мұғалім жаңа сөздерді үйретуде үнемі екі нәрсені есте сақтауы керек:

1. Білім алушы сөзді тыңдағанда, оқығанда мағынасын түсінуі тиіс.
2. Сөйлеуде сөздерді дұрыс, орынды қолдана білуі керек.

Қазақ тілді емес тектептердегі бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасында «Қазақ тілі» пәні бойынша білім алушылардың білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптар «Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреті» (CEFR) деңгейлерін (A1, A2, B1, B2, C1) ескере отырып құрастырылғандығы және білім алушылар бастауыш сыныпты аяқтағанда, қазақ тілін қарапайым A1, A2 (бастапқы) деңгейінде меңгеруге тиіс екендігі көрсетілген. Сондықтан бұл деңгейлерге жету үшін үлгілік оқу бағдарламада әр сыныптан кейін қамтылған лексикалық-грамматикалық минимуммен шектелуге болмайды. Егер A1 деңгейінде біз ең қажетті актив сөздерді меңгертетін болсақ, A2 деңгейінде абстаркт сөздерімен де таныстыруымыз қажет.

Сондай-ақ, сөздік құрамдағы сөздердің қолданылу аясы бірдей емес болғандықтан, жалпылама қолданылатын сөздер мен терминдерге де назар аударып отыру қажет. Кейбір сөздер кісінің мамандығына, кәсібіне, біліміне қарай қолданылса, енді бір сөздер ғылым түріне не жергілікті жер ерекшелігіне байланысты қолданылады. Мысалы: оқулық, шәкірт, көрнекілік, ұстаз, үлгірім – мектеп, ісіне байланысты сөздер, ал ринг, гоңг, раунд, төреші, қарсылас, секундант сөздері спорт ойындарына қатысты. Мұндай сөздер кез келген жерде айтыла бермейді, әркімнің аузынан естіле бермейді. Осылармен қатар адамдардың мамандығына, кәсібіне, біліміне қарамай-ақ күнделікті өмірде, тұрмыс-тіршілікте, қызметте жиі қолданылатын, кез келген орында айтыла беретін сөздерді барынша үйрету қажет. Мысалы: ас, су, ауа, жер, кун, киім, ауыл, ел, қала, көрші, туыс, орын, уй-жай, отыр, жур, кел, бер, ал, сөйле, жақын-алыс, жақсы, әдеп, улкен-кіші, ақыл, тәртіп, т. б. Мұндай сөздердің көптігіне байланысты қазақ тілінің сөздік қорының бай екендігін көрсету қажет. Білім алушылар жалпыға бірдей жиі қолданылатын сөздер болғандықтан,

оларды жалпылама қолданылатын сөздер деп атап, мамандыққа және ғылым мен техниканың әртүрлі салаларына ғана қатысты арнаулы сөздерді терминдер деп аталатынын түсінуге тиіс. Мысалы: Тіл біліміне қатысты сөз табы, септеу, сын есім, зат есім, жалғау, жұрнақ, түбір, тасымал, екпін, үндестік заңы, шылау, одағай сияқты терминдер бар. Әдебиетте кейіпкер, сюжет, бейне, теңеу, композиция, идея, шумақ, ұйқас, эпитет, поэзия, мысал, әңгіме, роман т.б. сияқты терминдер қолданылады. География ғылымына байланысты азимут, полярлық әдіс, компас, масштаб, глобус, меридиан, литосфера т. б. терминдерді айтуға болады. Математика ғылымынан көбейгіш, көбейтінді, азайғыш, айырма, қосынды, бөлгіш, теңдеу, симметрия, координат, пропорционал сияқты терминдер қолданылып жүр. Биология ғылымына қатысты тамыр, жапырақ, өркендер мен бүршіктер, клетка, цитоплазма, органикалық заттар, организм т.б. терминдер бар. Осы тәріздес арнайы терминдер оқу-педагогика, химия, физика, астрономия, медицина, заң, экономика, тарих, этнография т. б. ғылым салалары мен техниканың түр-түріне байланысты да қолданылады.

Жаңа сөздерді есте сақтау тәсілдері барлық білім алушыларға бірдей әсер етпейді. Тәсілді олардың қабылдау (аудиал, визуал және кинестетик) түріне байланысты таңдау қажет.

Сонымен қатар білім алушылардың көпшілігі естігенінің 5% және көргенін 20 % есте сақтайтын, аудио және видеоақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50 % дейін арттыратынын ұмытпаған жөн.

Аудиалдар үшін аудиокітаптар, музыка немесе подкасттар қолайлы. Жаңа сөздерді есте сақтау үшін, дыбыстарды дауыстап оқып, бірнеше рет қайталау және талдау қажет.

Визуалдарға кәртішкелермен жұмыс істеу әдісі, сондай-ақ, басқа да суреттер, кестелер мен көрнекі материалдар жақсы. Оларға субтитрлері бар фильмдер мен сериалдарды көру, сондай-ақ подкасттарды тыңдау кезінде ілеспе сөйлемдерін оқып отырған нәтижелі.

Кинестетиктерге жаңа сөздерді қағазға жазу оңай. Бұл түрге көмекке белсенді қимыл-қимыл келеді: сіз жаңа сөзді қолданғанда жағдайды елестетіп, қолыңызбен бірге қимыл-қимылдарды қайталаңыз. Мысалы, сур сөзін есте сақтаңыз (шыныаяқ) – қолыңызға шыныаяқ алып, оған шай құйыңыз. Кейінірек осы қимылдарды ойнату жағдайды және сөзді есте сақтауға көмектеседі.

Екінші тілді оқытуда үнемі үш негізгі принципті ұстану қажет:

1. Алдымен сөздің дыбысталуын үйрену;
2. Аудармасыз оқыту;
3. Аралық қайталау жүйесін қолдану.

Бірінші принцип – сөздің дыбысталуын үйрену. Кез келген тілді үйрену үшін алдымен сөздердің дыбыстарын үйрену қажет. Себебі сөздерді бірден дұрыс дыбыстап үйренсек, сөздерді де, сөйлемдерді де түсіну және меңгеру әлдеқайда жылдам жүреді.

Екінші принцип – аудармасыз оқыту. Егер екінші тілді үйренуде тіл үйренуші аударманы қолданса, ол сөйлеуге емес, аударуға үйренеді.

Үшінші принцип - аралық қайталау жүйесі. Бұл көбінесе кәртiшкелер бойынша оқытуды көздейдi. Аталған жүйе жоспарлы түрде жүргiзiледi. Ол есте сақтауды жақсартады.

Келесi кезекте сызбаға қайта оралатын болсақ, сызбаның ортасында көрсетiлген «Сөйлем арқылы өз ойын жеткiзу» бөлімін қарастырып көрейiк.

Жоғарыда бiз жаңа сөздердi меңгерте отырып, бiлiм алушылардың сөздiк қорын байыту жолдарын көрсеттiк. Ендi баланың сол сөздер арқылы сөйлемдер құрастырып, өз ойын жеткiзу және естiген немесе оқыған сөйлемдердiң мағынасын түсiнуге көмектесетiн жолдарына тоқталайық.

Сөйлем құрастыруды қазақ тiлдi мектептерге үйрету қиындық туғызбауы тиiс, өйткенi қазақ мектебiнде оқитын балаға қазақ тiлi ана тiлi болғандықтан, ол бұл тiлде емiн-еркiн сөйлейдi. Ал оқыту қазақ тiлiнде жүргiзiлмейтiн мектептердегi бiлiм алушыларға қазақ тiлiн екiншi тiл ретiнде үйрету барысында бастапқы кезде сөйлемдер құрастыруға үйрету үшiн мұғалiмге көп iзденуге тура келедi.


Сөйлемдер құрастыруды, ең алдымен, хабарлы сөйлемнiң құрымымен таныстырған жөн. Ол үшiн «Мозайка» әдiсi бойынша сөйлемдегi сөздердi бiрнеше рет қайталай отырып, сұрақтар арқылы сөздердiң орын тәртiбiн көрсету қажет. Мысалы, бiлiм алушылармен *бара жатыр* деген сөздi меңгерткен соң, сөйлемдер құрастырамыз. Алдымен *бара жатыр* деген сөздi аламыз да, оған **кiм** *бара жатыр* деп сұрақ қоямыз. Содан кiмнiң орнына Аня деп жауап бере отырып, сөз тiркесiн, одан *Аня қайда бара жатыр?* *Аня мектепке бара жатыр* деп сөйлем құрастырамыз (40-кесте).

#### 40-кесте. Сөйлем құрастыру

The diagram illustrates the construction of a sentence. At the top, a girl with a backpack is walking. Below her are two boxes: "Аня" on the left and "бара жатыр." on the right. Below these are three orange buttons: "Аня", "мектепке", and "бара жатыр."

Осылай құрастырып болған соң, сөздердi араластырып бiлiм алушылардың өздерiне сөйлем құрастырып үйретемiз және сұрақтар мен суреттердi қолдана отырып сөздердiң орын тәртiбiн есте сақтауын көмектесемiз (41-кесте).

#### 41-кесте. Сөздердің сөйлемдегі орын тәртібі



Бірнеше рет қайталаған соң, сөйлемді толықтырып отырамыз.


Мысалы, *Аня мектепке кіммен бара жатыр? Аня мектепке анасымен бара жатыр.*

Алғашқы сабақтарда осындай әдістерді қолдана отырып, білім алушылардың назарын баяндауыш сөйлемнің соңында, ал бастауыш сөйлемнің басында тұратындығына аударамыз.

**Келесі кезекте** сұраулы сөйлемдердің жасалу жолдарымен таныстырамыз. Бастапқы кезде сұраулы сөйлемнің 2 түрлі жасалу жолын:

- 1) – ма/ме, ба/бе, па/пе сұраулы демеуліктері арқылы (42-кесте);
- 2) Сұрау есімдіктері арқылы арқылы түсіндіреміз.

#### 42-кесте. Сұраулы сөйлем



Осындай үлгіде бірнеше сөйлем құрастырып үйретіледі.

**Грамматиканы меңгерту.** Кез келген тілде сөйлем құрастыру үшін, ең алдымен, грамматиканы да жақсы білу керек. Алайда, жаңартылған білім мазмұны бойынша бұрынғыдай грамматикаға жеке тоқталып отырмаймыз. Грамматика коммуникативтік контекстінде оқытылады, яғни грамматиканы белгілі бір контекст, коммуникативтік жағдаят негізінде оқытамыз.

Грамматикалық ережені білуден гөрі орынды және дұрыс қолдануына мән беріледі.

Мәтіндердің стилі мен жанрына байланысты, коммуникативтік жағдаятқа байланысты білім алушы грамматикалық бірліктерді дұрыс тандай алуы тиіс.

Ауызша және жазбаша мәтін құрауда грамматикалық бірліктер мен құрылымдарды түрлендіріп қолдана білуі қажет.

*Грамматиканы үйрету кезеңдері:*

- Грамматиканы оқытуға дайындау (презентация);

- Грамматикалық ұғымдарды түсіндіру, белсендіру (практика);
- Грамматикалық ұғымдарды бекіту тапсырмалары (продукт).

Сабақ жоспарында грамматиканы үйрету кезеңдері толығымен сақталып құрылса, бір сабақты толығымен қамти алады.

*Грамматиканы оқытуға дайындау:*

- Білім алушыларға тақырып бойынша жағдаят ұсынылады. Мәтін, сурет беруге болады;
- Білім алушылар сурет не мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, талқылайды;
- Білім алушыларға үйретілетін грамматикалық бірліктерді арнайы сұрақтар ішіне қосуға болады;
- Мұғалім сурет не мәтін арқылы дайын грамматикалық бірлікке құрылған мысалдар ұсына алады;
- Мұғалім бөлменің суретін көрсете отырып, жағдаятты ұсынады;
- «Бүгін осы бөлмеге ұры түсті. Ол нені ұрлап кетті деп ойлайсындар?» «Ол ноутбукты ұрлап кетті ... Ол әшекейлерді алды...» деген жауаптарды білім алушылардан алуға тырысады;

Осы жағдаяттан соң жедел өткен шақтың жасалуын таныстыруға болады.

*Грамматикалық ұғымдарды түсіндіру, белсендіру тапсырмалары:*

- Грамматикалық бірліктер мен құрылымдарды мысалдар, ереже негізінде түсіндіреді;
- Практикалық жаттығулар ұйымдастырады;
- Білім алушылардың грамматикалық бірліктерді дұрыс қолдануын қадағалайды;
- Алайда тым көп теориялық ақпарат беруден абай болу керек.

*Тапсырма үлгілері (43-кесте).*

43-кесте. Тәуелдік жалғау

<b>Тәуелдік жалғауы</b>				
<b>Жақ</b>	<b>Соңғы дыбыс</b>			
	<i>Дауысты</i>		<i>Дауыссыз</i>	
	<i>Жуан буын</i>	<i>Жіңішке буын</i>	<i>Жуан буын</i>	<i>Жіңішке буын</i>
<b>1-жақ</b>	-м	-м	-ым	-ім
<b>2-жақ</b>	-ң	-ң	-ың	-ің
	-ңыз	-ңіз	-ыңыз	-іңіз
<b>3-жақ</b>	-сы	-сі	-ы	-і

*1-тапсырма. Төмендегі сөздерге тәуелдік жалғауын дұрыс қойып көр!*

*Менің көз... қара.*

*Оның бой... қысқа.*

*Әкемнің қас... қалың.*

*Сенің шаш... ұзын.*

*Олардың достар... көп.*

*2-тапсырма. Мұғалім белгі берген сәтте тәуелдік жалғауын қолданып, көршіңе үш сипаттама бер!*

*Мысалы: Анардың бойы ұзын*

*3-тапсырма. Суреттегі жұлдыздар кімдер?*

*Олардың мамандығы кім? Тәуелдік жалғауын қолдана отырып, жазбаша портретін жасап бере аласың ба?*

*Грамматикалық ұғымдарды бекіту тапсырмалары*

• Сабақтың бұл кезеңінде білім алушыға ауызша не жазбаша мәтін құру тапсырмаларын беруге болады.

• Критерии ретінде сабақта өткен грамматикалық бірлікті қолдану ұсынылады.

• Білім алушылар мәтін құру талаптарын орындап жұмыстарын таныстырады.

• Мұғалім мәтінді бағалай отырып, берілген грамматикалық бірліктің дұрыс қолданғанын тексереді. Басқа грамматикалық қателіктерге баса назар аудармайды.

Жоғарыда көрсетілген грамматикалық мәселелерді қарастыру барысында байқайтынымыз, жаңартылған білім мазмұны бойынша біз білім алушылардың грамматикалық дағдыларын қалыптастырып отыруымыз қажет. Ал ол үшін дайындық (немесе жаттықтыру, тілдік), шартты-сөйлеу және сөйлеу жаттығуларын қамтитын жаттығулар жүйесі қолданылады. Жаттықтыру жаттығуларын да, шартты-сөйлеу және сөйлеу жаттығуларын да ойын түрінде өткізуге болады.

Жаттықтыру жаттығулары жеке күйінде коммуникацияға қатысуға үйретпейді. Арнайы жаттығулар арқылы жекелеген элементтерді, грамматикалық құрылымдарды пысықтау – тілді тиімді меңгерудің міндетті кезеңі.

Тиісті автоматтандыруды қалыптастырумен байланысты ауызша сөйлеудің грамматикалық жағын оқыту келесі жаттықтыру жаттығулары арқылы тиімді жүзеге асырылады:

- имитативті;
- түсіне отырып таңдау жасау жаттығулары;
- орындарын ауыстыру жаттығулары.
- трансформациялық жаттығулар;
- сөйлемдерді толықтыруға арналған жаттығулар;
- аналогияға арналған жаттығулар;
- стандартты түрдегі сөйлемдерді қолданылатын жаттығулар;
- нұсқаулыққа сәйкес сұрақтарға жауап беру;
- сұраққа қарама-қарсы жауап беру;
- берілген сөздермен сөйлем құрастыру.

Сондай-ақ, грамматиканы меңгертудің басқа да жолдарын ұсынуға болады. Грамматика – негізгі мақстатқа жету құралы болғандықтан, тілдердің құрылымдық ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ тілі агглютинативті тіл екенін түсіндіріп, қазақ тілінің грамматикасын формулалар арқылы оқыту өте тиімді. Дайын формуларды білім алушы есте сақтайды да, осы формула арқылы кез келген өзі білетін, сөздерін грамматикалық дайын қалыптарға салып, оларды тіркестіріп, сөйлемдер құрай алады.

*Имитативті жаттығулар.* Лексикалық бірліктерді, грамматикалық модельдерді бекіту және оларды сөйлеуде автоматтандыру үшін, яғни фонетикалық, лексикалық және грамматикалық дағдыларды қалыптастыру үшін қолданылады. Білім алушылар оқытушының соңынан фразаны қайталайды. Тапсырманың анықтамасы: «Тыңдаңыз және қайталаңыз. ...назар аударыңыз».

*Түсіне отырып таңдау жасау жаттығулары.* Меңгерілген материалды автоматтандыруға бағытталған. Білім алушылар грамматикалық форманы жақсыбіле отырып, таңдау жасайды. Тапсырманың анықтамасы: «Дұрыс форманы таңдаңыз»

Мысалы. Тапсырма: дұрыс пішінді таңдаңыз.

1. (қонақ үй)-ге \_\_\_\_\_ келу (қайда?)  
(қонақ үй)-де \_\_\_\_\_ өмір сүру (қайда?)
2. (стадион)-да \_\_\_\_\_ жүгіру(қайда?)  
(стадион)-да \_\_\_\_\_ жарысу (қайда?)

*Орындарын ауыстыру жаттығулары.* Бұл жаттығуларда үлгі бойынша сөзді немесе сөздерді ауыстыру керек. Жаттығу үлгілері:

- сөздерді өзгертпей орындарын ауыстырып қою;
- сөздің өзгеруіне байланысты орындарын өзгерту;
- басқа сөзбен ауыстыру.

Мысалы. 1-тапсырма: кестені толтырыңыз (44-кесте).

44-кесте. Тапсырма үлгісі

олар	ол(ұлға)	ол(қызға)
Шведтер Болгарлар	белорус испаниялық	америкалық әйел мексикандық әйел

*Трансформациялық жаттығулар.* Мұндай жаттығулар *орындарын ауыстыру жаттығуларына* қарағанда күрделі сипатымен ерекшеленеді. Мысалы: сөздің болымсыз түрін жазыңыз. Санды, түрін және т.б. өзгертіңіз.

*Сөйлемдерді толықтыруға арналған жаттығулар.* Мұндай жаттығулар ұсынылған сөйлемді қосымша сөздермен жылдам толықтырып айтуды қажет етеді.

Мысалы: сөйлемді аяқтаңыз.

Мен ... оқимын . Мен ... тұрамын. Мен жазда ... жұмыс істедім.



*Аналогияға арналған жаттығулар.* Тапсырмалар сұрақ пен жауаптардан тұрады. Сұрағының ішінен жауап беруге қажетті сөзді табуға болады .

Мысалы: сұраққа жауап беріңіз.

Жас жігіт мектепке бара жатыр. Ол қайда бара жатыр?

Ол мектепке бара жатыр.

*Стандартты түрдегі сөйлемдерді қолданылатын жаттығулар.* Тапсырма стандартты сөйлемдерді қамтиды. Жаттығудың мақсаты-оқыту барысында білім алушыларды автоматты түрде жауап беретіндей деңгейге жеткізу.

Мысалы: жауап бере отырып«өтінемін, .... беріңізші» деген сөздерді қолданып отырыңыз.

- Кітапты сұраңыз.

- Өтінемін, кітапты беріңізші!

*Нұсқаулыққа сәйкес сұрақтарға жауап беру.* Сұрақтар мен нұсқаулық беріледі, оларға дұрыс жауап беру қажет.

Мысалы: нұсқауға сәйкес жауап беріңіз немесе жоқ.

- Сіз көркем фильм көрудіжақсы көресіз бе? (Иә)

- Иә, мен көркем фильм көрудіжақсы көремін.

*Сұраққа қарама-қарсы жауап беру.* Хабарлы сөйлемнен кейін сұрақ қойылады. Сол хабарлы сөйлемге сүйене отырып, қарама-қарсы жауап қайтарасыз.

Мысалы: қарама-қарсы жауап беріңіз.

- Мен кеше жаттығуда болдым. Ал сен ше?

- Мен кеше жаттығуда болған жоқпын.

*Берілген сөздермен сөйлем құрастыру.* Сөздер беріледі. Осы сөздерден сөйлемдер құрастыруқажет. Тапсырма түрлері:

- сөздер қажетті грамматикалық формада берілген;

- сөздер бастапқы түрде берілген.

Мысалы: сөйлем құрастырыңыз.

- Ригада, экскурсияға,кеше, мен,бардым.

- Кеше, Рига, экскурсия, мен.

Кеше мен Ригада экскурсияға болды [54].

Әрине, бұл тек бастауыш сыныптарда жүргізілетін жұмыстар. Ал білім алушылар сөздік қорын байыта отырып, сөйлемдер құрастыра алатындай деңгейлерге жеткен кезде тапсырмалары да күрделенеді.

Білім алушылар сөйлем арқылы өз ойын жеткізе білуге үйрету үшіннемесе оқыған сөйлемдерін түсіну үшін төмендегідей әдіс-тәсілдер қолдану тиімді:

1) *«Комикс» әдісі;* Білім беру саласында, оның ішінде тіл үйретуде комикстер еуропалық білім беру кеңістігінде бұрыннан қолданылып келе жатыр. Комикстерді білім беру ресурсы ретінде кез келген жастағы адамдарға пайдалануға болады (мұнда тек тілді білу деңгейі мен мазмұнын ескеру қажет). Комикстер шетелдік білім беруде адамның өз ойын тұжырымды берудің табиғи жолы ретінде де жоғары бағаланып жүр.

«Комикс дегеніміз – әртүрлі сюжетті суреттер арқылы белгілі оқиғаға білім алушылар өздері құрастыратын әңгімелері». Педагогика ғылымдарының кандидаты Ш.Д.Абдиева комикс жасау арқылы адамның шығармашылық, логикалық ойлау қабілетін қалыптастыратынын, қазақша сөйлеу мен жазу (сюжеттегі рөлдердің сөздерін жазу арқылы) қабілетін дамытатынын айта келе, әлемдік әдістемеде қолданылып келе жатқан комикс жасаудың мынадай жолдарын көрсетеді:

- \* интернеттегі «Paint» бағдарламасымен салынған суреттер;
- \* дайын анимацияларды пайдалану;
- \* мультфильмдерді пайдалану;
- \* суреттерге түсіріп, түсірілген суреттерді пайдалану т.б.

Тілді үйрету барысында комикстерді қолданудың мәні зор. Оқытушы қазақ тілін үйрету барысында төмендегі тапсырмаларды құрастыра алады:

- сұрақ қоюға үйрету;
- шағын диалог құрастыру;
- берілген суреттер арқылы әңгіме, ертегі, мәтін құру;
- өтілген тақырыпты қорытындылау т.с.с. мақсаттарды шешуге болады.

Комикстерді сабақта қолданудың мынадай артықшылықтары бар. Олар:

1. Комикстерде қарапайым сөйлеу тілі қолданылады;
2. Комикстерде орын тапшылығына байланысты диалогтар өте қысқа, жинақы, ықшам түрде беріледі;
3. Сурет арқылы комикс мәні түсінікті болғандықтан, жаңа сөздерді есте сақтау оңайлай түседі.

Қазақ тілді дайын комикстердің жоқтығын ескере отырып, біз өз сабағымызда комикстерді пайдалануда комикс жасаудың бір тәсілі боп саналатын «Қошқар мен теке» мультфильмін қолданып көрдік. Алдымен мультфильмнен үзінді көреміз. Себебі, 15 минуттық мультфильмнің бәрін көрудің маңызы шамалы. Өйткені, мультфильмдер тіл үйрету мақсатында түсірілмейді, сондай-ақ 3 минуттан асатын бейнесюжет ересек аудиторияны тез жалықтырып жібереді әрі көрген сюжетті есте сақтау көрсеткішін төмендетеді. Сондықтан біз алған мультфильмімізді сабағымыздың бір элементі ретінде ғана пайдаланамыз.

Мысалы, осы мультфильм арқылы төмендегі тапсырмаларды орындауға болады.

Тыңдалымды меңгерту үшін:

Көрген мультфильм бойынша көпқадрлы суреттер жасап, тыңдаушыларға ұсынамыз. Олар сюжет желісі бойынша толық комикс құрастыруы қажет.

Комикстегі репликаларды еске түсіру арқылы орналастыру;

Оқылымды меңгерту үшін:

Мазмұны өте қысқа сюжетті алып оқимыз, лексикалық бірліктер мен сөйлем оралымдарын талдап, қысқаша мазмұндаймыз.

Жазылымды меңгерту үшін:

A1, A2 деңгейде қарапайымдау комиксті тандап аламыз. Түпнұсқасын қарап алып, соңынан кейбір сөздері алынып тасталған көшірмесін ұсынамыз. Не жазылғанын есімізге түсіруге тырысамыз және жазамыз. Ал B1 деңгейде

кейіпкерлердің не айтуы мүмкін екенін ойдан шығарамыз (сөйлемдердің басы мен соңы тірек сөздер ретінде ұсынылады) да, кейін салыстырып қараймыз. В2 және С1 деңгейлерде сөзсіз берілген комикстерді алып сюжетті мәтін құрастырамыз.

Айтылымды меңгерту үшін:

Комикстегі репликаларды төл сөз немесе төлеу сөз түрінде беру;

Комикстегі сөздерді өзгертіп айту, яғни мағынасы жақын сөздерді алып өз сөзімен беру;

Түсіріліп берілген сөздердің орнына тиісті сөздерді қою (14-сурет);

#### 14-сурет. Комикс



Тыңдаушыларға екінші репликасы түсіп қалған шағын диалогты комикс беріледі, олар осы диалогты толық құрастыруы керек. Соңында берілген комикс негізінде рөлдік ойын ойнатылады. Ал В2 және С1 деңгейлерінде тапсырманы топтың деңгейіне сәйкес түрлендіріп күрделендіруге болады. Мысалы, комиксте берілген мәтінді оқимыз, сосын осы мәтінді қысқа әңгімеге айналдырамыз. Бұл үшін қосымша лексикалық бірліктер қажет болады. Құрастырылған әңгімені рөлге бөліп оқыған кезде өте қызықты болып шығады.

Қазіргі таңда тілді үйретуші оқытушының алдына қойылған талаптардың бірі – тіл үйренушілерді сөйлету болып тұр. Осы талаптың үдесінен шығу мақсатында комикстерді тілді оқытудың қарапайым деңгейінен бастап жоғары деңгейіне дейін қолдануға болады. Комикстер мазмұнында қысқа хабарламалар болатындықтан грамматикалық формаларды, лексикалық бірліктерді меңгере алады, сондай-ақ комиксте берілген суреттер сөйлеу бірліктерін толық түсінуге және есте сақтауға көмектеседі [55].

Білім алушылар суретті комикстерге қарап, болжау арқылы да мағынасын түсіне алады.

#### 1) «Графикалық органиайзерлер»

Білім алушыларға өзін-өзі бағалауда көмек көрсету үшін графикалық органиайзерлерді қолдану да тиімді. Графикалық органиайзерлер туралы тараудың басында айтылған.

#### 2) «Домино»

Қағаз қиындылары домино пішіндес қиылып, ортасынан қаламмен сызылады. Топтағы бірінші білім алушы оң жақ бөлігіне сұрақ жазады, келесі білім алушы келесі домино парақшасының сол жағына сол сұрақтың жауабын жазып, оң жағына өз сұрағын береді, тиісінше келесі білім алушы өз доминосына осындай жазба қалдырады.

Барлық топ өз доминоларын жасап болған соң, араластырып, көршілес топқа домино қиындыларын құрастыруға ұсынады. Әрі жылдам, әрі дұрыс құрастырған топ жеңіске жетеді.

Сол сияқты бұл әдістің екінші түрі де бар. Оны «Домино - 2» деп атайық. Мұнда қатысушылар столды жағалай отырады. Қолдарына открытка қиындылары немесе балаларға арналған суретті лото не әріптерден қиылған карточкалар таратылып беріледі. Бірінші қатысушы өзінің суретіне байланысты әңгімені бастайды. Бұл ертегі, қияли, күлкілі әңгіме т.с.с. болуы мүмкін. Ең бастысы, қолындағы сурет қамтылуы тиіс. Осы суреттің қиындысы бар келесі ойыншы әңгімені жалғастыруы керек. Осылайша басы бүтін бір әңгіме айтылып шығады.

3) Сөйлемнен алынып тасталған сөздердің орнын толтыру

Білім алушылар мәтіндегі қалдырылып кеткен сөздердің орнын толтырады.

Тапсырмада қалдырып кеткен сөздер беттің төменгі бөлігінде орналастырылуы (кәте тәртіпте) мүмкін.

Мысалы:

Бұл \_\_\_\_\_ түн болатын. \_\_\_\_\_ қиылысқан \_\_\_\_\_ секілді жап-жарық қылып сәулелендіріп тұрды. \_\_\_\_\_ бұрын ешқашан \_\_\_\_\_ сияқты болған жоқ.

4) Даналық ағашы

Білім алушылар ішінен бір жүргізуші сайланады. Жүргізушінің қолында қорап немесе сандықша болуы керек. Білім алушылар тақырып бойынша ашық сұрақтар құрастырып, жүргізушіге береді. Сұрақтар құрастырылып біткен соң, білім алушылар сандықшадан кез келген сұрақты алып, дауыстап оқиды, толық жауап беруге тырысады. Қойылған сұрақпен берілген жауап бағаланады [56].

5) Атаулар туралы үш сұрақ

Бұл әдісті жоғары сыныптарда қолданған жөн.

Мұғалім сабақ басында жаңа тақырып бойынша үш терминді тақтаға жазып, білім алушыларға осы атауларға қатысты мынандай сұрақтарға жазбаша жауап беруді тапсырады:

1. Қайда? Бұл терминдерді сіз бұрынырақта қайда және қандай мағынада кездестіріп едіңіз?

2. Қалай? Өз тәжірибеңізбен осы атауларды қолданудың мысалдарын келтіре аласыз ба?

3. Қандай? Осы сабақта бұл атаулар қандай қолданыста болады деп ойлайсыз?

Әдеттегідей бұл жұмысты білім алушылардың жеке, жұппен (шағын топ ішінде) ауызша немесе жазбаша орындауы ықтимал. Содан кейін мұғалім бірнеше білім алушының пікірін тыңдайды.

Аудармасыз оқытуды мәтіндік-имитативті және құрылымдық-имитативті бағыттарға бөліп қарастыруға да болады. Біріншісі бағыты мәтінмен жұмыс істеуге негізделеді: мұғалім мәтінді оқиды немесе қимылмен, мимикамен, түрлі көрнекі құралдарды түсіндірумен және көрсетумен бірге әңгімелейді. Мәтінді

аудару мүлдем қарастырылмайды. Содан кейін білім алушылар лексикалық және грамматикалық материалдарды меңгеру үшін имитативті-репродуктивті сипаттағы тапсырмалар алады.

Құрылымдық-имитативтік бағыт сөйлем-құрылымын оқыту бірлігі ретінде пайдаланады. Құрылымдармен жұмыс тілдік жаттығулардың көмегімен жүргізіледі, олар ауызша сөйлеуде осы құрылымдарды пайдаланудың стереотиптерін жасау үшін бірнеше рет қайталануын қарастырады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында (оқыту қазақ тілінде емес) білім алушылардың білім, білік және дағдыға қойылатын талаптары «Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреті» деңгейлерін (B1, B2) негізге ала отырып, айқындалған. Ал жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт) білім алушылардың білім, білік және дағдыға қойылатын талаптары CEFR – Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреті деңгейлерін (B2-C1) негізге ала отырып айқындалған. Сондықтан бұл деңгейде тілді білетін білім алушылар тек сөйлем құрастырумен шектелмей, орта және көлемді мәтіндерді оқығанда, тыңдағанда, емін-еркін түсініп, өз ойын ауызша да, жазбаша да жеткізе білетін деңгейде болуға тиіс. Білім алушылардың тілді білу деңгейін осындай дәрежеге жеткізу үшін мәтіндермен көп жұмыс жүргізілуі тиіс.

Сызбаның ең соңғы бағанына келетін болса, мұнда аудармасыз оқытудың «Мәтін арқылы коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру» сияқты үлкен мәселені қарастырамыз.

Білім алушы сөздерді меңгере отырып, сөздік қорын байытқан соң сөйлемдер құрастыра бастайды. Сөйлемдер арқылы өз ойын жеткізеді. Ендігі міндетіміз: баланы коммуникативтік қарым-қатынасқа түсуге үйрету. Бұл ретте қатысымдық әдісті қолданған тиімді деп ойлаймыз.

Бірінші бөлімде қатысымдық әдісқешолу жасалған еді. Қатысымдық әдіс туралы қосымша түсінік беретін болсақ, бұл - білім алушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын; белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын; тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларына тән басты белгілер мен қағидалардың жүйесінен тұратын; тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым- қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі.

Қатысымдық әдістің басты белгісінің бірі - тілді үйретуді күнделікті өмірде жүзеге асыру, сабақты практикалық жағынан жан-жақты қамтамасыз ету. Мұнда оқу сырттай немесе жеке ара күйде іске аспайды, адамдардың іс жүзіндегі өзара іс-әрекеті үстінде, ауызба-ауыз сөйлесуі, тілдесуі арқылы болады.

Қазақ тіл біліміне қатысты шыққан еңбектерде коммуникатив деген сөз алпысыншы жылдардан бастап кездеседі.

Қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне оқыту барысында қолданылатын қатысымдық әдіс өзіндік принциптері арқылы ажыратылады.

Қазақ тілін қатысымдық әдіспен оқыту жүйесінде айқындала бастаған мынадай принциптерді атап өтуге болады.

1. Тіке байланыс
2. Адамның жеке қабілетін ескеру
3. Сөйлеуге үйретуде жүргізілетін жұмыстардың түрлерін айқындау
4. Сатылап даму
5. Динамикалық өзгеру
6. Өзектілік

Қазақ тілін үйретуде қатысымдық әдісті пайдаланудың ең тиімді жолы – оның тіке байланысқа негізделіп, адам мен адамның тікелей қарым-қатынасы арқылы тілді үйретуді жүзеге асыруында [31].

Тілді оқытуды үйренуші мен үйретушінің арасында бір-бірімен көзбе-көз кездесу, ауызба-ауыз тілдесу, яғни тікелей қатынасы арқылы болады. Бұл қатысымдық әдіс арқылы ғана жүзеге асатын ерекшелік. Өйткені тілдік қатынастың өзі адамзаттың бір-бірімен тікелей қарым-қатынасына, пікірлесуіне, сөйлесуіне негізделген. Сондықтан қатысымдық әдісті қолданудың басты шарты – бүікл оқыту жүйесінің тікелей байланыс арқылы мүмкіндігінше жиі болуы. Сонымен қатар сабақ жүргізу аудиторияда, одан тыс жерлерде және қандай болсын біржақты (тек білім алушы арқылы, не оқытушының жеке өзі арқылы болмайды) емес, тек екі жақтан бірдей болатын (білім алушы мен оқытушының, үйренуші мен үйретушінің қатар іс-әрекеті арқылы) қатынас арқылы болады.

Қатысымдық бағдарлы оқу әрекетінің маңызды құрылымдық элементтерінің бірі – қатысымдық тапсырмалар тіл үйренушілердің орындайтын дәстүрлі тілдік, грамматикалық тапсырмаларындай емес, қатысымдық дағдыларды қалыптастыруға бағытталып, сөйлеу әрекетінің барлық түрін дамытуға негізделіп жүргізіледі [31].

Қазақ тілі сабақтарында білім алушылардың айтылым дағдысын қалыптастыру жаттықтырушы тапсырмаларды қажет етеді. Ғалым З.Бейсембаеваның айтуынша: «Тілдік құбылыстар тек жаттығу арқылы, бірнеше рет орындалатын (әртүрлі формада, әртүрлі мақсатта) жаттығулардың негізінде білім алушының дағдысына айналады, есінде ұзақ сақталады.

Құбылыс немесе объект, үдеріс туралы ақпараттың бір бөлігінің толық, екінші бөлігінің белгісіз болып берілуі жолымен жасалған қатысымдық тапсырмалар тіл үйренушінің өз бетімен ізденуі, қатысым әрекетіне түсуі нәтижесінде оқытудың тұлға аралық белсенді сипат алуын көздейді.

Қатысымдылық оқып үйренетін екінші тілді табиғи және шынайы түрде қоғаммен қарым қатынас жасау үшін пайдалануды талап етеді.

Қазақ тілін аудрамасыз оқытуда қатысымдық әдіс ойын түрлері негізінде жүзеге асырылады.

Қатысымдық ойындар аудиторияда жағымды көңіл-күй тудырып, жайлы тілдік қарым-қатынастың қалыптасуына ықпал жасайды. Әрбір нақтылы сөйлеу жағдаятын ойнау арқылы талдап отырудың негізінде ұжым ішіндегі қарым-қатынас мәселелерін басқарудың әдісі мен стилін жетілдіру, мінез-құлқы қабілетін дамыту жатыр.

Қатысымдық ойындарға *рөлдік жағдаяттар* да жатады.

Білім алушыларға қазақ тілін нәтижелі үйрететін рөлдік жағдаяттың мәні мен маңызы мынадай:

– рөлдік жағдаят жасау арқылы қазақ тілі сабағында білім алушылардың қоғамдық ортада еркін формадағы тілдік қатынасқа түсуіне, әлеуметтік ортаға енуіне ықпал етуге болады;

– рөлдік жағдаят негізінде білім алушыларға тілдік қатынасты ынталандыра үйрету барысында олардың білігін, бейімін, дағдысын қалыптастырып, табиғи жағдайды еркін меңгертуге мүмкіндік жасайды.

Тұжырымдай айтқанда, рөлдік жағдаят – қоршаған орта мен қоғамдық-әлеуметтік ықпалдарға қатысты білім алушылардың өзара пікірлесіміне мүмкіндік беретін, мұғалімнің оқу әрекеті барысында ұйымдастыратын, білім алушының тілдік дағдыларын меңгеру қажеттілігін қанағаттындыратын, білім алушыны тілдесім жасауға ынталандыратын сабақ қалыбы.

Рөлдік жағдаят ұйымдастыруға негіз болатын оқу материалдары білім алушының әлеуметтік рөліне орай күнделікті өмірде, оқу әрекетінде, т.б. қарым-қатынаспен байланысты пікірлесім жасай алуына ықпал етеді, ұсынылатын тапсырмалар да білім алушының өз өмірімен сабақтас беріледі.

Рөлдік қатынас жасау жағдаяты да, материал ұсыну жолы да сыныбына қарай өзгертіліп отырады. Тақырыпқа сай рөлдік жағдаят ұсынылады. Білім алушы табиғи жағдайға сәйкес тілдік жағдаят аясында берілген жаттығулар негізінде білім, білік, дағдыларын қалыптастырады. Олардың мазмұнын қамтитын материал тақырыпқа байланысты іріктеледі. Білім алушыларды қазір және болашақта қоғамдық ортада тілдік қатынасқа түсу қажеттіктерін өтей алатын жүйелі материалдармен қамтамасыз етудің өзі оларды тіл үйренуге ынталандырудың негізі бола алады. Бұл мүмкіндіктің нәтижелілігі тіл үйретуді сөйлесім әрекеттеріне негіздеп, оларды толық іске асырумен байланысты. Сонымен, сөйлесім әрекеттері арқылы білім алушыларға қазақ тілін үйрету нақты тақырыпқа материалдар іріктеп, олардың табиғи тілдік қажеттіліктерін өтеумен бағамдалады.

Тілдік қатынастың табиғи өмірдегі жағдаятпен байланысты іске асуы үшін, материалдардың сөйлесім әрекеттеріне байланысты болуы тиімді. Ол үшін білім алушының қоғамдық ортаға енуі мен тіл үйрену қажеттілігіне сай материалдар табиғи жағдайлармен байланысты іріктелді және сөйлесім әрекетінің түрлерін толық қамтиды. Аталған әрекеттер арқылы рөлдік жағдаят жасауға мүмкіндік тудырып, білім алушылардың тілдесім жасауына ықпал ету тілдік қатынас жасауға ынталандырады.

Қазақ тілін жағдаят арқылы оқытуда қолданылатын кешенді жұмыстардың жүйесін әр сыныптың тақырыбына қатысты жасау қажет. Мәселен, «Менің мектебім» модуліне қатысты «Танысу» атты тақырып бойынша дайындалған рөлдік жағдаяттардың үлгісін қарастырып көрейік.

Рөлдік жағдаяттар. 1. Сен жаңа мектепке оқуға келдің, қандай сыныпқа баратыныңды білмейсің, не істейсің?

*Іс-әрекет:* А) Кез келген мұғалімнен баратын сыныбыңды сұрастырысың.

Ә) Сынып жетекшісін іздейсің.

Б) Бір білім алушымен танысасың.

*Қажетті сөздер мен сөз тіркестері:* Сәлеметсіз бе, келген едім, басқа мектептен, жаңадан, айтып беріңізші, Сіздің аты-жөніңіз, қай жерден, табуға болады, т.б.

2. Биыл сен басқа мектепке ауыстың. Сыныптың білім алушыларымен қалай танысасың?

*Ис-әрекет:* А) Ортаға шығып, алдымен өзіңнің атыңды айтасың, содан кейін жаңа сыныптастарыңның есімдерін сұрайсың.

Ә) Білім алушылармен мұғалім арқылы танысасың.

Б) Сыныптағы бір білім алушымен танысып, басқа білім алушылардың есімдерін сұрайсың.

*Қажетті сөздер мен сөз тіркестері:* аты-жөні, анау қыздың, бірінші партадағы, қуаныштымын, отырған баланың, менің есімім, керемет екен, оқыдым, т.б.

Мұндай жұмыс түрлерін өткізуде көбінесе білім алушылармен бірлесіп, ұйымдасып топтасып жұмыс істеуге көңіл бөлген жөн. Білім алушыны бірлесіп үйретуде, кішігірім топтармен, жұппен жұмыс жасауда, ортақ проблемаларды талқылағанда, олар жаңа пікірлерге шығармашылықпен қарау тұрғысында жаңалықтар ашу барысында жұмыс істейді.

Бірлесіп жұмыс ісеу барысында білім алушылар:

1) бір-біріне бірдей бағынышта, сыйластықта болады;

2) жауапкершіліктері артады;

3) бір-бірін тыңдау, күту шыдамдылығы, кезектесіп, сөйлеу дағдылары қалыптасады;

4) мұғалімнің, білім алушылардың топ ішінде сөйлеуін бақылау және қажет кезде кірісіп сөйлеп кету еркіндігі тең дәрежеде болады;

5) топта бірлесіп жұмыс істеп үйренген білім алушылардың білімдері нәтижелі шыңдалады;

6) жұмыс жасау кезінде бір-бірінің қабілетіне дұрыс көзқараспен қарап, ойларын құрметтеуге машықтанады;

7) бір-біріне көмектесіп, ойларын ортаға салып, өздерінің білім алуын көтермелейді;

8) оқуға, жазуға, тыңдауға, сөйлеуге кең мүмкіндіктерін беретін ортада білім алушы өз пікірлерін білімдерін, бар жігерін жеткізеді.

Осындай сабақтарда мұғалім тек ұйымдастырушы, бағыттаушы, сараптаушы ретінде көрініп, бар жауапкершілікті білім алушылардың өз тізгіндеріне беріп, үлкен жауапкершілікті сезінтеді.

Қазақ тілін өзге ұлтты білім алушыларға үйретуде рөлдік жағдаяттарды қолдану арқылы лингвистикалық дағдыларын дамытуды көбінесе диалог түрінде жүзеге асырамыз. Өйткені диалог- ауызекі сөйлесудің ең көп тараған және тіл қатынасындағы табиғи түрі болып табылады.

Диалог – тіл дамыту үшін, тілдік орта туғызу үшін қолданылатын басты әдістемелік әдістердің бірі. Диалог – бұл екі немесе бірнеше адамның



арасындағы әңгімелесу. Диалог түрінде сөйлесудің өзіне тән ерекшеліктердің бірі- оның ситуативтілігі, эмоциональдігі.

Диалог – екі жақты құбылыс. Қарым-қатынаста көзделетін мақсатқа орай диалогтың өзіндік әртүрлі ерекшеліктері болады:

- күнделікті тұрмысқа байланыстылығы;
- ресми қарым-қатынасқа құрылуы;
- ым-ишараттың, дене қимылының белсенділігі;
- эмоционалды-экспрессивтілігі, әсерлілігі;
- сөйлемдердің ықшамдалуы;
- сөйлейтін сөздің алдын-ала жоспарланбауы;
- ауыз-екі стилінің ерекшеліктерінің басым болуы.

Оқу бағдарламасында коммуникативтік құзырет деңгейіндегі диалогқа қойылатын талаптар тұрғысынан белгіленгені:

- сөйлеу мәдениетін игеру, өзінің сөзін, ойын жалғастыра алу;
- экология, тарих, өз қаласы, мәдениет тақырыптары, белгілі адамдар туралы сөйлесе алу;
- айтылған әңгіме, оқылған мәтін, кітап, өнер, кино туралы өз ойын білдіру;

Мұнда ескерілетіні – диалог репликаларының саны білім алушылардың тілді білу деңгейіне байланысты.

Диалог репликалардан құралады, оның бәрі –сөйлеуге уәж жасайтыны, екіншісі – жауап ретіндегі реакция-реплика. Диалогте ой ауысып отыратыны белгілі, сондықтан әңгімелесушілер – бір-бірімен ақпарат ауысып отырады. Алғашқы сөйлеуші әңгіменің басталуына түрткі болады, адресатты әңгімелесуге шақырады (сұрайды, бұйырады, келіседі, келіспейді, өтінеді т.б.)

Білім алушылардың тілінде болатын фонетикалық т.б. қателер диалогте кездесетіні байқалады, сондықтан тілдік жағынан диалогтің дұрыс құрылуына баса мән беріледі.

Диалогтің сөйлеуге үйрету негізінен, олар бірнеше жаттығу түрлерінен тұрады екен. Солардың бірі- нақты сөйлеу жаттығулары. Оның мақсаты – білім алушылардың берілген жағдаят бойынша диалог жүргізу дағдысын қалыптастыру. Нақты сөйлеу жаттығулары өзінің сипаты бойынша түрліше. Әдістемеді оның мынадай түрлері кездеседі: жағдаятты жаттығулар, тақырыптық әңгімелер, рөлдік ойындар. Мұндағы жағдаятты жаттығулар білім алушылардың белгілі бір ситуацияны диалог арқылы игеруін қажет етеді және оның автоматты түрде орындауын қамтамасыз етеді.

Негізінен жағдаяттарды қарастыра келетін болсақ, оның төмендегідей пайдасы мен маңызы бар екен:

Білім алушыларға берілетін жатығулар шынайы өмірлікке сәйкес, яғни табиғи жағдаятқа парапар болғанда , негізгі мақсат орындалады.

Білім алушылардың шынайы коммуникативтік қажеттілігіне сай келіп, белгілі ортада өз ойын жеткізуге көмектеседі.

Мазмұнды ақпарат болып табылады.

Құбылыстарды, әрекеттерді, оқиғаларды, фактілерді т.б. тілдік қарым қатынасты жан-жақты меңгеруге ықпал етеді.

Рөлдік жағдаяттарды өкізуде мұғалім төмендегідей жағдайларды ескерген жөн:

Мұғалім жағдаяттың тақырыбын, мақсатын, ұйымдастыру тәсілін анықтап белгілейді.

Сабақ барысында: а) білім алушыларды сабақтың мақсатымен таныстырады;

Ә) тақырыпқа байланысты сөздерді береді;

Б) жағдаятты тапсырма береді;

В) жауаптарын тыңдайды.

Жағдаятты жаттығуларды өткізу барысында көрнекіліктер- суреттер, слайдтар мен түрлі бейнематералдарды қолдануға болады. Олар табиғи түрде әңгімелесу үшін, жағдаят құру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, жоғары сыныптарда іскерлік ойындарын өткізуге болады.

Іскерлік ойын – қазақша кәсіби сөйлеуді үйрету барысында маманның сөйлесім дағдысын қалыптастыру үшін жүргізілетін пайдалы әдістің бірі. Рөлдік ойындар оқытудың жоғары деңгейінде іскерлік ойындарға ұласады. Іскерлік ойындар тарихи жағынан алғанда шаруашылық, басқару, имитациялық түрінде пайда болды. Іскерлік ойындар – кәсіби бағытталған іс-әрекеттің жоспарына жатқызылатын, білімді меңгеру мен білік, дағдыны қалыптастырудың кейбір модельдік формаларын ұсынатын оқытудың түрі.

Іскерлік ойында ойыншыларда екі түрлі көзқарас қалыптасады. Біріншіден, ойыншы образға кіріп, ойын образын жасайды, яғни осы образды толық сiңiредi, басқалармен осы образда қарым-қатынаста болады. Екіншіден, бұл ойыншылар арасындағы нағыз қарым-қатынас орнығады, әр ойыншы образды өзі деп есептейді. Образға кіру жолында білім алушы ойын шартын тез түсінеді, сондай-ақ басқалардың ойын құрметтеу, бірігіп жұмыс атқару, жауапкершілігі, төзімділікгі қалыптасады. Білім алушы тілдік барьерді байқамайды.

Іскерлік ойындары. *«Банкте» іскерлік ойыны.*

*Ойынға қатысушылар:*

Банктің бастығы,

Бөлім бастығы,

Хатшы,

Мамандар.

*Қатысымдық жағдаят:* қызмет істейтіндер арасында қайта қаржыландыру мәселесі бойынша шұғыл түрдегі жиналыс өтеді. Күн тәртібінде клиенттердің қаржылық мәселелері.

*Сөйлеу ниеттері:* талап ету, үгіттеу, дәлелдеу, тілек, өтініш, ұсыныс, шақыру, келісу немесе келіспеу, бас тарту, рұқсат беру немесе тыйым салу, кешірім сұрау, көңіл аударту, қайталауын өтіну, қайталап сұрау, кінәлау, аяу т.б.

*Ойынның барысы:*

1. Бастықтың шұғыл жиналыстың өтуі туралы хатшысына хабарлауы

2. Бөлім бастығы мен мамандардың сұхбаты: Мамандардың жиналыста не туралы айтатындықтары туралы талқылауы.

3. Мамандардың хатшы қыздан келіп құжаттарды алуы.

4. Жиналыстың барысы: сұхбат, банк клиенттерінің ұсыныстарын оқу, пайыздық мөлшерді түсіру мәселесі туралы айту

5. Бөлім бастығы мен бастықтың, хатшының сұхбаттары.

6. Пайызды түсіру немесе түсірмеу туралы мамандардың сұхбаты: келісу, келіспеу, түсініктеме беру, сөздерін дәлелдеу.

*«Басқармадағы кеңес» ойыны. Тапсырма:* а) сіз құрылыс басқармасының басшысысыз. Білім алушылар қалашығында қонақ үйін салуды жоспарладыңыз. Жобалаушы, тұрмыстық қызмет көрсетуші, тамақтандыру қоғамымен кеңесуде көрсетілетін қызмет түрлері, қонақ үй жобасы туралы айтуыңыз керек.

б) Жоба ұйымдастырудың қызметкері қанша бөлме болатынын, қонақ үй жобасымен таныстырады. Қонақ үйдің құны, жоспардың аяқталу уақыты, пайдасы туралы айтып, сөзін дәлелдеу.

в) Қызмет көрсету ұйымының өкілі көрсетілетін қызмет туралы айтуы тиіс. Жобаға байланысты өз талаптарын көрсетуі шарт.

г) Тамақтандыру өндірісінің бас қызметкері қонақ үй тұрғындарын қалай тамақтандыратыны туралы мәлімет беруі керек. Өз тілектері мен талаптарын айтуы қажет.

*Мақсат:* Ойынға қатысушылардың түгелдей қатысуы керек. Өз ойларын жеткізу үшін тек сөздік қорларын пайдаланып қана қоймай, термин сөздерді өз беттерімен ізденіп, қарым-қатынаста қолдану керек.

*Нәтиже:* Үгіттеу, дәлелдеу, келісу, шешім қабылдау секілді сөйлеу ниеттері пайдаланып, дәлелді, нақты ойлар айтуға үйренеді, термин сөздерді дұрыс қолдануға дағдыланады.

*«Ресми кездесу» ойыны. Тапсырма:* а) Сіз экспорттық фирманың қызметкерісіз. Іс-сапарға келген кезде өндіріс директорымен кездесу керек. Хатшымен байланысып, кездесу уақытын, себебін айтуыңыз керек.

б) Сіз хатшы ретінде фирма өкілімен қандай мақсатта, қашан, қай жерде т.б. директорымен кездесуі керектігін және ол кісімен қайта кездесу үшін телефон нөмірін алуыңыз керек.

в) Сіз директорсыз. Кездесуге байланысты шешім қабылдап, қызметкермен бір шешімге келу немесе керісінше келіспеу.

*Мақсат:* мамандыққа байланысты лексиканы пайдалана отырып, өзара түсінісе білу.

*Нәтиже:* ойларын жеткізуге деген талпыныс. Кәсіби лексикалық қорларындамытады.

Сондай-ақ білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін төмендегідей сөйлеу жаттығуларының түрлерін да жиі өткізген жөн:

1. Тірек сызбалар арқылы ауызша мәтін құрау;
2. Тірек сөздерге сүйене отырып өз мәтінін құрау;
3. Мәтінді өзгертіп әңгімелеу;
4. Берілген жоспар бойынша ауызша әңгіме құрау
5. Кестелерде берілген мәліметтер бойынша ауызша мәтін құрау;
6. Диалогтарды толықтыру;

7. Берілген диаграммаға сүйене отырып, өз мәтінін құрау;
8. Берілген жағдаяттық тапсырмаға сәйкес әңгіме құрау;
9. Сурет бойынша әңгіме құрау;
10. Берілген сұрақтарға жауап беру.

*1. Тірек сызбалар арқылы ауызша мәтін құрау;*

*А. Төмендегі сызбаны тірек ете отырып, адам өмірі жайлы өз ойыңызды айтыңыз:*

1 жас    20 жас    40 жас    70 жас    90 жас

*2. Тірек сөздерге сүйене отырып өз мәтінін құрау;*

*А.Сын есімдерді пайдаланып, қатар отырған екі көрші бір-біріңізді сипаттаңыздар. Қажетті сөздер: қара, қоңыр, көк, ұзын, қысқа, т.б.*

Сипаттайтын ерекшеліктер: түрі, бет-әлпеті, бойы, шашы, көзі, киімі, мінезі, қызметі, білімі, қасиеттері, артықшылығы т.б.

*3. Мәтінді өзгертіп әңгімелеу;*

*А. Үзіндіні оқып, Жандостың қандай білім алушы екенін айтыңыз:*

- Жандос таңертең анасының еркелетуімен ұйқысынан әрең оянады;
  - Асықпай баптанып отырып таңғы асын ішеді;
  - Анасы дайындап қойған киімдерін киіп, бүгін болатын сабақ кестесіне таңдана қарайды;
  - Бөлмесін бәрін қопарып дәптерлерін әрең табады;
  - Сабағына кешігіп келеді;
  - Мұғаліміне неге кешіккендігі жайлы өтірігін айта бастайды;
  - Басқа білім алушылар сабақ айта бастағанда ол аяқ астынан ауырып қалады;
  - Сабақ арасындағы үзілісте басқа білім алушылармен дауласа кетеді;
  - Ұжымдық жұмыстарға қатыспайды;
  - Сабақтары бітер бітпестен үйіне асығады;
  - Үйіне келіп анасына қалай сабақ оқығандығы туралы мақтанып, шаршап келгенін айтады;
  - Етке тойып алып, теледидардан фильмдер көріп жатқанды ұнатады;
  - Анасы дүкенге жіберсе, шаршап, ауырып жатқанын айтады;
  - Кешке жолдастарымен көшеге қыдыруға кетеді;
  - Таң ата келіп, ұйқысына батады.
- Ә. Үзіндіні оқыңыз және Асанның қандай қызметші екенін айтыңыз:*
- Асан таңертең ұйқысынан әрең оянады;
  - Асықпай баптанып отырып таңғы асын ішеді;
  - Әйелі дайындап қойған киімдерін киіп, портфелін алып, талтаңдай басып жұмысына кетеді;
  - Жұмысына кешігіп келеді;
  - Бастығының алдында құрдай жорғалайды;
  - Мәселенің мән-жайына бармастан әріптестерімен дауласа кетеді;
  - Есепті уақытында өткізбейді;
  - Жұмыс үстелін, құжат папкаларын ретсіздік жайлаған;
  - Жиналыстарда ұйықтап отырады;
  - Кешке елден бұрын үйіне асығады;

Үйінде етке тойып алып, теледидардан фильмдер көріп жатқанды ұнатады.

4. Берілген жоспар бойынша ауызша әңгіме құрастыру;

*А. Жоспарға сүйене отырып, өз мәтініңізді құрастырыңыз.*

1. Менің достарым.

2. Достарымның бойындағы жақсы және жаман қасиеттер.

3. Жаман қасиеттерден арылу үшін мен қандай әрекеттерге бардым.

4. «Қазіргі заман жастары қандай болу керек?» ( менің пікірім).

1. Менің мамандығым.

2. Болашақ жұмысымның артықшылықтары мен кемшіліктері.

3. Өз жұмысыма қатысты болашақ жоспарларым.

Кесте немесе сызбаларда берілген мәліметтер бойынша ауызша мәтін құрастыру (45-кесте);

45-кесте. Графикалық органайзер



### 6. Диалогтерді толықтыру;

«Сұхбат» Сіздердің оқу орындарыңызға «Қазақстан-Өскемен» телеарнасының журналисті келді. Ол білім алушылардан сұхбат алуда. Осы сұхбатты толықтырыңыз.

- Кешіріңіз, білуге бола ма, нешінші сыныпта оқисыз?

- .....

- Мектебіңіз ұнай ма?

- .....

- Ұлтыңыз кім?

- .....

- Осы мектепті не үшін таңдадыңыз?

- .....
- Болашаққа деген жоспарыңыз?
- .....
- Өз еліңіздің өркендеуіне қандай үлес қостыңыз және қоспақсыз?
- .....
- Сұхбатқа қатысқаныңыз үшін рахмет!
- .....

7. Берілген диаграммаға сүйене отырып, өз мәтінін құрау;

*Сіз Ақтөбе қаласында оқисыз, туған ауылыңызды сағынасыз. Бірге оқитын жолдастарыңызға өз ауылыңыз туралы айтып беріңіз немесе ауылдағы құрдастарыңызға Ақтөбе қаласы туралы тірек сызбаны пайдалана отырып, айтып беріңіз.*

8. Берілген жағдаяттық тапсырмаға сәйкес әңгіме құрау;

Сіз бір күн жұмысқа келмей қалдыңыз. Бір күнде басыңыздан өткен тап бір голливуд фильмдеріндегідей шытырман оқиғаларға сан жетпейді. Тіпті бастығыңызға телефон шалып, келе алмайтыныңызды хабарлауға да уақыт болмады. Бастығыңыз өте қатал, алайда өте әңгімешіл адам. Ол не болғанын түгелдей білгісі келеді. Таңертеңнен бастап, кешке дейін әр сағатта не болғанын әңгімелеп, бастығыңызды сендіруге тырысыңыз.

9. Сурет бойынша әңгіме құрау;

*«Ара» сөзін анықта. Тапсырма: Берілген сурет бойынша сөздің мағынасын ажыратып, мазмұны түсінікті болу үшін сөйлем құра.*

Бұл тапсырма түрінде білім алушылар алдына екі түрлі сурет беріледі, бірінде ұшатын бал ара бейнеленсе, екіншісінде ағаш кесетін араның суреті беріледі. Жаттығудың мақсаты: Омоним сөдердің жазылуы бірдей болғанымен мағынасы әртүрлі болатынын, сөздің мағынасын ашу үшін сөйлем құрату арқылы дәлелдету.

Нәтиже: Осындай суреттер арқылы грамматикалық және лексикалық тақырып бойынша өтілген материалды пысықтап, сабақ соңындағы бекіту сәттерінде ауызша жұмыс жасатуға болады.

10. Берілген сұрақтарға жауап беру.

*Төмендегі сұрақтарға сүйене отырып, «Менің өмірбаяным» атты сұхбат құрыңыз.*

- Сен қай қай жылы туылдың?
- Қай жерде туылдың?
- Отбасыңда неше адамсыңдар?
- Ата-анаңның есімдері?
- Нешінші жылы және қандай балабақшаға бардың?
- Бірінші сыныпқа қашан және қай мектепке бардың?
- Оны қашан және қалай аяқтадың?
- Мектептегі жолдастарыңмен қарым-қатынасың қандай?
- Қай ЖОО – да оқисың?
- Неге осы оқу орнын және мамандықты таңдадың?
- Болашаққа деген жоспарларың?
- Осы уақытқа дейінгі жеткен жетістіктерің қандай?

### **Блиц-сұрақтар**

1. Атың кім?
2. Неше жастасың?
3. Қай көшеде тұрасың?
4. Үйдің нөмірі неше?
5. Пәтерің неше бөлмелі?
6. Өз бөлмең бар ма?
7. Бөлмеңде не бар?
8. Бөлмедегі ең ұнататын зат қай зат?
9. Оны саған кім сыйлады?
10. Сүйікті затыңды досыңа сыйлайсың ба?
11. Неліктен?

Мұндай сұрақтарды мұғалім өзінің өнертапқыштығына байланысты кез келген тақырыпта ойлап табуға болады. Бірақ тапсырманы міндетті түрде оңайдан күрделіге көшу әдісімен орындату қажет.

Мақсаты: Осы секілді жедел сұрақтар қою арқылы білім алушыларды тез арада жауап беріп, ойын жүйелеп, нақты жауап беруге, бастысы ауызша сөйлеуге бағыт беру. Жеңіл сұрақтардан күрделі сұрақтарға көшу арқылы білім алушылардың бойында өзіне деген сенімділікті туғызу, тілді үйренуге талпындыру.

Нәтиже: Білім алушы бұл секілді тосын сұрақтарға жауап бере отырып, еріксіз, қызыға тапсырманы орындауға белсене кірісіп кеткенін байқамай да қалады. Оңайдан күрделіге көшу әдісі арқылы ол өзінің әр жауабына қуанып, одан әрі жауап беруге құлшысы артады.

Рөлдік ойындар. *«Алтын балық» рөлдік ойынында* қатысушылар жұп болып жұмыс істейді. «А» қатысушысы – алтын балық, «Б» қатысушысы оған 3 тілегін тілейді. Мақсат алтын балықты тілектерді орындауға көндіру. Балық сұрақтар береді. Қатысушылар рөлмен ауысады. Қалау рай түрлері жаттықтырылады.

*«Мектептегі жағдай» ойыны.* Тапсырма: а) Сіз басқа жақтан оқуға Ақтөбе қаласына келдіңіз. Жаңа мектепке келдіңіз. Мектептегі сынып жетекшіңізбен бірінші рет сөйлесіп тұрсыз. Оқудың ұйымдастырылуы туралы, сабақ кестесі, ауысым туралы сұрап, сынып жетекшінің сұрақтарына жауап беріңіз.

б) Сіз 9 сынып жетекшісісіз. Жаңа келген білім алушымен танысып, оның сұрақтарына жауап беріңіз, білім алушыны оқу бағдарламасымен, сабақ кестесімен таныстырыңыз.

Өтілетін материал: Өзін ресми жағдайда таныстыру, ұйымдастыру жұмыстарына байланысты сұрақтарды талдау, оқудың мақсаты мен мазмұнын айту.

*«Мен басқа бөлмеде тұрғым келеді» ойыны.* Тапсырма: а) Сіз жатаханада тұрасыз, бірақ басқа бөлмеге ауысқыңыз келеді. Комендантқа себебін айтып, ауысқыңыз келетіні жайлы ойыңызды түсіндіріңіз.

б) Сіз жатахана комендантысыз. Жатахананың 1 білім алушысыбасқа бөлмегеауысқысы келеді. Білім алушыдан себебін сұрап, оның өтінішін

орындауға тырысыңыз. Өтінішті орындай алмасаңыз,себебін айтып түсіндіріңіз.

Өтілетін материал: өтінішті негіздей білу, келісім, өз көзқарасынтүсіндіру, өтінішті қабылдамау.

Ойын мақсаты: қатысушылардың өз ойларын негіздей, жүйелі түрде жеткізуі, ойын дәлелдей алуы.

Ойыннан күтілетін нәтиже: ойынға білім алушы өтілген материалды еске түсіре отырып, өз ойын жүйелі, дәлелді жеткізуге талпынады.

*«Кітапқа тапсырыс беру» ойыны.*

Тапсырма: а) Үй жұмысын дайындауға сізге кітапханадан каталог арқылы қажетті әдебиетті тауып, тапсырыс беріп, оның орындау уақытын анықтаңыз.

б) Сіз кітапхана қызметкерісіз. Тапсырысты қабылдап, оның дұрыс берілгенін анықтаңыз.

Тапсырма: кітапхана кеңесшісімен, кітапханашымен сөйлесу, тапсырысты рәсімдеу.

Ойын мақсаты: Білім алушының күнделікті өмірінде жиі кездесетін жағдайдаөз ойын дұрыс жеткізе білуі, тапсырысты бере білуі.

Нәтиже: Білім алушы ойнай отырып, кітапханада жұмыс істеу жолдарын да үйренеді. Қарым-қатынасқа түсе біледі. Білім алушының ой жүйелілігі[57].

*«Патент» ойыны.* Тапсырма: а) Сіздер патенттік бюроның қызметкерлерісіздер. Патент жобасын қабылдаңыз немесе кері қайтарыңыздар.

б) Инженерлер тобысыздар. Өздеріңіз жасаған жаңалықтар туралы айтып, оның экономикалық тиімділігін, мақсаттылығын, пайдалылығын дәлелдеңіздер.

Пайдаланылатын материал: Ресми жағдайда талдау этикеті, сапалы мінездеме беру.

Мақсаты: өтілген лексикалық бірліктерді қайталай отырып, іс жүзінде ойынжеткізу, дұрыс пайдалана білу.

Нәтиже: ізденіс, еске түсіру, нәтижеге жету талпынысы.

*«Іс – тәжірибеден өту» ойыны.* Тапсырма: а) Сіз 9 сынып білім алушысысыз, ертеңнен бастап сіз белгілі бір өнекәсіпте іс-тәжірибеден өтесіз. Директорға барып, болашақ жас маман ретінде өз мамандығыңыз, алға қойған мақсатыңыз, қандай тапсырмалар алатыныңызды білуіңіз керек.

б) Сіз директорсыз, келген білім алушыға қандай жағдай жасалып, кім жетекші болатынын, қандай сынып бекітіліп берілетінін және іс-тәжірибеден өтушіден қандай нәтиже күтетіндігіңізді айтуыңыз керек.

Мақсат: ресми жағдайды сақтай отырып, қойылатын сұрақтар мен жауаптарға жүйелі, дұрыс жауап беру.

Нәтиже: Өз беттерімен іздену, сөздік қорларын пайдалана отырып жүйелі жауап беру.

*«Біз бүгін қайда барамыз?» ойыны.* Тапсырма: а) Сіздің уақытыңыз бос. Досыңызды немесе құрбыңызды киноға шақырыңыз. (кино соңғы рет болатынын, қандай атақты актерлер қатысатынын, халықтың кино туралы беріп жүрген пікірін, т.б.) айтып, досыңызды немесе құрбыңызды баруға көндіріңіз.



б) Досыңыздың өтінішін қимайсыз, бірақ басқа адамға уәде беріп қойғаныңызды, онымен театрға баратыныңызды айтуыңыз керек. Досыңызды сонда баруға көндіріп көріңіз.

Мақсаты; Екі сөйлесуші адам бір-бірін түсініп, дұрыс жауап берулері қажет.

Нәтиже: Сауалдарды дұрыс қойып, өз ойларын нақты жеткізе білу.

*«Менің сөзім» ойыны.* Тапсырма: Ойын шартына сай директор, білім алушы, мұғалім, білім алушы, ата-ана қатысады. Ортада білім алушы мен іс-тәжірибеден өтуге келген білім алушы арасындағы болған келіспеушілікке байланысты айтылатын сөйлемдер жатады. Ерекшелік: сөйлемнің кез-келген жерінде (басында, ортасында, аяғында) сөздер жетіспеуі мүмкін. Әр қатысушы өз айтатын сөзін дәл тауып, сөйлемді толықтырады, өз рөлін ойнап шығуы керек.

Мақсаты: Өтілген грамматикалық, лексикалық бірліктерге сай құрылған сөйлемді дұрыс толықтырып, сөйлеу барысында өз кезегінің қай кезде келетінін анықтай білуі керек.

Нәтиже: Ойынға қатысушы сөйлеушілердің не айтып тұрғанын түсінуі, әрі соған дәл жауапты тауып айта алуы арқылы грамматикалық, фонетикалық, лексикалық норманың сақталуы.

*«Түйіндеме» ойыны.* Тапсырма: бір топ білім алушы бүгін өздеріне берілген тапсырма бойынша өз оқу орнына білім алуға шақырып, қала тұрғындарына жарнама жасауы керек. (Білім ордасында қандай сыныптар бар, қандай үйірмелер бар, оқу орнының ерекшелігі т.б. туралы). Бұл ойында білім алушылар екі немесе одан да көп топқа бөлініп, бір-бір сыныпты таңдайды да, сол туралы жарнамалап береді, қорғайды.

*«Жиһаз сатып аламыз» ойыны.* Тапсырма: Ертең отбасындағы барлық мүшелерімен ақылдасып, үйге жиһаз алуыңыз керек. Әр жиһазды неге, кімге, қанша ақшаға алғалы отырғандарыңызды, қай бөлмеге қоятындарыңызды айтып беріңіз.

Өтілген материал: Менің отбасым, менің үйім, бөлмем және тәуелдік жалғауы, зат есім.

Мақсат: Әр топ мүшесі ана, бала, әке рөлдерін ойнай отырып, топпен жұмыс істейді. Олардың мүддесі ортақ. Отбасында қажетті жиһазды алу. Топ жүйелі, көлемді, толық түрінде жауап беруі қажет.

Нәтиже: Бір-бірін тыңдау, ортақ шешімге келе отырып, көлемді мәтін әзірлеу, өткен тақырыпты еске түсіру, бастысы алған лексика-грамматикалық білімдерін іс-жүзінде пайдалану.

*«Іс-сапар» ойыны.* Тапсырма: Білім алушылар 2 топқа бөлінеді. 1 топ әкімшілік, 2 топ іс-сапарға аттанатын қызметкерлер.

а) Іс-сапарға бару керек. Сіздер әкімшіліктен сапарға қандай мақсатпен баратыныңызды, қойылатын мақсат пен талап туралы хат жолдауларыңыз керек.

б) Әкімшілік тобы іс-сапарға барудағы басты мақсат, қай қалаға, қанша уақытқа, неше адам барады, оның мүшелері мен төлемақы туралы мәлімет берулері керек.

Мақсат: Топ мүшелері қойылған талап бойынша жауап берулері керек, жүйелі, нақты, көлемді жауап арқылы айтпақ ойларын дұрыс жеткізу.

Нәтиже: Топ дұрыс жауап беру мақсатында ұйымдаса жұмыс істеу, талпыныстарын туғыздырып, өткен материалды еске түсіреді.

*«Біз көрген кино» ойыны.* Ойын шарты: Тыңдаушылар екі топқа бөлінеді. Бір топ көрген киноның тек жақсы жақтарын айтып, бағалайды, екінші топ киноның кемшілігін айтып, сынайды.

Тапсырма: а) Киноның тек жақсы жақтарын, қатысатын актерлар туралы мәлімет беріп, кино мазмұнын қысқаша айту.

б) Ұнамаған киноның жағымсыз жақтарын, оның себебін, актерлердің ойнаған рөлдерін талдау.

Мақсаты: Өтілген тақырыптарды пайдалана отырып, ойларын толық жеткізу.

Нәтиже: Ізденіс, еске түсіру, ойларын ұйымдасқан түрде жеткізуге деген талпыныс. Осы ойын арқылы шығармашылық жұмыс түрінде өзінің ой түйінін жазып келуге болады.

*«Аукцион» ойыны.* Бұл сабаққа әрбір қатысушы ескі, қажет емес заттарын (түйме, қораптар, білезік...) әкеле алады. Әкелетін заттар бірдей болып қалмас үшін ерекше заттар әкелуді тапсырған дұрыс. Ол заттардың не үшін қажет екенін айтпау қажет. Мұғалім аукционда сауданың қалай жүретінін көрсетеді. Ол өз затын ұсынып, оған толық сипаттама береді: салмағы, өлшемі, формасы, түсі. Сосын бастапқы бағасын айтады. Мысалы: Бұл Шыңғыс ханның көйлегінің жағасы, жібектен жасалған, көгілдір түсті. Бастапқы бағасы 10 000 теңге. Осымен сауда басталады. Мұғалім ойынды бастап бергеннен кейін, оның орнын кезекпен тіл үйренушілер алады. Қалғандары сатып алушылардың рөлін атқарады. Мақсат: затты неғұрлым жан-жақты сипаттап, сатып алушыларды қызықтыру. Әрбір қатысушыға ақшаның сомасы жазылған карточкалар беріледі. Олар сол сомадан артық бағаны айта алмайды. Тіл үйренушілерге өз заты туралы аңыз-әңгіме құруға мүмкіндік беру қажет. Ойынды басқаша ұйымдастырушыларға суреттер беріп, үйден сипаттама жаздырып дайындауға болады. Ескі кітаптар, белгілі бір суреттер, антиквариаттарды сатқызып аукцион ұйымдастыруға болады. Ал ойынның қосымша көрнекілігі ретінде темір – қақпақ, ағаш балғаны пайдаланып, гонг ұрғызуға болады.

*«Демалыста» рөлдік ойыны.* Ойынға қатысушылар: Отбасы мүшелері, олардың достары.

Қатысымдық жағдаят: Бір жексенбіде бос уақыттарын бірге өткізуге тырысқан әке-шешесі мен есейіп қалған балаларының тағы да әдеттегідей бірге демалу мүмкіндігінің болмауы.

Сөйлеу ниеттері: ұсыныс, талап, кеңес, шақыру, келісу немесе келіспеу, бас тарту, рұқсат беру немесе тыйым салу, кешірім сұрау, алғыс пен кешірімге жауап беру, оқиға мен әрекеттің уақыты, орны, себебі жайлы мәлімдеу, ұсыныс, шақыру, деректер мен оқиғалар, тұлғалар мен заттарға қатысты сұрақтар қою, баға беру т.б.

Ойынның барысы:

1. Жексенбілік таңғы ас үстінде отбасы мүшелерінің демалысты бірге өткізу туралы сұхбаты.

2. Отбасы мүшелері әрқайсысы өз достарымен, таныстарымен телефонмен сөйлесіп, басқа жоспарлар құруы.

3. Кешкі ас үстінде бәрінің қайта жиналып, қалай демалғандары туралы әңгімелесуі.

*«Әкімшілік» ойыны.* Білім алушылар Ақтөбе қаласының әкімі, облыс әкімі, мектеп директорлары, зауыт бастықтары, депутат, білім министрі, экология министрі т.б. рөлдерге бөлінеді. Тапсырма: қаланың көкейкесті мәселелерін шешу: экологиялық, білім беру, жол. Мақсаты: ойыншылар өз рөлдеріне ене отырып, өлкенің қазіргі жағдайына үніле отырып сөйлеу әрекетіне итермелеу.

Сондай-ақ бүгінгі таңда мәтін арқылы коммуникативтік құзіреттелігін қалыптастыру үшін төмендегідей әдіс-тәсілдер қолданылуда:

*«Аквариум» әдісі.* «Аквариум әдісі» – балаларға мәселені «қоғам алдында» талқылауға ұсынғандағы диалог формасы. Шағын топ белгілі бір мәселе бойынша диалогті жүргізуге кімге сеніп тапсыруға болатынын таңдайды. Кейде тілек білдірушілер бірнеше болуы мүмкін. Қалған барлық білім алушылар көрермен рөлін атқарады. Сондықтан да мұны «аквариум» деп атайды.

Барлық сынып алда өз пікірін білдіргені болмаса, ыстық орындық сияқты. Олар алтын балыққа арналған аквариумда, басқалары оларға сұрақ қойып түсініктемелер сұрай алады және т.б.

*«Арқаға жазылған комплименттер».* Әр білім алушының арқасына түйрегішпен (немесе скотчпен) А-4 форматындағы қағаз бекітіледі. Білім алушылар сынып ішін аралап жүріп, бір-бірінің арқаларындағы қағаздарға жылы, жұмсақ сөздер жазып, бірін-бірі мақтайды. 2-3 минуттан кейін олар қағаздарын алып, шағын топ ішінде бір-біріне жазылған комплименттерді оқып береді.

Мұғалімнің сұрақтарды шығармашылық тұрғысынан әр сабақта тақырыпқа байланысты өзгертіп отыруы тиімді [57].

*Ендігі кезекте бірінші бөлімде қарастырылған төрт дағды арқылы (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) тілді аудармасыз оқыту жолдарын қарастырып көрейік.*

*Тыңдалым. Тыңдалым түрлері:*

Әңгімелесу (диалог), әңгімелер (оқиға), хабарландыру, әндер, нұсқау, лекция және жарнама және т.б.

Тыңдалым дағдылары бірнеше ішкі дағдылардан тұрады:

Мазмұнын түсіну үшін тыңдау – жалпы мазмұнын, идеясын түсіну үшін тыңдау.

Нақты ақпараттарды алу үшін тыңдау – тыңдалымдағы қажетті ақпараттарды алу үшін тыңдау. Мысалы, теміржол вокзалында өзіңізге қажет уақытты немесе пойызды білу үшін сол ақпаратты ғана тыңдайсыз, басқа ақпаратты қажет қылмаймыз.

Детальді түрде тыңдау – әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін әрбір сөзін зер салып тыңдау, түсіну. Мысалы, маңызды жаңалықтарды айтып жатқан кезде оны дұрыс түсіну үшін әрбір сөзін мұқият тыңдап шығасыз.

Сөйлеушінің қарым-қатынасын анықтау үшін тыңдау – сөйлеушінің көңіл-күйін не айтқысы келіп отырғанын түсіну үшін тыңдау.

Интенсивті тыңдалым – сөйлеу барысындағы сөйлемдердің грамматикалық құрылымын, белгілі бір тақырыпқа арналған сөздерді талқылау үшін тыңдау. Мұндағы мақсат – білім алушылардың тілді дұрыс қолдана білудегі білімін арттыру. Мысалы, белгілі бір грамматикалық тақырыптарды өткен кезде тыңдалымды пайдалану, бірақ бұл жерде басқа дағдыларды араластырмайсыз.

Экстенсивті тыңдалым – үлкен көлемді мақала немесе шығармаларды (роман, әңгіме) тыңдау.

Тыңдалымға арналған сабақ жүйесінің мысалы:

1. Тыңдалым алдындағы тапсырма: тақырыпты таныстыру, тыңдалымдағы маңызды сөздерді үйрету, тақырыпқа қатысты сұрақтар құра отырып, сол тақырыптағы білім алушы білімін қозғау.

2. Тыңдалым тапсырмасы: әртүрлі тыңдалым дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар тобы, олар жалпы мазмұнын түсінуден бастап, детальді түсінуге бағытталады.

3. Тыңдалымнан кейінгі тапсырма: тыңдалымдағы тақырып туралы сұрақтардан тұрады және ол сұрақтарға өз көзқарастарын білдіре отырып, тәжірибелерімен байланыстыра отырып жауап берулері тиіс. Сонымен қатар сұрақтар жауап беру барысында тыңдалымдағы сөздерді пайдалана алатындай құрылуы қажет.

Тыңдалымға ұйымдастырылған сабақ түрі:

Тыңдалым алдындағы тапсырма:

Лондон олимпиадасы туралы не білесің?

Оған кімдер қатысты және жеңімпаз атанды?

Сен кімдерге жанкүйер болдың?

Жаңа сөздер: жеңімпаз, жанкүйер, спортшы, ауыр атлетика, велоспортшы, әлемдік рекорд, жетістік, жеңіс.

Тыңдалым сұрақтары

Жалпы мазмұнын түсінуге арналған сұрақтар:

Аудиоматериалды алғаш рет тыңдайды.

1. Тыңдалым мәтіні не туралы?

2. Онда қай спортшыларға ерекше тоқталып өтті?

3. Лондон олимпиадасының Қазақстан үшін қандай маңызы болды?

*Нақты мәлімет алуға арналған сұрақтар:*

Аудиоматериалды екінші рет тыңдайды.

1. Лондон олимпиадасы жеңістері қазақстандықтардың қандай сезімдерін оятты?

2. Жетінші алтынды қанжығаға байлаған спортшы кім?

3. Ауыр атлетикадан әлемдік рекордты жаңартқан спортшы қыздар кім?

4. Илья Ильинге жеңіс әкелген зілтемірдің салмағы қанша?

5. Қазақстанға алғашқы алтынды алып берген кім?
6. Арнайы қолдау көрсетуге барған шоу-бизнес өкілдері кімдер?
7. Лондондағы олимпиада қай уақыт аралығында өтті?
8. Лондон олимпиадасындағы Қазақстанның жетістігі қандай?

*Талқылауға арналған сұрақтар:*

1. Лондон олимпиадасын басынан аяғына дейін тамашаладың ба?
2. Спортшыларымыздың жеңісін көргенде қандай сезімде болдың?
3. Олимпиаданы қалай тамашаладың? Достарыңмен бе, әлде отбасыңмен бе?
4. Қазақстан спортшылары жеңіске лайық деп есептейсің бе? Неге?
2. Лондон олимпиадасынан кейін Қазақстанды әлем таныды дегенге сенесің бе?
3. Спорт елді әлемге танытады дегенге сенесің бе? Неге?
4. Біздің спортшыларымыздың артықшылығы мен кемшілігі неде болды деп ойлайсың?
5. Спортта әлде де мықты болу үшін не қажет деп ойлайсың?
6. Жалпы спорт адамды неге тәрбиелейді, үйретеді деп ойлайсың?
7. Өзің спорттың қай түрін жақсы көресің? Неге?

[36]

Сабақ барысында оқу мақсаты тыңдалым дағдысына байланысты болған жағдайда, білім алушыларды тақырып бойынша жаңа сөздермен таныстырып, жас ерекшелігіне, тілді білу деңгейіне қарай тыңдалымға арналған 5-10 немесе 15-20 минуттық аудио материалдарды тыңдатуға болады. Мұнда мұғалім тыңдалымның ішкі дағдыларын, яғни, не үшін тыңдату қажет екенін, мысалы: мазмұнын түсіну, нақты ақпарат алу үшін тыңдау, детальді түрде тыңдау, сөйлеушінің қарым-қатынасын анықтау үшін тыңдаусияқты дағдыларды ескеруі тиіс.

Жаңа сөздермен таныстыру үшін үнемі әртүрлі әдіс-тәсілдер қолдану қажет. Мысалы, зат есім сөздерін кәртішкелердің бір бетіне жаңа сөзді, екінші бетіне суреттерін беру арқылы есте сақтатуға болады. Кабинетте сол заттар болса, сілтеу есімдігі арқылы немесе синоним, антонимдері арқылы таныстырған да тиімді. Етістіктермен схема, суреттер арқылы таныстырсақ, сын есімдерді түрлі түсті заттар, әртүрлі пішіндер мен адамның көңіл-күйін көрсететін суреттерді салыстыру арқылы меңгерте отырып сөздік қорын молайтамыз.

Білім алушылардың сөздерді естерінде сақтауы үшін міндетті түрде үш кезеңді есекеріп отырған қажет. Олар: сөзбен таныстыру, қайталату, бекіту. Осында айтып кететініміз, жаңа сөздерді ұмытпас үшін-оны қайталау маңызды емес, оны қандай түрде, қалай қайталап отырғаны маңызды. Қайталау реті дұрыс жүргізілсе, бұл жаңа сөз ешқашан ұмытылмайды.

Неміс психологі Герман Эббингауз жаңа ақпаратты қайталау арқылы есте сақтаудың тиімді жолдарын ұсынған еді. Оның зерттеулері бойынша, ақпаратты есте сақтау үшін кем дегенде жаңа сөзді 9 рет қайталау қажет. Мұны төмендегідей ретпен өткізу ұсынылады:

- \* сөзді таныстырғаннан кейін 15 минуттан кейін;
- \* соңғы қайталанғаннан кейін бір сағаттан кейін;
- \* соңғы қайталаудан кейін үш сағаттан кейін;
- \* келесі күні;
- \* соңғы қайталанғаннан кейін екі күннен кейін;
- \* соңғы қайталаудан кейін төрт күннен кейін;
- \* соңғы қайталаудан кейін бір аптадан кейін;
- \* соңғы қайталаудан кейін екі аптадан кейін;
- \* соңғы қайталанғаннан кейін бір айдан кейін қайталау қажет [53].

Жаңа сөздерді қайталағанда, сондай-ақ оларды контексте пайдалану маңызды: олармен сөз тіркесін немесе жай сөйемдер құрастыру. Сондай-ақ өтілген сөздер әрбір мәтінде кездесіп отырғаны өте тиімді.

*Оқылым.* Оқылым мақсаттарын қарастыратын болсақ, жоғарыда айтылған тыңдалым дағдысының мақсаттары бойынша жұмыс түрлері жүргізіледі. Себебі ол да тыңдалым сияқты қабылдаушы (receptive skill) дағдылар қатарына жатады. Мұғалім не үшін оқыту қажет екенін тиіс, мысалы, мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу, нақты ақпараттарды табу үшін оқу, детальді түрде оқу, сөз мағынасын контексттен ажырату, мәтін құрылымын түсіну (мысалы, *кіріспе бөлім, негізгі бөлім, қорытынды бөлім*), болжау үшін оқу, мәтін түрлерін ажырата білу (хат, мақала, әңгіме, поэма, құттықтау қағазы, ақпараттық брошюра, үнпарақ (листовка), хабарландыру, т.б.).

*Айтылым.* Өзге адамдармен сөйлесу үшін, ойын жеткізе білу үшін айтылым дағдысы қажет. Айтылым мақсаттарын жүзеге асыру барысында сөздердің дыбысталуына, емпін, интонациясына, қажетті стильді қолдануына мән берілуі тиіс. Яғни, айтылымның грамматиканы, сөздерді және қарым-қатынасқа түсу функцияларын (function) (*қарым-қатынасқа түсу себебі мен мақсаты, мысалы: сәлемдесу, кеңес беру, кешірім сұрау, т.б.*) қолдана білу, тілдесім барысында қажетті стильді қолдана білу, сөздерді дыбыс үндестігінің ерекшелігіне сай айта білу, вербальді емес тілді қолдана білу (сөйлеу барысында дене мүшелерін пайдалану сияқты ішкі дағдыларын ескеру қажет).

- Айтылым әртүрлі ішкі дағдыларды қамтиды. Білім алушылардың айтылымдағы жетістігі олардың әрқайсысын практикалық жаттығулар арқылы дамыту арқылы көрініс табады. Яғни айтылымның белгілі бір аспектісіне назар аударып, практикалық жұмыстарды жүйелі жүргізу арқылы білім алушыларға көмектесуге болады. Мысалы: интонация, флуентілік, сөздерді қолдана білу, т.б.

- Бастапқы уақыттарды айтылым дағдыларының көп бөлігін жаттықтыру барысында бақылауға алынған практика әдісі қолданылады. Ол жаттығуларға сөздерді дауыстап айту, қайталау және сөздерді жаттап айту (есте сақтау) сияқты әдістер жатады. Бұл білім алушыларға сөздерді, олардың дыбысталуын, грамматиканы айтылым барысында сауатты қолдануға көмегін тигізеді. Сонымен қатар қолданып тұрған сөздердің дұрыс екенін білу оларға сенім ұялатады. Бұл әдістен басқа жартылай бақылауға алынған практика және еркін практика сияқты әдістер бар. Оларды кесте арқылы салыстыра отырып түсініп көрелік (46-кесте).

#### 46-кесте. Практикалық жаттығулар

<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бақылауға алынған немесе шектелген практикалық жаттығу – сабақ барысында білім алушылар тілдік бірліктің белгілі бір түрін ғана қолдануды үйренеді.</li> <li>• Тілді сауатты қолдану үшін практикалық жұмыстар жүргізіледі.</li> <li>• Жаттығулар тілдің белгілі бір формасына ғана негізделеді.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жартылай бақылауға алынған практикалық жаттығу – білім алушыларға белгілі бір тілдік бірлікті қолданумен қатар өзге де форманы таңдау мүмкіндігі беріледі.</li> <li>• Тілді сауатты қолдану және қарым- қатынасқа түсу үшін практикалық жаттығулар ұйымдастырылады.</li> <li>• Тапсырма өмірге қажетті жағдаяттарға негізделеді.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Еркін практикалық жаттығулар – қарым- қатынасқа түсуге қажетті еркін практикалық тапсырмаларды қамтиды.</li> <li>• Тапсырмалар еркін сөйлеу тақырыптарына негізделеді</li> </ul>
<ul style="list-style-type: none"> <li>• <b>Жаттығу-1</b></li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• <b>Жаттығу-2</b></li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• <b>Жаттығу-3</b></li> </ul>
<p><b>Төмендегі сөйлемдерге ұнатамын және ұнайды сөздерін қойып, айтып көр!</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мен гүл өсіргенді</li> <li>2. Маған гүл өсірген</li> <li>3. Мен шахмат ойнағанды ....</li> <li>4. Маған балық аулаған .....</li> </ol>	<p><b>Сен үшін ең жақсы демалыс сәтін сипаттап айтып көр!</b></p> <p>Төмендегі сөздерді және болжалды келер шақ жұрнағын пайдаланып!</p> <p>ар; -ер; -р.</p> <p>Мысалы: ...қыдырар едім, ...барар едім, ...көрер едім, суретке түсірер едім, ...саяхаттар едім, ...дем алар едім.</p>	<p>Қазір екі топқа бөлініп, «Мектеп формасы білім алушы еркіндігін шектейді» деген тақырыпта пікірталасқа түсесіздер. Көк шаршыны суырып алғандар, «Иә, келісеміз» деп аргументтерін ұсынады, ал қызыл шаршыны суырып алғандар қарсы пікір айтып, өз дәлелдемелерін ортаға салады.</p>

• Бақылауға алынған жаттығуларда мұғалімде білім алушы қателігін түзетіп отыра алады, себебі бұл әдістің мақсаты сауатты сөйлеуге үйрету. Флуенттілікті дамыту барысында білім алушы қателігін бірден түзетпеген дұрыс. Солай жасаған кезде ғана білім алушы өз ойын жеткізіп, коммуникацияға түсе алады. Ал кеткен қателіктерді жазып алып (әсіресе сыныпқа ортақ), жаттығудан кейін сыныппен бірлесе отырып түзетуге болады.

• Флуенттілікті жаттықтыру кезінде білім алушылар сөйлеу тақырыбын өздері таңдай алады және оны дамытуға арналған жаттығулар жоба жұмысы, пікірталас, мәселені шешу, себебін анықтау сияқты тапсырмалардан тұрады. Бұл тапсырмалардың барлығы да білім алушыларға жаңа ақпараттарды бір-бірімен бөлісуге және қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік береді.

• Тілді жаңадан меңгеріп жүрген білім алушылар үйренген сөздерін айтылым кезінде қолдануда уақытты қажет етуі мүмкін. Кейбір сыныптар, әсіресе, жаңадан үйренушілер, үнсіздік кезеңін бастан өткереді. Сол себепті де бастапқы уақыттарда оларға тілді көбірек тыңдауға, үйренуге уақыт беріледі, яғни сабақ барысында үнсіз, жай ғана тыңдаушы ретінде отыруына рұқсат етіледі. Алайда олардың түсінген түсінбегендігі ым-ишара қолдану арқылы тексеріліп отырады. Мысалы, егер білім алушы түсінсе басын изейді, қолмен

көрсетеді.

Айтылымға арналға сабақ құрылымы төмендегідей:

1. Кіріспе: сабақ тақырыбын таныстыру және сол сабаққа қажетті сөздерді немесе тілдік форманы үйрету.

2. Негізгі бөлім: Жаңадан үйретілген сөздерді немесе тілдік форманы жаттықтыруға арналған тапсырмалар. Бұл жаттығулар бақылауға алынған практикалық жаттығуларды қамтуы мүмкін. Оның барлығы сынып деңгейі мен сабақ мазмұнына байланысты.

3. Бекіту бөлімі: білім алушыларға тақырып аясында еркін сөйлеуге және үйренгендерін қолдануға мүмкіндік беретін тапсырмалардан тұрады.

**Айтылымды жаттықтыруға арналған сабақ үлгісі:**

**Сабақ мақсаты:** *Шаблонды сөйлем үлгісін пайдалана отырып, «Менің сүйікті ісім» тақырыбы аясында жаңа сөзтіркестеріме негіздіктерді үйрету.*

**1- тапсырма.** Суреттерге қарап, сөздермен танысып шығыңыздар (14-сурет).

14-сурет. Етістіктер



**2- тапсырма.** Алдыңғы тапсырмадағы сөздерді көп нүктенің орынан қойып, өз жұбыңызбен кезектесіп айтып көріңіздер (47-кесте).

**47-кесте.** Тапсырма үлгісі

Менің сүйікті ісім – аң  
аулау. Менің сүйікті ісім-  
.....



**3-тапсырма.** Тағы да жаңа сөздермен танысып шығыңыздар (15-сурет)

15-сурет. Етістіктер

 <p>шахмат ойнау</p>	 <p>коньки тебу</p>	 <p>тауда демалу</p>
 <p>кесте тігу</p>	 <p>волейбол (баскетбол) ойнау</p>	 <p>сөзжұмбақ шешу</p>

**4-тапсырма.** Енді жаңа сөздерді шаблонға қойып, жазып шығыңыздар. Әр мысалға кемінде 2 сөзден жазыңыздар (48-кесте).  
48-кесте. Тапсырма үлгісі

**Үлгі:** Маған гүл өсірген ұнайды.

Сағанне ұнайды?

**Маған гүл өсір+ған, ген ұнайды.**

**етістік + қан, кен**

Маған.....ұнайды.

Маған.....ұнайды.

Маған..... ұнайды.

**5сөзтапсырма.**Төмендегісұрақтарғажұбыңменбіргежауапберіп көріңіз (49-кесте).

1. Сенің сүйікті ісіңне?
2. Сен неніұнатасың?
3. Саған неұнайды?
4. Сүйікті ісің несіменқызықты?

## 49-кесте. Тапсырма үлгісі

**Үлгі: Менгүл өсіргенді ұнатамын.**

Сен нені ұнатасың?

Мен гүл өсір + ған, ген + ды, ді ұнатамын.

етістік + қан, кен + ты, ті

Мен..... ұнатамын.

Мен..... ұнатамын.

Мен..... ұнатамын.

Жазылым. Әріптер мен сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құрап, сол сөйлемдерді топтастыру арқылы өз ойымызды жеткізу үшін, хабарды қағаз бетіне түсіруді қамтамасыз ететін жазылым дағдысы. Жазылым түрлері: тізім жасау, құттықтау қағазы, электрондық хат, күнделік, хабарлама, әңгімелер, эссе және т.б.

Әр жазылымның өзіне сай ерекшелігі болады. Мысалы, жазу стилінің деңгейлері: ресми (ғылыми, іс қағаздар стилі) және бейресми (ауызекі сөйлеу сөздері); қағаз бетінде орналасу тәртібі; ақпараттарды орналастыру реті; мәтіннің ұйымдастырылуы.

1. Жазылымның ішкі дағдыларын екі топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – сауаттылық (орфографиялық қатесіз жазу, әріптерді дұрыс және қосып жаза білу, пунктуацияны дұрыс қолдану, қағаз бетіне дұрыс орналастыра білу, сөздерді дұрыс таңдай білу, грамматиканы дұрыс қолдану, сөйлемдерді дұрыс байланыстыра білу, абзацты (жаңа азат жолдан басталған, бір идеяға ғана негізделген көлемділеу жазылым бөлігі) дұрыс ұйымдастыра білу), ал екінші тобы – идеяны (ойды) жеткізе білуі (стильді дұрыс таңдай білу, идеяларды жүйелі ұйымдастыра білу, Мәтін түрлерінің ерекшеліктерін қолдана білу және мағынасын жеткізе білуде қажетті функцияларды пайдалана білу);

Жазылымда қарастырылатын тағы да бір екі аспект- үйлесімділік пен жүйелілік.

Үйлесімділік дегеніміз сөйлеу және жазу тілінде грамматикамен сөздердің логикалық үйлесімде болуы. Ал үйлесімділік құралдары мыналар: үстеулер (кейін, сосын, келесі); есімдіктер (ол, сол, бұл,); шылаулар (дегенмен, әйткенмен, себебі).

Жүйелілік дегенге келетін болсақ, ол оқырманға түсінікті болу үшін жазу тіліндегі идеялардың жүйелі және логикалық дұрыс байланыста болуы.

Белгілі бір жазылымды толық орындау үшін бірнеше қадамдар жасалады:

1. Әуелі жазғың келетін нәрсені анықтап алу.
2. Ойыңды дұрыс жеткізуді жоспарлау
3. Шимай нұсқасын (өзгертілуі мүмкін жазылым түрі) жазып көру
4. Түзету ( қателерді түзету және мазмұнын толықтыру)
5. Тексеріп шығу (сауаттылыққа тексеру және түзеу)
6. Дұрыс нұсқаны (екінші немес соңғы нұсқаны жазып шығу) жазу.

Жазылымды үйретудің бірнеше жолдары бар. Солардың ең бастылары продуктивті жазылым және процесті жазылым.

Егер үлгі беру арқылы жазылымды үйретсек, мұны продуктивті жазылым деп атаймыз. Яғни мұғалімдер жазылым түрлерінің үлгісімен таныстырып, мәтінімен жұмыс жасатуы керек. Белгілі бір жазылым үлгісі оның мазмұнымен, лексикасымен, стилімен және құрылысымен таныс болуға көмектеседі. Сонымен қатар үлгілер білім алушыға қалай жазуы керек туралы идеяны да береді.

Ал егер де мұғалім білім алушыларға жазылымның барлық қадамдарымен жұмыс істеуді қамтамасыз етсе, бұл процесті жазылым деп аталады. Толығырақ айтқанда, жазылымды жоспарлаудан бастап, алғашқы нұсқасын жаздырту, түзету, тексеруге дейін білім алушыларды жұмыс істетеді. Бұл білім алушыларға жазылымның әртүрлі аспектілерімен әртүрлі уақытта жұмыс істей білуге дағдыландырады. Мысалы, жоспарлау кезеңінде идеяларды ойлап табады және ұйымдастырады, алғашқы нұсқасын жазу кезеңінде өз ойларын жеткізу үшін қажетті сөздерді, сөйлем құрылымдарын іздейді, түзету және тексеру кезеңінде жазылымның ұйымдастырылуы, сауаттылығы, ондағы идеяларды бағалауға мүмкіндік береді, яғни өз жұмысының артықшылығы мен осал тұстары туралы ойлануға мүмкіндік береді [36].

Абзацты жазуға негізделген сабақ үлгісі

*1. Білім алушыларға төмендегі мәтін ұсынылады.*

Сүт – адам организміне өте пайдалы сусындардың бірі. Құрамындағы кальций сүйектер мен тістердің дұрыс дамуына әсер етеді. Магний, калий, фосфор және натрий мөлшері басқа сусындармен салыстырғанда біршама жоғары. Цинк жыныс жолдарының ауруларының алдын алуға септігін тигізсе, йод қалқанша безінің жұмысын жақсартып, иммундық жүйеге әсер етеді. Майсыздандырылған сүт бірнеше диета түрінің негізі болып саналады. Себебі ол белоктар бай және аппетитті болдырмайтын қасиетке ие. Қорыта келе, сүт – адам денсаулығын нығайтатын бірден-бір қажетті тағам.

Мәтінді оқып шығып, төмендегі сұрақтарға жауап бер

1. Абзацқа тақырып болатын сөйлемді тауып көр және астынсыз.
2. Тақырыптық ойды қолдаушы сөйлемдер тауып, астынсыз.
3. Келтірілген мысалдар немесе фактілер болатын сөйлем дерқайсы?
4. Қорытынды сөйлемді тауып, астынсыз!

*2. Мұғалім нұсқасымен салыстырады.*

Сүт – адам организміне өте пайдалы сусындардың бірі. Құрамындағы кальций сүйектер мен тістердің дұрыс дамуына әсер етеді. Магний, калий, фосфор және натрий мөлшері басқа сусындармен салыстырғанда біршама жоғары. Цинк жыныс жолдарының ауруларының алдын алуға септігін тигізсе, йод қалқанша безінің жұмысын жақсартып, иммундық жүйеге әсер етеді. Майсыздандырылған сүт бірнеше диета түрінің негізі болып саналады. Себебі ол белоктар бай және аппетитті болдырмайтын қасиетке ие.

Қорыта келе, сүт – адам денсаулығын нығайтатын бірден-бір қажетті тағам.

### Абзац жазудың негізгі шарттары

- Мәтіндер негізінен бірнеше абзацтан тұрады
- Бір абзацта бір ой толықтай ашып жазылады
- Әр абзац тақырыптық сөйлемнен, қолдаушы сөйлемнен және қорытынды сөйлемнен тұрады.

- Тақырыптық сөйлем – абзацтың негізгі идеясын көрсетеді.
- Қолдаушы сөйлемдер – тақырыптық сөйлемдегі ойды ашатын сөйлемдер.
- Қорытынды сөйлем – абзацтағы ойды қорытындылайтын сөйлем.
- Сонымен қатар, ойды толықтыру үшін деректермен мысалдарды да қосуға болады.

- Ең бастысы абзац жаңа азат жолдан басталады.

Мысалы:

Тақырыптық сөйлем:

1. Майлы тағамдар асқаазанға зиян.

Қолдаушы сөйлемдер:

2. Тағам ретінде оларды көп қолдану оның бұзылуына әкелуі мүмкін.

3. Кейбір жағдайларда семіздікке әкеліп соқтырады.

4. Сонымен қатар, жүрек-қан тамырларына да әсері бар.

Қорытынды сөйлем:

5. Денсаулықты күтудің ең басты жолдарының бірі – майлы тағамдарды аз қолдану.

6. Ұсынылған тақырыптық сөйлемдерді қолдана отырып, бір абзац құрастырады (50-кесте) [36].

### 50-кесте. Абзац жазу

Тақырыптық сөйлем: 1. Жемістер мен көкіністердің пайдасы өте көп Қолдаушы сөйлемдер: 2. 3. 4. Қорытынды сөйлем: 5.	Тақырыптық сөйлем: 1. Жемістерді сақтаудың түрлі әдістері бар Қолдаушы сөйлемдер: 2. 3. 4. Қорытынды сөйлем: 5.
Тақырыптық сөйлем: 1. Темекі шегу денсаулыққа зиян. Қолдаушы сөйлемдер: 2. 3. 4. Қорытынды сөйлем: 5.	Тақырыптық сөйлем: 1. Денсаулықты нығайтудың бірнеше жолдары бар Қолдаушы сөйлемдер: 2. 3. 4. Қорытынды сөйлем: 5.

Сондай-ақ, тілді аудармасыз оқытуда функционалдық сауаттылық пен оқу сауаттылығын да басшылыққа алған жөн деп есептеймін. Бұл ретте сауаттылық – оқу, жазу, санау және құжаттармен жұмыс жасай алу дағдылары; Минималды сауаттылық – қарапайым хабарламаларды оқу және жазу дағдылары; Функционалды сауаттылық – адам өзінің оқу және жазу

дағдыларын әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасауда қолдана білу қабілеті. Яғни, адамға өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін және сол ортаға тез, әрі жайлылықпен бейімделуге жағдай туғыза алатын сауаттылық деңгейі. Тілді үйренушілерге тірек сөздер мен сөйлемдерді жаттату арқылы тыңдаушылармен әртүрлі жұмыстар жүргізе отырып функционалдық сауаттылықтарын да дамытуға болады. Функционалдық сауаттылық мазмұны келесі құзіреттіліктерден көрінеді. Олар: Оқу, жазу сауаттылығынан; Жаратылыстану ғылымындағы сауаттылықтан; Математикалық сауаттылығынан; Компьютерлік сауаттылығынан; Денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан; Құқықтық сауаттылығынан тұрады.

Осылардың ішінде мәтінмен жұмыс барысында оқу сауаттылығын қалыптастыру маңызды. Оқу сауаттылығы жазба мәтіндерді түсіну, өз мақсатына жету үшін оның мазмұнын қолдану, қоғам өміріне белсенді қатысу үшін білімі мен мүмкіншіліктерін дамыту қабілеті.

Тілді аудармасыз оқыту әдістерінің енді біріне «Синквейн (бес жолды өлең)» әдісі де пайдалануға болады. Француздар синквейн деген өлеңді ойлап тапқан (француз тілінде бес санын білдіреді). Кейбіреулердің айтуынша еркін аудармада бұл сөз «бес шабыт» деген мағына береді екен. Синквейн жай өлең емес, белгілі бір ережелерге сәйкес жазылға өлең. Бұл тәсілді мәтін мазмұнымен таныс болған соң, білім алушылардың тақырыпқа қатысты түсінігін тексеру, тақырыпқа қатысты көзқарасын білдіру және ойын түйіндеу үшін қолдануға болады. Бұл ретте тыңдаушыларға қажетті сөздерді жаттату арқылы өз беттерінше сөздерден сөз тіркестерін, сөз тіркестерінен сөйлем құрату арқылы олардың тілге деген қызығушылықтарын арттыра отырып тілді аудармасыз оқытып үйретуге болады. Мәселен, Оны жазу ережелері: Бірінші жолы тақырыпқа қатысты ұғым әдетте зат есім (қоғам). Екінші жолы осы зат есімді айқындайтын және білім алушылардың ол түрлі түсінігін сипаттайтын екі сын есім (әділ, рухани). Үшінші жолы ұғымның әрекетін, ықпалын өзгерісін көрсететін үш етістік (дамыды, өркендеді, көркейді). Төртінші білім алушылардың ұғымға немесе оқиғаға қатысты көзқарасын білдіретін төрт сөзден тұратын сөйлем (қоғам әділ, рухани дамыды, өркендеді, көркейді). Бесінші жолы адамның осы ұғымға қатысты сезімдерін ассоциацияларын көрсететін зат есім, әдетте бірінші сөздің синонимі (көпшілік).

Тілді аудармасыз оқытуда «Фактілер мен пікірлерді» де орынды пайдалануға болады. Ақпаратпен жұмыс жасау барысында тыңдаушылар фактілер мен пікірлерді ажырата алуы маңызды. Факті – ол шынайы оқиға, құбылыс. Өмірде болған, болып жатқан нәрсе. Фактілердің екі түрі бар. Ғылыми және күнделікті. Ғылыми фактілер – әрдайым көптеген бақылаулар мен эксперименттер, тәжірибиелерге негізделіп, жалпыланған білімнің қорытындысы болып табылады. Ал күнделікті фактілер адамның қоршаған ортаны қабылдау нәтижесі. Кез келген фактінің жалған не шындық екенін тексеруге болады. Тілді аудармасыз оқытуда тыңдаушылар өз ойын жеткізуде схема-карта әдісін пайдалана отырып, фактілер мен пікірлерін алғашында сызба картаға сызып, одан әрі тірек сөздерді қолдану арқылы сөйлем құрап, өз ойларын жеткізуге де дағдыланады.

Тыңдаушылар өз пікірлерін ортаға сала отырып, сол пікірді айтуға талаптанады. Ал пікір дегеніміз – бір нәрсе туралы пайым. Мәселеге, құбылысқа немесе оқиғаға қатысты жеке көзқарас, бағалау ақпараты. Пікір – субъективті, факт – объективті. Пікір шынайы болуы үшін фактілерге сүйену қажет және оның шынайылығының негіздемесі болуы керек.

Тілді аудармасыз оқытуда «PRES тәсілін» де қолдануға болады. Мәселен, мәтінді оқып болған соң, білім алушы аталған тәсіл негізінде білім алушы өз ойын білдіреді. Позиция: «Менің ойымша...» немесе «Мен ..... деп санаймын» деген құрылымдарды қолданып мәселеге қатысты өз пікірін айтып, көзқарасын түсіндіреді. Негіздеу: «Өйткені.....» деген сөзден басталатын сөйлем құрылымын пайдаланып, өз ұстанымының неге негізделгенін түсіндіреді. Мысыл келтіру: ойын «мысалы, ...» сөзімен жалғастырып, өз көзқарасын қолдайтын мәліметтер, фактілер мен дәлелдемелер келтіреді. Қорытынды: ойын «сонымен, сондықтан, сөйтіп...», «мен ..... деп санаймын» сөйлемімен жалғастырып, өз пікірін жинақтап, қалай әрекет жасау керектігі туралы қорытындыға келеді.

Сонымен қатар «ТТСК» (тұжырым, талдау, синтез, кілт)» әдісін де орынды қолдануға болады. «ТТСК» деген не? Мәтінді талқылауға, оқуға және жазуға бағыттауға көмектесетін он сұрақтан тұратын жиынтық.

Сондай-ақ, тілді оқытуда «ИНСЕРТ» әдісін де тиімді пайдаланған орынды. Ағылшынша дыбыстық шартты белгі. Толық аудармасы – интербелсенді жазу жүйесі, тиімді оқу және ойлану», тиімді оқу мен ойлауға арналған жазудың интербелсенді жүйесі. Бұл тәсіл білім алушыға оқыған мәтін бойынша өз түсінігін реттеуге, бақылауға мүмкіндік береді.

Мәтінмен жұмыс жасағанда «Мәтінмен жұмыстың төрт ресурс әдісінің» Ұсынылып отырған әдіс артықшылықтары: Тыңдаушының мәтінмен жеке жұмыс жасауына мүмкіндік береді; Мәтіннен алған білімін өзбетінше бағалай алады; Мәтінмен өмірді байланыстыруына мүмкіндігі бар сыни ойлауын дамытады.

Тілді аудармасыз оқытуда «ЖИГСО» әдісінің ерекшеліктері. Бұл тәсіл негізінде білім алушы өзбетінше ұғынады, меңгере алады; Меңгерілген ақпаратты басқа топ мүшелеріне түсіндікті етіп жеткізеді; Мәтінмен өзбетінше жұмыс жасау дағдысы дамиды; Жаңа ақпаратпен жұмыс жасау барысында ынтасы артады; Белгілеу, тұжырымдау және мәтінге сұрақ қоя біледі; Басқаларды естиді және тыңдай біледі; Ақпаратты қысқа да, нұсқа жазбаша бере алады; Өзінің және топ мүшелерінің білім алуына жауапкершілікпен қарайды; Таным әрекеті үдерісінде қарым-қатынас шеберлігі артады;

Тілді аудармасыз оқыту мәселесінде «Менталды карта» әдісін тиімді пайдалансақ та болады. Аталған әдістің артықшылығы ақпаратпен жұмыс жасау кезінде мәтіндегі негізгі идеяларды есте сақтауды жеңілдететін сызба түрінде көрсету жолы. Ортасына басты идея орналастырылады, ал одан кілт сөздері бар тармақтар шығарылады; Нәтижесінде ерекше және жарқыраған шырғауық тәріздес сызбалар шығады. Ол жақсы есте сақталады; Бұл әдісті жүргізуде арнайы «XMind» бағдарламасын қолдануға болады. «XMind» бағдарламасын пайдалан отырып, мәтінмен жасалынған жұмысқа қысқаша тоқталсақ, бұл тәсілді, басқаша ойды, әңгімені жазып алу техникасы деп атауға болады.

Жазу өте жылдам өтеді және оның өзіндік ерекшеліктері бар. Жұмысты жеке және топта жасауға болады. Көп ойды бір уақытта мида сақтау, психофизиологиялық тұрғыдан мүмкін емес, сол себептен ойды көрініс ретінде көрсету келесі ерекшеліктермен айқындалады. Көптеген ұғым, элементтер жеңіл танылып, олардың өзара байланыстары көрінеді; Ассоциациялық ойлау дамып, қайталау тез және тиімді түрде өтеді; Негізгі ой айқын көрініске ие бола алады; Білім алушылардың сандық сауаттылықтары артылады.

Сол секілді «Коуч үдерісін практикада қолдануға» да болады. Жалпы «Коучинг» термині алғаш рет 1830 жылы Оксфорд университетінде «Нұсқаушы немесе Тренер» ретінде білім алушыларды емтиханға үйретуші «Жетелеуші» сленг мағынасында қолданылды.

Коучинг адамдардың қабілеттері мен біліктіліктерін және іс әрекетті дамытудың пайдалы жолы болып табылады.

Коучинг – кәсіби оқудың бір түрі, ол – оқытушының қызметіне бағытталған ең тиімді оқу үдерісі. Коучинг үдерісі тәжірибесі, өтілім деңгейі әртүрлі оқытушылардың үздіксіз дамуына ықпал етіп, басқару үдерісін табысты өзгертіп, ұжымның кәсіби дамуын қамтамасыз етеді.

Коучинг өзінің тиімділігін іс-тәжірибеде қолданылуы кезінде: Оқыту үдерісіндегі жалпы (жоспарлау, моделдеу, құрастыру, жүзеге асыру, байланыстыру) мәселелерді шешудегі тәжірибеге жолбасшы бола біледі; Оқу стратегияларын (тәсілдері мен амалдарын) таңдау мен жүзеге асыру арқылы оқуға деген қызығушылықтың артуы, білім сапасының көтерілуі байқалады; Оқытушының (кез келген тәрбиешінің) өзінің ішкі түйсігіндегі болмыстық қажеттілікті тану арқылы функционалдық сауаттылығын жетілдіруге бағытталған ішкі факторды дамытуына мүмкіндік береді.

«Коучинг үдерісін тәжірибеде қолданған кезде Коучинг құралдарына: қарым-қатынас жасау, сұхбаттасу, бағалау, жоспарлау, бағамдау құралдары және тағы басқаларын жатқызуға болады. Коучинг әдістері – осы құралдарды қолдану өнері немесе құралдарды қолланудың тәсілі болып табылады. Коучингтің міндеті – ең жақсы, сенімді және тексеруден өткен коучинг әдістерін және құралдарын басқаруға ұсыну.

«Коучингтегі құралдардың жиынтығы» Жоспарлау: Коучинг адамдардың ішкі жан-дүниесіндегі ең жақсы нәрсені сыртқа алып шығуға мүмкіндік береді. Коучингтегі өзара қарым-қатынастағы басты басымдылық коучингке қатысушыға бағытталып, таңдалған әрекеттер бақыланып отырады.

Қорыта айтар болсақ, тілді үйренем деушілердің ең басты қасиеті оқығалы отырған тілге деген қызығушылығы болуы керек. Содан соң оқытушы түрлі әдіс-тәсілдерді оңтайлы пайдалану арқылы алдына қойған мақсатына жетуге болады. Бұл ретте оқытушы жан-жақты ізденісте болып ұтымды әдістің кез келгенін орынды пайдалан алса, алдына қойған мақсатына жетері сөзсіз. Сондықтан қазақ тілін аудармасыз оқыту барысында қолданылған әдіс-тәсілдердің қай қайсысы болмасын тіл үйренем деушілер үшін қолайлы пайдалануға болатындығы сөзсіз.

Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілінаудармасыз оқытуда мәтінмен жұмыс әдісін қолданға өте тиімді. Яғни, мәтін – өте күрделі тілдік құрылым екендігі

белгілі. Мәтін тек сөзден емес, сонымен қатар кесте, диаграмма, сурет сияқты визуалды бейнелерден тұруы мүмкін. осыған байланысты мәтіндерді екі түрге бөліп қарауға болады. Олар: тұрас мәтіндер және жадағай (тұтас емес) мәтіндер болып бөлінеді. Тұтас мәтін түрлеріне: Сипаттау (көркем және техникалық); Мазмұндау (әнгіме, есеп, репортаж); Түсіндіру (интерпретация); Дәлелдеу (ғылыми түсініктеме, негіздеме); Нұсқау беру (ережелер, жұмысты орындауға қатысты нұсқаулар) және т.б. жатады.

Сол секілді жадағай (тұтас емес) мәтіндерге: толтыруға арналған түрлі формалар; ақпараттық парақшалар; кестелер мен сызбалар; диаграммалар, карталар; билеттер; жарнамалар; мәзірлер; журналдың негізгі беті, постерлер жатқызуға болады да өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін меңгертудің тиімді әдістерінің бірі болып саналады.

Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін меңгертудің әдістерінің енді біріне қазақ тілін аудармасыз оқытуда жазу және оқу сауаттылығын арттыру тәсілдерінің орны ерекше деуге болады. Осы ретте функционалды сауаттылық пен оқу сауаттылығына тоқталып өтсек. Жалпы сауаттылық дегеніміз – оқу, жазу, санау және құжаттармен жұмыс жасай алу дағдылары; Минималды сауаттылық – қарапайым хабарламаларды оқу және жазу дағдылары;

Функционалды сауаттылық – адам өзінің оқу және жазу дағдыларын әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасауда қолдана білу қабілеті. Яғни, адамға өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін және сол ортаға тез, әрі жайлылықпен бейімделуге жағдай туғыза алатын сауаттылық деңгейі.

Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін меңгертудің әдістеріне саралай келе, білім алушылардың функционалды сауаттылық мазмұны келесі құзіреттіліктерден көруге болады. Олар: оқу, жазу сауаттылығынан; жаратылыстану ғылымындағы сауаттылықтан; математикалық сауаттылығынан; компьютерлік сауаттылығынан; денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан; құқықтық сауаттылығынан және т.б.

Осылардың ішінде мәтінмен жұмыс барысында оқу сауаттылығын қалыптастыру маңызды. Оқу сауаттылығы жазба мәтіндерді түсіну, өз мақсатына жету үшін оның мазмұнын қолдану, қоғам өміріне белсенді қатысу үшін білімі мен мүмкіншіліктерін дамыту қабілеті.

Сонымен қатар өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін меңгертудің әдістерінің енді бірі - «Синквейн» (бес жолды өлең) әдісін қолдану әдісіне тоқталып өтсек. Француздар синквейн деген өлеңді ойлап тапқан (француз тілінде бес санын білдіреді). Кейбіреулердің айтуынша еркін аудармада бұл сөз «бес шабыт» деген мағына береді екен. Синквейн жай өлең емес, белгілі бір ережелерге сәйкес жазылға өлең. Бұл тәсілді мәтін мазмұнымен таныс болған соң, білім алушылардың тақырыпқа қатысты түсінігін тексеру, тақырыпқа қатысты көзқарасын білдіру және ойын түйіндеу үшін қолдануға болады.

Оны жазу ережелері:

Бірінші жолы тақырыпқа қатысты ұғым әдетте зат есім (қоғам)

Екінші жолы осы зат есімді айқындайтын және білім алушының ол түрлі түсінігін сипаттайтын екі сын есім (әділ, рухани)



Үшінші жолы ұғымның әрекетін, ықпалын өзгерісін көрсететін үш етістік (дамыды, өркендеді, көркейді)

Төртінші білім алушының ұғымға немесе оқиғаға қатысты көзқарасын білдіретін төрт сөзден тұратын сөйлем (қоғам әділ, рухани дамыды, өркендеді, көркейді).

Бесінші жолы адамның осы ұғымға қатысты сезімдерін ассоциацияларын көрсететін зат есім, әдетте бірінші сөздің синонимі (көпшілік)

Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін меңгертудің әдістерінің енді біріне «Фактілер мен пікірлер» әдісін қолдануды жатқызуға болады. Фактілер мен пікірлерді пайдалану барысында ақпаратпен жұмыс жасау барысында білім алушылар фактілер мен пікірлерді ажырата алуы маңызды. Факті – ол шынайы оқиға, құбылыс. Өмірде болған, болып жатқан нәрсе. Фактілердің екі түрі бар. Ғылыми және күнделікті. Ғылыми фактілер – әрдайым көптеген бақылаулар мен эксперименттер, тәжірибиелерге негізделіп, жалпыланған білімнің қорытындысы болып табылады. Ал күнделікті фактілер адамның қоршаған ортаны қабылдау нәтижесі. Кез келген фактінің жалған не шындық екенін тексеруге болады.

Пікір – бір нәрсе туралы пайым. Мәселеге, құбылысқа немесе оқиғаға қатысты жеке көзқарас, бағалау ақпараты. Пікір – субъективті, факт – объективті. Пікір шынайы болуы үшін фактілерге сүйену қажет және оның шынайылығының негіздемесі болуы керек.

Білім алушыларға факті мен пікір туралы түсінік берген соң, оларды үштікке бөліп, мәтін бойынша төмендегідей тапсырма беріледі.

№ 1 білім алушы мәтінде берілген фактілердің астын сызады.

№ 2 білім алушы осы фактілерге қатысты айтылған пікірлердің авторы мен мазмұнын белгілейді.

№ 3 білім алушы мәтінде бағалау ақпараты бар екендігін анықтауға мүмкіндік беретін маркер сөздердің астын сызады.

Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін меңгертудің әдістерінің енді біріне «PRES» тәсілін қолдануды пайдалануға болады. PRES тәсілінде Мәтінді оқып болған соң, білім алушы аталған тәсіл негізінде білім алушы өз ойын білдіреді.

Позиция: «Менің ойымша...», немесе «Мен ..... деп санаймын» деген құрылымдарды қолданып мәселеге қатысты өз пікірін айтып, көзқарасын түсіндіреді.

Негіздеу: «Өйткен.....» деген сөзден басталатын сөйлем құрылымын пайдаланып, өз ұстанымының неге негізделгенін түсіндіреді.

Мысыл келтіру: ойын «мысалы, ...» сөзімен жалғастырып, өз көзқарасын қолдайтын мәліметтер, фактілер мен дәлелдемелер келтіреді.

Қорытынды: ойын «сонымен, сондықтан, сөйтіп..», «мен ..... деп санаймын» сөйлемімен жалғастырып, өз пікірін жинақтап, қалай әрекет жасау керектігі туралы қорытындыға келеді.

Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін меңгертудің әдістерінің келесі біреуіне «ТТСК» (тұжырым, талдау, синтез, кілт) әдісін жатқызуға болады.

«ТТСК» деген не? Бұл дегеніміз, мәтінді талқылауға, оқуға және жазуға бағыттауға көмектесетін он сұрақтан тұратын жиынтық. Яғни, білім алушылар

оқылған мәтін бойынша сұрақтар дайындап, оны талдап, синтездей алулары қажет.

Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін меңгертудің әдістерінің келесі біріне «ИНСЕРТ» әдісін қолдануға болады. Бұл дегеніміз ағылшынша дыбыстық шартты белгі. Толық аудармасы – интербелсенді жазу жүйесі, тиімді оқу және ойлану», тиімді оқу мен ойлауға арналған жазудың интербелсенді жүйесі. Бұл тәсіл білім алушыға оқыған мәтін бойынша өз түсінігін реттеуге, бақылауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар қазақ тілін аудармасыз оқытуда «Мәтінмен жұмыстың төрт ресурс» әдісін де қолдануға болады. Мәтінмен жұмыстың төрт ресурс әдісінде ұсынылып отырған әдіс артықшылықтарына: Тыңдаушының мәтінмен жеке жұмыс жасауына мүмкіндік береді; Мәтіннен алған білімін өзбетінше бағалай алады; Мәтінмен өмірді байланыстыруына мүмкіндігі бар сыни ойлауын дамытады.

Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін меңгертудің әдістеріненді біріне «ЖИГСО» әдісін қолдануда тиімді пайдалануға болады. «ЖИГСО» әдісінде: Бұл тәсіл негізінде білім алушы өзбетінше ұғынады, меңгере алады; Меңгерілген ақпаратты басқа топ мүшелеріне түсіндікті етіп жеткізеді; Мәтінмен өзбетінше жұмыс жасау дағдысы дамиды; Жаңа ақпаратпен жұмыс жасау барысында ынтасы артады; Белгілеу, тұжырымдау және мәтінге сұрақ қоя біледі; Басқаларды естиді және тыңдай біледі; Ақпаратты қысқа да, нұсқа жазбаша бере алады; Өзінің және топ мүшелерінің білім алуына жауапкершілікпен қарайды; Таным әрекеті үдерісінде қарым-қатынас шеберлігі артады.

Сонымен қатар қазақ тілін аудармасыз оқытуда «Менталды карта» әдісін қолдануға тоқталсақ. Бұл әдіс ақпаратпен жұмыс жасау кезінде мәтіндегі негізгі идеяларды есте сақтауды жеңілдететін сызба түрінде көрсету жолы. Ортасына басты идея орналастырылады, ал одан кілт сөздері бар тармақтар шығарылады; Нәтижесінде ерекше және жарқыраған шырмауық тәріздес сызбалар шығады. Ол жақсы есте сақталады; Бұл әдісті жүргізуде арнайы «XMind» бағдарламасын қолдануға болады.

«XMind» бағдарламасын пайдалан отырып, мәтінмен жасалынған жұмысқа қысқаша тоқталсақ, бұл тәсілді, басқаша ойды, әңгімені жазып алу техникасы деп атауға болады.

Жазу өте жылдам өтеді және оның өзіндік ерекшеліктері бар. Жұмысты жеке және топта жасауға болады. Көп ойды бір уақытта мида сақтау, психофизиологиялық тұрғыдан мүмкін емес, сол себептен ойды көрініс ретінде көрсету келесі ерекшеліктермен айқындалады. Көптеген ұғым, элементтер жеңіл танылып, олардың өзара байланыстары көрінеді; Ассоциациялық ойлау дамып, қайталау тез және тиімді түрде өтеді; Негізгі ой айқын көрініске ие бола алады; Білім алушылардың сандық сауаттылықтары артылады.

Сонымен, қазақ тілін қазақ тілід емес мектептерде үйретуде коммуникативті әдісті қолдана отырып, қатысымдық тапсырмаларды пайдалану тиімді екені айтып өткен болатынбыз. Осы тапсырмалар кешенін жағдаяттық тапсырмалар, жұптық және топтық жұмыстар, рөлдік ойындар, пікірталас пен

шығармашылық жұмыстар құрайды. Аутентикалық жағдаяттық тапсырмалар үйренушілердің талаптарына, тілдік білім деңгейіне байланысты мақсатты түрде құрастырылып, мәнмәтінге сай берілуі қажет. Ал жұптық және топтық жұмыс жасау барысы үйренушіге қазақ тілінде өз ойын жеткізіп, біреудің айтқанын түсіне алатын дәрежеге жету мүмкіншілігін арттырады да, тіл үйрену үрдісінің қызықты өтеуіне себепкер бола алады.

Сабақта берілетін коммуникативті тапсырмаларды орындау барысында білім алушы тілдің құрылысымен танысып, жағдаятқа байланысты оның қолданысы мен ішкі мағынасын түсінуге талпынады. Осылайша ол тілдің өзіндік ерекшеліктерін ажырата бастайды. Мұғалімнің міндеті – білім алушыларды берілген тақырыпқа байланысты көбірек ақпарат алуға сұрақтар қоюға, басқалардың айтқан ойлары дұрыс екендігін құптауға, сондай-ақ талқылап жатқан жағдаятқа баға беруге талпындырып, тілдік әрекеттің мағынасын түсінуге қол ұшын беру. Сонымен қатар вербалды және нонвербалды амалдар арқылы үйренушіге қолдау көрсету. Тілдің коммуникативті функциясын грамматикалық форма мен сөздер жиынтығы арқылы емес, керісінше, іс-қимыл арқылы оңай үйретуге болады. Берілген жағдаяттар, берілетін тапсырмалар мен сабақта қолданылатын материалдар мәнді және шынайы өмірге жанасатын болса, тілді үйренуге тиімдірек болады. Білім алушылар уәжінің қалыптасуына келетін болсақ, бірнеше жолдары бар:

- баспасөз материалдарын оқу, оқығаны туралы пікірталас жүргізу;
- білім алушылардың

тілдік деңгейіне байланысты ғаламтор торабынан қазақ тілінде телебағдарламалар көріп, оларға талдау жасау;

- ұлттық тағамдарды дайындау кештерін ұйымдастыру;
- қазақ фильм кешін өткізу;
- қазақ тілін үйрену жедел курстарына қатысу;
- Қазақстаннан келген білім алушылар мен қонақтармен кездесу өткізіп, әңгімелесу.

Сондай-ақ сабақ барысы қатаң түрде емес, керісінше, көңілді өтсе, білім алушылардың тапсырмаларды белсенді орындауға және табысты болуына жағымды әсерін тигізеді. Қазақша әндер үйретіп, ұлттық би элементтерін қолдана отырып, үйренушілердің зейіні мен жаңа ақпаратты қабылдау, есте сақтау функцияларын арттыруға болады. Осылайша білім алушылардың өздеріне деген сенімдері, қызығушылықтары арта түседі.

Тілдік орта болған жерде коммуникативті шынайы өмірге лайық тапсырмаларды кеңінен пайдалануға болады. «Танысу» тақырыбын өтіп, оны машықтау процесінде білім алушылармен бірге көшеге шығып, кез келген адаммен танысуға болады.

Сонымен қатар қазіргі кезеңде, жоғарыда аталып өткендей, компьютерлік технологиялар қоғамдық өндіріс, ғылым және білім саласында белсенді қолданылады. Компьютерлердің көмегімен ақпаратты жинақтап, өңдеп, сақтап, таратып және көрсете аламыз. Компьютерлік технологиялар типтік бағдарламалық-бағдарланған бағдарламалық құралдармен қамтамасыз етілетін операциялардың белгіленген топтарында іске асырылады. Осы

бағдарламалық құралдардың арасында мәліметтердің мәтіндік, кестелік, графикалық өңделуін және ақпараттың (мәліметтер базасының) жинақталуы мен сақталуын қамтамасыз ететін бағдарламалар, электрондық коммуникация құралдары, компьютерлік баспа жүйелері, автоматты аудару жүйелері, білім берудің әр алуан салаларының сараптамалық жүйелері және т.б. бөлініп шығады. «Ақпараттық- коммуникациялық технологиялар білім беру және оқу өнімі болып табылмаса да, оқыту құралдары жүйесінің құрамына кіреді. Оларға мыналар жатады: Интернеттің қолданбалы электрондық ресурстары (анықтамалық-ақпараттық, ақпараттық-білім беру және мәдени), Интернеттің білім беретін электрондық ресурстары, инструменталдық құралдар (электрондық оқу материалын жасауға болатын бағдарламалар), Интернеттің коммуникациялық қызметтері (e-mail, форум, чат)».

Оқытудың ақпараттық (компьютерлік) технологиясы түсінігінің астарында білім алушыға компьютердің көмегімен ақпаратты дайындау және беру үдерісі жатыр. Компьютерлік технологияға оқытудың әр түрлі әдістері кіреді: бағдарламаланған оқыту, интеллектуалдық (проблемалық) оқыту, сараптамалық жүйелер, оқу коммуникациясы жүйелері және т.б. оқытудың ақпараттық технологиясының маңызды сипаттамалары мыналар:

- компьютерлік жүйелерді меңгерудің теориялық негіздері (бағдарламалау, проблемалық оқыту, тестілеу);
- қолданыстағы оқыту құралдары (гипермәтін, мультимедиа, байланыстың компьютерлік құралдары);
- инструменталдық жүйелер (бағдарламалау тілі, авторлық жүйелер, мәліметтер базасы, мәтіндік редакторлар, электрондық пошта және чаттар, мультимедиа, бейнеконференциялар).

Оқу үдерісінде компьютерді қолданудың негізгі бағыттары мыналар:

- модельдеу, тілдік, тілдесімдік, әлеуметтік-мәдени құбылыстарды немесе үдерістерді көрнекті көрсету жолдары арқылы оқыту мақсатында қолдану;
- оқу материалын қолдануда дайындықты (іскерлікті, дағдыны қалыптастыру) ұйымдастыру;
- дағдыны, іскерлікті, білімді бақылау және бағалау;
- статикалық ақпаратты жинақтау, өңдеу және сақтау;
- оқу үдерісін ұйымдастыру үшін ақпаратты автоматтандырылған түрде іздеу;
- оқытушымен, оқыту орталығымен диалогты және компьютерлік желілер арқылы коммуникацияны қамтамасыз ету.

Компьютерлік технологиялар негізінде оқытуды ұйымдастыру үшін үш негізгі компонент қажет, олар: аппараттық-бағдарламалық қамтамасыз ету, дайындығы бар педагогикалық кадрлар және электрондық оқу материалдары (мысалы, желілік ресурстар, мультимедиа, тренингтік компьютерлік курстар, тесттік жүйелер және т.б.). Бұл компоненттердің барлығының маңызы бірдей.

Компьютерлік технологиялардың оқытудағы ерекше қыры оқытуда әр алуан қолданбалы бағдарламалардың — мәтіндік редакторлардың, орфографияны тексеру бағдарламаларының, кестелердің, мәліметтер

базасының, электрондық энциклопедиялардың және кітапханалардың, электрондық баспа жүйелерінің, ойын бағдарламаларының және т.б. қолданылуында болып табылады. Арнайы дайындалған оқу материалдары білім беру үдерісінде сирек қолданылады.

«Компьютерлік лингводидактиканы қазіргі кезеңде дамытудың басты ерекшелігі интеграцияланған компьютерлік оқыту ортасын құру мақсатында әр түрлі типтегі (оқу, қолданбалы, инструменталдық, телекоммуникациялық) компьютерлік бағдарламаларды жаппай және мақсатты қолдану болып табылады, сол арқылы білім алушылар тілді оқытатын ортада толық жұмыс істейді және білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігі тиімді дамиды».

Қазақ тілін оқытуда компьютерлік оқу бағдарламаларын жасау және қолдану бірқатар мәселелерді қарастыруды және шешуді қажет етеді. Соның ішінде:

- педагогикалық мәселелер (педагогикалық үдерістегі, оқытушы және білім алушы қызметіндегі, тұсаукесер формаларындағы және оқу материалын дайындаудағы өзгерістер);

- әдістемелік мәселелер (компьютердің қазақ тілі сабағындағы функциялары, бағдарламалардың және жаттығулардың типтері, компьютерлік бағдарламалардың басқа оқу құралдарымен өзара әрекеті және қатынасы, оқытуды компьютерлік қолдаудың тиімділігі және т.б.);

- білім алушылардың, оқытушылардың компьютерлік бағдарламалармен, бір-бірімен байланыстың компьютерлік сызықтары арқылы өзара қатынас жасаудың психологиялық мәселелері;

- кәдімгі тілде компьютермен диалогты ұйымдастырудың лингвистикалық мәселелері;

- ұйымдастырушылық мәселелер (компьютерлік зертханада сабақты ұйымдастыру, қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру) және т.б.

Компьютерлік жүйемен өзара әрекет етудің қандай да бір аспектілері бірінші орынға шығуы мүмкін:

- ақпаратты алу;
- коммуникацияны ұйымдастыру;
- бақылауды ұйымдастыру;
- оқу үдерісін ұйымдастыру.

Бұл мәселелердің барлығы компьютерлік технологиялар тұрғысынан оларды шешудің ерекше тәсілдерін, жолдарын және кезеңдерін көрсетеді. Компьютерлік технологиялар саласындағы мамандар әдетте компьютердің көмегімен шешілетін міндеттерді қарастыруды және шешудің келесі негізгі кезеңдерін бөліп көрсетеді:

- оқыту мақсаттарын, оқыту міндеттерін қалыптастыру, пайдаланушылар ортасын және сипатын анықтау;

- кіріс және шығыс мәліметтерді формалдау, мәліметтерді өңдеу үдерісін сипаттау;

- міндеттерді жеке топшаларға бөлу;
- міндеттерді шешудің әр түрлі модельдерін сипаттау;

- шешілетін міндеттердің практикада қолдану технологияларын, әдістемелерін сипаттау;

- болжалды нәтижелер.

Қазіргі кезде қазақ тілін оқытуда қолданылатын бағдарламалардың бірнеше негізгі топтарын бөліп көрсетуге болады:

- меңгерілетін материалдың формалданған дайындығы негізінде құрылған компьютерлік жаттықтыру бағдарламалары;

- Интернетке негізделген коммуникациялық бағдарламалық құралдар;

- тесттік жүйелер;

- ақпараттық сипаттағы мультимедиа жүйесі (энциклопедиялар, елтанымдық материалдар, мультимедиялық тұсаукесерлер);

- электрондық оқулықтар;

- мәліметтердің ақпараттық базасы және «Қазақ тілі» пәні бойынша анықтамалық ресурстар. Тілдерді оқытуда бағдарламалардың әр түрлі типін қолдануға болады:

- оқыту мақсатында құрастырылған оқыту бағдарламалары;

- құжаттамамен жұмыс істеуге арналған офистік бағдарламалар: мәтіндік редакторлар, мәліметтер базасы, телекоммуникациялық бағдарламалар;

- «ақпараттық» бағдарламалар – электрондық кітапханалар, энциклопедиялар, каталогтар;

- көңіл көтеру бағдарламалары – ойындар (оқиғалық, модельдік).

Оқыту үдерісін ұйымдастыруда компьютерлік бағдарламалардың интерактивтілік, оқытудың диалогтық сипаты сияқты мәнді қасиеттерге ие болуы маңызды. Бұдан басқа компьютер төмендегідей параметрлер бойынша тестілеуді тіркеуге (статистикалық ақпаратты жинауға) және жүзеге асыруға қабілетті:

- жеке білім алушының жаттығуды немесе тапсырманы орындауға жұмсаған уақыты;

- қателер саны және сипаты;

- тапсырмалар мен жаттығуларды орындауға ұмтылу саны;

- білім алушы орындаған жаттығулар мен тапсырмалардың жалпы саны;

- оқу мәтіндерінің типтері, сипаты және олармен жұмыс істеу реттілігі;

- оқу материалдарына жүгіну саны, оқыту уақыты және т.б.

А.В. Осиннің пікірінше, компьютерлік электрондық басылымдар және ресурстар келесі негізгі сипаттарға ие: интерактив, мультимедиа, моделинг, коммуникативтілік, өнімділік. Моделинг — шынайы нысандар мен үдерістерді оларды зерттеу мақсатында модельдеу. Коммуникативтілік — тікелей қарым-қатынас жасау мүмкіндігі, ақпаратты ұсыну жылдамдығы. Өнімділік шығармашылық емес операциялардың автоматтандырылуын білдіреді. Мысалы, ақпаратты жылдам іздеу, мәтінді өңдеу, есептеу.

Зерттеушілер Е.С. Полат, А.Н. Богомоллов Интернетте ұйымдастыруға болатын оқу қызметінің бірнеше түрін ұсынды және сипаттап берді :

- ақпаратты іздеу – браузерлермен, мәліметтер базасымен, анықтамалық жүйелермен және т.б. жұмыс істеу;

- қарым-қатынас жасау, тілдесу — электрондық пошта, чаттар, сілтемелер тізімі, форумдар, бейнеконференциялар;
- желідегі жарияланымдар — веб-бет, сайт, блок ашу.

Компьютерлік технологиялардың дидактикалық мүмкіндіктері тілдерді қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруда ерекше үлгіде іске асырылады. Олардың негізгілері мыналар:

- оқу ақпаратын жүйелі жинақтау, ақпаратты Интернетте редакциялау және сақтау, оны статистикалық жағынан өңдеу;
- білім алушы мен оқытушының, білім алушылардың бір-бірімен, сонымен қатар басқа елдегі серіктестермен интенсивті коммуникацияда болу мүмкіндігі;
- оқытушыға оқу үдерісін оперативті, дистантты басқару құқығын беру;
- білім алушының жағдайды, уақытты және оқыту қарқынын таңдау мүмкіндігі.

Интернеттің технологиялық мүмкіндіктері қазақ тілін меңгеретіндер үшін шынайы тілдік ортаны құруға мүмкіндік береді. Мұндай орта тіл иесімен кейінірек (электрондық пошта, off-line- телеконференциялар) немесе сол мезетте (телеконференциялар, Chat, бейнеконференциялар) қарым- қатынасқа түсудің арқасында пайда болады. Бұдан басқа бұл жеке ақпаратты жариялау, жеке web- бетті құру, ақпараттық ресурстарға қолжетімділік, мықты іздеу жүйелері арқылы желіде жаңдандыру мүмкіндігі болып табылады. Аталған бірегей мүмкіндіктер шын мәнінде қашықтықтан оқыту формасында қазіргі оқу үдерісін ұйымдастыруға барлық жағдайды тудырып отыр[59].

*Тілдік барьер.*

Аудармасыз оқытуда тағы бір көңіл бөлінетін мәселе – тілдік барьер.

Кез келген тілді меңгеру барысында пайда болатын тілдік барьер - бізге тән емес тілде сөйлесу кезінде туындайтын қиындықтар. Екінші тілді оқитын әрбір адам бұл жағымсыз құбылысты бастан кешіреді. Тілдік барьер жаңадан бастағандарда ғана емес, сондай-ақ жақсы білімі бар адамдарда да туындауы мүмкін. Мысалы, білім алушы грамматиканы жақсы білгенімен, қазақ тілінде шағын көлемді мәтіндерді оқып, мазмұнын түсінгенімен де сөйлемейді, дәлірек айтатын болсақ, сөйлеуге ыңғайсызданады. Бұл кез келген екінші тілді оқыту жолындағы ең маңызды проблемалардың бірі .

Сонымен «Тілдік барьер» дегеніміз не? Оның пайда болу себептері қандай? Алдымен «Тілдік барьер» ұғымын анықтап алайық.

Кез келген адам екінші тілді мектепте, кейін ЖОО, курстарда, тіпті өз бетінше үйренуі мүмкін. Грамматиканы жақсы меңгеріп, сөздік қорын толықтырып, мәтіндерді оқығанда, түрлі фильмдер көріп, ән тыңдағанда, мазмұнын түсінгенімен, өз ойын жеткізу үшін сөйлеуге қиналады. Бұл проблеманы «тілдік барьер» деп қарастырамыз.

Тілдік барьерді жеңу үшін, ең алдымен, оның пайда болу себептерін анықтау қажет.

Психологтер тілдік барьердің екі түрін бөліп көрсетеді: лингвистикалық және психологиялық.

Лингвистикалық барьерді жеңу психологиялық барьерге қарағанда әлдеқайда оңай, себебі бірінші себеп тілдік тәжірибенің болмауынан болады. Мысалы, білім алушы грамматикалық құрылымдарын біледі, сөздік қоры жақсы, бірақ сөйлеу практикасының жоқтығынан, өз ойын, көзқарасын жеткізе алмайды, яғни білімін сөйлеуде пайдалана алмайды. Бұл – өзге тілді қабылдай алмағандықтан туындайтын түсінбеушілік. Мұндайда тәжірибелі маман осы мәселелерді ұмытуға көмектесе алады.

Психологиялық барьерді қарастыратын болсақ, мұның себептері әлдеқайда терең. Ол адамның өз біліміне сенімсіздік қорқынышымен байланысты. Білім алушылардың қате сөйлеуіне, көбінесе, оқытушы таңдаған оқу мен әдістеменің дұрыс еместігінен пайда болуы мүмкін. Өйткені мұғалім оқу кезінде әрбір білім алушының жеке психологиялық ерекшеліктерін және оған деген көзқарасты ескеру қажет.

Психологиялық барьердің тағы бір себептерінің бірі – мотивация болуы мүмкін, яғни мотивация мүлде болмауы. Өз ойын айту және айту қажеттілігінің болмауы тілдік барьерлерді жеңу жолындағы өте маңызды кедергі болып табылады.

Лингвистикалық барьердің пайда болуы психологиялық барьердің болуынан да мүмкін.

Қазақ тілді емес мектептердің білім алушылары мектепте қазақ тілін меңгеру барысында сөздік қорын байытып, грамматиканы жақсы білсе де, сөйлеймейді. Бұл құбылысты адамның өзге тілде сөйлей алмау қорқынышы деп түсіндіруге болады, басқаша айтқанда «тілдік барьер» дейміз. Орыс ғалымдары адамның бойында пайда болатын тілдік барьердегі психологиялық қорқыныш түрлерін төмендегідей жіктеп көрсетеді:

1. Белгісіздіктен қауіптену;

Кейде өзге тілде бір сөз айту қажет болған жағдайда, адам не айтарын білмей қалады. Бұл адамның өзгелермен ана тілінде емес, басқа тілде сөйлеп дағдыланбауынан болуы мүмкін. Сондай-ақ, мұндай әңгіме қалай жалғасатынын білмейді: әңгімелесуші қандай тақырыпта әңгімені жалғастыратындығы белгісіз және т. б.

2. Қате сөйлеуге ыңғайсыздану;

Әрине, өзге тілде сөйлегенде басты қорқыныш – бұл бір нәрсені дұрыс айтпаймын деген үрей. Өзге тілді сөйлейтін әңгімелесушісімен сөйлескен кезде адам ақымақ немесе күлкілі көрінуге қорқатындықтан, «Иә», «Жоқ» деген жауаптармен шектеледі. Психологтердің пайымдауынша, бұл қорқыныш бала кезде жасаған қателіктеріміз үшін жазалайтындықтан болған деп түсіндіреді. Сондықтан, тіпті ересектер де қателіктерді болдырмауға тырысады.

3. Акцентпен сөйлеуге ұялу;

Кейбір адамдар өзге тілде акцентпен сөйлеуге ұялады.

Мұндай психологиялық мәселекейде бүкіл әлемдік ауқымды қамтиды: адам меңгеріп жүрген тілінде сол тілде сөйлетіндер сияқты таза сөйлей алмайтындықтан, ол ыммен, қимылмен сөйлесуді қалайды. Бұл айтылған сөзін өзге адамдардың қалай қабылдайтынын білмегендіктен туындайтын қорқыныш. Сонымен қатар, күлкінің астында, ақымақ көрінуден қорқады. Бұл



ретте біздің тілімізді шетелдіктердің үйреніп, дұрыс айтпаса да, сөйлегендеріне риза болып отыратынымызды ұмытып кетеміз.

4. Баяу сөйлеуден қашу;

Тағы бір кең таралған фобия: «Мен жауап беру үшін қажетті сөздерді есіме түсіргенше, оны айтып болғанша, өзгелер мені ақымақ деп ойлайтын шығар». Әңгімелесуші минутына жылдамдықпен 120 сөз сөйлеуді күтеді деп ойлаймыз. Ана тілінде сөйлеген кезде де кез келген адам үзіліс жасайды, сондықтан оны уайымдаудың қажеті жоқ.

5. Әңгімелесушінің түсінбей қалуынан қорқу.

Соңғы фобия алдыңғылардың барлығын біріктіреді: «Мен тым баяужәне акцентпен сөйлеймін, сөйлеп отырған адамды түсінбей қалуым мүмкін. Ол да мені түсінбейді». Осындай қорқыныш болғандықтан, адам тым қатты сөйлеуге мәжбүр болады (солай тез түсінеді деген пікір туындайды).

Сонда неліктен екінші тілде сөйлеу және өзге тілде айтылған сөзді қабылдау қиын?

\* Сөздік қорының жеткіліксіз болуы.

• Адамның сөздік қорыңыз неғұрлым көп болса, сол тілде сөйлейтін адаммен сөйлесу жеңіл болады. Ал егер лексикалық қорында санаулы ғана сөз болса, ол адамға өзгелермен сөйлесу, оларды түсіну қиын, немесе өз ойын жеткізу қиын болады.

\* Грамматиканы білмеу. Әрине, тіпті есімдік пен етістікті білудің өзі қарапайым тақырыптар бойынша сөйлесуге мүмкіндік береді. Дегенмен, егер адам ойын толық жеткізгісі келсе, онда грамматиканы меңгерген жөн. Сонымен қатар, қазақ тілінде естіген сөзін толық түсіну үшін қазақ тілі грамматикасының барлық қырларын білу керек.

\* Практиканың болмауы • Егер адам айына бірнеше сағат қазақ тілінде сөйлеп, аптасына жарты сағат қана сол тілде ақпарат тыңдайтын болса, тілдік барьердің пайда болуына таң қалмау керек. Кез келген дағдыны (айтылым немесе тыңдалымды) жоспарлы түрде дамыту үшін үнемі жаттықтыру қажет, яғни сол тілде сабақтар жиі өткізілуі тиіс.

Практикасының болуы үшін оқытушымен аптасына кемінде 2-3 рет 60-90 минуттан оқуға және күнделікті немесе бір күннен кейін кемінде 20-30 минуттан өздігінен қазақ тілін үйренуді ұсынамыз. Адамдар машина жүргізуді қалай үйренетінін еске түсірейік: рульде өзін сенімді сезіну үшін үнемі тәжірибе алу керек. Аптасына немесе бір айда бір сабақ нәтиже бермейді.

Қазақ тіліндегі тілдік барьерді қалай жеңуге болады? Білім алушыға 15 кеңес берейік:

1. *Сабырлы бол;*

Сабырлық – тілдік барьерлерді жеңгісі келетіндер үшін басты қадам. Қазақ тілінде ғана сөйлейтін адаммен әңгімелесу алғашқы кезде оңай болмайды. Әңгімелесу тек тіл үйренушілерге емес, тыңдаушыларға да қиын. Қазақ тілінде сөйлейтін әңгімелесуші де ыңғайсыз жағдайда болады, ол да тыңдаушысы түсінбей қалады деп қобалжып отырады, сондықтан екеуінің әңгімелерің табысты болу үшін ол да барлық жағдай жасайды. Сонымен қатар, қазақ тілді сұхбаттасушы тілді үйрететіндерге әрдайым ықыласпен қарайды,

тіпті қарапайым диалогтің өзін үлкен жетістік ретінде санайды және әңгіме жүргізуге барынша көмектесетін болады.

Сабырлы болуға шақыру оңай болып көрінетін шығар. Лингвист Стивен Крашен жағымсыз эмоцияларды сезінетін адамның тілдік қабілетін нашарлататын гипотезасын ұсынды. Яғни, егер адам қобалжып немесе көңіл-күйі болмай тұрса, ол адамға өз ойын екінші тілде жеткізу әлдеқайда қиын болады. Мұндай жағдайда тілдік қабілеттері де уақытша іске қосылмайды. Бұл көпшілік алдында сөйлеуден қорқу сияқты: адам ойын білдіретін сөзді білуі мүмкін, бірақ толқудан бәрін ұмытып кетеді.

#### *2. Сөйлеу барысында өзіне қателесуге рұқсат ет;*

Қызық болса да, бірақ бұл маңызды ұсыныс: перфекционизмнен бас тартып көрейік. Білім алушы кішкентай кезінде әріптерді қалай жазуды үйренетінін еске түсірейік: біреулер әріптерді қисық жазса, енді біреулері сызықтарын ұмытып кететін. Осындай «сәтсіздіктерге» қарамастан, нәтижесінде білім алушылар жазуды үйренеді. Қазақ тілінде сөйлесу дәл осындай процесте өтеді: алдымен адам қателеседі, бірақ жиі сөйлескен сайын дұрыс сөйлеуді үйренеді. Сондықтан тілге тән дыбыстарды дұрыс айта алмай қаламын деген қорқыныш болмау керек, сұхбаттасушы үшін түсінгені маңызды, сондықтан ондай қателіктер кешіріледі, білім алушы «жедел жәрдем» дәрігері немесе әуежай диспетчері емес, сондықтан ондай қателіктері зиян келтірмейді.

#### *3. Сөзді қате айтудан қорықпа;*

Әрине, қазақ тіліне тән дыбыстарды анық және дұрыс айтуға ұмтылу қажет, алайда акцентпен сөйлеуден қорықпаңыз, әйтпесе тілдік барьерді жеңу қиын болады. Қазақстан – көп ұлтты мемлекет болғандықтан, тілімізді көп ұлттар үйреніп жүр, олардың әрқайсысының ұлттық сөйлеу ерекшеліктері бар. Сондықтан акцентпен сөйлеуден қорықпау керек екенін ұмытпа. Бірақ дұрыс сөйлеу үшін үнемі тілінді жаттықтырып жүр.

#### *4. Асықпа;*

Әрбір білім алушы бірінші сабақтан бастап қазақ тілінде тез сөйлеп үйренгісі келеді. Бірақ іс жүзінде бәрі басқаша болады: ана тілінен екінші тілге көшу тым оңай емес. Алдымен білім алушы баяу, кідіріс жасап, сөздерді ұзақ таңдап сөйлейді. Мұндайда білім алушыны асықтырудың қажеті жоқ: жылдамдық практика нәтижесінде өзі келеді. Бастапқы кезде жылдам сөйлегеніне емес, сауатты сөйлегеніне көңіл бөл. Баяу сөйлесең де, сөйлемдеріңнің дұрыс құрастырылуына назар аударып, сөздердің дұрыс қолдануын қадағала.

#### *5. Сөздің мәнін түсінуге тырыс;*

Сұхбаттасушыны түсіну үшін оның әрбір сөзіне мән берудің қажеті жоқ, ең бастысы, не айтқысы келетінін түсін. Тіл үйренушілердің көп қателесетіні: таныс емес сөзді естіп, сол сөзді түсінуге тырысады да, одан әрі не айтатынын тыңдамай, мүлдем түсінбей қалады. Мұндай жағдайда әңгімелесу мүмкін емес, өйткені адамдар бір-бірін түсінбейді. Таныс емес сөздерге мән бермей, не туралы айтылғанын ұға отырып, тілдік барьерді жеңе біл. Дәл осындай кеңесті оқытушыларға халықаралық емтиханның алдында береді: Listening (тыңдау)

бөлімін тапсырған кезде бейтаныс сөздерге тоқтамай, ең бастысы — мәнін ұғу қажет, сонда ғана тапсырманы орындай аласыңдар.

*6. Сөздерді үнемі қайталап отыр;*

Егер әңгімелесуші бірінші рет түсінбесе, қорқынышты ештеңе жоқ: сөзіңді қайталап айт, оны қайта тұжырымдап айтып, жеңілдетуге тырыс. Сен енді ғана қазақ тілінде сөйлеуді үйреніп жүрсің, сондықтан сұхбаттасушы да сенің шешен сияқты сөйлегеніңді күтпейді.

*7. Түсінбеген сөзді қайталап сұра;*

Сұхбаттасушысыдан түсінбеген сөзіңді қайталап сұраудан қорықпа. Егер қазақ тілді сұхбаттасушы тым тез сөйлесе және сен сөздердің мән-жайын түсінбесең, бәрін асықпай, қайталап айтқанын сұрап көр. Егер саған сонда да түсініксіз болса, қарапайым сөздермен түсіндіруді сұрағаныңдұрыс. Өтінішінді дұрыс қабылдайтынын есте сақта, өйткені ол да кез келген адамға өзге тілді есту арқылы қабылдау оңай емес екенін түсінеді.

Түсінбей қалған жағдайда, төмендегідей сөйлемдерді қолдануға болады:

- ✓ Сіз ақырындап сөйлей аласыз ба?
- ✓ Сіз осыны қайталай аласыз ба?
- ✓ Сіз соңғы сөйлемді қайталап бересіз бе, өтінеміз?
- ✓ Айтқаныңызды қайталай аласыз ба?

*8. Өзіңді емін-еркін ұста;*

Егер сен тек қазақ тілінде сөйлейтін адаммен сөйлесетін болсаң, онда қарапайым, актив сөздерді қолдануға тырыс. Қарапайым сөздерден тұратын сөйлем түсінікті болады және өзіңе сенімді боласың. Қарапайым сөйлеу барысында өрескел емес, сыпайы сөздерді қосуды ұмытпа.

Тілдік барьерден арылу үшін тек қарапайым сөздермен шектелуге болмайды, сондықтан біртіндеп пассив сөздерді де қолдану қажет. Бұл сөйлеу дағдыны жақсартады.

*9. Сөздік қорыңды байытып отыр;*

Сөздік қорыңды байытқан сайын жаңа сөздерді тез тандап, әңгімелесушіні жақсы түсіне бастайсың. Сөйлеушіні тез түсіну үшін актив сөздермен қоса, пассив сөздерді де, түрлі тұрақты сөз тіркестерін жатқа білгенің жөн. Ол үшін сөздерді есте сақтауға арналған түрлі әдіс-тәсілдерді қолдан.

*10. Фразаларды есте сақта;*

Тілді тез меңгеру үшін жеке сөздерді емес, тұтас сөйлемдерді немесе үзінділерді де есте сақтау қажет. Осылайша фразалардың пайдалы үлгілерін пайдаланып жүресің. Дайын сөйлемдерге сүйене отырып, өз сөйлемдеріңді де құрастыра бастайсың.

*11. Аудиоматериалдарды жиі тыңда;*

Тыңдалым дағдысын дамыту үшін аудиоматериалдарды жиі тыңдау қажет. Аудиоматериалдар арқылы тілдік барьерден арылуға болады. Ол үшін жаналықтарды, фильмдерді, сериалдарды қазақ тілінде көруге, қызықты тақырыптарға подкасттар тыңдауға болады. Қазақ тілінде айтылған мәтіндерді тыңдау арқылы қалай түсінуге болады? Ол үшін күніне кем дегенде 10-20

минут қазақ тілінде айтылған сөйлемдерді тыңдау қажет. Айтылғандардың жартысын да түсіне алмасаң да, тыңдай бер. Себебі тыңдаған сайын құлағың бейтаныс сөздердің дыбысталуына бірте-бірте үйренеді және айтқан сөйлемдерді түсіне бастайсың.

*12. Грамматиканы түсініп ал;*

Грамматикалық ережелерді толық білу маңызды емес, ең бастысы, грамматикалық құрылымдарды біліп ал, ол қазақ тілінде ойыңды нақты және дәл баяндауға мүмкіндік береді, сондай-ақ қазақ тілінде не айтқанын дұрыс түсінесің. Грамматиканы түсіну үшін, қазақ тілінде сөз тіркестеріндегі сөздердің байланысуына, сөйлемдерге мән беру керек.

*13. Әңгімелесетін адам табу қажет;*

Тілдік барьерді жиі қазақ тілінде сөйлеу арқылы, тілінді жаттықтыру арқылы жеңе аласың. Үнемі қазақ тілінде сөйлеуге дағдыланған сайын тілді білу деңгейі де жақсарады.

Қазақ тілінде скайп арқылы да сөйлесуге болады, тіпті жай ғана сөйлесіп қана емес, сөздік қорын байытып, грамматиканы да талдауға мүмкіндік бар.

Егер қазақ тілін үйреніп жүрген досың болса, онымен қазақ тілінде сөйлесуге тырыс. Досыңмен ұялмай немесе қателесуден қорықпай қазақ тілінде сөйлесуге жеңіл болады.

*14. Үнемі қазақ тілінде сөйле;*

Қазақ тілін өз бетінше үйрену барысында әрбір сөзінді, әрбір сөйлемінді дауыстап айтып отыр. Кітапты дауыстап оқып, грамматикалық жаттығуларды орындап, жазылған сөйлемдерді дауыстап айтып, фильмді көргенде кейіпкерлердің фразасын қайтала. Мұндай қарапайым әрекеттер тілдік барьерлерді жеңуге көмектеседі. Ғалымдар дауыстап айтылған сөздер үнсіз оқыған сөздерге қарағанда жақсы есте қалатынын айтады.

*15. Көңіл-күйінді көтеріп жүр;*

Өмірде бәрі өзінді қоршаған әлемге қандай көзқараспен қарауыңа байланысты екен. Көңіл-күйің көтеріңкі болса, тілді үйрену де жеңіл болады. Яғни, өмірге деген көзқарасың оң болса, барлығына да қол жеткізуге болады[60].

Қорыта айтқанда, оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін аудармасыз оқыту арқылы меңгертуге, нәтижеге жетуге болады. Ал ол үшін, ең бастысы – оқыту жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

## Қорытынды

XXI ғасыр – қарыштап дамыған білім ғасыры. Бүгінгі жастардың өмірдің өзінен үйренері көп-ақ. Сондықтан мұғалім білім алушының білімін жетілдіре отырып, оқып-үйренсем деген ынтасын арттырып, ізденімпаздық қасиетке жетелеп, өз бетінше білім алуға үйретіп, сабақ үстінде қазақ тілінен білім берумен қатар, олардың санасына, халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіруге, халқының тарихын, әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін меңгертуге тиіс.

Ұсынылып отырған әдістемелік құралдағы ой-пікірлерді қорытындылайтын болсақ, тілдік ахуал уақыт өткен сайын жақсарып келеді. Қазақ тілін меңгерудің бүгінгі таңда көптеген тиімді жолдары бар екенін білеміз. Сондай жолдардың бірі – аудармасыз оқыту.

Қазақ тілін аудармасыз оқыту үшін бұл процесті жүйелі түрде жүргізу қажет. Себебі білім алушыларды қазақша сөйлеуге үйрету үшін білім алушының сөздік қоры жеткілікті болу керек, олар сөздерді байланыстыру, сөз тіркестерін құрастыру заңдылықтарын білуі қажет. Сонда ғана байланысты ойды басқаға білдіруге, басқаның сөйлемдерін түсіне алады. Сөйлеу заңдылықтарын білім алушыға жаттанды түрде емес, іс жүзінде, яғни ауызекі сөйлеуде жаттықтыру дағдысын қалыптастыру арқылы ғана мақсатты орындауға болады.

Жұмыстың бірінші тарауы «Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілін оқытудың ерекшеліктері» сараланған. Аталған тарауда шетелдік, отандық әдіскер-ғалымдардың ғылыми еңбектеріне шолу жасалып, тілді оқытуға қатысты негізгі әдіс-тәсілдер ұсынылды.

Екінші тарауы «Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін аудармасыз оқытуға арналған әдістемелік ұсынымдар» деп беріліп, бұнда қазақ тілін аудармасыз оқытуда қолдануға тиімді әдіс-тәсілдер қарастырылған.

Жұмыстың қосымша бөлімінде қазақ тілді емес мектептер мұғалімдерінің құрастырған қысқа мерзімді жоспарлары ұсынылған.

## Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Бірінші Призеденті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы. Электрондық ресурс: <http://adilet.zan.kz>
2. Ш.Х.Сарыбаев. Современный казахский язык. – Алматы, 1962.
3. Т.Шонанов. Самоучитель казахского языка для русских школ (практика и теория). – Кызыл-Орда, Госиздат, 1928.
4. С.Жиенбаев, Ғ.Бегалиев, И.Ұйықбаев. Қазақ тілі. – Алматы: Мектеп, 1988.
5. Ы.В.Маманов. Қазақ тілі: жоғары оқу орны студенттерінің орыс бөліміне арналған. – Алматы; Мектеп, 1989.
6. Р.Әміров. Қазақ тілі: Орыс тіліндегі мектептің 3 кл. арналған оқулық. 3 бас./ Р.Әміров, Ж.Әмірова. – Алматы: Рауан, 1995. – 159 б.
7. Н.Оралбаева, К.Жақсылықова. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Ана тілі, 1996.
8. Р.Сыздық. Қазақ тілі орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш, А., 1959, 1996
9. Қ.Қадашева. Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістері. Алматы, 2000.
10. Т.Аяпова. Қазақ тілі. Келіңіз, қазақша сөйлесейік. Алматы, Ана тілі, 2006.
11. Ж.Адамбаева. Орыс мектепте қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстары. Алматы, 1992ж.
12. Ш.Бектуров. Қазақ тілі. Алматы 2006ж
13. К.Сариева, Ф. Оразбаева т.б. Қазақ тілі. Оқу құралы. –Алматы, 2000.
14. Ф.Ахметжанова, Аударматанудың кейбір мәселелері. – Өскемен: Шығыс Ақпарат, 2009.
15. М.Жанпейісова. «Модульдік оқыту технологиясы» Алматы, 2006.
16. Ф.Оразбаева. «Тілдік қатынас әдісінің ғылыми теориялық негіздері» 1996 ж.
17. Қ.Бітібаева. «Әдебиетті оқыту әдістемесі» Алматы, « Рауан» 1997.
18. Б.Катембаева. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» Алматы, 1991 жыл
19. Ж.Н.Сүлейменова. Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқытудың ғылыми әдістемесі. – Алматы, 2005.
20. Қазақ тілі мен әдебиетін басқа ұлттарға оқыту тарихы, зерттелуі. Электрондық ресурс: <https://stud.kz>
21. Қ.Қадашева, У.О.Асанова, Б.Г.Ашиқбаева. Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту әдістемесі. Астана, 2012 ж.
22. Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде тілдерді дамыта оқыту әдістері. Электрондық ресурс: <http://emirsaba.org/aza-tildi-emes-mektepterde-tilderdi-damita-oitu-edisteri.html>
23. Қадашева Қ. Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері. –А. 2000.
24. К.Д.Ушинский: «О преподавании русского языка. Соч. 5, М.: Изд-во, АПН РСФСР, 1949, ст. 355.
25. Я.А.Коменский. «Ұлы дидактика».

26. Ю.К.Бабанский. «Оптимизация процесса обучения», Москва, 1977. Принципы обучения, с. 26.
27. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Электрондық ресурс: [http://megamozg.kz/index.php?page=view\\_mat&id=1476&partition=other&subpartition=articles\\_kazakh](http://megamozg.kz/index.php?page=view_mat&id=1476&partition=other&subpartition=articles_kazakh)
28. И.Қ. Кубаева Научно – методические основы обучения казахскому учащимся 5-7 классов в концепции неосферного образования. Москва 2007 год.
29. Қазақ тілін оқыту. Электрондық ресурс: <https://kitaphana.kz/ka/downloads/referatu-na-kazakskom/234-kazak-tili/2905-kazak-tilin-okity.html>
30. Н.Ж.Құрман. «Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері».-Астана, 2008
31. Ф.Ш. Оразбаева. Тілдік қатынас. –Алматы: Сөздік–Словарь, 2005. – 272 б.
32. Тілді меңгерудің халықаралық стандарттары негізінде «Балабақша-мектеп-колледж-жоғары оқу орны» жүйесінде мемлекеттік тілді үздіксіз оқытуды енгізудің әдістемелік негіздері. Астана, 2013 ж.
33. Аудирование- составляющий компонент развития навыков устной речи на уроках казахского языка. Электрондық ресурс: <https://www.slideshare.net/ssuser09eb10/ss-72081281>
34. Оқылым бойынша жүргізілетін креативті оқыту әдістері. <https://infourok.ru/oilim-boyinsha-zhrgiziletin-kreativti-oitu-disteri-850039.html>
35. Оқылым дағдысы (мәтінмен жұмыс) Электрондық ресурс: <http://engime.org/oilim-dafdisi-metinmen-jmis.html>
36. А.Құлмағамбетова. Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары, оқу-әдістемелік құрал. Астана – 2014.
37. Жаңартылған білім мазмұнының ерекшеліктері. Электрондық ресурс: <https://josparlar.kz/?p=1996>
38. Основные традиционные методы преподавания иностранных языков на примере обучения японскому языку. Электрондық ресурс: <https://articlekz.com/article/7322>
39. Беспереводной метод для Федора Михалыча. Электрондық ресурс: <https://greenforest.com.ua/journal/read/besperevodnoj-metod-dlya-fedora-mihalycha>
40. Д.Петров. Казахский язык. Базовый тренинг. Алматы, 2018
41. Кеменгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2005. 1 т. – 320 б.
42. Қошке (Қошмұхаммед) Кеменгерұлы. Шығармалар. – Алматы: Тұлға, 1995.– 184 б.
43. Кеменгерұлы Қ. Үштомдықшығармаларжинағы. Оқуқұралы.– Алматы: Алаш, 2005. 2 т. – 336 б.
44. А.Б. Шормақова. Қошке Кеменгерұлының «жат тілді» оқыту әдісі. Электрондық ресурс. <http://tilalemi.kz/article/1289>
45. Қазақ тілді емес сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша 1-11 сынып білім алушыларына арналған лексикалық-грамматикалық минимум. Астана, 2017ж. (4-б.)

46. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 177-қосымша, Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес) (40-бет.)
47. Пантомима. Электрондық ресурс: [kk.wikipedia.org.пантомима](http://kk.wikipedia.org/пантомима)
48. Мимика. Электрондық ресурс: [kk.wikipedia.org.мимика](http://kk.wikipedia.org/мимика)
49. Өтірік\_өлең. Электрондық ресурс: [kk.wikipedia.org/wiki/Өтірік\\_өлең](http://kk.wikipedia.org/wiki/Өтірік_өлең)
50. Пиктограмма. Электрондық ресурс: [kk.wikipedia.org/wiki/Пиктограмма](http://kk.wikipedia.org/wiki/Пиктограмма)
51. Графикалық органиайзер. Электрондық ресурс: <https://infourok.ru/prezentaciya-na-temu-grafikali-organayzer-1864679.html>
52. Э.Н. Жансеркеева. Лексикалық интерференцияның алдын алу мен оны меңгеру жолдары. Электрондық ресурс: [http://www.rusnauka.com/14\\_KPSN\\_2016/Pedagogica/2\\_207061.doc.htm](http://www.rusnauka.com/14_KPSN_2016/Pedagogica/2_207061.doc.htm)
53. Оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер қоржынынан. Электрондық ресурс: <https://www.metod-kopilka.ru/zhaa-dis-tsilder-75559.html>
54. А. Құлмағамбетова. Грамматиканы оқыту. Электрондық ресурс: <http://smk.edu.kz/>
55. Қазақ тілін үйретуде комикстерді қолдану. Электрондық ресурс: [http://tilalemi.kz/main/article/index?id=1147&fb\\_comment\\_id=1732770676743338\\_1734041029949636](http://tilalemi.kz/main/article/index?id=1147&fb_comment_id=1732770676743338_1734041029949636)
56. Сабақта қолданылатын әдіс тәсілдер. Электрондық ресурс: [https://ust.kz/word/sabaqta\\_qoldanylytyn\\_adis\\_tasilder-90453.html](https://ust.kz/word/sabaqta_qoldanylytyn_adis_tasilder-90453.html)
57. Ботанова Г.О. *Қазақ тілін оқытуда қолданылатын қатысымдық тапсырмалар*» Жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал, Ақтөбе, 2015ж. Электрондық ресурс: [https://infourok.ru/aza\\_tln\\_yrenushlerge\\_arnalan\\_dstemelk\\_ral-318918.htm](https://infourok.ru/aza_tln_yrenushlerge_arnalan_dstemelk_ral-318918.htm)
58. Как учить английские слова. Электрондық ресурс: <https://206226.selcdn.ru/webinars/words240418-webinar-presentation.pdf>
59. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда ақпараттық технологиялардың тиімділігі. Электрондық ресурс: <https://articlekz.com/kk/article/16163>
60. Как преодолеть языковой барьер в английском языке: 15 ценных советов. Электрондық ресурс: <https://englex.ru/how-to-overcome-language-barrier/>



## Қазақ тілді емес мектептер мұғалімдерінің құрастырған қысқа мерзімді жоспарлары


### 1-сабақ


<b>Бөлім: 6. Салт-дәстүр</b> <b>Сабақтың тақырыбы:</b> Қызық ертегі		<b>Мектеп:</b> №5 гимназия	
<b>Мерзімі:</b>		<b>Мұғалімнің аты-жөні:</b> Сулейменова Ж.А.	
<b>Сынып:</b>	Қатысып отырған білім алушы саны:	Сабақта жоқ білім алушы саны:	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаты (оқу бағдарламасына сілтеме)		2.Т.1.1.1. Көрген, тыңдаған ертегіні түсінеді, оқиды, кейіпкерлерді сипаттайды.	
<b>Сабақтың мақсаттары</b>		<b>Барлық білім алушылар:</b> Қарапайым сөйлемдерді түсініп, қайталайды.	
		<b>Көпшілік білім алушылар:</b> Тыңдау-көру материалы бойынша сұрақтарға жауап береді.	
		<b>Жекелеген білім алушылар:</b> Көрген, тыңдаған ертегіні түсінеді,кейіпкерлерді сипаттайды.	
<b>Күтілетін нәтижелер:</b>		Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді, мәтіндегі негізгі ойды табады, кейіпкерлерді сипаттайды.	
<b>Бағалау критерийлері:</b>		Т.1. - мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді; - кейіпкерлерді сипаттайды.	
<b>Сабақта қолданылатын материалдар</b>		Оқу бағдарламасы, «Қазақ тілі» оқулығы, интерактивті такта, стикерлер, суреттер, маркерлер, А3 қағаздары, өзін-өзі бағалау парақтары, ертегі кейіпкерлерінің суреті, дескриптор жазылған парақшалар	
<b>Оқыту әдістері:</b>		«Шаттық шеңбері» тренингісі, «Пазл» әдісі, «Кейіпкерлерді тап», «Ой шақыру», сұрақ-жауап әдісі, сергіту сәті, «Сәйкесін тап», «Бағдаршам» әдісі, топтық, жеке, ұжымдық жұмыс.	
<b>Дереккөздері:</b>		Әдістемелік құрал, дидактикалық материалдар, сөздік, оқулық.	
Жоспарланған уақыт	Тапсырма	Мұғалімнің іс – әрекеті. Сабақта берілетін тапсырмалар	Білім алушының іс-әрекеті
Сабақ тың басы (10 минут)	Білім алушыларға психологиялық ахуал туғызу. (1 мин)	«Шаттық шеңбері» тренингі бойынша балалар бір – біріне жылы сөздерін айтады.	<b>I. Қайырлы күн достар!</b> Айтарым бар сендерге, Тез тұрындар шеңберге

			<p>Біздің ..... ақылды,          Біздің ..... мейірімді,          Біздің ..... адал.  <u>Бәрі бірге:</u> Қандай жақсы дос болу!  <b>II. Кел, балалар ортаға!</b>          Үлкен шеңбер құрайық,          Жылы сөздер айтайық,          Сен ..... жақсы баласың          Сен ..... сүйкімді қызсың          Сен ..... батылсың          Қолымыздан ұстасып,  <u>Бәрі бірге:</u> Жылулықты алайық!</p>
	<p>Өткен сабақты тексеру          (3 мин.)</p>	<p>Өткен сабақты қорытындылап жаңа сабаққа ену үшін білім алушыларға ертегі кейіпкерлері салынған себет ұсынылады.          «Керектісін тап» әдісі арқылы өткен сабақты қорытындылап, жаңа сабақтың тақырыбы анықтатады.          - Балалар, себетте қандай ертегінің кейіпкерлері бар?(тақтаға іледі, ертегі желісін еске түсіреді).          - Ал енді қалған кейіпкерлер қандай ертегі деп ойлайсыңдар?          - Сабақтың тақырыбын анықтаңыз.          Тақырып анықталып, мұғалім оны айтады.          «Салт-дәстүр»бөлімін жалғастырамыз.          Бүгінгі сабақтың тақырыбы: <b>Қызық ертегі.</b>          Сабақтың мақсаты айтылады.          Міндеттері көрсетіледі.</p>	<p>I топ:          «Тігінші мен ай» ертегісіне қатысты кейіпкерлерді таңдап, тақтаға іледі, ертегі желісін еске түсіреді.          II топ:          Себетте «Тігінші мен ай» ертегісінен басқа кейіпкерлердің қандай ертегі екенін болжайды.</p>
<p>Пазл арқылы топқа бөлу          (2мин)</p>		<p>Алдаркөсе мен байдың суреті салынған пазл үлестіру арқылы білім алушыларды 2 топқа бөледі.</p>	<p>Білім алушылар пазл жинап, барып топқа бөлінеді.</p>

	<b>I.Қызығушылықты ояту</b> (3мин)	Ертегі көргілерің келе ме? - деп білім алушылардың жаңа сабаққа деген қызығушылығын ояту мақсатында "10 тақия" мультфильмінен үзінді көрсетіледі.	<b>ТЫҢДАЛЫМ.</b> Мультфильмді көреді, айтқан сөздерін тыңдайды.				
	Ой шақыру (1 мин)	<b>Сұрақтар қою:</b> Балалар, сендер қандай мультфильм көрдіңдер? Мультфильм кімдер туралы? <table border="1" data-bbox="703 629 1035 1220"> <tr> <td>Бағалау критерийлері</td> <td>Дескриптор</td> </tr> <tr> <td>Берілген сұрақтарды түсінеді, жауап береді.</td> <td>Білім алушы сұрақтарға дұрыс, толық жауап береді. Мультфильм кейіпкерлерін атап береді.</td> </tr> </table> <p>ҚБ</p>	Бағалау критерийлері	Дескриптор	Берілген сұрақтарды түсінеді, жауап береді.	Білім алушы сұрақтарға дұрыс, толық жауап береді. Мультфильм кейіпкерлерін атап береді.	<b>АЙТЫЛЫМ. ҰЖ.</b> Сұрақтарға жауап береді. Өзін-өзі бағалау парағын толтырады.
Бағалау критерийлері	Дескриптор						
Берілген сұрақтарды түсінеді, жауап береді.	Білім алушы сұрақтарға дұрыс, толық жауап береді. Мультфильм кейіпкерлерін атап береді.						
Сабақтың ортасы (20 минут)	Сергіту сәті (1 мин)	Білім алушылардың бой жазуы үшін орындарынан тұрғызып, сергіту жаттығуын жасатады.	<b>АЙТЫЛЫМ.</b> Орындарынан тұрып, сергіту жаттығуын жасайды, мұғаліммен бірге қайталайды. Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық Оңға қарап, солға қарап. Бір отырып, бір тұрып. Бой сергітіп алайық				
	<b>II.Мағынаны тану</b> <i>1. Сөздікпен жұмыс</i> (5 мин.)	Мұғалім интерактивті тақтадан тақырыпқа қатысты жаңа сөздермен таныстырады, аудармасын айтады. Балаларға жаңа сөздермен сөз тіркестерін құрғызады. <b>Сараң</b> - скупой; жадный <b>Тапқыр</b> –находчивый; остроумный	<b>ТЫҢДАЛЫМ.</b> <b>ОҚЫЛЫМ.</b> Жаңа сөздерді тыңдайды, қайталайды.  <b>АЙТЫЛЫМ.</b> Жаңа сөздермен сөз тіркестерін құрайды.				

		<b>Тақия</b> – тيوبтейка <b>Мата</b> –материал <b>Жарты метр</b> - пол метра					
	<i>2. Мәтінмен жұмыс</i> 1-тапсырма (6мин)	<p>Білім алушыларға мәтінді тыңдатады, оқытады. Т.Ж.(топпен жұмыс істейді)</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>Бағалау критерийлері</th> <th>Дескриптор</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> <p>I топ: мәтіннен тірек сөздерді табады. II топ: қысқа мазмұнын айтып шығады.</p> </td> <td> <p>I. Мәтін мазмұнын ашатын 3 тірек сөзді дұрыс жазады. II. Мәтін мазмұнын ашатын 3 сөйлем жазады.</p> </td> </tr> </tbody> </table> <p>ҚБ – топтағы білім алушылар бір-бірінің жұмыс өнімін тексереді. Тақтаға шығып өзге топтың жазғанын оқиды. Мұғалімнің бағалауы.</p>	Бағалау критерийлері	Дескриптор	<p>I топ: мәтіннен тірек сөздерді табады. II топ: қысқа мазмұнын айтып шығады.</p>	<p>I. Мәтін мазмұнын ашатын 3 тірек сөзді дұрыс жазады. II. Мәтін мазмұнын ашатын 3 сөйлем жазады.</p>	<p><b>ТЫҢДАЛЫМ.</b> <b>ОҚЫЛЫМ.</b> Мәтінді аудиоарқылы мұқият тыңдайды, өздері оқулықтан оқып шығады. <b>ЖАЗЫЛЫМ.</b> А3 қағазына түрлі түсті маркермен жазады. I топ: мәтіннен тірек сөздерді табады. II топ: қысқа мазмұнын жазып шығады.</p> <p>Топтағы білім алушылар бір-бірінің жұмыс өнімін тексереді. Тақтаға шығып өзге топтың жазғанын оқиды</p>
Бағалау критерийлері	Дескриптор						
<p>I топ: мәтіннен тірек сөздерді табады. II топ: қысқа мазмұнын айтып шығады.</p>	<p>I. Мәтін мазмұнын ашатын 3 тірек сөзді дұрыс жазады. II. Мәтін мазмұнын ашатын 3 сөйлем жазады.</p>						



	2-тапсырма (4 мин)	<table border="1"> <tr> <td data-bbox="703 188 847 300">Бағалау критерийлері</td> <td data-bbox="847 188 1062 300">Дескриптор</td> </tr> <tr> <td data-bbox="703 300 847 524">Берілген сөйлемді толықтырады</td> <td data-bbox="847 300 1062 524">Көп нүктенің орнына тиісті сөзді жазады.</td> </tr> </table> <p>ҚБ</p>	Бағалау критерийлері	Дескриптор	Берілген сөйлемді толықтырады	Көп нүктенің орнына тиісті сөзді жазады.	<p><b>ЖАЗЫЛЫМ.</b> Суретке қарап, көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып жазады.</p> <p>I топ: 1. ... он ... тікті.</p> <p>II топ: ... байға кішкентай болды.</p> 
Бағалау критерийлері	Дескриптор						
Берілген сөйлемді толықтырады	Көп нүктенің орнына тиісті сөзді жазады.						
		<p>Дәптермен жұмыс</p> <table border="1"> <tr> <td data-bbox="703 1070 847 1182">Бағалау критерийлері</td> <td data-bbox="847 1070 1062 1182">Дескриптор</td> </tr> <tr> <td data-bbox="703 1182 847 1368">Берілген тапсырманы орындайды</td> <td data-bbox="847 1182 1062 1368">Сөз тіркесін құрап, жазады</td> </tr> </table> <p>ҚБ</p>	Бағалау критерийлері	Дескриптор	Берілген тапсырманы орындайды	Сөз тіркесін құрап, жазады	Жазу дәптеріндегі 1-ші тапсырманы орындайды.
Бағалау критерийлері	Дескриптор						
Берілген тапсырманы орындайды	Сөз тіркесін құрап, жазады						
	«Кім жылдам ойыны?» (4 мин)	<p>4. ТЖМәтінсоңы жұмыс.</p> <table border="1"> <tr> <td data-bbox="703 1473 836 1630">Бағалау критерийлері</td> <td data-bbox="836 1473 1062 1630">Дескриптор</td> </tr> <tr> <td data-bbox="703 1630 836 1955">Берілген сұрақтар мен суреттерді сәйкестендіреді</td> <td data-bbox="836 1630 1062 1955">Сұрақтар мен суреттерді дұрыс сәйкестендіреді.</td> </tr> </table>	Бағалау критерийлері	Дескриптор	Берілген сұрақтар мен суреттерді сәйкестендіреді	Сұрақтар мен суреттерді дұрыс сәйкестендіреді.	<p><b>АЙТЫЛЫМ.</b> Екі топ өзара жарысып сұрақтар мен суреттерді сәйкестендіреді, дұрыс әрі жылдам сәйкестендіру керек.</p>
Бағалау критерийлері	Дескриптор						
Берілген сұрақтар мен суреттерді сәйкестендіреді	Сұрақтар мен суреттерді дұрыс сәйкестендіреді.						
Сабақтың соңы (10 минут)	Бекіту. (4мин)	<p><b>ҰЖ</b>Ертегі кейіпкерлерін сипаттайды. Тақырыпты бүгінгі</p>	<p><b>АЙТЫЛЫМ.</b> I топ: Алдаркөсені сипаттайды.</p>				

		<p>күнмен байланыстыру мақсатында мұғалім білім алушылармен сұрақ - жауап жұмысымен аяқтайды.</p> <p>Біздің өмірімізде осындай адамдар бар ма? Ал, біз қандай болу керекпіз? Алдаркөсе не үшін байды алдайды?</p> <table border="1"> <tr> <td>Бағалау критерийлері</td> <td>Дескриптор</td> </tr> <tr> <td>Ертегі кейіпкерлерін сипатайды.</td> <td>Сын есімдерді дұрыс пайдаланып баймен Алдаркөсені сипаттайды.</td> </tr> </table>	Бағалау критерийлері	Дескриптор	Ертегі кейіпкерлерін сипатайды.	Сын есімдерді дұрыс пайдаланып баймен Алдаркөсені сипаттайды.	II топ: Байды сипаттайды.
Бағалау критерийлері	Дескриптор						
Ертегі кейіпкерлерін сипатайды.	Сын есімдерді дұрыс пайдаланып баймен Алдаркөсені сипаттайды.						
	Бағалау (4мин)	<p>Кері байланыс. ҚБ</p> <p><b>“Бағдаршам” әдісін өзін - өзі бағалау</b></p>  <p>Мұғалім білім алушылардың өзін бағалауы бойынша қорытынды бағаны өзі қояды.</p>	«Бағдаршам» әдісі бойынша әр білім алушы өз жұмысына баға береді.				
	Үйге тапсырма: (2 мин)	Жазу дәптердегі 2-тапсырма, 33 бет.					

## 2 -сабақ

<b>Сабақтың тақырыбы:</b> «Ақ бидай» (әдеби ертегі, авторы Өтебай Қанахин)	<b>Мектеп:</b> №5 гимназия	
<b>Мерзімі:</b> 08.02.2018ж.	<b>Мұғалімнің аты-жөні:</b> Нурышева А.Б.	
<b>Сынып:</b> 7 «В»	<b>Қатысып отырған білім алушы саны:</b>	<b>Сабақта жоқ білім алушы саны:</b>

<b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаты (оқу бағдарламасына сілтеме)</b>	7.Т2. Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау.	
<b>Сабақтың мақсаттары:</b>	<b>Барлығы:</b> тыңдалған мәтін бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін айтады.	
	<b>Көбі:</b> тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді, сұрақтарға жауап береді.	
	<b>Кейбірі:</b> тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді, ақпараттың өзектілігін анықтайды.	
<b>Күтілетін нәтижелер:</b>	Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді, мәтіндегі негізгі ойды табады, сөйлесімге түседі.	
<b>Бағалау критерийлері:</b>	<b>Т.2.</b> - мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді; - ақпараттың өзектілігін анықтайды.	
<b>Жаңа сөздер:</b>	Егін –посевы, қуаңшылық – засуха, нашарлай береді – ухудшается, мұң-зары – проблемы, зая кетпей – не напрасен, қаумалап – окружив, құлақ аспайды – не слушали, баданадай – крупный, ырыс – достаток, алқап – равнина, шөптің бәрін тып-типыл қылады – сорвал всю траву	
<b>Сабақта қолданатын материалдар:</b>	Интерактивті тақта, слайд, стикерлер, суреттер, маркерлер, А3 қағаздары, өзін-өзі бағалау парақтары, түрлі-түсті қағаз, «Жетістіктер баспалдағы» кері байланыстың суреті.	
<b>Оқыту әдістері:</b>	«Артығын тап» әдісі, сұрақ-жауап, «Топтастыру» стратегиясы, «ПОПС» формуласы, топтық жеке, ұжымдық жұмыс, «Жетістіктер баспалдағы» әдісі (кері байланыс).	
<b>Дереккөздері:</b>	Мұғалім кітабы, оқулық, сөздік, <a href="http://ebooks.semgu.kz/ebook/8/content.php?cont=d;493">http://ebooks.semgu.kz/ebook/8/content.php?cont=d;493</a>	
<b>Тапсырма</b>	<b>Мұғалімнің іс-әрекеті</b>	<b>Білім алушының іс-әрекеті</b>
<b>Сабақтың басы</b>	Сабақтың тақырыбына ену үшін білім алушыларға суреттер көрсетеді. «Артығын тап» әдісі арқылы сабақтың тақырыбын анықтатады.(3 мин.) -Балалар, суреттерде не бейнеленген? -Осы суреттердің ішінен артық суретті табыңыз. Оның айырмашылығы неде? - Сабақтың тақырыбын анықтаңыз. Тақырып анықталып, мұғалім оны айтады. «Төрт түлік мал мен егіншілік – елдің берекесі» атты бөлімді бастағалы отырмыз. Бүгінгі сабақтың тақырыбы – «Ақ бидай». Бұл әдеби ертегі, авторы Өтебай Қанахин (1923–1990) - 17 желтоқсанда Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Тәуіп ауылында туған. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Белгілі жазушы, журналист. Жазушының бірқатар шығармалары шет тілдеріне аударылған. «Ауыр күндер», «Көл жағасында», «Маздақ», «Жас дәурен», «Қарт сарбаз хикаясы», «Ата қоныс» т.б. кітаптардың авторы.	Суреттерді сипаттайды, олардың ішінен артық суретті атайды, айырмашылығын айтады. Сөйтіп, сабақтың тақырыбын анықтайды.

	<p>(Үй жұмысы сұралмайды, себебі өткен сабақта «Музыка. Қазақтың киелі домбырасы» бөлімі бойынша нәтиже сабақ болды).</p> <p>Сабақтың мақсаты айтылады.</p> <p>Түрлі-түсті қағазды үлестіру арқылы білім алушыларды 3 топқа бөледі.</p> 	<p>Қағаздың түсіне қарай топтарға бөлінеді.</p>
<b>Сабақтың ортасы</b>	<p>1. Сөздік жұмыс.</p> <p>Мұғалім интерактивті тақтадан тақырыпқа қатысты жаңа сөздермен таныстырады, аудармасын айтады.</p>	<p><b>Тыңдалым. Оқылым. Жазылым.</b> Жаңа сөздерді тыңдайды, оқиды, жазады.</p> <p><b>Айтылым.</b> Жаңа сөздермен сөз тіркестерін құрайды. 4 мин.</p>
	<p>2. Мәтін алды жұмыс.</p> <p>А) <b>Айтылым.</b> Оқулықтағы 1-тапсырманы (50-бет) орындатады. (3 б.)</p> <p>1. Сен тұратын жерде егіншілікпен айналыса ма? Неге?</p> <p>2. Егіншілікпен кімдер айналысады?</p> <p>3. Егіншіліктің қандай пайдасы бар?</p> <p><i>Дескриптор</i></p> <p>1. Білім алушы сұрақтарға дұрыс, толық жауап береді.</p> <p>2. Егіншіліктің пайдасын атап шығады.</p> <p>ҚБ</p>	<p><b>ЖЖ</b> (жеке жұмыс) 4 мин.</p> <p><b>Айтылым.</b> Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Өзін-өзі бағалау парағын толтырады.</p>
	<p>Ә) <b>Жазылым.</b> Оқулықтағы 2-тапсырманы орындатады.</p> <p><i>Егін ырыс таңдамайды, еңбек таңдайды.</i></p>  <p>ҚБ</p> <p><i>Дескриптор</i></p> <p>1. Білім алушы берілген мәтелді дұрыс түсініп, мағынасын ашады.</p> <p>2. «Егін» сөзін топтастыру арқылы жинақтайды, қорытынды жасайды.</p>	<p><b>Жазылым.</b></p> <p>Ұжымдық жұмыс</p> <p>Білім алушылар мәтелдің мағынасын түсініп, «Егін» сөзін топтастыру арқылы жинақтайды. Жауаптарын стикерлерге жазып, тақтаға іледі.</p> <p>(4 мин.)</p> <p>Өзін-өзі бағалау парағын толтырады.</p>
	<p>3. Мәтінмен жұмыс – 4-тапсырма</p> <p>А) <b>Тыңдалым.</b></p> <p>Ә) <b>Оқылым.</b></p> <p>Мәтінге берілетін деңгейлік тапсырмалар: (әр топқа)</p> <p>А деңгейі – Мәтін мазмұнын ашатын 3 тірек сөз немесе сөз тіркесін жазу. (1 б.)</p>	<p><b>ТЖ</b> (топтық жұмыс)</p> <p><b>Тыңдалым.</b></p> <p>Мәтінді тыңдайды. (3 мин.)</p> <p><b>Оқылым</b> – мәтінді ішінен оқып шығады. (3 мин.)</p> <p>Деңгейлік тапсырмалар орындайды (8 мин.)</p>



	<p>В деңгейі – Мәтін мазмұнын ашуға бағыттайтын 1 сұрақ құрастыру. (2 б.) С деңгейі – Мәтін мазмұнына сәйкес 4 бөлімнен тұратын жоспар құру. (3 б.) ҚБ – өзін-өзі бағалау, мұғалімнің бағалауы.</p> <p><i>Дескриптор</i> 1. Мәтін мазмұнын ашатын 3 тірек сөз немесе сөз тіркесін жазады. 2. Мәтін мазмұнын ашуға бағыттайтын 1 сұрақты дұрыс құрастырады. 3. Мәтін мазмұнын түсініп, 4 бөлімнен тұратын жоспар құрастырады.</p> <p><b>Б) Айтылым</b></p> <p>ҚБ – бірін-бірі бағалау, мұғалімнің бағалауы.</p> <p>4. Мәтінсоңы жұмыс.</p> <p><b>Айтылым</b> – 5-тапсырма, 51-бет. <i>Дескриптор</i> 1. Білім алушы сұрақтарға дұрыс, толық жауап береді.</p>	<p>Өзін-өзі бағалау парағын толтырады.</p> <p><b>Айтылым</b> – топтар бірін-бірі бағалайды (жұмыс өнімін басқа топқа береді) - 2 мин. Әр топ өз жұмысының өнімі жөнінде басқа топ жазған пікірді оқиды, келісетінін /келіспейтінін айтады. (3 мин.) ЖЖ (жеке жұмыс) – сұрақтарға жауап береді.</p>
<b>Сабақтың соңы</b>	<p><b>Бекіту.</b> Білім алушыларға сұрақтарды қою: - Мәтіннің негізгі мазмұны, яғни идеясы неде? - Мәтіннің идеясы бүгінгі таңда өзекті ме? Неге? <i>Дескриптор</i> 1. Білім алушы мәтіннің негізгі ойын, идеясын айтады. 2. Оның бүгінгі таңдағы өзектілігін анықтайды. 3. Өз пікірін дәлелдейді.</p> <p><b>Кері байланыс.</b> «Жетістіктер баспалдағы» арқылы өткізу. 3. Сабақта мен тақырып бойынша биік жетістіктерге жеттім. 2. Сабақта менің айтарлықтай нәтижелерім бар, дегенмен мен сол деңгейде қалмаймын. Мен түсініксіз ұғымдарды анықтаймын, түсінемін. 1. Мен үшін қиын. Мен тырысып жүрмін..., бірақ сабақта жетістіктерге жету үшін, маған әлі көп жұмыс істеу керек.</p>	<p>ЖЖ (жеке жұмыс) Білім алушылар мәтіндегі негізгі ойдың өзектілігін анықтап, «ПОПС» формуласы немесе «4 сөйлем» әдісі арқылы оны дәлелдеп айтады.</p> <p>Білім алушылар өздерін қай сатыда тұрғанын көрсетеді, пікірлерін айтады.</p>
<b>Бағалау</b>	<p>Қалыптастырушы бағалау. Мұғалім білім алушылардың сабақта қаншалықты жұмыс істегенін есепке ала отырып, қорытынды бағаны өзі қояды, білім алушыларға айтады.</p>	
<b>Үйге тапс.</b>	<p>7-тапсырма, 51-бет (ауызша)</p>	<p>Күнделікке жазады.</p>

## Қосымша материалдар

Мұғалімнің білім алушылар танымдық әрекеттерін қалыптастырушы  
бағалауы  
2017-2018 оқу жылы

Пәні: қазақ тілі мен әдебиеті

Сыныбы: 7 «В»

Күні: 08.02.18

Сабақтың тақырыбы: Ақ бидай

Мұғалім: Нурышева А.Б.

№	Білім алушы	Айтылым			Жазылым 2 б.	Тыңдалым Оқылым А – 1б., В – 2б., С – 3 б.	Бағасы (12 б.) «2» - 4б. дейін «3» - 5-7 б. «4» - 8-10 б. «5» - 11-12 б.
		1-тапс. 3 б.	5-тапс. 2 б.	Бекіту 2 б.			
1	Бейсембаева Карина						
2	Бикбаева Карина						
3	Боброва Дарья						
4	Джуламанова Азиза						
5	Ермолаев Игнат						
6	Зайникаева Софья						
7	Ким Элина						
8	Максимова Вероника						
9	Масалина Лейла						
10	Мугалова Малика						
11	Назарова Мирамина						
12	Омарова Даяна						
13	Тихончук Матвей						

### Дескрипторлар Айтылым

#### Сұрақтар

1. Сен тұратын жерде егіншілікпен айналыса ма? Неге?
2. Егіншілікпен кімдер айналысады?
3. Егіншіліктің қандай пайдасы бар?

#### Дескриптор

1. Білім алушы сұрақтарға дұрыс, толық жауап береді.
2. Егіншіліктің пайдасын атап шығады.

### Жазылым (2-тапсырма)

#### Дескриптор

1. Білім алушы берілген мәтелді дұрыс түсініп, мағынасын ашады.
2. «Егін» сөзін топтастыру арқылы жинақтайды, қорытынды жасайды.

### Мәтінмен жұмыс (4-тапсырма)

Тыңдалым. Оқылым – топтық жұмыс

Мәтінге берілетін деңгейлік тапсырмалар:

А деңгейі – Мәтін мазмұнын ашатын 3 тірек сөз немесе сөз тіркесін жазу.

В деңгейі – Мәтін мазмұнын ашуға бағыттайтын 1 сұрақ құрастыру.

С деңгейі – Мәтін мазмұнына сәйкес 4 бөлімнен тұратын жоспар құру.

*Дескриптор*

1. Мәтін мазмұнын ашатын 3 тірек сөз немесе сөз тіркесін жазады.
2. Мәтін мазмұнын ашуға бағыттайтын 1 сұрақты дұрыс құрастырады.
3. Мәтін мазмұнын түсініп, 4 бөлімнен тұратын жоспар құрастырады.

### Мәтінсоңы жұмыс (5-тапсырма, 51-бет)

Айтылым

*Дескриптор*

1. Сұрақтарға дұрыс, толық жауап береді.

Бекіту

*Дескриптор*

1. Мәтіннің негізгі ойын, идеясын айтады.
2. Оның бүгінгі таңдағы өзектілігін анықтайды.
3. Өз пікірін дәлелдейді.

### Білім алушының өзін-өзі бағалау парағы

(әр білім алушы тапсырманы орындаған болса, өз әрекетін бағалайды)

Білім алушы \_\_\_\_\_ сыныбы \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

Сабақтың тақырыбы: Ақ бидай.

### Айтылым

№	Іс-әрекет түрлері	жок/иә	қосымша
1	Сұраққа дұрыс жауап бердім		
2	Жауабым дұрыс, бірақ толықтыруды қажет етеді		
3	Жауабым нақты емес, ойлануды қажет етеді		
4	Жауап бере алмадым		
5	Екіншіліктің пайдасын атадым		
<i>5-тапсырма, 51-бет</i>			
1	Сұраққа дұрыс, толық жауап бердім.		
<b>Бекіту</b>			
1	Мәтіннің негізгі ойын, идеясын айттым.		
2	Мәтіннің идеясының бүгінгі таңдағы өзектілігін анықтадым.		
3	Өз пікірімді дәлелдедім: «ПОПС» формуласы арқылы «4 сөйлем» әдісі арқылы		

### Жазылым

№	Іс-әрекет түрлері	жок/иә	қосымша
1	Берілген мәтелдің мағынасын ашып айттым.		
2	«Егін» сөзіне топтастыру жазуға қатыстым.		

3	Мәтелдің мағынасы бойынша қорытынды жасадым.		
---	--	--	--

### Тыңдалым / Оқылым

№	Іс-әрекет түрлері	жоқ/иә	қосымша
1	Мәтін мазмұны бойынша тірек сөз немесе сөз тіркесін жаздым.		
2	Сұрақты құрастыруға көмектестім немесе өзім құрастырдым.		Қажетті етістіктің астын сыз
3	Мәтінге жоспар құрастыруға қатысып, қажетті ой айттым.		
4	Басқа білім алушының жұмысын бағаладым.		

### 3-сабақ

<b>Тақырыбы:Көктем сәні</b>	<b>Мектебі:№44</b>	
<b>Күні,айы:13.03.19</b>	<b>Мұғалімнің аты-жөні: Сейтжанова С.Б.</b>	
<b>1 «А» сынып</b>	<b>Сабаққа қатысқан білім алушылар саны:</b>	<b>Сабаққа қатыспаған білім алушылар саны:</b>
<b>Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты</b>	<p>1.1.1.1.Ертегіні оқи отырып,табиғаттағы аң-құстардың тыныс-тіршілігімен, түрлерімен таныстыру</p> <p>1.1.2.1.Жыл мезгілдері туралы түсінік, табиғат құбылыстарының ерекшеліктері, олардың бір-бірімен байланысты екенін аңғарту.</p> <p>1.2.3.1. Білім алушылардың сөздік қорын молайту,түсініктерін айта білуге,табиғатқа деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын, табиғатты қамқорлауға, қорғауға баулу</p> <p>1.2.3.1.Сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және тілдік нормаларды сақтай отырып,түрлі тәсілдермен жауап беру.</p> <p>1.3.3.1Мәтіннің жанрын(өлең, ертегі,жұмбақ,әңгі-межәне т.б) ажырату.</p>	
<b>Сабақ мақсаты</b>	<p><b>Барлық білім алушылар:</b> Білім алушылар ертегіні оқып, мазмұнын ашады, табиғаттағы аң-құстардың тыныс-тіршілігімен танысады, топтық жұмыс жасап, рөлдік ойындар көрсетеді.</p> <p><b>Білім алушылардың басым бөлігі:</b> Тақырыптың мазмұнын жетік түсінеді</p> <p><b>Кейбір білім алушылар:</b> Сабаққа қызығушылығы артып, өз ойын жүйелі түрде жеткізеді. Білім алушылар сыни тұрғыдан ойлауға үйренеді.</p>	
<b>Сабақтың барысы</b>		
<b>Сабақтың кезеңдері</b>	<b>Жоспарланған жұмыс</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы(2-5 минут)</b>	<p>Білім алушылармен амандасу.Сыныпты түгендеу. Сабаққа дайындау, оқу құралдарын алу</p> <p>Үйге қандай тапсырма берілді?</p> <p>-Үйге берілген тапсырманы «драма» әдісі бойынша тексеру</p> <p>Қазір қай жыл мезгілі?</p> <p>Балалар терезеге қарайық. Көктем жыл мезгілі деп айтамыз, бірақ қар ерімей жатыр. Весна лишь только в нашем кабинете.</p>	

	<p>Зима никак не хочет уходить и не уступает свое место весне. А ведь у нас тема нашего урока «Көктем».</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар, не істейміз? Что же делать?</li> <li>- Көктемге көмектесеміз!</li> <li>- Дұрыс, балалар, көктемге көмектесейік.</li> </ul> <p>Ал ол үшін «Қыс» берген тапсырмаларды орындайық. Снежная Корлева –«Қыс ханшайымы» дала нам нелегкие задания, но если мы их выполним, то и в наши края придет настоящая весна. «Көктем» келеді.</p>	
<p><b>Сабақтың ортасы (6-40 минут)</b></p>	<p>Бүгінгі өтетін сабағымыздың тақырыбы: Көктем сәні.</p> <p>Жаңа тақырыбымызда жаңа сөздер бар. Олар: таза-чистый, жылы-теплый, сән-красота, прелесть, жаңбыр- дождь, су-вода. (Жаңа сөздердің орысша нұсқасын тақтаға іліп қоямын да, қазақша нұсқасын шардың ішіне салып үрлеймін, оны ниет білдірген білім алушыға беремін. Шарды жарып сөздерді орысша баламасымен сәйкестендіреді)</p> <p>«Сұрақтар бұрқасыны» жаттығуы. Білім алушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында қызықты сұрақтар беру</p> <p><b>1.Қандай ертегілер оқыдыңдар? Ертегіні оқып, мазмұнынайт.</b></p> <p>Менің сұрақтарыма жауап беріңдер.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Көктемде күн қандай болады?</li> <li>-Көктемде күн жылынады.</li> <li>-Көктемде не ериді?</li> <li>-Көктемде қар ериді.</li> <li>-Көктемде не жауады?</li> <li>-Көктемде жаңбыр жауады.</li> <li>-Көктемде нелер ұшып келеді?</li> <li>-Көктемде құстар ұшып келеді.</li> <li>-Көктемде мерекелер бола ма?</li> <li>-Иә, көктемде мерекелер болады.</li> </ul> <p>1 тапсырма 104 бет</p>	<p>Оқулық</p> <p>Аудиодиск: 1.3.1; 1.3.2; 1.3.3;</p> <p>Доп, текше кітап, дәптер, қалам, қарындаш.</p> <p>№1 Жұмыс дәптері</p>
<p><b>Сабақтың соңы (41-45мин)</b></p>	<p><b>Дәптермен жұмыс.</b></p> <p>2 тапсырма 105 бет</p> <p>Араласып кеткен оқиғалар» жаттығуы</p> <p>А)Әр топқа бөліктері араласып кеткен ертегі таратылады.</p> <p>Ә)Әр білім алушы бір бөліктен алып түсініп оқиды. (2 рет)</p> <p>Б)Топта өзі оқыған бөлігінің мазмұнын айтады.</p> <p>В)Ертегі бөліктерін ретімен орналастырады.</p> <p>Г) Ертегі бөліктерінің орналасу реті дұрыс па деген мақсатпен әр топ дауыстап тізбектей</p>	

	<p>оқиды. (топтардың жауаптарын смайликтермен бағалап отырады)</p> <p>3 тапсырма 105 бет Көктем сәні не? Қасқыр: көктем сәні –таза су,-дейді. Піл: көктем сәні –жылы жаңбыр,-дейді. Аю: көктем сәні –әдемі ағаштар,-дейді. Түлкі: көктем сәні –әдемі гүлдер,-дейді. Қоян: көктем сәні –жылы күн,-дейді. 1.« Оқиық, көрсетейік, бөлісейік» жаттығуы (интербелсенді тақтада ертегіге байланысты әр топқа тапсырмалар беріледі) 1)Ертегіні рөлге бөліп оқу керек; 2)Ертегідегі аңдардың жауаптарына қарай сурет салу керек; 3) Ертегідегі жауабы ұнаған аңның суретін салу керек;</p> <p>4 тапсырма105 бет «Көктем сәні» жаттығуы. (білім алушыларға түрлі түсті қағаздар , қарындаштар беріледі. Олар қағаздан түймедақ гүлін жасап, ертегіге сүйеніп, гүлдердің күлтешелерін толтырады. Тапсырманы топтасып орындауға бағытталады. Жасап, күлтешелерін толтырып топтар қорғайды, өзара бағдаршаммен бағалайды) Сабақты қортындылау мақсатында мұғалім білім алушылармен кері байланыс орнатады. Білім алушылар сабақ барысында нені білгенін, қалай жұмыс істегенін ,не қызықты әрі жеңіл болғанын, не қиындық туғызғаны туралы ой-пікірлерін білдір «Бағалай білейік» (білім алушыларға таратылған стикерлерге өздерін бағалауға мүмкіндік беру. Баға қойылған стикерлерді, плакатқа өз есімдерінің жанына жапсыртып, неге ол бағаны қойғандығын анықтау)  «Рефлексия» жүргізу. (білім алушыларға интербелсенді тақтада, алдарына таратылған парақшаларға бүгінгі сабақтың ұнаған, ұнамағанын , сабақ соңындағы көңіл-күйін білу мақсатында алынады )</p>	
--	---	--

## Мазмұны

Кіріспе .....	3
1 Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілін оқытудың ерекшеліктері .....	5
2 Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін аудармасыз оқытуға арналған әдістемелік ұсынымдар .....	59
Қорытынды .....	141
Пайдаланған әдебиеттер .....	142
Қосымша .....	145

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде  
қазақ тілін аудармасыз оқытудың әдістемелік ұсынымдары**

Басуға 11.06.2019 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.  
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.  
Қаріптүрі «TimesNewRoman». Шартты баспа табағы 10.